



«ЖАМБЫЛ. ШЫГАРМАЛАРЫНЫҢ
АКАДЕМИЯЛЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ»
жобасын жүзеге асыру жөніндегі
РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Көшербаев Қ.Е. тәраға

Аймагамбетов А.Қ.

Райымқұлова А.Р.

Ақыш Н.Б.

Әбдуәлі А.

Әбдіғұлов Р.

Есдәulet Ү.О.

Жамбылова С.Т.

Искаков Ә.М.

Қалиева А.Қ.

Қасқабасов С.А.

Кирабаев С.С.

Құрманғалиева Ж.Д.

Матыжанов К.І.

Мәдібаева Қ.Қ.

Рақыш Ж.С.

Ханкей Е.

Ұбырайым Б.Б.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТИ

ЖАМБЫЛ

Шығармаларының
ақадемиялық
толық жинағы

ЕКІНШІ ТОМ

Дастандар



Алматы, 2021

УДК 821.512.122

ББК 84 (5 каз)

Ж 13

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитеті*

**М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған**

Идея авторы және жоба жетекшісі:

КР ҰФА корреспондент-мүшесі,
филология ғылымдарының докторы К.І. Матыжанов.

Томның редакция алқасы: Матыжанов К.І. (жалпы редакциясын бас-
қарған), Қасқабасов С.А., Мәдібаева Қ.Қ., Рақыш Ж. (жауапты редактор),
Әкімова Т. (жауапты шығарушы), Әбуғазы М., Жанпейіс Н., Ханкей Е.,
Елесбай Н., Салтақова Ж., Мурсалимова Н., Оралбек А., Набиолла Н.

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор Б.У. Әзібаева
филология ғылымдарының кандидаты, профессор А.Бұлдыбай

Жамбыл. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш том-
дық. 2-том / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Матыжанов К.,
Мәдібаева Қ., Рақыш Ж., Әкімова Т. – Алматы: ЖШС «Brand Book», 2021. –
624 бет.

ISBN 978-601-230-096-3

Жамбыл Жабаев шығармаларының академиялық толық жинағы текстоло-
гиялық зерттеулер негізінде қайта сарапанып, мазмұндық, мәтіндік, құрылым-
дық түрғыдан толықтырылып, ақынның 175 жылдық мерейтойна орай шыға-
рылып отыр.

Академиялық жинақтың екінші томына ақынның дастандары мен толғаула-
ры, ауызша әңгімелері және музикалық мұрасы топтастырылған.

УДК 821.512.122

ББК 84 (5 каз)

ISBN 978-601-230-096-3 (2-том)
ISBN 978-601-230-098-7 (жалпы)

© М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және
өнер институты, 2021



ДАСТАНДАР







ӨТЕГЕН БАТЫР

(*Bірінші нұсқа*)

Ақ көбікке оранып,
Толқыны тоқсан бұралып,
Арықтай аққан арналы,
Жамбыл бір жыр жырласын,
Жүрт хикая тыңдасын
Өтеген батыр туралы.
Хикая емес бұл өзі,
Өз жанымнан шығарған,
Есімде жоқ осы жыр
Қайдан, қалай алынған.
Мұны ызындалп даладан,
Жырлаған ескен жел маған.

10

Бұл жырды мен естігем
Тағы құлжа үнінен.
Бұл жырды мен естігем
Бұлбұлдың тәтті күйінен.
Бұл жырды мен естігем
Ер Өтеген туралы
Саңқылдалп шыңың қыраны,
Аңыз еткен күнінен.
Бұл жырды мен естігем
Тулаған толқын дөңінен.
Бұл жырды мен естігем
Шебінен, дала гүлінен.
Бұл жырды мен естігем
Жұлдыздың аққан көгінен.
Бұл жырды мен естігем
Өрінен ескен желінен.
Бұл жырды мен естігем
Сай-саланың шегінен.
Бұл жырды мен естігем

20

30



Безіп жүріп ауылдан,
Бұл жырды мен естігем
Жыршыдан, ақын қауымнан.

40

Жылды айналып, жыл озып,
Өтеген өліп, қол үзіп,
Сапар шекті келмestey.
Алайдағы тарихтың,
Ауызында халықтың
Аңыз қалды өлмestey.
Сол туралы, мінекей,
Домбыраны сөйлетем.
Өтегенді мадақтап,
Жырға қосып тербетем.
Халық айтқанын қостаймын,
Артық сөзді қоспаймын,
Жырымды желше гулетем.
«Халық айтса, қалпы айтпайд»,
Мен де сонан асырман.
Шынайы берен тұлға еді
Келе жатқан ғасырдан.

50

60

Жаздың жылы тұні еді,
Өтегеннің тууы,
Жетісу ед мәuletі,
Сырымбет ед әuletі,
Дулат еді руы.
Тұннің желі бесік бол,
Тербетken бебек уызды,
Қасара бітken маңдайдан,
Жан еді қос мүйізді.
Бала жастан әлпештең,
Баққан оны гіл кісі ед.
Қасара бітken қос мүйіз,



Батырлықтың белгісі ед.
Жеңілмес жалын боп өскен,
Ақылға, күшке, болжауға,
Тартқан сымдай тал бойы,
Үқсаған тағы күлжага.

70	<p>Өсті батыр тұлғалы, Жолбарыстай қарулы, Қырандайын қырағы, Арыстандай айбарлы. Жұз кісінің ішінде Ол бір жүрген дүлгей, Бір өзі батпан бірегей. Аң аулауда, бәйгіде Атағы шыққан әйгіге. Жан еді бір думандა, Жабықпаған жалғанда.</p>
80	

Мейірімді ана иетін,
Бөбекін сүйіп, өрімін.
Сондай-ақ о да сүйетін,
Көшпелі қазақ өмірін.
Жетісу қазақ қонысы ед,
Мамығы майды оралған,
Күндер болған бір кезде
Сол жер қанға боялған.
Бір кездерде алакөз
Болған сол жер аймағы.
Ұрыс, қағыс болған кез
Қыргыз, қазақ, қалмағы.
Найза ұшталып, тұлпарлар
Жортып, жебе жарқылдар,
Күндер болған елікке
Қара қарға қарқылдар.



100

Он сегізінші ғасырда,
Далада, қырдың басында
Ақ жағалы, жez топши
Патша жорық ашуда.
Дүре соғып дүрілдеп,
Бұлдірген елді біріндеп,
Атуға да, асуға.
Көшпелі елді қырандай
Бұзып, қырып, өртеді.
Ол күн қара борандай
Болып кетті ертегі.
Еміренген дала күніреніп,
Жайлауларда, тауларда
Жетісу бойы тебіреніп,
Қуырылған патша, хандарға.

110

120

Өтеген сонда ойқастай,
Талабынан таймастай,
Ызаланып, өршігіп,
Тұлышы тола тершігіп,
Бұл өртке оған болмады,
Халықпен бірге жанбастай.
Күшінен бірақ танбады,
Суарылған алмастай.

Жұрт білмегенді ол білді,
Боларын сезді әлемет,
Патша тігіп ордасын,
Халықтың бұзып қордасын,
Қан төгерін керемет.
Жұрттан бұрын ол сезді
Қайғыға халық түсерін,
Патша алдында бас иіп,
Хандардың ант ішерін.



130 Өтеген сезді хандардың
Арам, пасың ниеттерін,
Халықты сатып, патшаның
Киерін шенін, шекпенін.

Ер Өтеген олардан
Қорықпады – шынықты.
Ұзақ сапар шегуге
Дайындағы жорықты.
Жинап болып нөкерін,
Жарқылдады ол қырандай.
140 Батыр барлық халықпен
Ақылдасты ұрандай:
– Арыным – батыр арыны,
Дабылым – халық дабылы,
Ақ жағалы патшаның
Жақындаپ түр жорығы.
Жетісуға жендеттің
Түскелі түр құрығы.
Жетсе жендет нөкері,
Халықтың сөзсіз құруы.
150 Айдан анық қан қылыш,
Ұл-қызды тұтқын қылуы.
Малды айдал, жерді алыш,
Таялды қуып шығуы.

Олар келіп халықты,
Көк өспейтін жерге айдайд,
Көрмestей қып жарықты,
Күн тұспейтін жерге айдайд,
Күнгө қактап, көктемде
Су тұспейтін жерге айдайд,
160 Аспанда ыстық күн шыжып,
Жел еспейтін жерге айдайд,



170

Сағым ойнап, құм қайнап,
 Үйлеспейтін жерге айдайд.
 Сондай жерге шыжыған
 Кім барғысы келеді.
 Барған адам ол жерге
 Жапан түзде өледі.
 Жерді, суды патша алад,
 Жүрегім соны біледі.
 Ауылды апат күтіп тұр,
 Нар тәуекел жетіп тұр,
 Алға қарап аңқылық,
 Күтудің не керегі?

180

Кім белсенед, кәнекей,
 Күшін жинап жорықта?
 Үйірінен айдатып,
 Тұлпар атын байлатып,
 Қайсың әзір шығуға
 Өтегенмен жорыққа?

190

Өтегеннің талабы,
 Майданнан құтпейд бағаны.
 Келген кезде кезегі
 Дүние жүзін кезеді.
 Қара қазан, сар бала
 Қамы үшін қамдана
 Қонысқа жер іздейді:
 – Мен табамын, табамын
 Бұлақ аққан жерлерді,
 Көгі көктеп, гүл жарып
 Құрақ атқан жерлерді.
 Төрт түлікке ыңғайлы,
 Толқын көлі, тоғайлы,
 Көгінен нәубет, жерден нұр
 Құлап жатқан жерлерді.



Жұт болғызбай, құт қонған,
 Қой үстіне бозторғай
 Жұмыртқалап, бақ қонған,
 Сүйікті қазақ халқына
 Ұнап жатқан жерлерді.

- 200 Өтеген қарап жатпады,
 Пайдасыз сөз айтпады.
 Ұрандал елді шақырды,
 Батыр кірпік қақпады.
 Елу жігіт бел байлап,
 Мақұлдасып, ыңғайлап,
 Ақылға айтқан тоқтады.
 Ұрыс, керіс тоқталып,
 Насырға – айғай шаппады.
 Қай үйден кім шығады,
 Санап жүртты саптады.

- 210 Өтеген бастап бұл ісін,
 Жорыққа оны-мұнысын,
 Екі жылға жеткендей
 Етін, бал, шай, күрішін,
 Бөліп үйір жылқысын,
 Жібек жал тұлпар бұлдысын,
 Қыздың сұлу, құндысын,
 Жігіттің балуан, ірісін,
 Таңдал алып төлеjіп
 Өткір көзбен жер сүзіп,
 Тұлпарының тұяғы
 Саз балшықтай тасты езіп,
 Жөнелді батыр жорыққа,
 Нөкермен түзеп жүрісін!

Жортқан жолдың шаңдағы
 Ақ бұлттайын алысқа



230

Бұрқырап атып жол тартты,
 Қытай жақ, қуншығысқа.
 Жүрді олар жорықта
 Жол тартқандай Меккеге.
 Таудан, құздан, өзеннен
 Кездесті талай өтуге.
 Жүре-жүре өздері,
 Алтын күннің аясы,
 Көрінді түскен қарасы,
 Жақындағы Пекинге.

240

Ол жердің миуа, жемісі
 Күнге күйіп қабысқан.
 Даласында жүр кісі
 Бүгіліп, жерге жабысқан.
 Үлтарақтай өлкесі,
 Адамы көп, жері тар,
 Өтегеннің көзіне
 Көрінді ол жер – қыспак, жар.
 Өліп-өшіп ондағы ел
 Күріш еккен алқына.
 Қытайда қоныс болмады
 Қоныстар қазақ халқына.
 Жігіттер шаңға шалдығып,
 Азап тартты, түн қатты,
 Ол жерден қоныс таба алмай,
 Ізінше кері жол тартты.

250

Сайды, құзды, тауларды,
 Жұлдызды тұнді таптады.
 Өтегеннің нөкери
 Сонда да қажып қайтпады.
 Ереуіл ерлер ерісіп,
 Жетті жортып Еділге.
 Өртеніп күн батқан кез,



- 260 Қан толқынды Еділде.
Көңілсіз Еділ бойлары
Ерлерді құп алмады,
Тұнжыраңқы аймағы,
Жабырқаңқы жан-жағы.
Ол кез Ресей патшасы
Еділге бұғау салғаны,
Сезілді езіп зарлатқан,
Салғаны елге найзаны.
Осыдан бастап патшаның
270 Тігілді орда, іргесі,
Көшпелі қазақ еліне
Ол орда болды түрмесі.
- Арандайын ашылды
Қорқау патша құлқыны.
Қызды күн қып зарлатып,
Айдал алды жылқыны.
Онан да әрі алқалап,
Өтеген батыр айқайлап,
Тұсті сыпыра жортуға,
280 Дабыл ұрып жарқылдап.
 Тағы да тау, құз жол тосып,
Алдында жел аңқылдап,
Үйсіз-күйсіз Өтеген
Жиһан кезіп ертеден,
Кешке дейін салпылдап.
Суыққа тоқып қысты күн,
Ыстыққа күйіп жазды күн,
Қобызындей Қорқыттың
Безілдеді қалтылдап.
- 290 Таң атып, күн батқанша,
Жұлдыз сөніп жатқанша,



Жел аударған қаңбақтай,
 Жортүлда жортақтай
 Аттың басын тартпады.
 Су суалып, шөп қуарып,
 Құн жер көнін қақтады.
 Сол жердің барып шөліне,
 Өтеген қазақ еліне,
 Қоныстар жерді таппады.

300 Аттың басын доғарып
 Тойғызып, жемдеп суарып,
 Өтеген енді бет қойды
 Ақтөбеге қайтқалы.

Қылыштары жаркылдан,
 Ер-тұрманы жалтылдан,
 Жорытқанда жер тарпып,
 Ойнақтады аттары.
 Басып өтті белінен
 Талай асқар құздардың,
 Естілді үн көлінен
 Қанаты талған қаздардың,

Жер танабын қуырып,
 Сарбаздары серілді,
 Бір уақытта жарқырап
 Ақтөбе де көрінді.

Көзбен шалып сол кезде
 Қара жолдан қыырды,
 Шалқыған өзен бойына
 Үй тігуге бүйірды.
 Өзен ағып күрілдеп,
 Сай-саланы, даланы
 Алып жатты гүілдеп.
 Соқты салқын самалы,



330

Сапырулы сар қымыз
 Мұрын жарып барады.
 Жігіттердің отырған
 Ашылды сонда-ай қабағы.
 Тіл қатпады Өтеген,
 Үштасып ойдың сабағы.
 Құстай үшып үшқыр ой,
 Көздің де шырымын алмады.

340

«Әйелімді алыста,
 Өксітіп үйде қалдырдым.
 Жапан түзде жол шегіп,
 Қорқыттай-ақ қанғырдым.
 Күн күркіреп аспанда,
 Найзағай ойнап жатса да,
 Жанарымды жандырдым.
 Мен халқымды сүйемін,
 Оған қоныс табармын,
 Шалқып жатқан шалғынның,
 Шұрайлы жерін алармын», –
 Деген ойда маужырап,
 Өтеген отыр тұнжырап.
 Тұн көрпесін тұйықтап,
 Үнсіз дала, көк шатыр,
 Астында аспан жұрт жатыр,
 Жігіттер қалды үйықтап.

350

Көктегі нәзік алтын ай,
 Құлыштайдай сұлу айқын ай,
 Жұлдызды көгін жайлауын,
 Жайлаған жанып жарқырай.
 Тынышы кете жыбырлап,
 Сейлескендей сыбырлап,
 Жұлдыз бен жұлдыз қалтырай.



360

Бір уақытта сырылдап,
Шөптің басы шуылдап,
Ескендей жел ышқынып,
Жұрт та шошып оянды,
Аттар дағы пысқырып,
Жұрт үрпіп тұрысты,
Бір-біріне ығысты,
Мұрын жарған күлімсі
Сезді бір жат иісті.

370

Иіс мұрын жарғандай,
Қоңырып киіз жанғандай,
Жігіттер көзден жас алды,
Шын бір сұмдық болғандай.
Кейбіреуі – ойбайлай,
Айдалада қалғандай.
Жүректері қысылды,
Тарылып дем алғандай.
Жігіттер тұрып дүрлігіп,
Бір-біріне тығылып,
Біреуі сонда сөйледі:
– Біздер болдық сормандай,
Осы тұн естен танғандай,
Секілденіп сезілді,
Құрығын ажал салғандай.

380

Құралайды көзге атқан,
Өтеген мерген толғанбай.
Тұрды жалғыз сескенбей,
Қорқуды еш ойланбай.
Тұлыштан шыққан тұлғасы,
Майданда қанат жайғандай.
Ол сабырлы дауыспен
Жігіттерге тіл қатты,
Иісті сезіп тұргандай:



- Бұл күлімсі зәрлі иіс –
 390 Айдаһардың иісі.
 Болар жылан ордасы,
 Қорқыныш емес мұнысы.
 Тойып ұйықтап айдаһар,
 Жатқан шығар, саспаңыз,
 Не болса да күтелік,
 Жігіттер, қорқып қашпаңыз!
 Зәрлі аш жылан болса егер,
 Айбат шашып шабар ед.
 Нар тарпыған шыбындай,
 400 Бізді жалмай жарап ед.
 Бізге айбат шашпаса,
 Осы жерде болалық,
 Ашиқ аспан астында,
 Тынығып дем алалық.
- Күншығыс жақ өртке ұсан,
 Күн шығарда қызарды.
 – Көріп түрмын – қозгалды,
 Айдаһарды у-зәрлі.
 Жігіттер де қалшылдап,
 410 Қалмайды үрей-үрейден.
 Күн де шығып, таң атты,
 Қорқыныш, бірақ тым қатты,
 Тұнеріңкі тұнінен,
 Біріне-бірі тығылып,
 Жұрт қысылып жаншылды.
 Осқырып, зәрді сезгендей,
 Ат құлағын шаншады.
 Қара терге шомылып,
 Қара жерге қан сиді.
- 420 Өтеген батыр бұқпастан,
 Қорқып-сасып жатпастан,



Атына мінді аршындал,
Шімірігіп қас қақпастан.

Бітімге келер кісідей,
Өтеген батыр сассын ба,
Айдаһарға тұп-тура
Қарсы жүрді бет бұра.
Баратқандай секілді
Тақсыр қарсы тақсырға.

430 Үскырғанда айдаһар,
Тізе бүкті жас тұлпар.
Өтеген барып айқасты,
Әртенген желдей дем алыш.
Айдаһар мың бұралып,
Ауыздан жалын, от шашты.
Қозғалған таудай қалтырап,
Найзағайдай жарқырап,
Толқындаіын тауланып,
Қомданды жылан қос басты.

440 Шұбарлана шабынып,
Күн көзіне шағылып,
Жылтырап әйнек қос көзі,
Шатынады жарылып.

450 Шатыната жартасты,
Өтеген сонда баптана,
Қаруланып қаттана,
Тұлыштан түгі шықты да,
Тұлпарының қос көзін
Бір қолымен жапты да,
Шамырқанып, шамданып,
Соғысуға қамданып,
Қос тізгінін жай тартты.
Айдаһарға шүйіліп –
Сөйтті дағы тіл қатты:



- Эй, керемет мақұлық,
Жатып ап зәр шақырып,
Отты аузынды ашасың,
Айбатынды шашасың,
Бүйтіп неге тасасың?
 460 Шаша берсең зәрінді,
Жылқымыз безіп қашатын?!
Қимылдасаң қып етіп,
Қалтырап дала босатын,
Жолды байлап өткізбей,
Жігіттерді кеткізбей,
Тоғыз жолдың торабын
Неге бүйтіп тосасың?
- Мен бір батыр Өтеген,
Жетісуга жүртім бар,
 470 Шалқардай шалқып қайнаған.
Қуатты менің халқым бар,
Ұзақ жолға жорытқан.
Сапар шеккен калпым бар,
Мені ыстық күн жандырған,
Мұздақ жаңбыр тондырған,
Шөліркетіп шөл дала,
Еліркеткен ен дала,
Жол қатам деп қақтығып,
Ауызым дәм татпаған.
- 480 Бір жыл емес, көп болды
Мен шыққалы елімнен.
Киялай жортып асқанмын,
Талай таулы жеріңен!
Көзімше менің күнің жок
Қызара барып шықпаған,
Көзімше менің күнің жок
Өртене барып батпаған.



490

Қыспағы жок, көңілді,
Жайдары, жайлы өмірді
Іздегелі көп болды.
Қондыру үшін ен жарып,
Бақыт келіп, бақ дарып,
Тұратұғын ондалып,
Халқымды, қазақ елімді.
Қарасам сондай іренін,
Сенің де мендей жүргегін,
Іздегендей тыныш жер.
Жүрер шағым жетіп тұр,
Ойымда өмір бекіп тұр.
Халқым асу күтіп тұр,
Бөгеме, өткіз, жолды бер!...

500

510

Ирелендең айдаһар,
Құбылған түгін ондады.
Көзін ашып, құлағын
Тіге, сөзді тыңдады.
Өтегеннің жалынды,
Батырлық сөзін арынды
Тыңдады да, қолдады.
Денесін ішке жиырып,
Дегендей «мақұл» иіліп,
Өтегенге жол беріп,
Сапарын қолдап, жолдады.

Күн сәулесі құлпырды,
Жігіттер жолға ұмтылды,
Жортуылға түскен соң,
Қорқыныш, тұнек ұмытылды.
Жүрмесе де ақырын,
Шыққасын алты-ақ шақырым.
Тоқтады тағы топтанып,



520 Айдаһар шықты оқталып.
 Өтеген енді мұнысын,
 Көрейін деп ұрысын,
 Қарсы жүрді тағы да,
 Қарыс жауып қабағын,
 Сурып қыннан қылышын.

530 Айдаһар жатып ышқынды,
 Тұндыра құлақ ыскырды,
 Құйрығымен жерді ұрып,
 Жер сілкінте күш қылды.
 Айдаһар енді шамданып,
 Көбік шашып шорланып,
 Тауға қарай талпынды,
 Ишарамен білдіріп,
 Өтегенді шақырды.

540 Жұз құбылып толғанып,
 Мұнарланған тауына,
 Шұбар жылан жауына,
 Шымырқатып шабына,
 Өтеген де жөнелді,
 Айқаспақ боп қомдана.
 Олардың сол кез алдынан,
 Өрмелеген тауынан,
 Екі тасқын күркілдей,
 Өрден тасып бұлқілдей,
 Толқыны тулап, тасқа ұрып,
 Ақ көбігі күрпілдей,
 Тауды орай аққаны,
 Көктегі қосақ кемпірдей
 Ақты таудың жарынан,
 Таудағы сайдың төрінен,
 У шашқандай зәрінен,



Тұра қалды ысылдап,
Айдаһар таудың баурынан.
Жақындап барып Өтеген,
Қарап таудың қуысын,
Айдаһарға беттеді.

560

– Шық, тезірек шық! – деді,
Жарқылдатып қылышын,
Жер астынан ышқынып,
Айдаһар қатты ыскырып,
Шық дегендей майданға,
Тұрғандай-ақ жалмауға
Шығарды даусын қүштірек.
Өтеген тұрды долданып,
Салқын қанмен шамданып –
Айдаһар шықты бір кезде
Үсті қанға боялып.

570

Екеуі қарсы кездесті,
Шамданысып, шендейті,
Дауысымен ақырған,
Айдаһар қорқып батырдан,
Бұқкан шақта тіл қатып,
Өтеген былай тілдесті:
– Ей, әбжылан, тауып су,
Денендергі қанды жу.
Сүйт те, ініңе қайта кір,
Қарсыласқан жауды қу.
Майдандассаң мен әзір,
Соғыссаң қазір белді бу!

580

Айдаһар кірді ініне,
Қара жердің түбіне.
Тау жырадан ашы айқай



Шықты, бақсаң үніне.
Сол кезде іннен қан зулап,
Өзендей ақты төгіле.

590

Іннен қан мен су шықты,
Бумен бірге шу шықты.
Бірін-бірі шағысып,
Біріне-бірі тұншықты.
Іліп зәрлі тырнаққа,
Бірін-бірі улап та,
Жанталасып алысты.
Жас жылан болмай қарысты,
Айбат шегіп шабысты.
Жасының ойы сондағы:
Кәрісін қуып у шашқан,
Інін тартып алмаққа.
Кәрісі шақ дәрменде,
Нәр қалмапты әлден де.
600
Өтегенге ол қарады,
Кел дегендей жәрдемге...

600

610

Көздел тұрып Өтеген,
Көзіменен жетеген,
Жас жыланға оқ атты,
Атқан оғын жасының
Маңдайынан қадалтты.
Оғы мұрттай ұшырып,
Жас жыланды құлатты.
Мергендігі батырдың
Жігіттерді таңғалтты.
Қарт айдахар куанып,
Тасқын суға жуынып,
Үстегі қанын тазартып,
Тұлете түгін жайнатты.



620 Қонақтарын күтүге,
 Құрмет етпей қалмапты.
 Бәрін жинап жартасқа,
 Сый көрсетіп сырласқа,
 Өтегенге бейшара –
 Көрсетіп сыйлық ишара,
 Асқан батыр екен деп,
 Күшіне оның таң ғапты.

630 Онан да асып Өтеген,
 Таудан, тастан, төбеден,
 Іркілмей жортып отырып,
 Жетті қалың орманға
 Деген кезде күн батты.
 Есін жиып әбжылан,
 Ізінше тауға қайтадан,
 Жылмаң қағып жорғалап,
 Жігіттерге қарauғa
 Қорқып, бұғып, қорғалап,
 Мекенине жол тартты.

640 Орманда, жерде күз күні,
 Жерде шық бар, сыз күні.
 Қарағайдың түбінде,
 Тұрған жақсы ақ үйді
 Келе жатып шалады
 Өтегеннің көздері.
 Атыменен Өтеген
 Жетіп келді үйге нақ.
 Жеткенде үйден ұн шықты
 Құрқіреген күндей-ак:

 – Өтеген деген сенбісін,
 Қамалды бұзған ермісің?!



Мың күн жортып жол-жолай,
Тауда безген құлжадай,
Жиһанды кезіп жүрмісің?!

650

Неге тыныш таппайсың?
Үйіңде неге қайтпайсың?
Шарламаган жерің жоқ,
Судан өзге құрлықты,
Жол ғып жортып таптайсың.
Мықты болса білегің,
Тұкті болса жүрегің,
Атыңдан тұс те, үйге кір.
Қарағайдың түбіне
Жігіттерің тоқтасын!
Аттан тұсіп батырың,
Үйге кірді ақырын.

660

Кіріп ед үйге жайменен,
Қарсы алып Қайберен
Деген кәрі көрінді,
Аппақ қудай сақалды,
Жарқыратып ақ басын,
Үйдің жары жақпардай,
Қырау шалған ақ қардай,
Сәлем беріп Өтеген,
Жөн сұрауға төтеден
Сөйледі тіл қатқандай:

670

– Ақ сақалды, ақ шашты,
Кәрие, ата, көп жасты.
Жортар жолым мың тарау,
Шаршадым рас, өң қашты.
Маган қажет ел табу,
Кері қайту, үй табу,
Жүретін жолым тұйықтау,



- 680
- Киынырақ жол табу.
Жиһанда жол көп, я өлу
Керек, я маған жер табу.
Жетісу, елім, аймағым,
Қыстауым да жайлайым,
Соған алып баратқан.
Бар жаңалық хабарым.
Елім жаңа қонысқа,
Қонса ұшырап ырысқа.
Күткен өмір жайнауын,
Құмырсқа да илеуін.
Шегіртке де жырасын,
Іздемей ме жайлы орын,
Бозторғай да ұясын?
Әркім жайды көздеген,
Балық та су іздеген,
Халқым үшін мен қалай
Сұлу жерді іздемен?!
- 690
- Көрдім талай, көремін,
Жиһан кезіп келемін.
Халқым үшін бас қып,
Не болса да көнемін!
- 700
- Деді оған Қайберен:
— Жолың болсын, Өтеген!
Сен мұзбалақ қырансын,
Түйілетін төтеден,
Алтайы жүйрік маралдай,
Қашсан құтылып, құғанға
Қас қаққанша жетеген.
Алдыңда сениң майдан бар,
Оған айттар, айлам бар;
Түнде барма үйіне,
Күндіз барсаң жайдан бар.
- 710



Жұмыста да, соғыста
Ақылыңды ашу қыспасын,
Ашушаң болсан, сол қолың
Оң қолыңды ұстасын!

720

Өтеген иіліп, бүгіле,
Ұсап тұған ұлына,
Рахмет айтып кәріге,
Аттанды жортып жолына.
Тағы да жазық, тау, дала,
Жақпарланып, жалдана
Мұнарланып көрінді
Шапқан жолы шаңдана.
Жылаған даусы естілді
Желінен жазық даланың.
Секілді емес ол дауыс,
Яки аңың, адамның.
Бұл дауысты Өтеген
Жігіттерге айтты да,
«Білейін» деп жөнелді,
Күйиндатып шапты да:
– Жау болса, табанда өлтірем,
Дос болса, бірге келтірем.
Айғайға қарсы шаппасам,
Батыр боп не бітірем?

730

Оқтап мылтық, қылышты,
Білуге шыққан дыбысты,
Барса Өтеген, айдаһар
Талықсыған тынысты.
Айдаһардың жүрегін
Шаққан екен әбжылан.
Шашқан екен у-зәрін
Сусылдаған әбжылан.

740



Шаққан зәрі жүрекке
Дарыса, дем алмас ед,
Ол айдаһар ол кезде,
Жерде тірі қалмас ед.

750

Өтеген сонда ойлап кеп:
«Тимесе егер атқан оқ,
Әбжылан оқтай зымырап,
Секіреді-ау маған дөп.
Оқ тиіп егер әбжылан,
Сеспей қатса қылжия,
Болар еді-ау, деді шын,
Айдаһар маған риза».
Атып келіп жіберді,
Тек гұрс етті оқ құшті.
Быт-шыт боп басы әбжылан,
Өрем қауып оққа ұшты.

760

Сонан кейін Өтеген
Жігіттерге оралды.
– Не болды? – деп, анталап,
Жаудырды олар сұрауды.
– Тұнде текке кетем бе,
Әбжыланға оқталдым,
Сеспей қатты әбжылан,
Айдаһарды құтқардым.
Ал, ұйықтаңдар, жылданнан
Пәле келсе көрермін.
Айдаһардың, тірі аңның
Сазасын өзім берермін!
Айдаһар исін сезсендер,
Ойланбаңыз қорқуға.
Ол келсе тек келеді
Бізге сыйлық тартуға.

770



780

Енді бізге қауіпті,
Жыландар да жолықпайд.
Аң да аңғарған шығар-ау,
Аңнан жүрек қорықпайд.
Ағашты қойып еселей,
Ұйықтап жатқан кісідей
Етіп, басына ер жастап,
Үстіне шапан жабамыз.
Кісі екен деп аң келсе,
Бағып тұрып аламыз.

790

Сүйтті, соған тоқтады,
Жел де самал соқпады.
Бағып қана күткендей,
Тұн бойы от жақпады.
Тұннің толған ортасы ед
Шөпті де сыйырлатпады,
Сусып жылан жорғалап,
Кек жұлдызызыз қорғалап,
Айды бұлт қаптады.
Ысылдаған айдаһар
Көрінді жалын атқаны.
Ажал оғы келе ме, –
Деп біреуі біріне,
Жігіттер тағат таппады.

800

Тал бойы талдай бұралып,
Өтеген тұрды сұрланып.
Қорықпады, басынан
Талай майданды ақтаған.
Құс оянып таң алды,
Шырылдан, жырлап ән салды.
Ұйықтаған боп қатты ағаш, –
Кісі орнына жатты ағаш.



- 810
- Киіммен жауып тастаған,
Айдаһарға басына,
Жігіттер жетті қасына,
Айдаһардың түсіне
Қараса, басын ішіне
Жиырып алып, шықпаған,
Жыланның басы талпынған,
Қапталған толып алтыннан.
Адам ойлап таппаған,
Сары құмандай алтынды
Өтеген алып жалқынды.
- 820
- Деді Өтеген: – Бұл еken,
Айдаһардың сыйы еken,
Беруге бізге сақтаған,
Ізгілік, достық істесек,
Алтын-күміс береді.
Егер қастық істесек,
Зұлымдық уын төгеді.
Ізгі болсақ біз егер,
Әділдіктің жолында,
Ешуақытта болмаймыз
Зұлымдықтың торында.
Халық үшін қасық қанымыз,
Аяусыз болсын жанымыз.
- 830
- Болысалық әрдайым,
Жетім-жесір, момынға.
Еңбек еткен емеді,
Еңбексіз жан өледі.
Жалқау болсаң жабылып,
Жұрт өзіне күледі.
- Өтеген батыр атақты,
Нөкөрге осы сөзді айтты.
Сөйтті де таудан, таастардан,



- 840 Асып асу аскардан,
 Кент аралға жол тартты.
 Кент арал деген бос арал,
 Болып шықты тас арал,
 Құмды, сулы аралдан,
 Сузыз, шөлді даладан
 Жігіттерін ертіп,
 Өтеген кетті жорытып,
 Аш бөрідей жаланған.
 Түзеп алып жорықты,
 850 Бірқазанға жорытты.
 Бір кең ашиқ алаңда,
 Қарағайлы, қайынды
 Қара орманға жолықты.
 Қабағын жапқан қара орман,
 Келе жатқан бұрыннан
 Ертегі әнін соғыпты.
 Қызыл іңір түнеріп,
 Шық түсіп жер мұнартып,
 Өтеген батыр нөкери
 860 Сол орманға қоныпты.
- Қара орман қалқып жайнады,
 От жағылып парлады.
 Қара қазан асылып,
 Оттан жалын шашылып,
 Ішінде қойдың сорпасы
 Бұрқ-бұрқ етіп қайнады.
 Қаранғы түнде қылмиып,
 Жағылған отқа жылмиып,
 Келді екі сұлу қыз
 870 Шолпандай туган таңдағы.
 Беті қызыл алмадай,
 Қара шашы құндыздай,



Көздері жанған жұлдыздай,
 Киімінен құлпырған,
 Інжу-маржан ойнады.
 Өздері аппақ қудай-ақ,
 Құлкісі сылдыр судай-ақ.
 Сүйдіргендей әдеппен,
 Әзілдеп, құліп ойнады.

880 От басында отырды,
 Жұртқа көзін салмады.
 Қадала қарап жігіттер,
 Сұлудан көзін алмады.
 «Қош келдіңіз» дегендей,
 «Асқа өрлеңіз» дегендей,
 Иба қып батыр қарады,
 «Палауыңыз майлы», – деп,
 Сыйлығына сұлулар
 Отырмады, бармады.

890 Еттің майын ағызып,
 Жігіттер құмар қанғызып,
 Ет жескенде, сұлулар
 Сыңқылдал, құліп, мазақтап,
 Көз астымен барлады.
 Бір жігіттер көрікті,
 Кеміргенде сүйекті,
 Сұлулар тағы құлісіп,
 Әзіл сөзбен тиісіп:

900 – Тірі сүйек тырбиған
 Өлген малдың сүйегін,
 О несі еken сындырған? –
 Деп, сөзбенен қармады.
 Сылқ-сылқ етіп, құліп боп,
 Сұлулар кетті ғайып боп.
 Қимылымен сұқтана,



Танғалдырған тек қана,
Жігіттердің есінде
Көрген түстей қалғаны.

- 910 Қас қарайып, тұн тынып,
Шөп қымылсыз, жел тынып,
Өтеген ойлап: – Ол мұндар,
Манағы келген сұлулар
Сиқыр екен, – деді, – шын.
Ол жezтырнақ болғаны,
Сұлу боп тұнде жүргені,
Сиқырлана келгені,
Жанды бүред болаттай,
Тырнағымен бүргені.
Біз сөйлесіп тұрғанда,
920 Көздері жанды жарқырап,
Олар – нағыз жezтырнақ,
Келгені – бізді шолғаны.
Жылмаңдаған жezтырнақ
Жауызырақ аңдардан,
Тұсіре алмас біздерді,
Сұмдығын оның аңғарғам.
Ағашты қойып еселей,
Ұйықтап жатқан кісідей
Етіп, басына ер жастап,
930 Устіне шапан жабамыз,
Кісі екен деп ол келер,
Бағып сонда алармыз, –
Деп, жасырынып кетісті,
Әр бұтақтан сығалап,
Жезтырнақты күтісті.

Тұн тұнеріп томсарып,
Тұннен тұнек төгілді,



- Жүгіргендей сұр қасқыр
Көзге елестеп көрінді.
940 Жұлдыз да жоқ, ай күңгірт,
 Қара бұлтқа көмілді.
 Өтеген күшті түрінде,
 Қарағайдың түбінде,
 Мылтығын оқтап кезеніп,
 Күш құрыстап керілді.
 Әлденелер қарандап,
 Қараңғы түнде жарқырап,
 Шәптің басы қалтырап,
 Көрінді бір зат, қылт етті.
950 Сол арада тарс етті
 Өтегеннің мылтығы.
 Мұрттай ұшып же зтырнақ,
 Ажалы жетіп бүркырап,
 Қаны судай төгілді.
- Таңертеңгі самалмен,
Таң құстары сайрады.
Жастанған ер де, шапан да,
Қарайып жерде қалмады.
960 Уйген ағаш қатарда,
 Жамылдырған шапан да,
 Же зтырнақпен быт-шыт боп,
 Қалды тек жер шандағы.
 Онан да асып құтылды,
 Жігіттер де жұтынды.
 Жорыққа тағы аттанды,
 Же зтырнақ та ұмытылды.
- Өзен, дала, таулар да,
Орман-тоғай, баулар да,
Көрінді көзге бұлдырап,



- 970 Артта қалған сықылды.
 Желендең тек жел ойнап,
 Дөңгеленіп көл ойнап,
 Көбікті теңіз толқыны
 Жарына соғып бұлқынды.
 Қырық құн жел желендең,
 Бұлқынып толқын елеңдең,
 Жатқан қарап теңізге,
 Тіл қатпастан Өтеген,
 Үдете берді жортуды.
- 980 Теңіз тұманданғанда,
 Көрініп таудай құмдар да,
 Аспан жерге түскендей,
 Құн өртенип жанғанда.
 Тұнғиық құм шөліркеп,
 Жапанда жұрт талғанда,
 Көз ұшында нардай боп,
 Күнге қүйген жардай боп,
 Көрінді көзге бір шаһар,
 Өлуге енді қалғанда.
- 990 Онда сусып, құм көшіп,
 Тек қана ыстық жел есіп,
 Өлген түйе сүйегі
 Қадам бассаң кездесіп,
 Көрінед көзің салғанда.
 Құдық пен құдық арасы
 Айшылық десем жалған ба.
 Жету үшін құдыққа,
 Үйреткен жаңа құрыққа
 Он жорғаны ұтылап,
- 1000 Мінсең дағы жетпейсің,
 Айрылып естен танғанда.
 Айшылық жүрсөң ол жерден,



Кездеспейді жалғыз көл,
Шөл далада қалғанда.

Өтеген батыр жорытып,
Ортекедей орғытып,
Қырық күншілік жол жүрді,
Көрмегенді ол көрді,
Жапан түзде жалғанда.

1010 Құмайтты, құмды, құмықты,
Торлаған қара бұлтты,
Асу аспас шындарды
Шулаған қара орманды
Көрді Өтеген сарбазы,
Таудан, тастан таймады,
Шыңнан шыққан шынардай,
Қоршап алдын тұрғанда.
Өтеген батыр тұн қатып,
Қырық күншілік жол қатып,
Көктей өтіп орманды,
Тауды, тасты жарғанда.

1020 Ақыры жаздың көктемі,
Қара орманның көктеуі,
Тұлеп тоғай, шалқар көл,
Сезілді жаздың жеткені.
Бұлақ ағып таулардан,
Гүлдер жарып баулардан,
Тұрған шақта Өтеген,
Жолды тауып төтеден,
Жиделі Байсын еліне
Көрінді көзге өткені...

– Өтеген, сенің іздеуің...
Жер-жиһанды кезгенің.



1040

Іздегенде осындай
 Жер еді ғой көздеуің.
 Жер жаннаты кез болды,
 Көре ме сенің көздерің?
 Қарашы қызыл арайға,
 Көресің бе, ұнай ма,
 Дақсыз ашық аспанда
 Балықша бұлттың жүзгенін?
 Көрдің бе таң шапағын,
 Жердегі гүлдің тізбегін,
 Малынған бау-бақшада
 Жемістің жер сүзгенін.
 Ауызға түскен жалғанда,
 Жемісі тәтті балдан да,
 Жерді жыртып егілген,
 Дәмі тәтті дәннен де.

1050

Ақ мақтасы – күмістей,
 Жері кілем – пүліштей.
 Өтеген, анық көрдің бе,
 Мұнан басқа тағы да,
 Бар ма артық іздерің?
 Ту тушадай қояны,
 Қырандай ірі торғайы,
 Көресің бе, әнекей,
 Жайбарақат малдары,
 Жайлауда жусап жандары

1060

Рахатта жүргенін.
 Ешкілері жылқыдай,
 Үлағы бағлан тоқтыдай,
 Ертегі болған домбай да,
 Осы жерді сүйіп ыңғайға,
 Қоныстауға меңзеген.
 Меруерттей сұында
 Қаз бен қу жоқ жүзбеген.



1070 Тұған шақта жаздары,
 Қоңыр ала қаздары,

Көздеңен жерден кез келген.
 Қазақ халқы белгілі,
 Осы жерден бақыт ілгелі,
 Тұрғандай-ақ сездірген.

– Осы жерде, Өтеген,
Демінді ал, көзің сал,
Кезе бермей қияны,
Осы жерде демінді ал!
Арпалысқан атынан
Өтеген түсіп өрімтал.

1080 Жанаттанып құлпыра,
 Шөбін иіскең қарады.
 Жайлы ма деп жылқыға.
 Жылқыға жайлы емес деп,
 Қайтып келді жүлқына.
 Жылқыға шебі жақпаса,
 Жылқыға жайылым таппаса,
 Шоғы сөнген отындей,
 Келмейді деп қалпына.

1090 Отыра қалып сол жерде,
 Қоңыс таппай бүл елден,
 Өтеген батыр жылады
 Балапандай талпына.
 Ойын күнгірт басқандай,
 Тілегі оның үшқандай,
 Алтын ойын мыс қылыш,
 Салы суға кеткендей,
 Астында тұлпар аты өліп
 Ақырғы демі біткендей,
 Састы батыр сарқыла.



- 1100 – Эй, Өтеген, Өтеген!
 Ер едің сен ертеден.
 Жетісудан, даладан,
 Алатаудан, қиядан,
 Жамбыл жаңа хабарды
 Жеткізеді жанарлы,
 Шартарапқа шарқ ұра,
 Қалпыңды бұзып жыланған,
 Қайта тұрсаң молаңнан,
 Молаңнан шығып, оянған
- 1110 Жетісуға қарасаң, –
 Көрер едің, көз салсаң,
 Бақытынан нұр жауған.
 Көрер едің бақытты
 Қазақстан халқынан.
- Бастап Тәншан тауынан,
 Алатаудың бауырынан,
 Оралға дейін созылып,
 Шалқып жатқан аулынан.
 Көрер едің ел болып,
- 1120 Бағыңдың нұрын артылған,
 Қазақстан аймағы,
 Түйн тігіп жайнады,
 Тудағы бүгін көремісің,
 Алтын орақ, балғаны...
 Қазақ халқы құлпырып
 Бұлбұл болып сайрады.
 Гүрілдеген зауыттар
 Қала, дала, қырдағы.
- Көр, жолдастар, қарандар,
 1130 Көр, достарым, жарандар!
 Қазақстан бақыттың



Кені болды арналы.
 Қорғасынды көрдің бе
 Аққан Қаратаудағы.
 Алтын шығып Алтайдан,
 Жарқырап күндей жайнады.
 Қарсақпайдан мыс ағып,
 Бұлақтайын саулады.
 Мақта көктеп Шымкенттен,
 1140 Күріш гүлдеп Жәркенттен,
 Ақтөбенің егіні,
 Өрге өрлеген өнімі,
 Тұтіні тұлпар жалданып,
 Үрғып, созып ырғалып,
 Арғымақтай Түрікесіп,
 Желе-зырғып заулады.
 Жұқ тиеп Қарағандыға,
 Ізғытып вагон айдады.
 Ембі-непті жерінен
 1150 Мұнай атып парлады.
 Асқарлаған аспанға
 Алатау қызыл алмалы.
 Даласында гүл көктеп,
 Гүлмен қабат мал қаптап,
 Аспандағы бұлттай,
 Төрт түлігі қаулады.
 Алтын жалды бедеулер,
 Желаяқ жүйрік дөнендер,
 Тағасымен тас тарпып,
 1160 Құлағымен ойнады.
 Жарқырап күндей нұрланып,
 Семіріп сиыр қорланып,
 Желінін керней сүт ағып,
 Бауырынан бұзауын,



Емізіп уыз құнарын,
Өрбітті де, баулады.

1170

Күн батып, жұлдыз тұғанда,
Малдың төлі думанда,
Төл тұяғын ірікпей,
Ойнақтатып киіктей
Шабандар бақты, талмады.
Бұғыдайын бұзауын,
Маралдайын ылағын,
Сипап бота тұлымын,
Алтын жалды құлышын,
Жайнатты да, жайлады.
Суыққа төлді тоңғызбайд,
Боранда да қалғызбайд,
Алтын аймақ жеріне,
Төргт түліктің төліне,
Қауіпсіз боран, қардағы.

1180

Тыңда, жолдас, сөзімді,
Ашып қара көзінді!
Қырғауыл ұшып, каз қонған,
Аққу келіп, жаз болған,
Алтайға қара маралды!
Балығы тайдай тұлаған,
Бақасы қойдай шулаған,
Шортаны шоршып ойнаған,
Алтын қаймақ Аралды.
Дала суға шомылған,
Елге қоныс табылған.

1190

Құйылған, жолдас, нұрды көр,
Баққа шомған тау мен өр.



Осы бақ қонған таңымда,
Маған дағы, саған да!

1200 Құлпырған жайнап жерді көр,
Құлшынған қайрат ерді көр.
Осы бақ қонған таңымда,
Маған да жолдас, саған да!

1208 Қазақ бүрін құл болған,
Күн көруге мұң болған,
Күнді көрдік, ел болдық,
Асу бермес, өр болдық.
Осы бақ қонған таңымда,
Саған да ортақ, маған да!
.....



ӨТЕГЕН БАТЫР

(*Ekiniishi nyusqa*)

Еліріп көңіл еркінде,
Тасқындаі ақкан арықта.
Өтеген ерді жырлаймын,
Талпынған жастан жарықта.
Ел үшін еңбек етем деп,
Мерт болған, аты – тарихта!
Ертегі елге әйгілі,
Білмеймін ой ма, анық па?!

10

Әйттеуір, көптен айтамын,
Бұгінде шолғап қайтамын
Аян ісін халықта.

Ауылдан-ауыл қыдырып,
Кезгенде дүние ой-қырын,
Өзім сүйіп үйренген,
Естіген елден бір жырым.
Халықтың айтқан түріне,
Сөз қоспаймын бірде ырым,
Тек мәнерін келтіру –
Міндеті жалғыз жыршының.
Айтпаймын бос дәріптеп,
Кетеді сөзім құр шығын.
Нені естісе, соны айту –
Ежелден ісі жыршының.
Қабырғаны сөккен сөз
Ауыздан алтын ағытып
Төгеді бұгін сыр-шынын.

20

Жер танабын алғаннан,
Сөзім болмас жалғаннан.
Айтамын ертек, ал тында,



- 30 Откен бір ескі арманнан.
 Бұғыдай мүйіз көтеріп,
 Устіне ауыр жүк артып,
 Көзден жасы тамғаннан.
 Жетісу деген жері бар,
 Қазақ деген елі бар,
 Отына күйіп жанғаннан!
 Қамқоры елдің ағасы,
 Өтеген сынды батырдан,
 Сөз бастаймын заңғардан.
- 40 Откен бір ескі күндерде,
 Жетісудың жерінде,
 Қазақтың бір руы,
 Қасқарау, Дулат елінде,
 Сырымбет деген адамнан,
 Тұыпты бір ұл тамаша!
 Тұсі сыймас сенімге,
 Мүйізі бар басында.
 Айқасқан айдар кекілді,
 Сымбаты сұлу бір бала
- 50 Жас бұғыдай секілді,
 Өскен сайын ес кіріп,
 Ел тамаша қалғандай,
 Ақылды болды өтімді,
 Аты Өтеген ол бала.
- 60 Күн санап өсті қарыштай,
 Киіктей сезгіш қырымнан,
 Жылдамдығы барыстай.
 Арыстандай айбатты,
 Өскен сайын ұлғаяр,
 Ақыл мен күші қалыспай.
 Жарыс, күрес, бәйгеде



Халық бәйгені беретін,
Санааспай-ақ салыспай.

Жиын-тойда ағылған,
Шешен болды сөз бермес,
Таудан аққан бұлақтай
Ешбір пендे тең келмес.
Батыр болды жасынан,
Жерін сүйген елімен,
Анасынан кем көрмес.

70

Ол бір өткен күндерде,
Күн емес-аяу, түндерде,
Заманнан көріп таршылық,
Не көрмеді бұл пендे?!

Қазақ-қалмақ жау болып,
Қырғызбен тағы дау болып,
Оралмады іс бір жөнге.
Орыс тағы қамалап,
Тықсырған кезі қазақты,
Таулы-тақыр қу шөлге.

80

Салса да мамық көпшікке,
Жабайы ат озбас жорғадан.
Талса да оймен Өтеген,
Ақылын ешкім озбаған.
Басқа жаннан өзгеше,
Тереңнен сырды қозғаган.
Елдің қамын көп ойлап,
Болар істі болжаған:
«Патша келіп жерді алса,
Ел болам деп сорлаған.
Қорлық-зорлық қамауда,
Малы, басы талауда,

90



Ел боларсың қазақ деп,
Мәңгіге басың торлаған.

100

Патшасы шапса орыстан,
Айрыларсың қоныстан.
Елді сатып, қан сорған,
Қарғылы қара болыстан.
Жетісудай жерінен,
Айрылып айдын көлінен,
Бетпақ шөлге қамалып,
Ел боларсың тоғысқан.

110

Жетпіс бес жыл дегенде,
Осы сенің жеріне,
Патша келіп бақты алар.
Патша келсе жеріңе,
Хан мен төре басқаар.
Хан мен төре басқарса,
Жоныңнан тіліп таспа алар.
Айдарлыңды құл қылып,
Тұлымдыңды тұл қылып,
Кетпейтін мәңгі дақ салар.

120

Патша келсе еліңе,
Малға жүқпас дән болып,
Алатаудың шалғыны.
Сары алтындаі сөзімнің
Кіреді енді балғыны.
Елден шығып зұлымдар,
Тазыдай-ақ мойнына
Тағып алар қарғыны.
Аралда қалған, сен елім,
Көрмеспін сендей зарлыны!
Солдатқа беріп баланды,



Мұндарда болар бір күнің.
Бұдан да жаман заманның
Қыл көпірдей тар күні».

130

Осыны ойлап Өтеген,
Еліне бастан зарлады.
Болатын істі болжал қып,
Жайып салып жарлады.
Мұныменен бос жатпай,
Қажымады, талмады.
«Еліме бақыт табам» деп,
«Жайлы қоныс салам» деп,
Қиыннан қиял қармады.
Елу жігіт сайлап ап,
Бір үйір жылқы байлап ап,
Жердің жүзін шарлады.

140

Өтеген содан жол жүрді,
Аз күн емес, мол жүрді,
Елу жігіт ертіп ап,
Қоныс іздең қол жүрді.
Дүниенің төрт бұрышын,
Кезіп түгел білмек боп,
Теріс пен шығыс, оң жүрді.
Бәрінен орын таба алмай,
Жайлы қоныс сала алмай,
Көңілі қалды, болдырды.

150

Барып қайтты Өтеген
Күннің шыққан жеріне.
Тегісімен аралап,
Қалың Қытай еліне,
Тауы мен суын аралап,
Пекиннің асты беліне.



«Елі көп, жері оймақтай,
Жер екен қоныс болмайтын», –
Деп, кетті басқа жөніне.

160

Жігіттері талса да,
Шаршап, арып қалса да,
Қайта жолға түседі.
Тағы да талмай жол жүріп,
Аз күн емес, мол жүріп,
Азапқа әбден піседі.
Бірнеше күндер болғанда
Еділ деген өзеннің
Суынан келіп ішеді.

170

Еділдің енді бойында
Біраз күндер жатады,
Көрмеген бұрын жер еді,
Мұның да дәмін татады.
Бейнеті мол жер екен,
Болмады тағы сапары.
«Патшасы бар зұлым, – деп,
Осыдан қорыққам бұрын», – деп,
Тағы да қайта тартады.
Бұдан шығып тағы да,
Белестен талай асады,
Тау менен тас, құм дала,
Бәрін де талмай басады.
180 Қорқыттың түсіп жолына,
Қанды жасын шашады.
Дегенмен талмай азаптан,
«Жайлы қоныс табам» деп,
Талабы судай тасады!

Бірнеше күн өткенде
Өтеген қырқып алады



190

Қарсықұзар жолдарын.
 Бойында оның аз жатып,
 Тынықтырап қолдарын.
 Біраз жатып болған соң,
 Ақтөбеге бет алад.
 Жүрісімен жорғаның,
 Асықпай-саспай жол тартты.
 Жылқысы бар айдаулы,
 Сусыннан және тарықпас,
 Қымызы бар байлаулы.
 Жау жарағы тегіс сай,
 Қылышы бар қайраулы.

200

Біраз уақыт өткенде
 Жетіп келді батырлар
 Ақтөбенің өзіне.
 Устіне тігіп шатырлар,
 Қажығанды тыңайтып,
 Тағы да жолға шыңайтып,
 Жатады біраз сол жерде.
 Жерді шолып сайрандал,
 Қоныс ізден сорлы елге.

* * *

210

Зарланған Өтеген ер заманында,
 Заманның қалып мұлде қамалында.
 Жайлы қоныс еліме таба алмасам,
 Қалам деп қанды патша табанында.

Өтеген елдің қамын ерте сезді,
 Ертенгі жау алатын жерден безді.
 Көрсе де қандай азап, бір түнілмей,
 Төрт бұрышын дүниенің түгел кезді.



Өтеген Ақтөбеде жатты дейді,
Ас қойып, түрлі тамақ татты дейді.
Жайласып, төсек салып, тақаттанып,
Ұйықтап, бейхабарсыз жатты дейді.

- 220 Ел көзі тырс ұйқыға батқан кезде,
Дамылдаш шаршағандар жатқан кезде,
Жылқы үркіп, ел ұйықтаған жерге келді,
Тамаша бір іс болды көрер көзге.

Жылқылар үркіп келді қасына енді,
Көтерді ұйықтағандар басын енді.
Бір жаман құлімсі ііс пайда болды,
Күтпеген елдер қалды сасып енді.

- 230 «Бұл неткен жаман ііс, о тоба», – деп,
Қорқақтап төгіп те алды жасын енді.
Бұрын мұнданай қысылып көрмеген ед,
Сондықтан көбі қалды жасып енді.

– Не бәле болды, Өтеген батырым-ай,
Барады бір қорқыныш ішке сыймай.
Қараши, жан-жағыңа көзің салып,
Бір дажал келді білем, япырым-ай!

Өтеген сонда кенес берген екен,
Жолдасы қысылғанын көрген екен.
Ал енді, сабыр қылып, қорықпандар,
Бұл жерге бір айдаһар келген екен.

- 240 Байқаса, бір айдаһар келген екен,
Келгенін көп адамның білген екен.
Зиянсыз айдаһардың келгендігін
Ақылмен ер Өтеген білген екен.



– Жолдастар, бұдан енді қорықпаңыздар,
Тәуекел, не де болса сақ тұрындар!
Егерде зиян қылса тұрмас еді,
Бұ да бір мұқтажына келген шығар.

250

Таң атсын, не де болса көрелік біз,
Мәнісін сонсоң байқап білелік біз.
Құтылсақ аман-есен мақұлықтан,
Бұл жерде енді қалмай жүрелік біз.

Егерде қастық қылса аямайды,
Сендердің ажарыңа қарамайды.
Күтелік сабырлықпен істің артын,
Сыр беріп, бекер қорқу жарамайды.

Егерде қастық қылса көрген заман,
Жасқанып, жібермес ед біздерді аман.
Ендігі бірің қоймай жұтар еді,
Мұнымен күресуге келмес шамаң.

260

Өтеген ақыл айтып, тоқтау салды,
Өзі де аз тоқталып қайғыланды.
Ішінен қатты қорқып жолдастары,
Зар жылап, тұніменен күйіп-жанды.

Қорқысып бейшаралар жатты сонда,
Бір кезде таң бозарып атты сонда.
Қараса, бір айдаһар қоршап алған,
Жолдасы қатты қорқып, састы сонда.

270

Жолдастары буыны құрып тұра алмады,
Не шара істерін біле алмады.
Заһарлы, тұсі суық айдаһардың,
Маңына ешкім батып келе алмады.



Қан сиіп, жылқылар тұр жерді тарпып,
Жолдастары зар жылайды қайғы тартып.
«Батыр, енді құніміз не болды» деп,
Көзінен қанды жасын сорғалатып.

Атына ер Өтеген мінеді енді,
Үстіне қару-жарақ іледі енді.
Сабыр деп, жолдасына тоқтау айтып,
Аяңдал айдаһарға келеді енді.

280 Жақындал айдаһарға батыр келді,
Көрдің бе Өтегендей қорықпас ерді!
Иіліп, бүктетіліп, жұз бұралып,
Жарқырап екі көзі сабап жерді.

Бозшұбар айдаһардың сұық түрі,
Ала теңбіл белі үстінен шыққан түгі.
Дуалдай Өтегенді қоршап алған,
Жайымен жатыр көлбеп, шықпайды үні.

290 – Ей, мақұлық, бізді неге алдың қоршап,
Зәбірсіз жолаушымыз келген шаршап.
Біз бір жан жаһан кезіп, жер қыдырған,
Таба алмай жайлыш қоныс жүрген аңсан.

Бір жүрген жаһан кезіп, мен бір сері,
Тұрлаулы мекен болмай туған жері.
Мекен қып, айдаланы еркін жүрген,
Жаралған тұрағы жоқ, сен бір шері.

Қамы үшін қара қазан, сар баланың,
Мен жүрмін сырын біліп сар даланың.
Тілеген тіршілігім бәрі сонда,
Халқыма жайлыш қоныс, жер табамын!



300 Жол ашып, бізге рұқсат беріңіз сіз,
Жылаған көздің жасын көріңіз сіз.
Сен де шерлі болғанда, мен де шерлі,
Жолымды аш, тез табайық жөнімізді.

Айтқанын Өтегеннің білгендей-ақ,
Кеткендей болды айдаһар бұларды аяп.
Қозғалып, жиырылып, жолын ашты,
Көш өтетін бойындай екі таяқ.

310 Сол жерден тізбектеліп өтті бұлар,
Босанып, зор қуаныш, кетті бұлар.
Қысылып қалған екен бейшаралар,
Сар желіп талай жерге жетті бұлар.

Жолаушы жүре берді елбелектеп,
Артынан қаша-қаша шабысқа өктеп.
Бес-алты шақырымдай жер барғанда,
Айдаһар ұшып түсті, алдына кеп.

Айдаһар көлденендең қалды жатып,
Тағы да жолаушыны таңырқатып.
«Құтылдық бір бәледен» деген кезде,
Көңілді тағы қойды-ау жабырқатып.

320 Өтеген сонда батыр сөйлейді кеп:
– Мұның не, жолды бізге бермедің, – деп.
Айтшы маған, көңілінде қандай арман,
Осынша қыр сонымнан қалмадың кеп.

Айдаһар сол уақытта ыскырды енді,
Жер сабап, құйрығымен ышқынды енді.
Біресе жүз бұралып, маймалаңдап,
Бұларға мұндай істі тұс қылды енді.



330

Көздері айдаһардың оттай жайнап,
Айтуға тілі жоқ, тұр іші қайнап.
Ақырын арбап, ертіп Өтегенді,
Айдаһар жолға түсті ажағайлас.

Айдаһар жүріп барад тауға қарап,
Жарқырап екі көзі оттай жайнап.
Өтеген бес кісімен келе жатыр,
Ойлайды, бұл қалай деп, тамашалап.

Айдаһар келді таудың етегіне,
Өтеген қалмай жүрді жетегіне.
Қуанып бұлардың бұл ергеніне,
Өзінің келіп жетті мекеніне.

340

Бір таудан екі айыр су ағып жатқан,
Мекені айдаһардың батыс жақтан.
Өзінше қазынасы болса керек,
Отан қып, бұрыннан да бағып жатқан.

Өтеген таң қалады ерің енді,
Үңгірді тамашалы көріп енді.
Жер екен шаңдақтанған, ойнағы бар,
Бұрын мұндай нәрсені көрмеп еді.

350

Айдаһар үңгірге кеп тұра қалды,
Мойынын Өтегенге бұра қалды.
Өтеген ишарат қып, тартынба деп,
Көңіліне айдаһардың демеу салды.

Бел қылып үңгіріне кетті кіріп,
Өтеген қарап тұрды келген еріп.
Үн шықты, жер астынан дүңгірлеген,
Бір сойқан болса керек, үлкен бұлік.



Дүңгірлеп, ұнгір іші ду боп кетті,
Ысқырып, ысылдаған шу боп кетті.
Аздан соң әлгі айдаһар шыға келді,
Қараса, үсті-басы қан боп кеткен.

- 360 «Тартынба, тағы қайта кіріп қара, –
Ым қағып, ер Өтеген деді және. –
Сонан соң ерлігімді бір сынашы,
Жауынды алып шық та іле-шала».

Қайтадан таудың асты дұрсілдеді,
Мықты жау оңайлыққа көнсін бе енді.
Өтеген ыңғайланып, күтіп тұрды,
Намысты қолдан бекер берсін бе енді?!

- 370 Бір кезде екі айдаһар шыға келді,
Шыққанын ер Өтеген көзі көрді.
Тіресіп бірін-бірі тістелесіп,
Беттесе, қатарынан тіке тұрды.

Қып-қызыл, жылтыр шұбар, бір айдаһар,
Аузынан отты жалын шашқан заһар.
Мекенін көне айдаһар тартып алып,
Ие боп, жатқан екен пейілі тар.

Бір кездей басы анадан озып тұрды,
Қайраты Өтегеннің қызып тұрды.
Шыдауға жас айдаһар күші басым,
Кәріні көп алысып зорықтырды.

- 380 Мылтығын ер Өтеген қолына алып,
Бұрыннан қойған еді оғын салып.
Атуға айдаһарды бетін түзеп,
Кезеніп тұра қалды оттай жанып.



Көздесіп дәл басына атып салды,
Оқ тиді қақ мандаидан, басын жарды.
Шорт кескен терек құсап серең етіп,
Айдаһар табанында жатып қалды.

390

Қиратып түгін қоймай, ұн қылды енді,
Белінің ортасынан сындырыды енді.
Қымылдаған жерінің бәрін шайнап,
Көңілін кәрі айдаһар тындырыды енді.

Ерлігін ер Өтеген білгізді енді,
Қош қылып, жолдастарын құлгізді енді.
Айдаһар суға аунап тазаланып,
Қайтадан төмен қарай жүргізді енді.

Жолымен қайта жүрді төмен қарай,
Айдаһар бастап келед жаны қалмай.
Кейінгі қалғанына алып келіп,
Қалған жок, тағы жүрді тыным алмай.

400

Артынан кешке шейін ерді бұлар,
Бастарын жақсы жаққа бүрдышы бұлар.
Талай жер айдаһардың бастауымен,
Жол жүріп, бір тоғайға кірді бұлар.

Айдаһар сол тоғайға кіріп кетті,
Артына қарамастан жүріп кетті.
Жолдасын ертіп келген адастырып,
Көргенді таң-тамаша қылып кетті.

410

Ер Өтеген ал сонда,
Атының басын бүрады,
Әңгіме-ду肯 құрады,
«Бұл тоғайда не бар?» деп,



Олай-бұлай қарады. –
 «Жақсы жолға бастаса,
 Айдаһарым жарады.
 Бостан-босқа ол мұнда,
 Келмек емес еді ғой»,
 Деп бір ойға балады.

- Қарап тұрса тоғайдан
 Бір үлкен ақ үй көреді.
 «Айдалада отырған,
 Үй екен, – деп, – не қылған».
 Соған таман келеді.
 «Кім бар, – деп, – мұнда?» сұраса,
 Көне-құңгірт дауыспен
 Бір адам жауап береді:
 – Ей, Өтеген ерім, сенбісің?
 Елімнің ері біліктім,
 Бейуақытта келіпсің.
 Осынша жерге келгендей,
 Неден шошып үріктің.
 Жапан дүзге безгендей,
 Жер-жаянды кезгендей,
 Не пәлеге іліктің?
 Қасындағы жолдасың,
 Тұра тұрсын далада.
 Өзің аттан түсіп кеп,
 Кіре бер, рұқсат, қарама.
- Сонда Өтеген батырың
 Аттан түсіп келеді.
 Үн шыққан ақ сарайға
 Жалғыз өзі енеді,
 Төрде отырған адамға
 Көріп сәлем береді.



Амандасып, танысып,
Жай-мәнісін біледі.

Төрде отырган ақсақал
Қайберен шал екен,
Ел қамқоры, батагей,
Дегендей-ақ бар екен.

450 Қабағы қалың тұксиген,
Бетінде әжім сай-сай боп,
Аққөңіл жұмсақ жан екен.

Сонда Өтеген сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
– Мен ғаріп айтқан сөзіме,
Атам, құлақ сал, – дейді.

460 Арып келген ұлыңмын,
Назарыңа ал, – дейді.
Адастым ба, састым ба,
Қандай жолы бар, – дейді.
Өтеген деген мен едім,
Жаһан кезген сері едім.
Бойымда ауыр міндет бар,
Сері емеспін, шер едім.
Қатын-бала қамы үшін
Қоныс іздеп кеп еді!

Мекен қылып отырған,
Жетісу деген жер еді.

470 Үш Алматы кер еді,
Көшіп-қонып жүретін,
Қазақ атты ел еді.
Болатын күннің болжауы,
Осы Жетісүймды
Орыс алды деп еді.



480

Орыс алса жерінді,
 Қоныс аудар деп еді.
 Құрық кетпей бойынан,
 Сырық кетпей басынан,
 Болыс алар деп еді.
 Сол себептен бұл жерге
 Отегендей ғарібің
 Қоныс іздең кеп еді.

490

Өзіңе айғақ, ей, баба!
 Құрт-құмырсқа, жан-жәндік,
 Өзіне ұя сайлайды.
 Жаудың ізі баспайтын,
 Жерді ғана жайлайды,
 Аспанда ұшқан торғай да,
 Жұмыртқасын салуға
 Ыңғайлы орын арнайды.
 Қалықтап ұшқан қарабай,
 Алыстан орын іздейді.
 Шалпыған суда балық та,
 Салындыны көздейді.
 Не керек, бабам, білесіз,
 Аң да, құс та әлемде
 Өмірден үміт үзбейді!

500

Кез келсе бұзып кетпейді,
 Тағдырдың салған қармағын.
 Неде болса көремін,
 Көнілімде көп арманым.
 Еліме қоныс таппасам,
 Ишімде кетер арманым.
 Көріп алам, тәуекел,
 Тағдырдың не салғанын.
 Ақыл сұрай мен келдім,



Не болады айтыңыз,
Ілгергі болар таңдағым?!

510 Әбден тыңдап көне қарт,
Бір мезгілде сөйледі,
Қарыс жауып қабағын,
Сөйлегенде бүй деді:
– Ей, Өтеген, құлақ сал,
Бір ақыл саған айтайын,
Сол ақылды ұғып ал,
Асылыңды байқайын.
Қының деп жолың не дейін,
Талабың зор ұл едің,
Қолыңды қалай тартайын.

520 Дегеніңе жеткіzsін,
Орындалып талабың.
Алғыр бүркіт секілді
Көрінеді қабағын.
Тұнде бармай үйіңе,
Күндіз барғын, қарағым.
Айтқанымды ұғып ал,
Сезімді екен құлағын.
Әрбір іске сабыр ет,
Ақылменен жалғаның,
530 Жандырарсың шырағын.
Осы сапар көрерсің,
Бұл жалғанның сынағын.
Опасызың, ондығын
Тұрлаусызың, тұрағын.

Жаңа бір сөзді есіне ал,
Айтқанда істің қысқасын.
Ашуың келсе егерде,



540

Арашалап сол қолың,
Оң қолынды ұстасын.
Алғырттық күш сендейге,
Көрсетіп жүр нұсқасын.
Табанды болсан, қарағым,
Ұстайсың ақтық тұтқансын!

550

Деп Қайберен батырмен
Қоштасып болған соң,
Өтеген батыр кетеді.
Талай киын жерлерден
Адаспай, саспай өтеді.
Ат баспаған жерлерді,
Құс ұшпаған белдерді
Өз жеріндей өтеді.
Бірнеше күн болғанда,
Қонырбел деген бір белге
Жолаушылар жетеді.

560

Қырға шығып Өтеген,
Көз жіберді жыраққа.
Сол мезгілде бір дауыс,
Қатты тиді құлаққа.
Аң ба, жын ба, тамаша,
Жел ме, аққан бұлақ па?

Тыңдал тұрып Өтеген,
Бұл дауысты байқады.
Жолдастары сасқақтап,
Қорқып басын шайқады.
Тағы бір іс болғанын,
Өтеген сезіп ішінен,
Жолдасына айтады.



- Тірі болсақ, көрерміз
Мұндай істің талайын.
 570 Зәбірленген жан шығар,
Байқап ақырын қарайын.
Сендер мұнда тұра тұр,
Істің күтіп талайын.
Дұшпан болса егерде,
Басына ойран салайын.
Достық болса, достық қып,
Оның да өшін алайын.
Ер адамға мұндайдан
Қашып кету жарамас,
 580 Көрмей, білмей маңайын.
- Қолына қару-жарақ ап,
Өтеген кетті дыбысқа,
Баспа қылып келеді.
Тогайдан шыққан дыбысқа,
Дыбыс шыққан жерге де
Өтеген келіп жетеді.
Тогайдың ну жері екен
Айдаһардың мекені.
Бір айдаһар аштықта,
 590 Жатыр сұлық, дәрмен жоқ,
Тамаша мұны етеді.
Әлгі айдаһар бүйірінен,
Аппақ болып жарқылдап,
Кездіктей болған бір жылан,
Олай-бұлай өтеді.
Садақтай болып ол жылан,
Бөксесінен өткенде,
Айдаһардың дауысы
Жер күнірентіп кетеді.
 600 Мұны көріп Өтеген,
Мынадай ойға келеді:



«Әбжылан деген осы екен,
Адамның қауіп-қатері.
Айдаһарды өлтірсем,
Анау түпке жетеді.
Әбжыланды өлтірсем,
Айдаһар достық етеді».

Деп ойланып Өтеген,
Қолына берен алады,
610 Басын түзеп әбжыланың,
Дәлдеп атып салады.
Қозғалмай жерде қалғандай,
Атқан оқ басын жарады.
Сол мезгілде айдаһар
Басын бұрып қарады.
Өтегенді көред де,
«Жақсылыққа-жақсылық»,
Дегендей болып қалады.

620 Қайтып келіп Өтеген,
Жолдастары қасына,
Не көргенін баяндап,
Айтады бәрін асыға.
Жолдастарын қуантып,
Жылағанын уантып,
Шығады Қоңыр басына.

– Ал, жолдастар, енді біз
Осы жерге қонаілық,
Бірер күндер аялдан,
Осында бүгін болайық.
630 Қорықпаңыздар, жолдастар,
Айдаһар бүгін келеді,
Жақсылыққа – жақсылық,



640

Бізге сыйлық береді.
 Осында жатсак, ұзамай
 Қайда екенімізді көреді.
 Аттан ерді алындар,
 Бір-бір төсек салындар.
 Ерлерінді жастық қып,
 Бір кісідей томардан,
 Алып келіп жатқызып,
 Үстіне шапан жабындар.

650

Өтегеннің айтқанын
 Келтірер олар орнына.
 Жатқызады томарды,
 Келтіріп адам порымына.
 Содан кейін өздері,
 Жөнеледі бір жаққа,
 Батырдың еріп соңына.
 Тынық түн, жым-жырт айнала,
 Ұшады жалғыз жарқанат.
 Аспанда сансыз жұлдыздар
 Тұрған сынды «Аллалап».
 Жолаушылар күтеді
 Истің артын асығып,
 Бәрін де ауыр ой қамап.

660

Бір мезгілде төңіректі
 Бір тамаша бу басты,
 Бумен бірге құлімсі иіс
 Көкірек қапты, ұласты.
 Мұны көрген жолшылар,
 Не қыларын біле алмай,
 Жанынан қорқып бір састы.
 Кейі, тіпті қорқақтар,
 Төгіп те алды көз жасты.



Тоқтау айтып Өтеген,
Бұдан қорқып саспады.
Күндізгіні тағы айтып,
Қайтадан айта бастады
Зәбірсіз, тимес, қорықпа дәп,
670 Тұсіндірді басқаны.
Біраздан соң бу кетіп,
Жаман иіс тарады.
Томар жатқан жағына,
Түріліп тұман барады.
Бозторғайлар бір кезде,
Ұйқы ашып, әнге салады.
Әне, міне дегенше,
Таң да атып қалады.

Жетіп келді жігіттер
680 Белгінің жатқан қасына.
Олай-былай қараса,
Төңірегі белгінің,
Қан боп қапты жосыла.
Байқаса келіп белгінің,
Кетіпті қойып басына,
Бір құмандай сары алтын,
Сыйлық етіп досына!

Мұны көріп Өтеген,
Көңілі тасып қуанып,
690 Сөз сөйлейді жосыла:
– Жақсылық қылсан, жақсылық
Жетеді, – деген, – басыңа!
Жамандыққа – жамандық
Бір келеді тосыла.
Залалкер болсаң, жігіттер,
Дүшпаның түгіл, бой тартып,



- Досың келмес қасыңа.
 Қыбырат болсын кейінгі
 Үлкен-кіші, жасыңа!
 700 Қара қылды қақ жарып,
 Әділдікпен карасан,
 Бәле келмес басыңа.
 Пайдалы іске кез болсан,
 Халқыңа тарат, жасырма!
 Ерінбе, көпке қызмет қыл,
 Жетесің істің расына.
 Жетілдім деп, жеттім деп,
 Қар суындай тасыма!
 Аспен атып жауап бер,
 710 Дүшпанның атқан тасына,
 Жетім-жесір, әлсіздер,
 Қашанды құлақ түре жүр,
 Көзден ақкан жасына!
 Қайғы көрсөң – қарсы түр,
 Құлай беріп жасыма!
 Адал еңбек сіңірсөң,
 Береке кірер асыңа.
 Зұлымдыққа сүйеніп
 Жалқау болсаң еріншек,
 720 Болмайсың адам асылда.
- Деп Өтеген үлгі айтып,
 Атына бастап мінеді.
 Қажу, қайту, талу жоқ,
 Ілгері тағы жүреді.
 Жалықтырмай жол бойы,
 Мақсатын, ойын сөз қылып,
 Ойнайды да күледі.
 Кент аралдың жолына,
 Бұлар келіп түседі.



- 730 Жағасын оның аралап,
Оның да сүйн ішеді.
Мұны да жай деп менсінбей,
Тасаралға өтеді.
Тас тағының жері деп,
Оған да тұрмай кетеді.
 Тағы бірнеше күн жүріп,
Арымай-талмай тұн жүріп,
Құмаралға жетеді.
Құмаралды аралап,
740 Байқап бәрін шамалап,
Оған да қарғыс етеді.
- Енді Өтеген қыистап
Кендірлінің тұмсығын,
Қиып өтіп асады.
 Қасқа жолға түсіп ап,
Бірқазан тауды басады.
 Қажу білмес Өтеген
Көнілі судай тасады.
Бірқазан құстан атып ап,
750 Қызыққа мұлде батып ап,
Тағы да әрі асады.
- Бір мезгілде жолшылар,
Көз ұшында көрінген,
Бір тоғайға кіреді.
 Қап-қара жан-жак, жолы жоқ,
Осы кездे тұн еді.
Бұйра қара тон киген,
Тұнмен бірге тұксиген,
Тоғайдың сүйк түрі еді.
- 760 Шаршап келген жолшылар,
Суы жақсы болған соң,



Осы жерге түнеді.
Тоғайға иесіз от жағып,
Қазанға даяр ет салып,
Рахатта бұлар жатады.
Әлемді басқан ауыр түн,
Қалғыған тоғай жым-жырт үн,
Батып еді кештің шапағы.

770

Бір мезгілде бұлардың,
Жетіп келді қасына,
Екі әдемі келіншек,
Меруерт жапқан басына.
Қарасаң көзің тайлығар,
Қолаң қара шашына.
Қарақаттай көздері,
Мөлдіреген кәуіардың
Пар келеді тасына.

780

Келді дағы екеуі,
Сыбырласты, сыңқылдан,
Күлісіп, ақырын өзара,
Сыбырласып қынқылдан.
Есі кетіп оларға,
Жолдасы отыр тың-тыңдан.
Өтеген жалғыз біледі,
Екенін бұлар жестырнақ.

790

Келіншекке ынтық бол,
Көбісі отыр семіріп,
Жүзіне сұлу мәз болып,
Есі кетіп еліріп.
Аз-аздан етті алып жеп,
Өтеген отыр шегініп.
Шақырып еді ет же деп,



Бір де жауап бермеді,
Сөйлеуге де ерініп.

Бір мезгілде бір жігіт,
Қолына алып сүйекті,
Отыр еді кеміріп.
Қарай қалды келіншек,
Әлгі адамға телміріп.
800 Сұрайды одан келіншек:
– Сүйекті неге алдың? – деп.
Бір бұлатты алып кеп,
Бір бұлатқа салдың, – деп.
Ақылың жоқ екенсің,
Обалына қалдың, – деп.

Тағы отырған бір жігіт,
Қолын шөпке сүртеді.
Қарай қалып екеуі,
Бірін-бірі түртеді.
810 «Майды майға сүртті» деп,
Қолдарын кеп сілкеді.
Бұдан кейін отырмай,
Ізімен қайта қайтады.
Сылдырап ақырын, маймандал,
Жапырмайды бір шөпті
Жерді басқан байпағы.
Жолаушылар аң-таң болп,
Өтегенге қарасып,
Бәрі басын шайқайды.

820 Сонда Өтеген оларға,
Мынадай кеңес айтады:
– Мұның аты – жезтырнақ,
Бұған жақын болмаңдар,



Зейнетіне қызығып,
Алданып қапы қалмандар.
Жақындаса денесі,
Тырнақты саған салады.
Қолы тисе, бұл денен
Күл-талқан боп қалады.

- 830 Тұнде сұлу әйел боп,
Біліп алып мән-жайды,
Болат өткір тырнақпен
Жүргегінді жарады.
Енді бекер тұрмандар,
Ерлерінді алындар.
Кісідей томар жатқызып,
Бір-бір төсек салындар.
Ұйықтап жатқан кісідей,
Айқара шапан жабындар.
840 Сөйтіп аңдып, баспа ғып,
Өздерің кетіп қалындар.

Жолдастары орындалап,
Мерзімді жерге барады.
Батыр өзі даярлап,
Мылттығын колға алады.
Бір ағаштан орын ап,
Оқ тиер жерден шамалы,
Өтеген тұрад баспағып,
Не болар деп заманы.

- 850 Тұн жарымы болғанда,
Тоғай жақтан сылдырлап,
Жезтырнақтар шығады,
Бұтақтар ақырын сыйбырлап.
Төсек жатқан жерлерге,
Келеді ақырын тың тындал.



860

Мысықтай тышқан аңдыған,
 Сумалаңдап сымбындал,
 Келіп ақырын екеуі,
 Тырнақты кеп салады.
 Кісідей жуан томарды,
 Быт-шыт қылып жарады.

870

Осы кезде Өтеген,
 Аңдып тұрып біреуін
 Дәлдеп атып қалады.
 Көтеріле бергенде,
 Енді қалған біреуін,
 Тағы да атып салады.
 Соныменен Өтеген,
 Екеуін де өлтіріп,
 Тағы бір демін алады.
 Таң атқан соң жиналыш,
 Өлген жерге барады.
 Барса, ағаш та, дым да жок,
 Шапандар қалған күл болып,
 Айқара жапқан манағы.

880

Онан шығып Өтеген,
 Қосын тартып жөнеді.
 Тәуекел етіп не көрсе,
 Бәріне де көнеді.
 Неше түрлі көрмеген,
 Тамаша жерлер көреді.
 Бәрін дағы жерсінбей,
 Біреуін жақсы демеді.
 Қырық күншілік жол журіп,
 Азфана емес, мол журіп,
 Бір көлге жетіп келеді.



Көгілдір мөлдір – көк теңіз,
 Көбіктенген көп теңіз,
 Бұларға өткел бермейді.
 890 Жағасының жары көп,
 Бірі бар да, бірі жоқ,
 Қонысқа жайы келмейді.
 Жағалап оны жол тартып,
 Тағы ілгері өрледі.

Елсіз, иесіз, ақсүйек,
 Кім жайланаң – кім білед.
 Бұрын қандай жер еді,
 Анда-санда жалғыз-ак,
 Күшігендей молалар,
 900 Алыстан көзің көреді.
 Құмды шөл, шетсіз кең дала,
 Ақсүйек, селеу – айнала,
 Қырық құншілік жол жүрді.
 Көшпелі құмнан жол тауып,
 Жерлерден нелер зор қауіп,
 Сол жүргеннен мол жүрді.

Бір замандар болғанда,
 Ну тоғайға жетеді.
 Осы жерге тоқталып,
 910 Біраз күн дамыл етеді.
 Өтеген сонда сөйлейді,
 Сөйлегенде бүй дейді:
 – Мынау қалың шенгелдің
 Ішіне енді кіреміз.
 Қырық бес күндік жолы бар,
 Қатырғандай сілеміз.
 Жолы қатер болғанмен,
 Ақырғы құшті жиып ап
 Тәуекелге мінеміз.



920 Аржағында осының,
Бір жақсы жер бар дейді,
Көруге соны жүреміз.
Қырқып шықсаң есен-саяу,
Жайлышың, бар үміт,
Соны барып көреміз.

930 Өтегеннің бұл сезін
Жолдастары құп алды.
Талай түнек шеңгелді,
Бұза-жара жол салды.
Қырық бес күн жүріп талғанда,
Аржағында бір байтақ,
Кең даланы көз шалды.
Арып-талып Өтеген,
Далаға да жетеді.
Жиделі Байсын жер екен,
Өте ыңғайлы мекені.
Мұны көріп жолшылар,
Бар арманы кетеді.

940 Жиделі Байсын айтқандай,
Ағашы қалың ну екен.
Орап алған жан-жағын,
Тараған өзен су екен.
Жиде – пісте сықылды,
Жемістердің туы екен.
Дәмін татып көрсөніз,
Алуа, шекер, бал екен.
Неше түрлі көрмеген,
Айуанат, құстар бар екен.
Лек-лек боп киіктеп,
950 Отан қылған жер екен.
Қарақүйрық, құландар,



Қотан қылған жер екен.
Лақтай боп қояны,
Төл боп өскен жер екен.
Берекесі тасқындал,
Көл боп өскен жер екен.

- Жылқыдай боп құланы,
Екі есе үлкен бұланы.
Домбай деген тағы аң бар,
Төрт есе үлкен пыланы.
960 Қарақасқа деген бір киік,
Пілдей болып тұрады.
Жайылған жылқы секілді,
Андарының көптігі,
Салбыраған бұғағы.
Жер шырайын қарасан,
Тұрімен біткен шөптері.
Жұпардай іісі аңқыған,
Бәйшешек гүл төккені.
970 Таусылмайды бұл жердің,
Айта берсең кептері.
Неше аралға бөлініп,
Байтақ жазық кеткені.
Аққу құсы қаңқылдал,
Шагаласы шаңқылдал,
Салтанат құрған бөктері.

- Мұны көріп Өтеген,
Жаңа дүние тапқандай,
Іштен шері кетті енді.
980 «Алып келіп елімді,
Қондырам деген бұл жерге»,
Өтеген сонда серт берді.
Байсынның батыс жағында,



990

Тұмандай болып көрінді,
Мана деген дариясы.
Дариядан бөлінген,
Толып жатыр жылғасы.
Батысқа қарап ағады,
Дарияның бір басы.
Одан шыққан тараулары
Байсынды әбден байытып,
Жан-жаққа кетер тұнбасы.
Өтеген жатып сол жерде,
Танысады жерменен.
Аралап түгел Байсынды,
Көреді қызық көрмеген.

1000

Бір кемшілік Байсында,
Бар екенін сезеді.
Жылқыға жайсыз жер екен,
Болғанымен өзені.
Дегенменен Өтеген,
Жылқыға шөп табам деп,
Төнірегін түгел кезеді.
Таба алмай көңілге алғанын,
Байсыннан тағы безеді.
Барап жер, басар тауы жоқ,
Өртенеді өзегі...
Жылқыға жайлы болмаса,
Қазаққа жәннат не пайдада?!

1010

Жылқысыз қазақ тұrapар ма,
Апарсан да сен қайда.
Бұған елім келмейді-ау,
Маған ырық бермейді-ау!
Деп зарланып Өтеген,
Таба алмады басқа айла.
Соныменен Өтеген,



Елім деп жасы сорғалап,
Арманымен айқасып,
Көмілді, қалды бір сайда!

* * *

1020

Уа, Өтеген, Өтеген,
Бұғыдай мүйіз көтерген,
Қайдасың ерім, кел бері!
Жаңа хабар әкелдім,
Жетісудың Жамбылы,
Ескінің көзі – зергерің.
Орныңнан тұрып бұғін сен,
Көрер ме едің елдерің,
Жетісу атты жерлерің,
Жапалақ ұшпас жапан тұз,
Қарсақ жортпас қара адыр,
Құладын ұшпас шөлдерің.

1030

Қасқайған қақпас қара тас,
Селеу басқан сұр жонас,
Қамыс басқан көлдерің.

1040

Бұғін өзің қарашы,
Бөленіп нұрға гүлдеген,
Орал, Тәншан арасын.
Қазақстан даласын,
Тұлеген, қайта түрлеген.
Кебінін тастап қайтадан,
Киінген киім бүлдеден!
Өз жеріне өзі ие,
Сайрандап мәңгі жайлаған.
Туған елің күн мекен,
Орақ, балға бетінде,
Бақытқа бастап үндеғен.
Халықты сорған хандарды



Патша, бай, жуан нэндерді,
Топырағын аластап,
1050 Зұлымдықты қопарып,
Тастаған серпіп іргеден.

Ол-ол ма, қызық тамаша,
Айта берсең тағы бар,
Өз алдына қазақтың,
Бақыт жолын көрсеткен
Әділ – қасқа заңы бар.
Өзінің тілі, өз сөзі,
Өз өкіметі – шамы бар,
Қалқоз, сапқоз құралып,
Халық дәүлетке оралып,
1060 Зауыттары божылдан,
Қала, дала қыбырлап,
Көтерілген шағы бар.
Жер қазынасын ақтарып,
Көрінген жерге бақ дарып,
Ашқан бетін таңы бар.
Қаратаудан қорғасын,
Алтайдан алтын жарқылдан,
Көкшетауда кой өскен,
1070 Білмейсің қанша саны бар.
Қарсақпайда жез құйып,
Шымкент жатыр мақта үйіп.
Ембі майы тағы бар.
Жемісі-гүлі жайнаған,
Мың-мыңдал малды айдаған.
Байтақ дала кіндігі,
Алатаудай бағы бар.

Айшылық алыс жерлерді
Әп сағатта өтетін,



- | | |
|------|--|
| 1080 | Денеге тартқан тамырдай,
Тұріксіп сынды тұлпар бар!
Жүгірер одан қаны бар
Қарағанды қара алтын,
Коңыратта сары алтын.
Қармақшының күріші,
Жаркент кені – ырысы,
Осыменен ағылар.
Береке көзі кайнаған,
Бақытқа басты байлаған,
Балқаш, Арап, Сырдария,
Нұра, Ертіс, Шу, Іле,
Толып жатқан тағылар. |
| 1090 | Кілемдей дала гүл жайнап,
Егін, бақша қаулады.
Қора-кора тұлік мал,
Үкілі жұнді, майда жал,
Өсіп-өрбіп лаулады.
Тұяғынан от шашқан,
Текежәуміт сан тұлпар
Саннан шығып заулады.
Жер тандамас жел жүйрік,
Құздан-құзға секірер.
Андай тағы таудағы.
Кеш батқанда қарасаң,
Қара құрым қаптайды,
Сиыр, түйе, қой, қозы,
Ауылдың тұс-тұс, жан-жағы.
Тұн болса қотан маужырап,
Тыныш үйқыға батады. |
| 1100 | Ұры-қары, қауіп жоқ,
Қүзетші сақ малдағы. |
| 1110 | |



Рақаттанып мызғиды,
 Бұйра жүнді қошақан,
 Үкі жүндес ботақан,
 Монтиған жас бұзауқан,
 Ауылдың маңы, аймағы.
 Ен уызға мас болып,
 Мызғиды көгал ішінде,
 Құлышақтар сайдағы.
 Үй басында бір қазан,
 Лыпылдаған ернеуі,
 Бұзылмаған қаймағы.
 Арманға жеткен мәз-майрам,
 Баққа оранған бір елміз,
 Жайнаған жаздай майдағы!
 Көзінді сүртіп тағы бір,
 Өтеген, өзің қарашы!
 Осындей ен байлықтың
 Иесі – қазақ баласы!
 Қоныс таппай – сен кеткен,
 Біздің елдің даласы!

1120

1130

ӨТЕГЕН БАТЫР*(Ұшінші нұсқа)*

Біздің қазақ халқының бұрын қалмақ, қырғыз, өзбек болып төрт ұлтқа бөлініп, бірінің-бірі әлі келгенін шауып алып, білектің күші, наизаның ұшымен бірін-бірі езіп-жанышп жүрген еді. Содан қалмақты жаулап, қазақ жерінен қытай жеріне аударды. Содан қазақ бірбеткей болып, қазақ ішінде Ұлы жүздің баласы қырғызбен өте жауласып шабысып, бірін-бірі құғын-сүргінге салып жүрді. Онан соң қазақ халқы үш жүздің баласына бөлініп, Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз болып, үш жікке бөлініп жүрді.

Ол уақыттағы билеушілер хандар болды. Ақсүйектің тұқымынан хан көтерді. Хандардың қабырғалы билері болып, олар өзінің ойына келгенін істеп жүрді. Хандардың мақсаты әлі келгенін шауып алу, талау, қан төгү болды. Содан біздің қазақ халқы орысқа қарамай тұрып, өздері орыс деген жұрт бар, әліміз келсе орысқа қараймыз деп жүрген еді. Сол кезде қазақтың Ұлы жүз руынан 1730 жылдар шамасында Өтеген деген батыр шыққан. Ол Өтеген Ұлы жүздің Дулат нәсілінен, Сырымбет деген атанаң тұқымынан шықты.

Өтеген батыр есі кіріп, ат жалын тартып мінгеннен кейін қоныс қарай бастаған. Ер жетіп, толық адам болғаннан кейін, тұбі осы Жетісу жеріміз бізге қонысқа жарамайды, себебі бұл жерді түбінде орыс деген халық алады, оған қарсы тұра алмаймыз, себебі біздің қазақ халқы өте надан, айласы, күші жоқ, сондықтан оған еркіміз кетіп қарағанша, бір оңаша жер-су тауып, әрісі қазақ халқын тегіс қоныстандыру, иә болмаса тілімді алған қазақты құтқарамын деп жар салған. Тегінде орысқа бағынбаймыз деген Өтеген батырдың басқа қазаққа пікір-санасы қосылмаған. Себебі қазақ халқының бәрін бірдей көріп, қазақтың қамын жеген. «Қамалда қалдық-ay!» – деп көп зарлаған. Және өзінің керемет нақ тәбесінде бір қарыстай екі мүйізі болған екен. Батырлығы өте күшті болған. Бірақ қан төгуді қаламаған кісі.



Жалғыз-ақ қоныс іздеуде болған. Содан өзінің Аюша деген баласы мен елу кісімен екі айғыр үйірлі жылқы айдал, қару-жарағымен елімен қош айтсып, әuelі күншығыска қарай бет алған. Сол жүргеннен жүріп Қытай тарапына барып, күннің шығысина барғанда, ыстық күн маңдайынан өтіп жүре алмай қайта қайтқанда Жапонды басып орағытып, Өму дариясын көріп, одан төмендеп, күннің батысына қарай көздеген.

Одан Ақтөбеге беттеп, бір Қазан деген жерді басып, қырық күншілік көлден, қырық күншілік шенгелден, қырық күншілік жолдан өтіп, Жиделі Байсын деген жерге барып қайтқан. Жеті қырғыздың Алатауын тегісімен аралағанға ұқсайды. Оны толық білмейді. Себебі, Атпас, Нарын деген жерлерде Өтегеннің тасқа басылған мүйізді суретін көрген кісілер бар. Ақыры 17 жыл жер қарап қайтып келген. Сондағы көріп-білген ажайып әңгімесін Жамбыл қарт өлеңменен суреттеп айтады.

Жер танабын алғаннан,
Сөзім болмас жалғаннан.
Бұғыдай мүйіз көтерген,
Қасқараудан шыққан Өтеген
Төрт жақтан жер қараған,
Асыл нұрдан жаралған.

10

Барып қайтты Өтеген,
Күннің шыққан жеріне.
Тегісімен аралап,
Қытай, Бежиін еліне.
Одан қоныс таба алмай,
Орыстың кетті жеріне.

Орысты көріп тұра алмай,
Ішине оның кіре алмай,
Мұның жүзі құрсын деп,
Одан қоныс таба алмай,



20

Қорқыттың түсті жолына.
Неше жылдай жол жүріп,
Аз ғана емес, мол жүріп,
Сырттан жолды таба алмай,
Келіп түсті Өтеген,
Қарсықұзар жолына.
Бір апта жатып ол жерде,
Енді жүрді Өтеген
Ақтөбенің жолына.

30

Жылқысы болса айдаулы,
Қымызы болса байлаулы,
Жау-жарағы тегіс сай,
Қылыш болса қайраулы,
Жетіп келді батырлар
Ақтөбенің өзіне.
Үстіне тігіп шатырлар,
Жатты біраз сол жерде.

Сонымен Өтеген батыр жерді шалып, біраз күн Ақтөбеде жатады. Сол жерде бір айдаһарға кез болады. Енді сол айдаһардың әңгімесі сөйленеді.

40

Өтеген батыр өткен заманында,
Заманың жүрді біраз қамалында.
Жақсы қоныс жер жүзінен табамын деп,
Қыдырған жаһан кезіп аманында.

Жан білмеген Өтегеннің ақылын-ай,
Кез болып заманының тақырына-ай.
Ат жалын тартып мініп ер Өтеген,
Өткізді дүниені сапырып-ай.

Өтеген Ақтөбеде жатты дейді,
Ас құйып, түрлі тамақ татты дейді.



Ішіп, жеп болғаннан соң төсек салып,
Ұйықтап бейхабарсыз жатты дейді.

Ел көзі тегіс үйқыға батқан кезде,
Шаршағандар дамылдап жатқан кезде,
Жылқы үркіп, ел ұйықтаған жерге келді,
Тамаша бір іс болды көрер көзге.

50

Жылқылар үркіп келді қасына енді,
Оянып көтерді олар басын енді,
Бір жаман күлімсі иіс пайда болды,
Ағызды қорқып қанды жасын енді.
«Бұл неткен жаман иіс, ой, тоба», – деп,
Шуылдап қалды бәрі сасып енді.
Бұрын мұндан қысылшаң көрмегендер,
Сескеніп олар қалды жасып енді.

60

– Не бәле болды, Өтеген батырым-ай,
Бастан кетті қорыққаннан ақылым-ай.
Қараши жан-жаққа көзің салып,
Бір ажал келді білем, япым-ай!

Өтеген өзі батыр, мерген екен,
Мехнатты осы жерде көрген екен.
– Жолдастар, сабыр қылып, қорықпаңдар,
Бұл жерге бір айдаһар келген екен.

Байқаса, бір айдаһар келген екен,
Келгенін Өтегеннің білген екен.
Зиянсыз айдаһардың келгендігін
Ақылмен ер Өтеген білген екен.

70

– Жолдастар, енді бұдан қорықпаңыздар,
Тәуекел, қып Құдайға тақ тұрындар.



Әгарда зиян қылса, қылар еді,
Бұ да бір мұқтажына келген шығар.

Таң атсын, не де болса көрелік біз,
Мәнісін таң атқан соң білелік біз.
Құтылсақ аман-есен бұл мақұлықтан,
Жол тартып жөнімізге жүрелік біз.
Бұл жерге бұл айдаһар бекер келмес,
Келгенін жәй-мәнісін білелік біз.

80

Әгарда қастық қылса, аямайды,
Сендердің ажарыңа қарамайды.
Күтелік сабырлықпен істің артын,
Бозарып қорқу ерлерге жарамайды.

Әгарда қастық қылса көрген заман,
Ешқандай біздерге бермес аман.
Ендігі бізді қоймай жұтар еді,
Мұнымен құресуге келмес шамаң.

90

Өтеген ақыл айтып, тоқтау салды,
Сонда да аз тоқталып қайғыланды.
Ішінен қатты қорқып жолдастары,
Зар жылап, тұніменен күйіп-жанды.

Қорқысып бейшаралар жатты сонда,
Таң бозарып біразда атты сонда.
Қараса, бір айдаһар қоршап алған,
Жолдасты қатты қорқып, састы сонда.

Жолдастары буыны құрып тұра алмады,
Бейшаралар не қыларын біле алмады.
Қараса, айдаһардың түсі сұық,
Жанына ешкім батып келе алмады.



100 Қан сиіп, жылқылар тұр жерді тарпып,
Жолдастары жылайды қайғы тартып.
«Батыр, енді күніміз не болды» деп,
Көзінен қанды жасын сорғалатып.

Атына ер Өтеген мінеді енді,
Үстіне қару-жарақ киеді енді.
Сабыр деп, жолдасына тоқтау айтып,
Аяңдап айдаңарға келеді енді.

110 Жақындалап айдаңарға келді дейді,
Көрдің бе Өтегендей ерді дейді.
Бүктеліп, есіліп, жұз бұралып,
Жарқырап екі көзі жатыр дейді.

Бозшұбар айдаңардың түрі дейді,
Ала теңбіл үстінде тұғі дейді.
Дуалдай Өтегенді қоршап алған,
Тыныш жатыр, шықпайды үні дейді.

Өтеген айдаңарға мынадай жауап айтады:

– Ей, мақұлық, сен бізді алдың қоршап,
Біз келдік алыс жерден арып, шаршап.
Қыдырған жаһан кезіп біз жолаушы,
Таба алмай жайлы қоныс журмін аңсан.

120 Қоршап бізді ортаңа алғаныңыз,
Қорқытып қайғы басқа салғаныңыз.
Қоршадың не себептен біздерді енді,
Бар болса, білдіріңіз, арманыңыз.

Бір жүрген жаһан кезіп мен бір сері,
Жүреді мұндан жерге ердің ери.



Мекен қып, айдалада кезіп жүрген,
Жаратқан бір Алланың сен бір шері.

130

Қара қазан, сары бала қамы үшін,
Мен келдім жаһан кезіп соның үшін.
Халқыма жайлыш жерден қоныс табу –
Қыдырып жүрген менің бұл жұмысым.

Жол ашып, бізге рұқсат бергін енді,
Жылаған көздің жасын көргін енді.
Сен де шері болғанда, мен де шері,
Қамалтпай жолаушыны жүргіз енді.

140

Айтқанын Өтегеннің білген енді,
Жақынданап Өтегенге келген енді.
Жиырылып сол уақытта тыржың етіп,
Бір-екі саржандай жол берген енді.
Қуанып жол берген соң бейшаралар,
Босанып қамауынан жүрген енді.

Босанып айдаңардан жүріп кетті,
Көңілінен зор қорқыныш әрең кетті.
Қысылып қалған екен бейшаралар,
Қатты жүріп бірқатар жерге кетті.

Жолаушы жүре берді елбелендең,
Құдайдың салғанына бір көнем деп.
Бес-алты шақырым жер барғанда,
Айдаңар ұшып түсті алдына кеп.

150

Айдаңар көлденендең қалды жатып,
Қойды ғой жолаушыны таңырқатып.
Құтылдық қой деген кезде бір бәледен,
Көңілді тағы қойды жабырқатып.



Өтеген батыр сонда сөйлейді кеп:
 – Не себептен жолды бізге бермедің? – деп.
 Айтшы маған көнілде арманыңды,
 Осынша қыр сонымнан қалмадың көп.

160

Айдаһар сол уақытта ысқырды енді,
 Жер сабап, құйрығымен ышқынды енді.
 Жер-жаһанды тарылтып қаһар шашты,
 Бұларға мұндай істі түс қылды енді.

Қан сиіп сонда аттары жата қалды,
 Өтеген де қаймықпай жүзі жанды.
 Қара қазан, сар баланың қамы үшін,
 Өтеген бір басына шатақ алды.

Көзі түр айдаһардың оттай жанып,
 Сөз айтарға тілі жоқ, іші жанып.
 Айдаһар жолға түсті ажағайлап,
 Артынан ерді Өтеген ойлап барып.

170

Айдаһар жүріп берді тауға қарап,
 Жарқырап екі көзі түйіп қабақ.
 Бес кісімен ер Өтеген келе жатыр,
 Ойлайды «бұл қалай?» деп тамашалап.

Айдаһар келді таудың етегіне,
 Өтеген қалмай жүрді жетегіне.
 Бес кісімен Өтегенді ертіп алып,
 Өзінің келіп жетті мекеніне.

180

Таудан шығып, екі айыр су ағып жатқан,
 Мекені айдаһардың батыс жақтан.
 Өзінше қазынасы болса керек,
 Отан ғып бұрыннан да бағып жатқан.



Өтеген таң қалады ерің енді,
Үнгірді тамашалы көріп енді.
Жер екен шаңлақтанған, ойнағы бар,
Бұрын мұндаі нәрсені көрмеп еді.

Айдаһар үнгірге кеп, тұра қалды,
Мойынын Өтегенге бұра қалды.
Өтеген ишарат қып, тартынба деп,
Көңіліне айдаһардың қуаныш салды.

190

Айдаһар үнгіріне кетті кіріп,
Өтеген қарап тұрды келген еріп.
Біраздан соң әлгі айдаһар шыға келді,
Шайнатып үсті-басын қан-қан қылып.

– Тартынба, тағы қайта кіргін, – деді,
Алланың не салғанын көргін, – деді.
Алысқан сен жауынды алып шыққын,
Сонан соң ерлігімді көргін, – деді.

200

Қайтадан таудың асты дүрсілдеді,
Өтеген не болды деп, күрсінді енді.
Өтеген онтайланып, күтіп тұрды,
Намысты қолдан бекер берсін бе енді.

Бір уақытта екі айдаһар шыға келді,
Шыққанын ер Өтеген көзі көрді.
Тіресіп, бірін-бірі тістелесіп,
Белдесіп қатарынан тіке тұрды.

Қып-қызыл, жылтыр шұбар бір айдаһар,
Аузынан отты жалын шашқан заһар.
Мекенін айдаһардың тартып алып,
Жатқан екен ие боп, пейілі тар.



210 Бір кездей басы анадан озып тұрды,
 Батырдың ашуы кеп қозып тұрды.
 Қараса, жас айдаһар қүші басым,
 Көріні көп алышып зорықтырды.

Мылтығын ер Өтеген қолына алыш,
 Бұрыннан қойған еді оғын салыш.
 Атуға айдаһарды ыңғайланып,
 Мылтығын тұра қалды бетіне алыш.

220 Сол жерде айдаһарды атып салды,
 Оқ тиіп қақ мандайдан жатып қалды.
 Соғысын екеуініңкөрген адам,
 Таң қалып қызығына батып қалды.

Айдаһар шалқасынан жығылды енді,
 Белінің ортасынан сындырды енді.
 Қимылдаған жерінің берін шайнап,
 Көңілін кәрі айдаһар тындырды енді.

Ерлігін ер Өтеген білгізеді,
 Қош қылышп жолдастарын күлгізеді.
 Айдаһар суға аунап тазаланып,
 Қайтадан төмен қарай жүргізеді.

230 Жолымен қайта жүрді төмен қарай,
 Айдаһар бастап келе жатыр қалмай.
 Кейінгі жолдасына алыш келді,
 Айдаһар тағы жүрді тыным алмай.

Артынан кешке шейін ерген енді.
 Ақылға ер Өтеген зерігер енді,
 Ілесіп айдаһармен келе жатып,
 Бір үлкен ну тоғайды көрген енді.



240

Айдаһар сол тоғайға кіріп кетті,
Артына қарамастан жүріп кетті.
Жолдасын ертіп келген адастырып,
Бұларды таң-тамаша қылып кетті.

Сонда Өтеген батыр «Бұл қалай?» деп, қайран қалды да, «Бұл мына жерге тегін алып келген жоқ қой, бір ажайып нәрсе барғой» деп, жан-жағына көзін салып қарайды. Сонда қараса, бір жалғыз ақ үй көреді.

250

Ер Өтеген ал сонда,
Атының басын бұрады,
Әңгіме-дүкен құрады,
«Бұл тоғайда не бар?» деп,
Олай-бұлай қарады.
Қарап тұрса, тоғайдан
Бір үлкен ақ үй көрінді,
«Айдалада отырган,
Үй еken, – деп, – не қылған?»
Үйге таман барады.
Үй артына жетіп кеп,
«Сөйлес» деп сырттан сұрады.
Сол уақытта бір адам
Үйден жауап қылады.

Үйдегі адам мынадай жауап береді:

260

– Ер Өтеген, сенбісің?
Қосың тартып жүріпсің,
Бейуақытта келіпсің.
Осынша жерге келгенде,
Қасындағы жолдасың
Тұра тұрсын далада.
Өзің аттан түсіп кеп,
Жайынды айтқын, жан балам.



Сонда Өтеген батырың
Аттан түсіп келеді.
Әдеппен жүріп ақырын,
Үйге кеп, сәлем береді.
Жол болсын айтып, танысып,
Жәй-мәнісін біледі.

Осы үйде қожа отыр екен. Жәй-мәнісін сұрасқанда Қайыперен
қырық шілтеннің қосы болып табылады.

- | | |
|-----|--|
| 270 | Сонда Өтеген сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
– Мен ғаріп айтқан сөзіме,
Қожам, құлақ сал, – дейді.
Арып келген жолаушы,
Назарыңа ал, – дейді.
Өтеген деген мен едім,
Жаһан кезген сері едім.
Қатын-бала қамы үшін
Қоныс іздел кеп едім! |
| 280 | Мекен қылып отырған,
Жетісу деген жер еді.
Үш Алматы кер еді,
Көшіп-қонып жүретін
Қазақ деген ел еді.
Көнелердің айтуы,
Осы Жетісүымды
Орыс алар деп еді.
Орыс алса жерінді,
Қор боларсың деп еді. |
| 290 | Сол себептен бұл жерге,
Өтегендей ғарібің
Қоныс іздел кеп еді.
Жақсы қоныс бар болса,
Айтып бер, қожам, сен, – дейді. |



Сонда қожсаның жауабы:

— Ей, Өтеген батыр-ау,
Ел тілінді алмайды-ау.
Айтқаныңа бағынып,
Назар соған салмайды-ау.
Әуре бопсын ел үшін,
300 Еңбегің сенің жанбайды-ау.
Шөлдегенсің ел үшін,
Сусының сенің қанбайды-ау.
Қамы үшін еліңнің,
Құрбан қыпсын жанынды.

Өтеген ер сен едің,
Қоныс іздең кеп едің.
Қамы үшін еліңнің,
Еңіреп туған ер едің.
Іздең кепсің алыстан,
310 Елің үшін батырым,
Елдің сиқы алты ауыз,
Болмады-ау сенің көмегің.
Елің үшін туыпсың,
Жүрттың үшін күйіпсің.
Әуреге сап басынды,
Тие ме деп жүрттыңа,
Тіршілікте себебің.

Ер Өтеген батырым,
Қырық шілтен біз қосын,
Бағып енді жатырмын.
Ел күзетіп олар жүр,
Дүнияны аралап,
Елдің біліп мәнісін,
Соныменен елсізде
Мекен қылып отырмын.



330

Ер Өтеген батырым,
 Ауыр бейнет көріпсің.
 Барса келмес жолына
 Құдай айдал түсіпсің.
 Қауіп-қатер жолында
 Толып жатыр, көрерсің.
 Зияндасты көргенде,
 Сонда, батыр, сезерсің.

Сонда Өтегеннің жауабы:

– Ешкім бұрып жөндемес,
 Тағдырдың салған қармағын.
 Не де болса қайтпаймын.
 Көңілімде көп алғаным.
 Еліме қоныс таппасам,
 Ишімде кетер арманым.

340

Өтеген едім елімде,
 Тұғаннан-ақ жағымды.
 Дұшпан мені сындырып
 Көрген емес сағымды.
 Жаһан кездім ел үшін,
 Қонысқа жайлы жер үшін,
 Осынша жерге келгенде,
 Бір сынайын бағымды.
 Отыр едім дос қылып,
 Көңілімді әбден қош қылып.

350

Көрсетер Құдірет жәрдемді,
 Бір басыңа жау көп деп
 Қашырма, қожам, қанымды.



Қожадан жауап:

- Ей, Өтеген, құлақ сал,
Бір ақыл саған айтайын.
Сол ақылды ұғып ал,
Асылыңды байқайын.
Дегеніңе жеткізсін,
Орындалып талабың.
Алғыр бүркіт секілді,
Көрінеді қабағың.
Тұнде барма үйіне,
Күндіз барғын, шырағым.
Айтқанымды ұғып ал,
Сенімді екен құлағың.
Әр іске қашау сабыр ет,
Ақылменен жалғанның
Жандырарсың шырағын.
Осы сапар көрерсің
Бұл жалғанның қыспағын.
Ашың қелсе әгарда,
Арашалап сол қолың,
Оң қолыңды ұстасын.
- 360
- 370
- 380
- Қош айтысып қожадан,
Өтеген батыр кетеді.
Сәскелікке озып жүретін,
Өтегеннің әдеті.
Жолаушылар жол жүріп,
Мерзімді жерге жетеді.
Бірқатар күн жол жүріп,
Аз ғана емес, мол жүріп,
Шықты қоңыр беліне.
Адам жақын жүрмейді,
Өтегеннің шеніне.



Мақсұты оның көңілінде,
Қоныс тауып бермекке,
Іздел жүріп еліне.

390

Аз дамылдап бұл жерде,
Тағы да атқа мінеді.
Қосын тартып ілгері,
Тәуекелмен жүреді.
Кент аралдың жолына,
Олжаның кіріп молына
Өтеген батыр түседі,
Кент аралды аралап,
Онан дағы өтеді.
Тас аралға тағы кеп,
Оған дағы тоқтамай,
Құм аралға жетеді,
Құм аралды аралап,
Байқап барып шамалап,
Кендірлінің тұмсығын,
Басып өтіп Өтеген,
Қасқа жолға жетеді.
Қасқадан да асады,
Бірқазан таудан аяңдал,
Жолын келіп басады.
Батыр туған Өтеген
Көңілі судай тасады.
Бірқазан құсты атып ап,
Қызыққа әбден батып ап,
Көз ұшында көрінген,
Бір үлкен ну тоғайға
Соған қадам басады.
Тоғайға кіріп тынығып,
Біраз сонда жатады.

400

410



Осы жолда Өтеген бейнетті көп көреді. Бір қалың тоғайдың ішінде айдаһарды өлтірмек болып жатқан әбжыланды өлтіреді. Сол тоғайға түнегендे өлімнен құтқарған айдаһар бұларды түнімен қорғап, қүзетіп шығады. Таңертең айдаһардың тұрган жерінен әдейі сыйлыққа тығып кеткен кесек алтынын тауып алады.

Өтеген одан ай жүріп, тағы бір қалың шенгелді жерге келеді. Тар жер деп ұнатпайды. Мұнда бір же зтырнаққа кездесіп, айласын тауып, оны да өлтіреді. Бірақ тұрақтап, демалып жата алмайды.

Одан шығып Өтеген,
Қосын тартып жөнеді.
Тәуекел деп Құдайға,
Жолға түсіп келеді.
Неше тұрлі көрмеген,
Жерін олар көреді.
Қырық күншілік бір көлге,
Соған жетіп келеді.
Көлден жолды таба алмай,
Жағалай өрге жүреді.
Көлдің басын айналып,
Неше күндер болғанда,
Суы жоқ шөлге келеді.
Ебін тауып Өтеген,
Қырық бес күндер болғанда,
Шөлден әрең өтеді.
Шөлден шығып өткен соң,
Қалың қара шенгелді,
Аспанменен сөйлескен,
Тоғайға келіп жетеді.
Сол шенгелдің қасында,
Біраз күндер тынығып,
Өтеген батыр жатады.

420

430



- 440
- Өтеген сонда сөйлейді,
Сөйлегендे бүй дейді:
– Қалың қара шенгелдің
Ар жағында көрмеген,
Бір жақсы жер бар, – дейді.
Сол жерге енді баруға,
Соған қайрат сал, – дейді.
Енді қарап тұрмайық,
Бұл шенгелді қырқалық.
Көңілімізді алаң қып,
Басқа жаққа бұрмалық.
- 450
- Қазірден бастап қиялық,
Күшімізді жиялық.
Аман болсақ, жігіттер,
Қырқып шығып шенгелді,
Абұйырды алайық.

Сонымен қырық күн болғанда қырқып шығып, ар жағында Жиделі Байсын деген жерге барады. Бір жылдай аралап, тегіс көріп қонысқа жаратып қайтады.

- 460
- Шенгелді қырқып, жол салып,
Өтіп шықты Өтеген,
Жиделі Байсын жеріне.
Кім шыдаған ол күнде,
Өтегендей еріңе.
Құлақ құршың қанбайды,
Батырдың көрген кебіне.

Айтарлықтай не деген,
Жиделі Байсын жер екен.
Өз әлінше Өтеген
Көзі ашық туған ер екен.
Заманында ер туған,



470

Жүректі туған шер еken.
 Жиделі Байсын жерініz,
 Ағашы қалың жер еken.
 Жиде менен пістесі,
 Жемісі оның көп еken.
 Үылжып піскен жемістен,
 Дәмін татып жесеңіz,
 Алуан шекер, бал еken.
 Неше түрлі көрмеген
 Айуанат, құстар көп еken.

480

Топ-топ болып киіктер
 Отан қылған жер еken.
 Ылақтай боп қояны
 Қарақұрт, шаян мысықтай
 Тел боп өскен жер еken.
 Жылқыдай боп құланы,
 Екі есе боп бұланы.
 Домбай деген тағы аң бар,
 Тамаша үлкен құлағы.
 Қарасаға деген біr киіk,
 Пілдей болып тұрады.
 Жайылған жылқы секілді,
 Аңдарының көптігі,
 Салбыраған бұғағы.
 Жер шырайын қарасан,
 Түгімен біткен шөптері.
 Жүпардай аңқып иісі,
 Иштен шығар дерттері.

490

Таусылмайды ол жердің,
 Айта берсек кептері.
 Неше аралға бөлініp,
 Жалпақ болып кеткені.



- 500 Жаңа дүние тапқандай,
 Өтегендей батырың
 Іштен шері кетеді енді.
 «Алып келіп елімді,
 Қондырсам, – деп, – бұл жерге»,
 Өтеген сонда серт берді.
- 510 «Дариядан су алыш,
 Көшіп келсе елімнің,
 Жарасар еді қонысы.
 Шаруасы көбейіп,
 Өрлер еді табысы».
 Екпей шыққан ол жерге,
 Жабайылап шыққан арпасы.
 Сол арпаны көргенде,
 Өтегендей батырың,
 Іштен шықты-ау қапасы.
 «Әттен, сені, елім-ай,
 Көшіп мұнда келмейді-ау,
 Кәдірімді білмейді-ау,
 Айтқаныма көнбейді-ау.
 Осы жердің кәдірін,
 Біздің қазақ білмейді-ау.
 Ақыл айтқан кісінің,
 Тілін ешкім алмайды-ау.
 Жол бастаған өрлердің
 Соңынан елім ермейді-ау.
 Ел тілімді алмаса,
 Бұл жерге көшіп келмесе,
 Кәйтіп жүрем денім сау.
 Алып келсем елімді,
 Жиделі Байсын жеріне,
 Қалмас еді арман-ау», –

деп, Өтеген батыр жұрттың қайғысын жеп, бір жылдай жа-
тып, андарын атып, қызыққа батып, бұдан оңаша жер таба ал-
май, қайта тартады. Содан неше айлар жол жүріп, еліне келеді.

Өтеген аман-есен келді дейді,
Аралап талай жерді көрді дейді.
Жер қарап, он жеті жыл өмір сүріп,
Ел-жұрттың аман-есен көрді дейді.

Ешкімге бұрылмастан жүріп кепті,
Ауыр бейнет, азапты көріп кепті.
Сағынып қатыны мен балаларын,
Үйіне күндіз келмей, түнде кепті.

540 Ұйқыға елдің көзі кеткен еken,
Малдары бырт күйіске кірген еken.
Кетерінде батырдың бір жас күшік,
Қартайып төбет болып жеткен еken.

Сағынып сар далада қанғып жүріп,
Үйіне батыр енді келді кіріп.
Ақырын төсегіне көзін салса,
Жанында бәйбішенің жатыр жігіт.

550 Жатқанын бір жігітті көзі көрген,
Сазандай аппақ жігіт түрі келген.
«Мені тоспай бұл байға тиіпті», – деп,
Батырдың көңіліне ашу кірген.

Сапысын жанындағы суырып алып,
Ойланды кесуге енді оңтайланып.
Сапысын шабайын деп көтергенде,
Сабыр қып, біраз тұрды ой ойланып.



Қожа айтқаны есіне түсे қалды,
Сол қолы оң қолын кеп ұстай алды.
«Өттегене, үйіме күндіз келмей»,
Деді дағы, батырың теріс айналды.

- 560 Есікке кейін қарап қайта айналды,
 Оянып бәйбіше де сезіп қалды.
 «Бұл үйге ешкім батып кірмеуші еді,
 Батырым келген екен» деп ойланды.

«Мені сынап батыр үйге кірген екен,
Тарпаңды жанымдағы көрген екен.
Шамасы мені байға тиді ғой деп,
Өкпелеп кейін қарай жүрген екен».

- 570 Деді дағы бәйбіше түрегелді.
 Артынан Өтегеннің жүре берді.
 Дағаға бәйбішесі шыға келсе,
 Батырды келіп тұрған көзі көрді.

Батырмен амандасып көріседі,
Қал-жайын бір-бірінің біліседі.
От жағып үйдің ішін жарық қылыш,
Батырды үйге алыш келіседі.

– Батыр-ай, көніліңе бір іс келді-ay,
Сол ісің ақылыңа теріс келді-ay.
Шамасы мені байға тиді деген,
Көніліңе осындаі бір жұмыс келді-ay.

- 580 Жерік боп сен кеткенде қалмап па едім,
 Уәде аузымнан алмап па едің,
 Дүниеде, ақиретте сендікпін деп,
 Ант беріп, жылап-еңіреп зарлап па едім.



Сондағы ішімдегі туған бала,
Сақтаған жәрдем болып Құдай пана.
Тұған соң оның атын Тарпаң қойдым,
Ер жетіп, жігіт болды, міне қара.

590

Мінеки, он жетіге жасы толды,
Айырды жақсы-жаман, оң мен солды.
Қайғымды қанша көрген ұмыт етіп,
Көрген соң аман-есен көңілім толды.

Есітіп батырдың да көңілі тынды,
Баласын жанына алып, бетін сүйді.
Жол бейнетін болды батыр ұмытқандай,
Көрген соң баласын да Тарпаң сынды.

Таң атып ертеңінде жұрты келді,
Келгенін Өтегеннің бәрі білді.
Көріспін аман-есен халқыменен,
Құдайға қылды Өтеген шукір енді.

600

Жұртымен амандасты қойдай шулап,
Өтеген демін алды аунап-қунап.
Той қылды ат шаптырып Өтегенге,
Құлпырды Өтеген де қудай жайнап.

Айтады көрген менен білгендерін,
Аралап жаһан кезіп көрген жерін.
Қаншама қауіп-қатер бәрін көріп,
Еліне қоныс тауып келген жерін.

610

Айтады түк қалдырмай бастан-аяқ:
– Ел үшін жапан түзді кездім саяқ.
Ел үшін ауыр бейнет қатты көріп,
Жалғаның қыспағынан жедім таяқ.



Мен келдім сіздерге ел қоныс тауып,
Көп көрдім жүрген жерден қатер-қауіп.
Жиделі Байсын деген жақсы жерге,
Көшелік, тіл алсандар, жерден ауып.

Оңаша, Жиделі Байсын жақсы қоныс,
Қазаққа қысылғанда болар тыныс.
Егерде айтқаным аңбасеңдер,
Бұл жерді ақырында алар орыс.

Бір жұрт бар орыс деген көздері көк,
620 Бір жерде бекер қарап тұрмайды тек.
Келеді осы күнде жерді қаптап,
Өзінің қайрат күші, айласы көп.

Сол келіп бар шұрайлы жерінді алар,
Қаратып тегісімен елінді алар.
Көнбесең басың түгіл, тілің кесіп,
Аузында сөйлеп тұрған сөзінді алар.

Жайылған өрістегі малынды алар,
630 Басың байлап аяғыңа тұсау салар.
Әгарда оныменен қарсы келсен,
Бір шыбындей тәніндегі жанынды алар.

Сонан кейін Өтеген батыр көрген-білгенін айтып, жұртымен
тегіс ақылдасады. Жұрты бұған: – Баруға болады еken, оған қа-
лай қылып жетеміз? – дейді. Сонда Өтеген айтады: – Оған бір
жылда жетеді, биеге айғыр салмай тузыратып семіз қыл, қойға
қошқар салма, сиырға бұқа салма, түйеге бура салма. Тура бір
жылда жетеміз. Қырық күн шөлі бар, одан қысты қүні өтеміз.
Қалың қара шенгелді қырық күнде қылып өтеміз. Сонан соң же-
теміз. Жері кең, бір айырығына бес мың үй сыйды. Айырығы
көп, сол жерде емін-еркін жатамыз. Мен ел үшін он жеті жыл

жер қарадым, сол көрген бейнетімнің арқасында осыны таптым.
Ақылдасып, тілді алышдар, – дейді Өтеген.

Содан жұрт олай-бұлай ақылдасып, Өтегеннен: – Қандай малға жайлы екен? – деп сұрайды. Сонда Өтеген: – Малдың бәріне жақсы, бірақ жылқыға жайы жоғырақ, – дейді. Сонда Ерсары, Байсары деген кісі: – Ой, олай болса, жылқы адамның қанаты, сүті – қымыз, еті – бал, жылқыдан айырылып, адамның күн көруі кем болады, оған бара алмайды екенбіз, – деп, жұртқа ала-лық сап, бұзған дейді.

Ақырында жұрт Өтегеннің тілін алмасқа шығады. Сонда Өтеген елден құдер үзеді. Өтеген батыр бармағын тістеп, «Әй, әттегене-ай, жылқыға да жақсы деп айтпағаным-ай», деп, өкініп қалады. «Қайыр, жұртым, менен кінә жоқ, кейінгі қара қазан, сары баланың обалы Ерсары мен Байсарыға болсын» деп, Өтеген батыр Құдайға зарланып, жерімен амандастып, Түркістанға кетеді.

– Жеті қыс, бес жыл дегенде,
Осы сенің жеріне,
Орыс келер деп еді.
Орыс келсе бұл жерге,
Ерік кетер деп еді.
Билік кетіп басынан,
Береке кетіп асынан.
Дұшпан шығып қасынан,
Сенімдік кетер деп еді.
Орыс келсе бұл жерге,
Тұймелі шекпен кидірер,
Түрегелтіп сидірер,
Аралда жатқан қамалып,
Қазақтың қара халығын
Бытыратып бұлдірер.

640

Орыс келсе бұл жерге,
Малға жүқпас деп еді



650 Қаратаудың шалғыны.
Сары алтындаі сөзімнің
Келеді енді балғыны.
Елден шығып залымдар,
Тазыдай-ақ мойнына
Салып алар қарғыны.

660 Орыс келсе еліңе,
Би, болыс шығып сол кезде,
Өтірікті шын ғып жандырған.
Сөйлеп кетсе би, болыс,
Есінді алып тандырған.
Ау, елім, елім, елім-ау!
Айтсам, тілімді алмадың,
Дегеніме болмадың.
Аралда қалдың қамалып,
Көрерсің енді залалын.
Салдатқа беріп балаңды,
Міндеткөр болдың, білдің бе?
Бәлеге басың ілдің бе?
Әжібектің жайлауы,
Балды берік бас еді!
Өркештенген тас еді,
670 Қымызы бар арақтай,
Ішкен кісі мас еді.
Орыс келіп алады-ау,
Билік бастан қалады-ау,
Қайран жерім, қош енді.

680 Ой, Қарағаш, Тәшкен-ай,
Елдер үшін жаралған.
Ортасында бұлардың
Келес деген су ағып.
Талай адам егін сап,
Сол дариядан таралған.



Әулиеата жерім-ай,
Әулиенің бірі едің.
Бектау ата, Бек әлім,
Үіқыласпен барған кісіге,
Көрінеу шығып сөйлескен.
Әулиелі кен әжім
Одан бері келейін.
Аспара мен Меркім-ай,
Жатушы едім еркін-ай.

690

Аспара басы аршалы,
Елім тілім алмады,
Айта-айта шаршадым.

Судың басы Арша тау,
Шүкіршілік, денім сау.
Қырғыз, қазақ елдерім,
Кейде тату, кейде жау.
Бір жағым қырғыз болғанда,
Бір жағым қазақ сен едің.

700

Судың екі жағынан
Аппақ үйді тіккенде,
Жарасушы еді сәндерің.

Орыс алар бөлектеп,
Ағып жатқан сұынды,
Құлатады туынды,
Шығарар бастан буынды.
Берекесін кетірер,
Тогай болған нұынды.
Елім, тілім алмадың,
Айтқаныма болмадың.

710

Ата безер күн болар,
Ене безер күн болар.



716

Білімсіз келіп сөйлесе,
Үн шықпайтын күн болар.
Атанаң тілін ұл алмас,
Ананаң тілін қыз алмас,
Осындай заман кез болар, –

деп, зарлап, өзі Түркістанға қаңғып кетіп, жылап жүріп қаза
тапқан екен.



СҰРАНШЫ БАТЫР

I

Ақ домбыра қолға алыш,
Ай мен апта толғанып,
Жылға құйған теңіздей,
Жырдың селі қорланып,
Ақ семсердей жалтылда,
Шағылысқан күн шалып,
Құрағындай айдынның,
Жел шайқаған ырғалып.

10 Терең теңіз тынбасын
Тұнбада жатқан нұр тасы.
Таратқан Жамбыл жырды алып,
Жиырмада жылға – жыр болып
Аударған желмен сең болып,
Кесегімен қопарып,
Таусылмастай кен болып,
Үздіксіз болған он күн той.
Тындағанда ел болып,
Ақ бидай терген тауықтай
Елге жырым жем болып.

20 Алатаудың аясы,
Балауса шырғай саясы
Жырыммен шыны жаңғырып,
Ақын Жамбыл мен болып,
Өскен ем өрем кең болып.
Өзен деген ат болмас,
Ат жалдарлық су ақпай,
Фалым деген ат болмас,
Айтқаны тұрмай шырақтай,
Әнші деген ат болмас,



- 30 Өуезі көңіл жұбатпай.
 Ақын деген ат болмас,
 Қандырмай мейір суаттай.
 Жыры болмай бұлақтай,
 Тұнығы болмай сынаптай,
 Алатаудан арылдап,
 Асқан судай құлатпай.
 Қыбыршыған көңілдің,
 Қытығын таппай сұратпай.
 Досың болса күлдіріп,
 Сүйсіндіріп шуақтай.
 Жауың болса бүлдіріп,
 Домбыраң берен, жырың оқ
 Дәл тигізіп сұлатпай.
 Қан қақсатып жылатпай,
 Домбырасы шіңкілдеп,
 Жағына сөйлеп күлкілдеп,
 Айтқан өлең өлең бе,
 Бақылдаған лақтай?!
 Ақындардың ақыны,
 50 Айдын көлдей ақылы,
 Жыр тұлпары Сүйінбай,
 Осылай айтқан уағызы –
 Қалғанда жырды ұнатпай.
- Ескіден есте қалғаннан,
 Жасымда айтқан жырлардан,
 Ескерткіш еді батырға
 Киядан шауып қырды алған.
 Қыынға шауып жол салған,
 Бөрі басқан бүркіттей
 60 Қансыратып жауды алған,
 Батырдың жыры сүйікті,
 Қатықтай ұйып тыңдалған.



Жамбыл – Жамбыл болғанда,
Жыр дауылы қозғанда,
Қыргыз, қазақ еліне
Талай рет жырланған.

70

Бата берген Сүйінбай,
Жырдың тіккен туындарай,
Айтқанда маған ақылды –
Жырла – деген батырды.
Есімде мәңгі сол қалған,
Бойға қуат болғанда,
Жиырма бестің жалыны.
Тебінсе темір үзгендей,
Толықсанда қаруы.
Сия сауыт, қаламсыз,
Дәптер, кітап, қағазсыз
Ой қозғаған домбыра,
Сөз қозғаған домбыра,
Болған кезде Жамбылдың
Домбырамен жазуы.
Жырланып еді осы жыр.

80

90

Жырламайын десем де,
Ел тілегі қоймады:
Таудан құлап тарғыл тас,
Тарығып шығып көзден жас,
Қыспақ заман кездесіп,
Қайғы басып қарындас,
Тарыққанда сүйенер,
Ел батырын ойлады.
Ойламасқа болмады.
Қабағы түсіп қамығып,
Батыр ұлын сағынып,
Ескіні еске түсіріп,
Жырым еді сондағы.



100

Қарасаң, балам, жоғары
 Көтеріліп қабағың.
 Мұз-дулыға, қар сауыт,
 Алатаудың алабын.
 Желкілдеген қарағай,
 Кек майсалы тамағын.
 Жұпар иіс, боз жусан,
 Бетеге басқан балағын.
 Нұрмен танды қаптады
 Сталиндік заманы.

110

Ескі күйді сонау бір,
 Шығарып естен барамын.
 Алатаудың аты көп
 Созыла жатқан қарлы жал,
 Теріскейі – Ұлы жұз,
 Күнгейінде қырғыз бар,
 Толып жатқан шоқысы.
 Шоқысының аты бар:
 Қозыбас, Қордай жаясы.
 Сонан өрлең тартылар, –
 Суықтөбе, Дегерез,
 Ұзынағаш, Қектөбе,
 Қарғалының биігі,
 Шұбараттың өрі бар.

120

Қасқасу мен Үшқоңыр,
 Қызыл күнгей белі бар.
 Қарағайлы, Құрттыбас,
 Талғардай биік шоқы бар.
 Есікті, Тұрген, Ақшелек,
 Қарқара бар, Асы бар,
Шындардың шыңы Хантәнірі,
 Таудың биік басы бар.
 Жетісудың желіні,
 Деген тауым осылар.



130 Қоршаланса ақ бұлт,
Ойында жаңбыр, өрде қар.
Ойпатында кек шалғын,
Ұшарында мұзды ызғар.
Бейне өмірдің бейнесі –
Бүгін шаттық, кеше зар.

Жайлағалы мұны адам,
Санап бітпес не заман...
Неше халық, неше хан,
Тапты қырғын талай жан.

140 Толып жатқан оқиға,
Соның бірі айтылар.
Заман-заман дегенде,
Заманға қожа адам ғой!
Наразы болсаң заманға,
Бар кінәні соған қой...
Жырға желі сол заман
Елдің күні қараң ғой.
Қақпалап елді хан мінген,
Қайғы басқан заман ғой.

150 Зар-заман деп ат қойған
Зарланып халық сонан ғой.

Зарлануы халықтың,
Шектен асып ушықты,
Айдаһар жұтып аюды,
Шоңбас жеді шымшықты.
Лек-лек солдат айдатып,
Мойнына шекпен байлатып,
Оралдан өрлең Алтайға,
Алуға патша ынтықты.

160 Садақ тартқан қазаққа,
Тұтіндettі мылтықты,



Ертісті өтіп оралтып,
Жетісуға қол сұқты.

170

Бұрынғы қожа Құдияр,
Қазанатын мінісіп,
Қомпаң-қомпаң желісіп,
Жағасыз көйлек киісіп,
Кек шай салып су ішіп,
Перен мылтық арттырып,
Мыстан керней тарттырып,
Соғыспақ боп патшамен,
Аягезден тосып бір шықты,
Қарсы атылған зеңбірек,
Қолдан туын жүлдышып,
Құрган сабын бұлдіріп,
Қайта қашып бүрлікті.

180

Жай қашпады Құдияр
Жолындағы ел тұншықты.
Жабық тіліп, үйді өртеп,
Айғыр атты жетектеп,
Қатын-бала шырылдап,
Хан жолынан су шықты.
Бірнеше күн өткенде,
Қалпаков пен Черняев
Жетісуға жеткенде,
Құдияр хан қағынды,
Тағы қанды сағынды.
«Алатын орыс, қазақсын,
Аламын деді бәрінді!»
190 Қырғыздан Орман бірігіп,
Қордайдан асқан көп әскер,
Теріскейге ағылды,
Тілеуқабыл – Қасқарая,



- Сарыкемерде шабылды.
 Шапқыншының аттары,
 Саурынынан аққан тер,
 Пүшпағынан сабылды.
 Бейқам жатқан қалың ел,
 Қарсы тұрмай жалынды.
- 200 «Жаудан күту жақсылық –
 Зарыққанның салдары.
 Байдан күту жақсылық, –
 Тарыққанның салдары» –
 Шын болмаса не қылды,
 Жасығанша жауына
 Бер де құтыл жанынды.
 Құдиярдың Құсбегі,
 Жалынған сайын тарылды.
 Бөксерде жатқан көп Дулат,
 Бұлінді де жарылды.
- 210 Есенгіреп ер кетті,
 Кемпір, шалды еңіретті.
 Керегі талап алынды,
- Дулатта батыр Сыпатай
 Жаудан қорқып сенделіп,
 Сарбұлақтың басына,
 Аңырақайдың тасына,
 Тұнде барып тығылды.
 Батыр тұлға бола алмай,
 Елдің түгі жығылды.
- 220 Үш бөлінді көп Дулат:
 Бір бөлегі бері өтпей,
 Тауда қалды қамалып.
 Қалың жаудан жасқанып,
 Айсаның қырын өрледі.
 Бір бөлегі қаймығып,



230

Жау қарасын көрмеді.
 Шапырашты Қарасай,
 Жаудан қорқар ер ме еді?
 Қиратып жау жатқанын,
 Дулат жақтан білмеді.
 Тездеп хабар келмеді.
 Бір бөлегі Дулаттың,
 Маямырдың ауылы
 Іледегі тоғайдың,
 Түбекіне тығылды.

240

Қарсы тұрар жігіттер
 Жау қолынан қырылды.
 Жеті жігіт, жеті қыз,
 Жас жандарын қорғаштап,
 Түйелерге мінгесіп,
 Ағын суга бұрылды.
 Су деген де тілсіз жау,
 Бұрқыраған шу асаяу.
 Ақ көбігін атқылап,
 Жын қаққандай жұлышынды.
 Қызды көріп қырық әскер,
 Қылыштарын суырды.
 Алналасып ұмтылып,
 Иектерін жымырды.

250

Жауды көріп өңкей жас,
 Асаяу суга ұрынды.
 Қарғып түскен жеті нар,
 Тұңғиыққа жығылды.

Қызғалдақтай он төрт жан,
 Қалды судың түбінде
 Озбырлықтан асқынған,
 Ел ызасы қайнады,
 Кемпір бүйір таянып,



- 260 Сұнғыла боп сайрады.
Терме болып тізілді
Қайдағы мен жайдагы.
Бізың-шұлы, қым-қуыт,
Шығып-жатты ойраны.
Қабағын түйген қанды жау,
Ұру, шабу, наизалау,
Үйірлеп елді айдады.
Іс шықпасын сезгендей,
Құр жылаудан пайдалы.
- 270 Дымын қоймай жау шапты.
Жанғараш пен Жантайдың,
Шырылдатты сәбійн,
Еңкілдетті көрісін.
Бой жеткен қыз, келіншек
Қатарымен тарттырып,
Күнрентеді тау ішін.
Қоқаннан келген көп әскер,
Жер қайысып сыймады.
Мал мен басты шулатып,
Қойша иіріп жинады.
- 280 Тас қотанның сазына,
Ақ шатыр мен көк шатыр,
Қатарланып тігілді.
Ала тулар жалпылдан,
Ақ семсерлер жарқылдан,
Қомпаң-қомпаң шоқытып,
Тебінгілер сартылдан,
Зерделі шапан бектер де,
Шағылып күнге жалтырап,
Түйеге мінген жас әйел,
Бетін жыртып аңқылдан,
Жас өспірім сұлу қыз,



Жүрөгі ұшып қалшылдац.
 Жалаң қағып жасауыл,
 Мәз-майрам боп қарқылдац.
 Түйеде түрған әйелді,
 «Тұс жылдам» деп алқымдац.
 Шабылған елде дәрмен жоқ,
 Жылай берді солқылдац.

- | | |
|-----|---|
| 300 | Ел тарықса ежелден,
Батыр түсер есіне.
Батыр барған түйінді іс,
Қалғандай еді шешіле...
Жер шұқысты тоналған,
Төмен қарап тесіле.
Жаңа өспірім жас батыр,
Елге салған несібе...
Арыстан жүрек Сұраншы,
Шында жатыр алыста. |
| 310 | Оны шыңға шығарған –
Қонысы жоқ, қол қысқа.
Жаз жайласа Үшқоңыр,
Қыс көшеді Арысқа. |
| 320 | Шапырашты аз ата,
Ұлы жүзде туысқа.
Өз әкесі Қашке еді,
Арғы атасы Қарасай.
Бір жақыны Сауырық,
Жауды көрсө шалады-ай.
Тұқым құған батырлық
Үзілмей аққан сағадай,
Ұлы жүздік қазақтың,
Ық жағында қорадай.
Жел жағына панадай, |



- Сол сияқты батырға,
Алыстан қонақ келгенде,
Қалатын күні көп еді,
Қонақ асын таба алмай.
Жайшылықта ел көшсе,
Батыр ауылы көліксіз,
Дулат, Албан, бай ұлы
Кетер еді қарамай.
Сондықтан батыр шында еді,
Ақ беренмен құс атып,
Қыранға марал ұстасып,
Малы барға жалпақтап,
Жалынды көрші бола алмай,
- Аңсады ел батырды
Жатса дағы алыста.
Жақын болса Сұранышы,
Қызбас па еді дабысқа.
Көп екен деп келген жау,
Көнбес еді намысқа,
Мұндай жаудың талайын
Талай рет жапырған,
Өрт тигендей қамысқа.
Ұрланып келген бұл жауды,
Білмей қалды қапыста.
Дағдарған ел бүрлігіп,
Баратын адам іздейді
Алыста жатқан батырға,
Хабар бере барысқа.
Кәрібоз бен Мәүке қарт,
Атты терге жүздіріп,
Дақ түспеген жотаны,
Қопара шауып із қылып,
Қос атпен шапты батырға.

330

340

350



-
- Тура басып кетуге,
Жаудың қосы жол алды,
360 Илені бойлай төмендеп,
 Қаройменен оралды.
Күн бата шапқан қос аттар,
Тұн тұғелдей өткенде,
Күн төбеге жеткенде,
Ақсөңгірдің тасына,
Аңырақайдың басына,
Өксіп жылап отырып,
Ат шалдырып дем алды.
Алатаудың шоқтығы ,
370 Көлденен тұрған көз алды.
Екі нардың шоқысы
Зеңқиіп көзге түскенде,
Батырдың бойын көргендей,
Езу тартып қуанды.
Женін шешіп желпініп,
Ыстық демін шығарды.
Күн төбеден ауғанда
Құдықтан атын суарды.
Қайта тартып тартпасын,
380 Өрді беттеп екі қарт,
Намазын оқып жол алды.
Отардың жазық даласын,
Қопара шауып өрлетті.
Шапқан аттың екпіні,
Шалғынды шайқап желдедті.
Күн тұғырға қонғанда,
Намаздігер болғанда,
Суықтөбе өрімен,
Қарттар шынға кеп жетті,
Зеңгір-зенгір қия тас,
390 Бірінің аты – Қарабас,



Бірінің аты – Жалаңаш.
 Сұраншының ауылын,
 Тұні бойы іздепті,
 Қайда екенін білмепті,
 Тау ішінде тұн де өтті,
 Нұрланып шалды күн бетті,

- Біріне бірі екі карт:
 400 Қалмақ ойған шоқы деп,
 Сонау тұрған қара ұнгір.
 Қарасайдың қосы деп,
 Күн шағылған сонау қыр,
 Қызыл күнгей қиясы
 Мекені ердің осы деп,
 Шошайтысты қолдарын,
 Таптық десті болжалын.
 Тағы шапты қиялап,
 Қызыл күнгей бауырын.
 Іздеғенін табуға,
 410 Алдырды қарттар сабырын.
 Бұлақты шалғын жайлаған,
 Белдеуге атын байлаған,
 Қызылқия қойнынан
 Батырдың тапты ауылын.
 Сұраншыға жетті де
 Жығылды қарттар атынан.
 Ақ сақалы су болды,
 Сорғалап аққан жасынан.
 Арыстан мүше жас батыр,
 420 Сүйеді келіп басынан.
 Төрге алаша төсөтіп
 Орын берді қасынан,
 Әлденеден тарығып,
 Бейнесін көрді жасыған.



430

Мейрімді туған Сұраншы –
 Елі сүйіп жасынан.
 Жетім менен жесірді,
 Атына артып көшірген.
 Ерегіскен жауларын,
 Су құйғандай өшірген.
 Тарығып келген қарттарға,
 Қайғырып жаны ашыған.

Қабағынан қар жауды,
 Кірпігіне мұз қатты,
 Кім еді деп басынған.
 Беттеріне су сеуіп,
 Екі қарт есін жиган соң,
 Уақығасын сұрады –
 Ес танып өткен басынан.

440

Көз күрғатып екі қарт,
 Арсаланып сүйегі,
 Кемсең қағып иегі,
 – Сүйеуім, тыңда, ер, – деді.
 Ерді туып өсірген,

Атасы мен анасы
 Жалпақ жатқан ел, – деді.
 Олай болса, жан ботам,

Арқалықтай сүйенген,
 Елдің ұлы сен, – деді.

450

Селеу болған ақ сақал,
 Зарлы, мұңды бұл сапар.
 Таудан іздең батырды
 Жайбарақат келеді.
 Заманнан-заман асқынып,
 Зәрін барад жаюға.
 Бөрі түрі айналды,



460

Айдаһар мен аюға.
 Иттен де көп хан аты
 Құ ағаштай түспейтін,
 Халық үстіне саясы.
 Елді сатты жәлдеп боп,
 Алтын алыш баюға.
 Хандар шауып қандатып,
 Қан қақсатып зарлатып,
 Елдің басын доп қылып,
 Айналдырды ойынға.
 Сап түзесіп солдаты,
 Сартылдасып арбасы,
 Серейіскен зеңбірек,
 Бетке ұстаған айбаты
 Патша кірді қойынға.
 Тезек төре жол беріп,
 Қарғы тақты мойынға.
 Қоқанды құртқан Құдияр
 Оратөбе тәжігін –
 Көкпар етіп тойында.
 Патшаға қарсы тұратын
 Куаты жоқ бойында.
 Қырғызды қанға батырған,
 Әркімге бір сатылған.

470

Орман хан бар қолында:
 Қазақты барып талайық
 Патшадан бұрын алайық,
 Деген мақсат ойында.

480

Арамы туған зәнталак,
 Екі көзі қанталап,
 Қасапшының итіндей,
 Қолбасшысы анталап,
 Салып жатыр ыланұды



- 490 Сарыкемердің бойында.
Қарақұрым көп Дулат
Алатау мен Арыстың
Арасында қонысы.
Көп болса да шөп болды.
Хандар жанған өрт болды,
Көгі түтін, жері шоқ,
Кең жайылым өрісі.
Басына күн туғанда,
Көрінді елдің кемісі.
- 500 Батыр деген Сыпатай,
Қара басын сауғалап,
Тауға кіріп жоғалып,
Шықпай кетті дыбысы.
Арқауы ұзын атаның,
Келте келді өрісі.
Келеді деп ойламай,
Қағынған ханның перісі
- 510 Бейқам болып ел жатты.
Жаудан күші кем жатты.
Бейқам жатқан сол елді,
Абайсызда жау шапты.
Күртіде жатқан көп елді,
Түнде басып сорлатты.
Қыз, келіншек қатарлап,
Мінгізіп нарға, атанға,
Құсбегі мен бегінің
Құшуына жолдатты.
Жан сауғалап қорынып,
Қас жауына торығып,
- 520 Суға түсіп обығып,
Қатын, бала зар қақты.
Қарсы тұрған кісіні



Атты, шапты кескілеп,
Күрті бойын қандатты.
Тұлымдыны құл қылып,
Даланы мұңлыш үн қылып,
Ата-ананы аңыратты.

Қатар жатқан қарында,
Бөліп ішкен аяқ ас,
530 Ақ қалпақты қырғызым,
 Өзбек деген өз ұлым,
 Халық іші дос-жарлы,
 Дос-жар халық сүймеуші еді,
 Қан төгетін дүшпанды.
 Сондығынан Кене хан,
 Әзірейілдей алған жан
 Қырғыз, қазақ бірігіп
 Күшін қосып ұсталды.

540 Жүргегі қара Құдияр,
 Орман бұзық тағы бар,
 Достыққа тағы өрт салды.
 Қамап жатқан хан әне,
 Қамалып тұрган жан әне.
 Басшысы жоқ Дулаттың,
 Қыларлық айла қысқарды
 Орман атқа мінгенде,
 Елден кісі шауыпты,
 Қазаққа хабар беруге.
 Жанғарас, Жантай жіберіп,
550 Келіп айтқан Керімге:
 Қолы қаптап барад деп,
 Елдерінді шабад деп.
 Құдияр мен Орман хан,
 Ту көтерген өлімге.



560

Керім оны таратпай,
 Өзі қашқан көлеңдеп,
 Іле бойын жағалап,
 Балқаш асып төмендеп
 Үш күн, үш тұн үдеріп
 Ақтогайдан шығыпты
 Қарт бурадай шөмендеп.

570

Тілеуқабыл, Майемер,
 Сарыкемерде шабылды.
 Қанмен дала жабылды,
 Қанды жастар ағылды,
 Ауыр күндер түскенде
 Елің сені сағынды.
 Қосарлатып ат мініп,
 Атқа біздей қарт мініп,
 Арапады тауынды
 Жауға түскен мал мен жан,
 Ағыл-тегіл анау қан.
 Қанқор ханның қорлығы
 Ес тандырмай не қылды?!

Тұлек бүркіт көзіндей
 Шатыннatty батырды.
 Дауыл соққан теңіздей
 Күш көбігін сапырды.
 Алатауды қозғалта
 Қырға шығып ақырды.
 Андас пенен Нарбота,
 Дауқара мен Шымыrbай,
 Туматайды шақырды.
 – Жиылдындар бозбала!
 Әбзелдеп мін атынды,
 Азыу мұқыл хан иттер,
 Неден мұнша шатылды?!

580



- 590 Мұжілген улы азуын
 Елге неге батырды.
 Күшті болса қырмай ма,
 Қасарып қарсы тұрмай ма.
 Обығалы келе атқан
 Патша деген кәпірді.
 Хан атанған қара бет
 Алтын алып сатылды.
 Өле жатып опқандай
 Халыққа тиіп қатулы.
 Жетпесе күшім патшаға
 Аламын ханнан ақымды.
- 600 Көп деген жаудан тайсалу
 Еркек емес қатын-ды.
 Барып ойран салмасам,
 Босатып елді алмасам
 Сұраншы қойман атымды.
- 610 Буырқанды, бұрсанды,
 Мұздай темір құрсанды.
 Ақ беренгे оқ салды,
 Ақтүяққа ер салды.
 Ә, дегенше үш жүз ер
 Жиналысып кеп қалды.
 Абылайша қос алды,
 Су құятын мес алды.
 Құртіні төмен қыдырып,
 Желдігін бұта сындырып,
 Қопадан әрмен өтеді,
 Шамалғанға жетеді.
 Жау қарасын қарады –
 Кемердің толған алабы,
 Құмырсқадай қыбырлап,
 Жерге сыймай барады.
 Нарбота мен Андасы
- 620



Уайымдап жылады.
Сұраншы батыр тістеніп,
Көбін алаң қылмады.

630

Батырга Андас сөйледі,
Жасық кеңес бергелі:
– Құмырсқадай мынау қол,
Топырақ шашсаң жетер ме.
Ақ береннен оқ атсаң
Мыңына бірден өтер ме.
Үш жүз кісі ат қойсақ,
Жиырма мындаі нөкерге.
Инемен құдық қазғандай,
Оған әсер етер ме?!

Көбелектей отқа ұрып,
Өртенеміз бекерге.
Әлі де ойлан, батырым,
Осы сөзім бекер ме.

640

650

Жетпес біздің күшіміз,
Өтпес біздің тісіміз,
Оңға шықпас ісіміз,
Тенізге теңес бір тамшы,
Бейне таудың бір тасы
Үш-ақ жүздей кісіміз...
Қабағы түсті батырдың,
Қара бұлт секілді.
Төне түсіп Андасқа,
– Тарт! – деп – тілің жекірді.
Найзадай шашы тік тұрып,
Көтерген шаңырақ уықтай,
Тақиясын көтерді.
Ашуы қысып Сұраншы,
Ақ семсерін суырды.



Қит етсе кесіп тастауға,
Андас жаққа бұрылды.
Енжер болған қорқақтың,
Ұнжырғасы жығылды.
Қойнына басы тығылды.
Жігіттерге сәйледі:

- 660 – Ел жақтамас көп жаудың,
Көптігінің себі жоқ,
Оның аты – боркемік,
Салмаққа шыдар белі жоқ.
Озып шабар жүйрікке,
Ылды мен өрі жоқ.
Батыр туған жігітке
Шабатын жаудың көбі жоқ.
Уайым жауға алғызар
Тұңғиық болып түбі жоқ!
670 Осы қолдың несі көп,
Қурап тұрған шірік шөп.
Суырып қылыш ат қойсан,
Қарсы тұrap бірі жоқ.

Қорықпа да, қашпа да,
Текке үшпасын үрейің,
Қарада тұр топтанып,
Жалғыз өзім кірейің.
Мың жау маған бірге есеп,
Мың қарғаға бір кесек.

- 680 Кесек болып көрейің,
Қорғасынды мен сақа,
Ұшырамын кенейің.
Жұртым үшін мен құрбан
Жазасын жаудың берейің.
Жаулар – қоян, мен – сырттан,
Арасына енейің,



690

Еңкілдеген шал анау,
 Шырылдаған бала анау,
 Қуыршақ болған бектерге,
 Келіншек пен қыз анау.
 Көзім тірі тұрғанда,
 Қорлыққа қалай көнегейін?!
 Жауым көп деп жасқансан,
 Сендерді дос демеймін.
 Қашар болсаң, қырамын,
 Кетпейсің тірі біреуің,
 Ел үшін жанды қимасаң,
 Ер деп қалай сенейін.

700

Сенімсіз болсаң жоқ қылып,
 Ақтұяқты шаптырып,
 Жауға қарсы желейін.
 Қарсы семсер салысып,
 Жағаласып, алысып,
 Не босатып елді алып,
 Не тұтқын боп мен қалып,
 Халық үшін мен лақ
 Жау қолында өлейін.

710

Ақ сүт берген анам – ел,
 Үлгі берген атам – ел,
 Адалдығым ісіммен,
 Бойдағы қару күшіммен,
 Балалық хақын берейін...

Батыр тұрып толғанды,
 Терең-терең ойланды.
 Теңізден тұрған желдейін,
 Құтірлеп кеткен сендейін,
 Болкан шашқан таудайын,
 Айбарланып қозғалды.
 Патшаның қашқан солдаты,



- 720 Алпыстан асқан бар жасы,
 Бастығы Жагор Оралдық,
 Сегіз орыс, бір татар,
 Бірге келген жолдасы.
 Батыр соған сөз салды;
 – Бабам менің Қарасай,
 Шапқанда елді жау талай,
 Айырып алған батыры.
 – «Арыстан болған жау үшін,
 Тұлкідей болсын әдісің», –
 730 Дейтін бар-ды ақылы.
 Сіздерден сұрап көмегім,
 Бұйрық қылды демегін,
 Қанқор патша қажытқан,
 Сендер де елдің жақыны.
 Бектер тіккен шатырға,
 Шапқым келді ел жата,
 Елу жігіт жіберіп,
 Ұзақтағы биқтен,
 Алатаудан Қараойға,
 740 Жеткізе отты жаққызам.
 Алагеуім күн бата,
 Көп әскер деп ойлансын,
 Жагор, досым тоғызың
 Тоғыз жігіт тағы да,
 Өз қасына қосып ал,
 Он сегіз болсын жолдасың.
 Жау бүйірі Көктөбе,
 Соған жетіп епте де,
 Күн батқан соң орнарсын.
- 750 Бұл бүйірден мен тием,
 Ақтүяқты шаптырып,
 Үрейін сонда сен ұшыр,
 Орысша сырнай тарттырып,



760

Көнек пенен шелектен,
 Барабанды қақтырып.
 Анда-санда мылтықты,
 Құр дәрілеп аттырып;
 «Орыс та келіп қалды» , – дәп
 Есі кетіп сұрлансын...
 Қуанды Жагор, – құп деді,
 Жолдастарым шық! – деді,
 Он сегіз жігіт ертіп ап,
 Алабұта паналап,
 Сайлы жерді жағалап,
 Жау көзіне шалынбай
 Кектөбені беттеді.
 Елу жігіт ертіп ап,
 От жағуды алыстан
 Андасына жүктеді.

770

Қалғанына бет бұрып,
 Деді батыр жолдасым,
 Тас-талқанын шығарып,
 Қирату ханның ордасын.
 Күмәнім жоқ, жау қашар,
 Зорлықпен келген көбісі,
 Бізге дос бол жалғасад.
 Бектер қашса асығып,
 Дүние жатса шашылып,
 Қызығу оған болмасын.

780

Ел үшін туған ер болса,
 Елін бүгін қорғасын...
 Осыны айтып Сұраншы
 Ағын судай тасынып,
 Ашулы көзі жалтылдал,
 Жайнаған шоқтай шашылып...
 Күн де кірді ұяға
 Алатаудан асылып.



- 790
- Ақтүяқтың тартпасын,
Қайта тартты ер жөндеп,
Болат сүйек бауырға
Тартпасын елі батырып.
Қыран құстай қомданды,
Ақ семсерді қолға алды,
Астыңғы ернін тістенді,
Құрыштай құйған қатынып.
Қарасай мен Қашкенің
Кәрі аруағын шақырып.
Жігіттер құйды саумалын,
Тегенеден сапырып.
- 800
- Намазшамнан өткенде,
Құтпанға уақыт жеткенде,
Ақберенді сайлады.
Жар қабакта жылтыр тас,
Қарына найза байлады,
Семсерін соған қайрады.
Жібекпен басын бір тартып,
Ат қойды батыр ақырып,
Ақырған даусын есітіп,
Жау айнала қарады,
Есінен әбден танады.
Дәл жанынан құрсілдеп,
Барабан құлақ жарады.
Зеңбірек пе, мылтық па,
Анда-санда гұрсілдеп,
Тұтін бүркіп алады.
Ұзағырақ қараса,
Есепсіз от жанады.
От мөлшерін есептеп –
«Мына қолда мөлшер жоқ...
- 810
- Кұрығанда жүз мыңдай
Қосын бар», – деп санады.
- 820



830

Таудан шыққан сарындей,
Дүрілдеген жалындай
Шапқан аттың дүрсілі
Қопарып жерді барады.
Аяқ асты, жау састы,
Қара албасты шын басты,
Не мінетін аты жоқ,
Іздесе қиер киім жоқ,
Қойған жерде құрал жоқ,
Есінен әбден адасты.

840

Сасқалақтап қосының,
Есігіне таласты.
Есінен танған бегіне
Есік баққан қосыны
Оқырайып қарасты.
Қандай пәле келді деп,
Бақсылары бал ашты,
Амалсыз жүрген көп қолға,
Тұндеңі айқай жол ашты.
Қойдай үркіп қол қашты,
Сұраншы батыр ат қойды,
Бөгетін алған өзендей,
Азғана сарбаз лап қойды.
Хан, манаптың шатырын,
Қаусатамын деп қойды.
Бейне бір қатты жел тұрып,
Қурап тұрған қусаққа,
Шашырап сала от қойды.

850

Нажағайдай шартылдал,
Бұлт отындай жарқылдал,
Бұрқылдаған берендей,
Тұнгे қосты тутінді.
Жалаңдаған ақ қылыш,



Қыл мойынға кірш те кірш,
 Жүрек тіліп, жан қауып,
 Қысқыр тісі қан қауып,
 Жұзіне қан тұтылды.
 Астына мінген Ақтүяқ,
 860 Тоздырып тозаң бұрқырап,
 Атқан оқтай жұтынды.
 Аш қасқырдай батырдан,
 Қай жау қашып құтылды...

Есебі жоқ қалың жау
 Қоршаласып қалысты,
 Ортасына алысты,
 Қарсы семсер салысты.
 Сілтегенде қылышы,
 Он жағынан он шауып,
 870 Оны бірдей жер қауып,
 Сол жағынан сілтесе,
 Ондал жауын бір шауып,
 Оны бірдей ұндалып,
 Ұстарадай шаш алған
 Жауды батыр сыпырды.
 Бір қозған соң аруағы,
 Теңіздей жау – жан-жағы,
 Сұраншыға көп емес,
 Үш күн, үш түн ұрысқан
 880 Сол батырдың соғысы
 Рұstemнен кем емес.
 Астындағы Аққоян
 Қия тасқа басылып,
 Ақ көбігі аузынан,
 Екі жаққа шашылып,
 Әбден батыр қызған соң,



Омырауы ашылып,
Қоқанға қарай жау қашты,
Қордай белін асылып.

- | | |
|-----|---|
| 890 | Ақ семсері ақ шөміш,
Қызыл қанды сапырып.
Үш күн, үш тұн өткенше
Әсте батыр тынбады.
Томағасын қайырған
Ақиықтай шыңдағы.
Ел жақтаған батырдың,
Сағы жаудан сынбады.
Қашқан жаудың артынан,
Аққоян атты бір қара,
Қарасайлап қалмады. |
| 900 | Өлексемен үйілді
Алатаудың сайлары.
Тозандай тозып жыртылды,
Ханның ала байрағы.
Қасқырға шауып арыстан,
Қанқордың шықты ойраны.
Шабақ қуған жайындай
Бек біткенді жайлады.
Елге келген бүлікті
Дауылдай тиіп айдады. |
| 910 | Жалынның бетін қайырып,
Қасқырдан елді айырып,
Көтеріп көңіл жайлады.
Батыр – елдін досы деп,
Түпке жетед осы деп, –
Сүймейтін хан мен байларды,
Хан билеген заманның,
Қанын ішкен адамның,
Осылай еді жайлары. |



II

- 920 Арғымақтай арындал,
Жазғы күндей жалындал,
Тағы да Жамбыл сөйлесін.
Қар еріткен өкпектей,
Су серпіген ескектей,
Домбырасын сермесін.
Тоқсан үш жасы торқадай,
Тоқсан күн қатқан жорғадай,
Бәйгеден алған олжасын,
Жақсы сөзді ел жаттар,
Ел жаттар сөзде салмақ бар.
Кесек жатқан қорғасын,
Шеті жоқ – мұхит, теңіздей,
Алтайдың алтын кеніндей,
Көп жерімнің қордасын,
Сыпырта сокқан дауылдай,
Сауылдан құйған жауындай,
Жырды Жамбыл қозгасын.
- 930 Жырдың тәтті жаясы,
Батырлар жыры баяғы.
Жау дегенде жайнаған,
Наркескенін қайраған,
Сұңқардай болат қияғы,
Өрге салса талмайтын,
Қияға салса таймайтын,
Құрыштан соққан тұяғы.
Сол батырлар жыр басы,
Үзілмей аққан жылғасы,
Майтөбенің бұлағы.
- 940 О, балалар, балалар,
Ақылды туған даналар,
- 950



Жамбылдан тыңда мынаны:
 Әсерлі күйдей аңқытып,
 Тасыған селдей шалқытып,
 Тыңдаушыға жыр төкпей,
 Жамбыл қашан аяды.
 Қартайдым дейтін назым жоқ,
 Тыңдаушы көpte жазық жоқ,
 «Айтшы, Жәке!» дегенін,
 Мен өлгенде қояды.

960

Сүйекемнің сұреспі –
 Сөйлегенде, міне, осы...
 Жырдың сұлтан төресі,
 Биіктердің төбесі.
 Бөліп айтқан Жамбылдың,
 Сұраншының аяғы.

Орман хан мен Күдияр,
 Женіліс тауып бір қайтты.
 Көктемде қайтып жаз жатты,
 Батырдан жеген таяғы –

970

Шымбайна тым батты.
 Терең-терең ойлапты,
 Аттан, ханым, аттан деп,
 Жараспайды жатқан деп,
 Манаптары шулапты.

Бізге бүйрек береле,
 Біз тұлпарға мінеле,
 Біз мінген соң кім қапты...
 Нарынқолдық, Кегендік
 «Бұ да, жекжат ел ем деп»

980

Жақтап жатыр қазақты,
 Болып жатыр бір жақты.
 Манаптарды жиялық,
 Не бар, жоқты ойлалық.



990

Атактысына ат мінгіз,
Сыйлысына шапан жап.
Қайтсын сізден сый алып,

Бассын олар қылжақты.
Қыздыратын боза бар,
Молда, ишан, қожа бар,
Бозалы жерде соларға,
Қозғалталық аруақты.
Жи қолынды, қыр жолға,
Өзің өлмей кем болма,
Сұраншыға жаз хатты:
«Еркек болсаң келгін де,
Қатын болсаң қалғын де».
Өзі шешсін жұмбақты.

1000

Орман ханның ордасы,
Ала туын байлады.
Қарақолдан, Мырғаптан,
Жалалабат, күн жақтан,
Көп Алатау аймағы,
Ат дenesін тарта алмай,
Атандар әрең талтаңдай,
Ордага келіп түсілті.
Майға бөккен байлары,
Алдиярға сойыс деп,
Басқаң да мендей болыс деп,
Қора-қора ызғытып,
Семіз қойын айдады.
Үйір-үйір қысырақ,
Шайлап қалған тузырап,
Жарлауланып жаясы,
Қысыр емген тайлары;
Ақ пышаққа ілініп,
Қабырғасы сылынып,

1010



Қазы-қарта, жал-жая
Қазанда шүрк-шүрк қайнады.

- Пісті саба сіресіп,
1020 (Тауықсызың ел ішіп)
Уыз қымыз бұрқырап,
Қара мейіз қаймағы.
Оны келсе «манап» деп,
Жұзі келсе «тамақ» деп,
Жарымаған жарлының,
Байығаны – тойғаны.
Қымыз, боза аралас,
Кекірініп кілең жас,
Арнап тіккен үйлерде,
1030 Отырысты бойдағы.
Хан бұйырған жыршылар,
Бірде күлкі, бірде зар,
Қызыл тілмен балқытып,
Бұлбұл болып сайрады.
- Сөз аяғы бір соғыс,
Жыр аяғы сол соғыс,
Енжар көңіл қырғызды.
Итермелеп қоймады,
Ишан, молда басшысы,
1040 Ақ меруерт тәспісі,
Өлгендерің шейіт деп,
Өлмегенің қазы деп,
Сатылды ханға иманы.
Соғыспақ болды ақыры,
Сауыт киді батыры,
Сұранышға хат жазған,
«Шүкір» деді Орман хан,
Орындал ісін ойдағы.
Сұранышға хат барды,



- 1050 Сөге жазған хатында:
 «Батыр емес, қатынсың,
 Мұсылман емес, кәпірсің,
 Қашқын жиып жаңыңа,
 Мойынсұнбай ханыңа,
 Алматыда жатырсың.
 Батыр болсаң келіп кет,
 Батырды менен көріп кет,
 Әтуре қылмай атымды,
 Басынды келіп беріп кет,
 Ажалыңа жақынсың!»
- 1060 Хатын оқып Сұраншы,
 Жолдасын түгел шақырды.
 Шақырып салды ақылды:
 – Еліне ылаң салғалы,
 Орман хан тағы шатылды.
 Тағы өлімге айданты,
 Алдап, арбап батырды.
 Бару оңай Орманға,
 Батпай ма бірақ ел қанға,
 Жаныма халық батулы.
 Бармағанмен амал жоқ,
 Ертең Орман келеді.
 Аты басар баланы.
 Найзасы түйрер қатынды.
 Сондай кезде байтақ ел,
 «Шақырғанда бармадың,
 Жалынның алдын алмадың,
 Ер болмадың – ез болдың –
 Деп қоймай ма атымды...»
- 1070 1080 Ойым былай, жолдасым,
 Көрмейін елдің көз жасын,
 Шығармай жатқа жақынды.



Жан ертпей-ақ жаныма,
Жеке барып көрейін.
Есебі жоқ қол алып,
Бейбіт елге қол салып,
Қосынға тамақ, мал алып,
Берекесін кетіріп,
Ұшырмалық үрейін.

- 1090 Жеке барсам «ер» десер,
Тараң-тараң ел кетер,
Орданың бір топ адамын,
Молда, қожа, манабын,
Жекелесіп көрейін.
Мұндай уақта қинайтын,
Бірбеттігі батырдың.
Сол бетінен бұрмалап,
Керегі жоқты айтудың.
Не пікірі барлығын,
Іштері білді әркімнің.

- 1100 Боз қасқа қойын сойғызып,
Үлкенге басын қойғызып,
Ақтүяққа ер салды,
Азығына малта алды,
Атыма деп жем салды,
Сауыт киіп сайланып,
Ыргай сапты найза алыш,
Қорамсағын байланып,
Шымырқанып, шырқанды,
Қыр жолға қарай бет алды.
Ақтүяқтың үстінде
Аш қасқырдай бүгіліп,
Қарына ілген қалқаны
Ілгері, кейін жүгіріп,
Жарқыраған сұңгісі



Күндік жерден көрініп,
Тау жанғырып салдырап,
Көк темірге көміліп,
Кияннан шалған қырандай
Күн астына үңіліп,
Ер сипатын көрген жау
Өз жанынан түніліп,

1130	<p>Алатау асты Сұраншы. Қаражол атты жотада, Жасақ жиған Орман хан, Жалғыз батыр келед деп, Хабар алды жауышыдан. «Батыр елді аяпты, Сондықтан қосын алмапты», Елден елге ұшқан сөз, Қырғызға түгел тараған. «Сұраншының дүшпаны, Қырғыз емес – хан екен. Елдің жауы дегені – Хандар жапқан жала екен», – Деген сөзді есітіп, Ақ қалпақты қырғыздар, Біріне бірі қараған, Соғысты қойып тараған, Елге қайтыпты ордадан. Сегіз мыңдай қол екен, Сегіз жүздей қол қалды. Батыр сымақ манаптар, Қорғаймыз деп Орманды. Келе жатқан бір кісі, Бір кісіні жеңерлік, Мөлшерден тыс мол қалды. Келсе қудай берді деп,</p>
1140	<p>Алатау асты Сұраншы. Қаражол атты жотада, Жасақ жиған Орман хан, Жалғыз батыр келед деп, Хабар алды жауышыдан. «Батыр елді аяпты, Сондықтан қосын алмапты», Елден елге ұшқан сөз, Қырғызға түгел тараған. «Сұраншының дүшпаны, Қырғыз емес – хан екен. Елдің жауы дегені – Хандар жапқан жала екен», – Деген сөзді есітіп, Ақ қалпақты қырғыздар, Біріне бірі қараған, Соғысты қойып тараған, Елге қайтыпты ордадан. Сегіз мыңдай қол екен, Сегіз жүздей қол қалды. Батыр сымақ манаптар, Қорғаймыз деп Орманды. Келе жатқан бір кісі, Бір кісіні жеңерлік, Мөлшерден тыс мол қалды. Келсе қудай берді деп,</p>



1150 Тобасыз қолдан өлді деп,
Семсерлерін қолға алды.

1160 Күн төбеден ауғанда,
Бесіндікке барғанда,
Бұрқыраған шаң көрді.
Жұлдыздай атын ағызып,
Жарағы күнге шағылып,
Келе жатқан жан көрді.
Жауым көп деп жасқанбай,
Кесесінен басқандай,
Келген ерді таң көрді.
Бәрі бірдей ат қойып,
Салуға соғыс лап қойып,
Жабылуды жалғызға,
Бойларына ар көрді.
Бек, манабы, байлары,
Ортасында байрағы,
Жасағын жинап сайланған,
Сұраншыны хан көрді.

1170 Ханға келіп сөйледі:
– Неге мені шақырдың,
Жай шақырсан қелмейтін,
Ханға сәлем бермейтін,
Халық үшін туған батырмын.
Хан деп сені сыйлар ем,
Басың үшін сатылдың.
Арасына өрт болдың,
Ала бұлік дерпт болдың.
Қырғыз, қазақ жақынның.
Бейбіт елге тигізіп,
Жендетке басын қиғызып,
1180 Қаннан сусын сапырдың.
Ел бүлігі – Орман деп,



Аман қалсын мың жан деп,
Төгіліп тынсын бір қан деп,
Қара басыңды алғалы,
Жекелеп келе жатырмын.

Міне, менің семсерім,
Қайрап қойдым хан үшін,
Қайратыма мінгенмін,
Қалың елдің қамы үшін.
1190 Қасам тіксем қан алмай,
Кеткен емес намысым.
Сүттей елді ірітпей,
Таза майды шірітпей,
Жекпе-жеке өзің шық,
Менің жауым сен ғана,
Салмаймын елге мен жара.
Сенсің менің дұшпаным,
Сенсің менің алысым!
Қасқыр көрген күшіктей,
Хан жалтақтап қарады.
Терең ойға шомылдып,
Жерге қарап үңіліп,
Жапырылды адамы.
Жел көтерген бұлттай,
Шеттегілер тарады.
Айла, амал, сабақтас,
Хан, манаппен табақтас,
Адам қалып шамалы.

Хан иегін қаққан соң,
1210 Қара ат мінген ер Бұқай,
Шыға берді бөлініп.
Шешіп алып оң жеңін,
Белдігіне түрініп,



Найзасына байлаған,
Ту құйрығы төгіліп,
Білекке ілген қалқаны,
Онды, солды жүгіріп,
Қисық біткен емендей,
Омыртқасы бүгіліп.

- 1220 Қақ жүректің тұсы деп,
Өлер жерің осы деп,
Көк сұңгісін серт ұстап,
Жақын келді тебініп.
– Атаңың көрі, Сұраншы,
Атыңдан қарман түсіріп,
Жел аударған қаңбақтай,
Су аударған дөңбектей,
Ат үстінен ұшырып,
Бәлем саған қылармын.
1230 Сен сияқты шұбардың,
Түсі суық жыланның,
Жағасынан алмаққа,
Жыға сұнгі салмаққа,
Қашаннан-ақ құмармын!

- 1240 Келіп қалды жекіріп,
Бұрқырап аузы көпіріп.
Құрттыбастың тауындай,
Тұрған батыр бейнелі.
Ыңғары қыстың аязы,
Аш арыстан кеуделі,
Келіп қалған Бұқайды,
Шыбын құрлы көрмеді.
Қозғамады найзасын,
Сүйеніп тұрған жердегі.
– Тоқта! – деді жай ғана,
Қолының ұшын сермеді.



Сесі басты батырдың,
Айтқан жерде тоқтады,
Тірелгендей өңмені.

1250 – Тоқтадың ба, кейін қайт,
Саған да Бұқай жан керек,
Сен тышқансың, мен мысық,
Барасың қайда кимелеп.
Батыр емес, қатындық,
Майданда кісі тілдемек.
«Ой атаңың көрі» деп,
«Өлтірем-ақ сені» деп,
Құр былшылдау не керек.

1260 Бұқай, Байтік, Битуған,
Оларға найза былғаман!

Екінші рет шақырам, –
Маған анау хан керек!
Иек қақты Орман хан:
Байтыл менен Битуған,
Найзаларын кезеніп,
Үзенгісін шіреніп,

Тұра шапты тұрғаннан.
Сөйлей келді Битуған:
– Қоян жүрек, ит Бұқай,
Неге тұрсың сілейіп.

1270 Батпаса тісің жолды бер,
Біз жақындал көрейік.
Жағасынан қармамай,
Атып ұрмай дорбадай,
Сен Сұраншы, құлақ сал,
Қарайып келдім қанымға,
Мына тұрған Байтігім,
Көмекшім бар жанымда.



- 1280 Мен-мен едім, мен едім,
 Мен кімдерден кем едім,
 Сен батыр болсаң – мен де сол
 Мен де өзіндей ер едім,
 Терезесі тәң едім.
 Іште кегім қалғанды,
 Шығарайын арманды.
 Ханыма қолды салғаның,
 Көкейімнен кетпейді
 Төрегелді манаптың,
 Сақал, мұртын алғаның.
 1290 Ажал айдал келген соң,
 Аямаймын жанынды.
 Сенің қылған бұл ісің,
 Барлық жүртқа мәлімді.
 Соның үшін тап бүгін
 Ағызайын қанынды.
 Мен жүрмеген тау бар ма,
 Мен алмаған жау бар ма,
 Шығарайын жанынды.
 Талай жаумен алысып,
 1300 Күрескенді жыққанмын.
- 1310 Кенесарынды өлтіріп,
 Топыраққа тыққанмын.
 Тұрлыбай соққан алмаспен,
 Қыл мойнынан шапқанмын.
 Абыройын кетіріп,
 Ханыма сөйтіп жаққанмын.
 Бесікпен қырған баланы,
 Өртеп бұзған моланы.
 Ел бұлдірген бұзықтың
 Жазасын сөйтіп тапқанмын!



Ботпайдан шыққан Сыпатай,
 Көмегіне жарамай,
 Байұзақтай батырың,
 О да қашқан қарамай.
 Арғыннан шыққан Ағыбай,
 Ыстыдан шыққан Бұғыбай,
 Табыннан шыққан Бұқарбай,
 Келе алмаған қасыма.
 Мекіредей тұмсығы
 Тиген қатты тасына.
 Ханның биі, батыры,
 Қирап қалған шатыры,
 Аш бүйірін таянып,
 Жылаған қыз бен қатыны.
 Қатын, қызын жылатқан,
 Мениң сондай ісімді,
 Аспанда күдай ұнатқан...

1320

Орманнан келген үш батыр,
 Үш жағынан тап берді.

1330

Ашу қысып Сұраншы,
 Астыңғы ернін тістенді.
 Бір сілтеді найзасын,
 Белі үзілген күзендей,
 Алдымен келген Битуған
 Ішін баса бүктелді, –
 Кеудеге найза күмп берді,
 Екі батыр найзасын,
 Шатыр-шұтыр салысты,
 Сайлап мінген белді аттар,
 Тізе бүгіп қалысты.

1340

Жараганып Бұқайлар,
 Ат жалына қауышты.
 Оны көріп хан тобы,



Ат қойысып шабысты.
 Ақ қасқырдай батырды,
 Ортасына алысты.
 Ханның тобы жұз кісі –
 Ортасында бір кісі,
 Тұс ауғанша ұрысты.

- 1350 Күн төбеден өткенде,
 Бесіндікке жеткенде,
 Жау қамаған Сұраншы
 Көзін қаптап қан алды,
 Тұла бойын жара алды.
 Орман ханға ұмтылды,
 Алыстан салған найзасы,
 Ту сыртына бір тиді.
 Сегіз көздің қоң еті,
 Кере қарыс жыртылды.
- 1360 Топтан шығып хан кетті,
 Сұраншыдан әл кетті,
 Соны сезіп Ақтүяқ,
 Жан-жағына қарады,
 Жал-құйрығын тарады.
 Оң аяғын тарпыды,
 Ортекедей ойнақтап,
 Көк жайындаи бұлқынды,
 Арыстандай жұлқынды.
 Жау жібермей орап ап,
- 1370 Шығармады қамалап,
 Тұрып алып айнала,
 Ілмек болды найзаға.

Күрсілдеді бір дабыл,
 Жер мен көкке жаңғыра.
 Жалт қарады Орман хан,



- Есі-түсін тандыра.
 Алатауды қақ жарып,
 Дабыл ұрып, най шалып,
 Шыға келді топ қара.
- 1380 Топ қараның алдында,
 Жандай досы Жагөрі,
 Жанына ерген қырық жігіт,
 Сұраншының нөкери,
 Жанына жақын келген соң,
 Қамаған жауды көрген соң,
 Беренге білте тигізіп,
 Басып-басып жіберді.
 Хан қасында тұрғаннан,
 Кім жаралы, кім өлді?
 1390 Онысы бізге белгісіз...
 Батырды қамап тұрғандар,
 Сырт айнала жөнелді.
 Манаптардың көбі өлді,
 Жаралы ханын өңгеріп,
 Құтылуын жөн көріп,
 Ордаға қайтты Орман хан.
 Найза тиген жерінен,
 Қағынып кетіп ем қонбай,
 Ордасына кеп өлді.
- 1400 Жолдасына қосылып
 Сұраншы қайтты тауына.
 Ақырғы болды соғысы
 Хан, манаптай жауына.
 Қырымнан шалған қырандай,
 Келген батыр бабына.
 Ақыры келіп о да өлді,
 Алатауда көмілді.
 Атын түгел ел білді,
 Адам туып адамнан,



- 1410 Елу жылда жаңарған,
Жаман күнді өткізген,
Жақсылыққа жеткізген,
Қан сасытқан ханы жоқ,
Ашу, араз зәрі жоқ,
Балдай тәтті туысқан,
Жеттім тату таңыма...
- 1420 Бақытты туған ерлері
Сталиндік заманың
Сенде ғана батырлық,
Сенде ғана татулық,
Елменен ел достасқан
Ғасыры туды адамның,
Еңсесі биік – ер алып,
Ел бастаған ер – алып,
Бөлшектену жоғалып,
Ер қорғады Отанды –
Біздің ерлер қорғаны
Социалдық қоғамның.
О, ерлерім, ерлерім,
Ел сүйеген белдерім,
Халықтың қорғар ырысын...
- 1430 Сұранышдай жауға шап
Ерді өсірген ел үшін,
Өртке теңіз шашқандай
Шығартпа жаудың дыбысын!
Жау бетіне қылыш шап,
Елді, жерді гүлденткен
Сталиндей күн үшін,
Қынадай еңбек қанаған,
- 1440 Ит бол елді талаған,
Қан сімірген қанқорлар,
Әлемнен түгел құрысын!
- 1442



СҰРАНШЫ БАТЫР¹

Ақ домбыра қолға алып,
 Ай мен апта толғанып,
 Жылға құйған теңіздей,
 Жырдың селі қорланып,
 Ақ семсердей жалтылдаپ,
 Шағылысқан күн шалып,
 Құрағындай айдынның,
 Жел шайқаған ыргалып,
 Терең теңіз тынбасын,
 Тынбада жатқан нұр тасы,
 Таратқан Жамбыл жырды алып.
 Жиырмада жырға жел болып,
 Аударған жел мен сең болып,
 Кесегімен қопарып
 Таусылмастай кен болып,
 Үздіксіз болған он күн той.
 Тындағанда ел болып,
 Ақ бидай берген тауықтай
 Елге жырым жем болып.
 20 Алатаудың аясы,
 Балауса шырғай саясы
 Жырым мен шыңы жаңғырып,
 Ақын Жамбыл мен болып,
 Өскен ем өрем кең болып.

 Өзен деген ат болмас,
 Ат жалдарлық су ақпай,
 Фалым деген ат болмас,
 Айтқаны тұрмай шырақтай,
 Әнші деген ат болмас

¹ «Әдебиет майданы» журналы, 1938, №7, № 8



- 30 Өуезі көңіл жұбатпай.
 Ақын деген ат болмас,
 Қандырмай мейір суаттай.
 Жыры болмай бұлақтай,
 Тынығы болмай сынаптай,
 Алатаудан арылдап,
 Асқан судай құлатпай.
 Қыбыршыған көңілдің,
 Қытығын таппай сұратпай.
 Досың болса күлдіріп
 40 Сүйсіндіріп шуақтай.
 Жауың болса бүлдіріп
 Домбыраң берен, жырың оқ
 Дәл тигізіп сұлатпай, -
 Қан қақсатып жылатпай,
 Домбырасы шіңкілдей,
 Жағына сөйлеп күлкілдеп
 Айтқан өлең өлең бе,
 Бақылдаған ылақтай.
 Ақындардың ақыны,
 50 Айдын көлдей ақылы,
 Жыр тұлпары Сүйімбай
 Осылай айтқан уағызы –
 Қалғанда жырды ұнатпай.

* * *

- Ескіден есте қалғаннан
 Жасымда айтқан жырлардан,
 Ескерткіш еді батырға
 Қиядан шауып қырды алған.
 Қыынға шауып жол салған,
 Бөрі басқан бүркіттей
 60 Қансыратып жауды алған,
 Батырдың жыры сүйікті
 Қатықтай үйіп тындалған.



70

80

90

Жамбыл – Жамбыл болғанда,
 Жыр дауылы қозғанда
 Қыргыз, қазақ еліне
 Талай рет жырланған.
 Бата берген Сүйімбай
 Жырдың тіккен туындей.
 Айтқанда маған ақылды,
 Жырла деген батырды,
 Есімде мәңгі сол қалған.
 Бойға қуат болғанда
 Жиырма бестің жалыны,
 Тебінсе темір үзгендей
 Толыққанда қаруы
 Сия, сауыт, қаламсыз,
 Дәптер, кітап, қағазсыз
 Ой қозғаған домбыра,
 Сөз қозғаған домбыра
 Болған кезде Жамбылдың
 Домбыра мен жазуы
 Жырланып еді осы жыр.

* * *

Жырламайын десем де,
 Ел тілегі қоймады:
 Таудан құлап тарғыл тас,
 Тарығып шығып көзден жас,
 Қыспақ заман кездесіп
 Қайғы басып қарындас,
 Тарыққанда сүйенер
 Ел батыры ойлады, -
 Ойламасқа болмады.
 Қабағы түсіп қамығып,
 Батыр ұлын сағынып,
 Ескіні еске түсіріп,
 Жырым еді сондағы.



* * *

- 100 Қарасаң, балам, жоғары
Көтеріліп қабағың.
Мұз дулыға, қар сауыт
Алатаудың алабын.
- 110 Желкілдеген қарағай,
Кек майсалы тамағын.
Жұпар иіс, боз жусан,
Бетеге басқан балағын,
Нұрмен тауды қаптады
Сталиндік заманым.
Ескі күйді сонау бір
Шығарып естен барамын.
- 120 Алатаудың аты көп
Созыла жатқан қарлы жал,
Теріскейі ұлы жүз,
Күнгейінде қырғыз бар,
Толып жатқан шоқысы
Шоқысының аты бар:
Қозыбас, Қордай жаясы
Сонан өрлең тартылар, –
Суықтөбе, Дегерес,
Ұзынағаш, Көктөбе,
Қарғалының биігі
Шұбараттың өрі бар.
- 120 Қасқасу мен Үшқоңыр
Қызыл күнгей белі бар.
Қарағайлы, Құрттыбас,
Талғардай биік шоқы бар.
Есікті, Тұрген, Ақ Шелек,
Қарқара бар, Асы бар,
Шыңдардың шыңы Хан тәнірі,
Таудың биік басы бар.



Жетісудың желіні
Деген тауым осылар.

- 130 Қоршаланса ақ бұлт,
Ойында жаңбыр, өрде қар.
Ойпатында кек шалғын
Ұшарында мұзды ызғар,
Бейне өмірдің бейнесі
Бүгін шаттық, кеше зар.
Жайлагалы мұны адам,
Санап бітпес не заман...
Неше халық, неше хан,
Тапты қырғын талай жан.
- 140 Толып жатқан уақиға
Соның бірі айтылар.

* * *

- Заман-заман дегенде
Заманға қожа адам ғой.
Наразы болсаң заманға,
Бар кінәні соған қой...
Жырға желі сол заман
Елдің күні қараң ғой.
Қақпалап елді хан мінген
Қайғы басқан заман ғой.
150 Зар заман деп ат қойған
Зарланып халық сонан ғой.

Зарлануы халықтың
Шектен асып ушықты,
Айдаһар жұтып аюды,
Шонбас жеді шымшықты.
Лек-лек салдат айдатып,
Мойнына шекпен байлатып,



- Оралдан өрлеп Алтайға
Алуға патша ынтықты.
160 Садақ тартқан қазаққа
Тұтіндettі мылтықты,
Ертісті өтіп оралып
Жетісуға қол сұқты.
- Бұрынғы қожа Құдияр
Қазанатын мінісіп,
Қомпаң-қомпаң желісіп,
Жағасыз көйлек киісіп
Көк шай салып су ішіп,
Перен мылтық арттырып,
170 Мыстан керней тарттырып,
Соғыспақ боп патшамен,
Қапалдан тосып бір шықты,
Қарсы атылған зенбірек
Қылдан туын жүлдірып,
Қорған сабын бүлдіріп
Қайта қашып бүрлікті.
Жай қашпады Құдияр
Жолындағы ел тұншықты.
Жабық тіліп, үйді үптең,
180 Айғыр, атты жетектеп,
Қатын-бала шырылдап
Хан жолынан су шықты.
- Бірнеше күн өткенде
Қалпаков пен Черняев,
Жетісуға жеткенде
Құдияр хан қағынды,
Тағы қанды сағынды.
– Алатын орыс қазақсын,
Аламын, – деді, – бәріңді!



- 190 Қырғыздан Орман бірігіп
 Қордайдан асқан көп әскер
 Теріскеңге ағылды.
 Тілеуқабыл – Қасқарау
 Сарыкемерде шабылды.
 Шапқыншының аттары
 Саурынан аққан тер,
 Пұшпағынан сабылды.
 Бейқам жатқан қалың ел
 Қарсы тұрмай жалынды.
- 200 «Жаудан күту жақсылық –
 Зарыққанның салдары.
 Байдан күту жақсылық –
 Тарыққанның салдары».
 Шын болмаса не қылды,
 Жалынғанша жауына,
 Бер де, құтыл жаныңды.
 Құдиярдың Құсбегі
 Жалынған сайын тарылды.
 Бексерде жатқан көп Дулат
 Бұлінді де жарылды.
- 210 Есенгіреп ер кетті,
 Кемпір-шалды еңіретті,
 Керегі талап алынды.
 Дулатта батыр Сыпатай
 Жаудан қорқып сенделіп
 Сарбұлақтың басына,
 Аңырақайдың тасына
 Тұнде барып тығылды.
 Батыр тұлға бола алмай
 Елдің түгі жығылды.
- 220 Үш бөлінді көп Дулат
 Бір бөлегі бері өтпей



230

Тауда қалды қамалып.
 Қалың жаудан жасқанып
 Айсаның қарын өрледі.
 Бір бөлегі қаймығып
 Жау қарасын көрмеді.
 Шапырашты, Қарасай
 Жаудан қорқар ел ме еді,
 Қиратып жау жатқанын
 Дулат жақтан білмеді.
 Тездеп хабар келмеді.

240

Бір бөлегі Дулаттың
 Маямымырдың ауылы
 Іледегі тоғайдың
 Түбегіне тығылды.
 Қарсы тұrap жігіттер
 Жау қолынан қырылды.
 Жеті жігіт, жеті қыз
 Жас жандарын қорғаштап
 Түйелерге мінгесіп
 Ағын суга бұрылды.
 Су деген де тілсіз жау
 Бұрқыраған шу асаяу.
 Ақ көбігін атқылаң
 Жын қаққандай жұлышынды.
 Қызды көріп қырық әскер
 Қылыштарын суырды.
 Алналасып ұмтылып
 Иектерін жымырды.
 Жауды көріп өңкей жас,
 Асаяу суга ұрынды.
 Қарғып түскен жеті нар
 Тұңғиыққа жығылды.
 Қызғалдақтай он төрт жан
 Қалды судың түбінде,

250



260

Озбырлықтан асқынған
 Ел ызасы қайнады,
 Кемпір бүйір таянып
 Сұңғыла боп сайдады,
 Терме болып тізілді
 Қайдағы мен жайдағы.
 Ізың-шұлы - қым-құыт
 Шығып-жатты ойраны.
 Қабағын түйген қанды жау
 Ұру, шабу, наизалау
 Үйірлеп елді айдады.
 Іс шықпасын сезгендей
 Құр жылаудан пайдалы.

270

Дымын қоймай жау шапты
 Жангараш пен Жантайдың
 Шырылдатты сәбиін,
 Еңкілдетті кәрісін.
 Бой жеткен қыз, келіншек
 Қатарымен тарттырып
 Күнрентеді тау ішін.
 Қоқаннан келген көп әскер
 Жер қайысып сыймады,
 Мал мен басты шулатып
 Қойша иіріп жинады.

280

Тас қотанның сазына
 Ақ шатыр мен көк шатыр,
 Қатарланып тігілді.
 Ала тулар жалпылдан,
 Ақ семсерлер жарқылдан,
 Қомпаң-қомпаң шақырып
 Тебіңгілер сартылдан,
 Зердері шаба беклерде



Шағылып күнге жалтырап.
 290 Түйеге мінген жас әйел
 Бетін жыртып аңқылдап,
 Жас өспірім сұлу қыз
 Жүргегі ұшып қалшылдап.
 Жалын қағып жасауыл,
 Мәз-майрам боп қарқылдап.
 Түйеде тұрған әйелді
 «Тұс жылдам» деп алқымдал.
 Шабылған елде дәрмен жоқ,
 Жылай берді солқылдап.

* * *

300 Ел тарықса ежелден
 Батыр түсер есіне.
 Батыр барған түйінді іс
 Қалғандай еді шешіле.
 Жер шұқысты тоналған
 Төмен қарап тесіле.
 Жаңа өспірім жас батыр
 Елге салған несібе.
 Арыстан жүрек Сұраншы
 Шыңда жатыр алыста,
 310 Оны шыңға шығарған
 Қонысы жоқ, қол қысқа.
 Жаз жайлауы Үшқоныр
 Қыс көшеді Арысқа.
 Шапырашты аз ата
 Ұлы жүзде туысқа.

Өз әкесі Қашке еді,
 Арғы атасы Қарасай.
 Бір жакыны Сауырық
 Жауды көрсе шаладай.

-
- 320 Тұқым қуған батырлық
Узілмей аққан сағадай,
Ұлы жүздік қазақтың
Ың жағына қорадай,
Жел жағына панадай,
Сол сияқты батырға
Алыстан қонақ келгенде
Қалатын күні көп еді,
Қонақ асы таба алмай.
Жайшылықта ел көшсе,
Батыр ауылды көліксіз
Дулат, Албан, бай ұлы
Кетер еді қарамай.
Сондықтан батыр шында еді,
Ақ беренмен құс атып,
Қыранға марал ұстасып,
Малы барға жалпақтап
Жалынды көрші бола алмай.
- 330 Аңсады ел батырды
Жатса дағы алыста.
Жақын болса Сұраншы
Қызбас па еді дабысқа,
Көп екен деп келген жау
Көнбес еді намысқа.
Мұндай жаудың талайын
Талай рет жапырған
Әрт тигендей қамысқа.
Үрланып келген бұл жауды
Білмей қалды қапыста.
Дағдарған ел бүрлігіп,
Баратын адам іздейді
Алыста жатқан батырға
Хабар бере барысқа.
Көрібоз бен Mayke қарт
- 340 Аңсады ел батырды
Жатса дағы алыста.
Жақын болса Сұраншы
Қызбас па еді дабысқа,
Көп екен деп келген жау
Көнбес еді намысқа.
Мұндай жаудың талайын
Талай рет жапырған
Әрт тигендей қамысқа.
Үрланып келген бұл жауды
Білмей қалды қапыста.
Дағдарған ел бүрлігіп,
Баратын адам іздейді
Алыста жатқан батырға
Хабар бере барысқа.
Көрібоз бен Mayke қарт
- 350 Аңсады ел батырды
Жатса дағы алыста.
Жақын болса Сұраншы
Қызбас па еді дабысқа,
Көп екен деп келген жау
Көнбес еді намысқа.
Мұндай жаудың талайын
Талай рет жапырған
Әрт тигендей қамысқа.
Үрланып келген бұл жауды
Білмей қалды қапыста.
Дағдарған ел бүрлігіп,
Баратын адам іздейді
Алыста жатқан батырға
Хабар бере барысқа.
Көрібоз бен Mayke қарт



Атты терге жүздіріп,
Дақ тұспеген жотаны
Қопарып шауып, із қылыш,
Қос атпен шапты батырға.

360

Тура басып кетуге.
Жаудың қосы жол алды.
Ілені бойлай төмендеп
Қара оймен оралды.
Күн бата шапқан қос аттар
Түн түгелдей өткенде,
Күн тәбеле жеткенде
Ақсөндің тасына
Аңырақайдың басына,
Өксіп жылап отырып,
Ат шалдышып дем алды.
Алатаудың шоқтығы

370

Көлденең түрған көз алды,
Екі нардың шоқысы
Зенқиіп көзге түскенде,
Батырдың бойын көргендей,
Езу тартып қуанды.
Женін шешіп желпініп,
Ыстық демін шығарды.

380

Күн төбеден ауғанда
Құдықтан атын суарды.
Қайта тартып тартпасын
Өрді беттеп екі қарт
Намазын оқып жол алды.

Отардың жазық даласын
Қопара шауып өр етті.
Шапқан аттың екпіні
Шалғынды шайқап желдettі.



- 390
- Күн тұғырға қонғанда,
Намаздігер болғанда,
Суықтөбе өрімен
Қарттар шыңға кеп жетті,
Зеңгір-зенгір қия тас,
Бірінің аты Қарабас,
Бірінің аты Жалаңаш.
Сұраншының ауылын
Тұні бойы іздепті,
Қайда екенін білмепті.
Tay ішінде тұн де өтті,
Нұрланып шалды күн бетті.
Біріне-бірі екі қарт,
Қалмақ ойған шоқы деп,
Сонау тұрган қара ұнгір,
Қарасайдың қосы деп,
Күн шағылған сонау қыр,
Қызыл күнгей қиясы
Мекені ердің осы деп,
Шошайтысты қолдарын,
Таптық десті болжалын.
Taғы шапты қиялап
Қызыл күнгей бауырын
Іздегенін табуға
410 Алдырды қарттар сабырын.
- 400
- Бұлақты шалғын жайлаған
Белдеуге атын байлаған
Қызылқия қойнынан
Батырдың тапты ауылын.
Сұраншыға жетті де
Жығылды қарттар атынан.
Ақ сақалы су болды
Сорғалап аққан жасынан.



- 420 Арыстан мүше жас батыр
 Сүйеді келіп басынан.
 Төрге алаша тәсетіп
 Орын берді қасынан,
 Әлденеден тарығып
 Бейнесін көрді жасыған.
 Мейірімді туған Сұраншы –
 Елі сүйіп жасынан.
 Жетім менен жесірді
 Атына артып көшірген.
 Ерегіскен жауларын
 Су құйғандай өшірген.
 Тарығып келген қарттарға
 Қайғырып жаны ашыған.
 Қабағынан қар жауды,
 Кірпігіне мұз қатты
 Кім еді деп басынған
 Беттеріне су сеуіп
 Екі қарт есін жиган соң,
 Уақиғасын сұрады –
 Ес танып өткен басынан.
- 430 Көз күрғатып екі қарт
 Арсаланып сүйегі,
 Кемсең қағып иегі
 – Сүйеуім, тыңда, ер, – деді.
 Ерді туып өсірген
 Атасы мен анасы
 Жалпақ жатқан ел, – деді.
 Олай болса жан ботам
 Арқалықтай сүйенген
 Елдің ұлы сен, – деді.
- 440 Селеу болған ақ сақал,
 Зарлы, мұнды үйлі сапар.
- 450 Көз күрғатып екі қарт
 Арсаланып сүйегі,
 Кемсең қағып иегі
 – Сүйеуім, тыңда, ер, – деді.
 Ерді туып өсірген
 Атасы мен анасы
 Жалпақ жатқан ел, – деді.
 Олай болса жан ботам
 Арқалықтай сүйенген
 Елдің ұлы сен, – деді.



460

Таудан іздең батырды
 Жайбарақат келеді.
 Заманнан-заман асқынып
 Зәрін барад жаюға.
 Бөрі түрі айналды,
 Айдаһар мен аюға.
 Иттен де көп хан аты
 Құ ағаштай түспейтін
 Халық үстіне саясы,
 Елді сатты жәлдеп боп
 Алтын алыш баюға.
 Хандар шауып қандатып,
 Қан қақсатып зарлатып
 Елдің басын доп қылып,
 Айналдырыды ойынға.
 Сап түзесіп салдаты
 Сартылдасып арбасы,
 Серейіскен зеңберек
 Бетке ұстаған айбаты.
 Патша кірді қойынға.
 Тезек тәре жол беріп
 Қарғы тақты мойынға.

470

Қоқанды құртқан Құдияр
 Оратөбе тәжігін –
 Көкпар етіп тойында,
 Патшага қарсы тұратын
 Қуаты жоқ бойында.
 Қырғызды қанға батырған,
 Әркімге бір сатылған
 Орман хан бар қолында.
 Қазақты барып талайық,
 Патшадан бұрын алайық,
 Деген мақсат ойында.

480



490

Арамы туған зәнталак,
 Екі көзі қанталап,
 Қасапшының итіндей
 Қолбасшысы анталап
 Салып жатыр ыланды
 Сарыкемердің бойында.

500

Қаракүрым көп Дулат
 Алатау мен Арыстың
 Арасында қонысы.
 Көп болса да, шөп болды
 Хандар жанған өрт болды,
 Көгі, тұтін, жері шоқ,
 Кең жайылым өрісі.
 Басына күн туғанда
 Көрінді елдің кемісі.
 Батыр деген Сыпатай
 Қара басын сауғалап
 Тауға кіріп жоғалып,
 Шықпай кетті дыбысы.
 Арқауы ұзын атаның
 Келте келді өрісі
 Келеді деп ойламай
 Қағынған ханның перісі.

510

Бейқам болып ел жатты,
 Жаудан күші кем жатты,
 Бейқам жатқан сол елді
 Абайсызда жау шапты.
 Құртіде жатқан көп елді
 Тұнде басып сорлатты.
 Қыз-келіншекті қатарда
 Мінгізіп нарға, атанға
 Құсбегі мен бегінің



520

Қошуына жолдатты.
 Жан сауғалап қорынып,
 Қас жауына торығып,
 Суға түсіп обығып
 Қатын, бала зар қақты.
 Қарсы тұрған кісіні
 Атты, шапты кескілеп,
 Құрті бойын қандатты.
 Тұлымдыны құл қылып
 Дағаны мұңлыш үн қылып,
 Ата-ананы аңыратты.

530

Қатар жатқан қарындас
 Бөліп ішкен аяқты
 Ақ қалпақты қырғызым,
 Өзбек деген өз ұлым,
 Халық іші дос-жарлы
 Дос жар халық сүймеуші еді
 Қан төгетін дүшпанды.
 Сондығынан Кене хан,
 Әзірейілдей алған жан
 Қырғыз, қазақ бірігіп
 Күшін қосып ұсталды.
 Жүргегі қара Құдияр,
 Орман бұзық тағы бар,
 Достыққа тағы өрт салды.

540

Қамап жатқан хан әне,
 Қамалып тұрған жан әне.
 Басшысы жоқ Дулаттың,
 Қыларлық айла қысқарды,
 Орман атқа мінгенде.
 Елден кісі шауыпты
 Қазаққа хабар беруге.



550 Жанғарас, Жантай жіберіп,
 Келіп айтқан Керімге.

 Қолым қаптап барад, – деп,
 Елдерінді шабад, – деп.

 Құдияр мен Орман хан
 Ту көтерген өлімге.

 Керім оны таратпай
 Өзі қашқан көлеңдеп,

 Іле бойын жағалап

 Балқаш асып төмендеп.

 Үш күн, үш түн үдеріп,

560 Ақтоғайдан шығыпты
 Қарт бурадай шөмендеп.

Тілеуқабыл, Маямыр
Сарыкемерде шабылды.

Қанмен дала жабылды,

Қанды жастар ағылды.

Ауыр күндер түскенде

Елің сені сағынды.

Қосарлатып ат мініп,

Атқа біздей қарт мініп,

570 Арапады тауынды.

Жауға түсken мал мен жан,

Ағыл-тегіл анау қан,

Қанқор ханның қорлығы

Ес тандырмай не қылды.

* * *

Тұлек бүркіт көзіндей

Шатыннатты батырды,

Дауыл соққан теңіздей

Күш көбігін сапырды.

Алатауды қозғалта

580 Қырға шығып ақырды.



Андас пенен Нарбота,
Дауқара мен Шымырбай,
Туматайды шақырды.
– Жиылыңдар бозбала,
Әбзелдеп мін атыңды,
Азуы мұқыл хан иттер
Неден мұнша шатылды?
Мүжілген улы азуын
Елге неге батырды.

590 Күшті болса қырмай ма,
Қасарып қарсы тұрмай ма,

Обығалы келе атқан
Патша деген кәпірді.
Хан атанған қара бет
Алтын алып сатылды.
Өле жатып опқандай
Халыққа тиіп қатулы.
Жетпесе күшім патшаға
Аламын ханнан ақымды.

600 Көп деп жаудан тайсалу
Еркек емес қатын-ды.

Барып ойран салмасам,
Босатып елді алмасам
Сұраншы қойман атымды.

Буырқанды, бұрсанды,
Мұздай темір құрсанды.

Ақ беренге оқ салды,
Ақтүяққа ер салды.
Е, дегенше үш жүз ер

610 Жиналысып кеп қалды.
Су құятын мес алды.

Күртіні төмен қыдырып,
Желдігін бұта сындырып,



Қопадан арман өтеді,
Шамалғанға жетеді
Жау қарасын қарады
Кемердің толған алабы,
Құмырсқадай қыбырлап,
Жерге сыймай барады.

- 620 Нарбота мен Андасы
Уайымдап жылады.
Сұраншы батыр тістеніп,
Көбін елең қылмады.
Батырға Андас сөйлемді,
Жасық кеңес бергелі.
– Құмырсқадай мынау қол
Топырақ шашсаң жетер ме,
Ақ береннен оқ атсан,
Мыңына бірден өтер ме.
630 Үш жүз кісі ат қойсақ
Жиырма мыңдай нөкерге,
Инемен құдық қазғандай
Оған әсер етер ме.
Көбелектей отқа ұрып
Өртенеміз бекерге.
Әлі де ойлан, батырым,
Осы сөзім бекер ме.
Жетпес біздің күшіміз,
Өтпес біздің тісіміз
640 Оңға шықпас ісіміз.
Теңізге теңес бір тамшы,
Бейне таудың бір тасы,
Үш-ақ жүздей кісіміз...

Қабағы тұсті батырдың
Қара бұлт секілді.

- ❖
-
- Төне түсіп Андасқа,
– Тарт, – деп, – тілің! – жекірді.
Найзадай шашы тік тұрып,
Көтерген шаңырақ уықтай
650 Тақиясын көтерді.
Ашуы қысып Сұраншы
Ақ семсерін сұырды.
Қит етсе кесіп тастауға
Андас жаққа бұрылды.
Енжер болған қорқақтың
Ұнжырғасы жығылды.
Қойнына басы тығылды,
Жігіттерге сөйледі:
– Ел жақтамас көп жаудың
660 Көптігінің себі жоқ,
Оның аты бор кемік,
Салмаққа шыдар белі жоқ.
Озып шабар жүйрікке
Үлдің мен өрі жоқ.
Батыр туған жігітке
Шабатын жаудың көбі жоқ.
Уайым жауға алғызар
Тұнғиық болып түбі жоқ.
Осы қолдың несі көп,
670 Қурап тұрған шірік шөп,
Суырып қылыш ат қойсан,
Қарсы тұrap бірі жоқ.
- Қорықпа да, қашпа да,
Текке үшпасын үрейің,
Қара да тұр топтанып
Жалғыз өзім кірейін.
Мың жау маған бірге есеп,
Мың қарғаға бір кесек,



- 680 Кесек болып көрейін.
 Қорғасынды мен сақа,
 Ұшырамын кенейін.
 Жұртым үшін мен құрбан,
 Жазасын жаудың берейін.
 Жаулар – қоян, мен – сырттан,
 Арасына енейін.
- 690 Еңкілдеген шал анау,
 Шырылдаған бала анау,
 Қуыршақ болған бектерге,
 Келіншек пен қыз анау.
 Көзім тірі тұрғанда
 Қорлыққа қалай көндейін.
 Жауым көп деп жасқансан,
 Сендерді дос демеймін.
 Қашар болсаң мен қырам
 Кетпейсің тірі біреуің.
 Ел үшін жанды қимасаң
 Ер деп қалай сенейін.
 Сенімсіз болсаң оқ қылып,
 Ақтүяқты шаптырып
 Жауға қарсы желейін.
 Қарсы семсер салысып,
 Жағаласып, алысып,
 Не босатып елді алып,
 Не тұтқын боп мен қалып,
 Халық үшін мен ылақ,
 Жау қолында өлейін.
- 700 Ақ сүт берген анам ел,
 Үлгі берген атам ел,
 Адалдығым ісіммен,
 Бойдағы қару күшіммен
 Балалық ақын берейін...



720

Батыр тұрып толғанды,
 Терен-терен ойланды.
 Теңізден түрған желдейін,
 Күтірлеп кеткен сендейін,
 Болкан шашқан таудайын
 Айбарланып қозғалды.
 Патшаның қашқан салдаты,
 Алпыстан асқан бар жасы,
 Бастығы Жагөр Оралдық
 Сегіз орыс, бір татар
 Бірге келген жолдасы
 Батыр соған сөз салды:
 – Бабам менің Қарасай,
 Шапқанда елді жау талай,
 Айырып алған батыры.
 «Арыстан болсаң жау үшін,
 Тұлкідей болсын әдісің»,
 Дейтін бар-ды ақылы.

730

Сіздерден сұрап көмегім,
 Бұйрық қылды демегін,
 Қанқор патша қажытқан
 Сендер де елдің жақыны.

740

Бектер тіккен шатырға
 Шапқым келед ел жата
 Елу жігіт жіберіп
 Ұзақтағы биқтен
 Алатаудан Қараойға
 Жеткізе отты жаққызам
 Алагеуім күн бата,
 Көп әскер деп ойлансын,
 Жагөр досым, тоғызың,
 Тоғыз жігіт тағы да
 Өз қасына қосып ал,



750

Он сегіз болсын жолдасың.
 Жау бүйірі Көктөбе,
 Соған жетіп епте де,
 Күн батқан соң орнасын.
 Бұл бүйірден мен тием
 Ақтүяқты шаптырып,
 Үрейін сонда сен ұшыр,
 Орысша сырнай тарттырып,
 Көнек пенен шелектен,
 Барабанды қақтырып
 Анда-санда мылтықты
 Құр дәрілеп аттырып.
 «Орыс та келіп қалды», – деп
 Есі кетіп сұрлансын.

760

Қуанды Жагөр: – Құп, – дейді,
 Жолдастарым, шық! – дейді,
 Он сегіз жігіт ертіп ап,
 Алабұта панарап,
 Сайлыш жерді жағалап,
 Жау көзіне шалынбай
 Көктөбені беттеді.
 Елу жігіт ертіп
 От жағуды алыстан
 Андасына жүктеді.
 Қалғанына бет бұрып,
 770 Деді батыр: – Жолдасым,
 Тас-талқанын шығарып
 Қират ханның ордасын.
 Күмәнім жоқ, жау қашар,
 Зорлықпен келген көбісі
 Бізге дос бол жалғасад,
 Бектер қашса асығып,
 Дүние жатса шашылып,



780 Қызығу оған болмасын.
Ел үшін туған ер болсан,
Елін бұгін қорғасын...

Осыны айтып Сұраныш
Ағын судай тасынып,
Ашулы көзі жалтылдап
Жайнаған шоқтай шашылып,
Күн де кірді ұяға
Алатаудан асылып.
Ақтүяқтың тартпасын
Қайта тартты ер жөндеп.

790 Болат сүйек бауырға
Тартпасын елі батырып
Қыран құстай қомданды,
Ақ семсерді қолға алды.
Астыңғы ернін тістенді,
Құрыштай құйған қатынып
Қарасай мен Қашкениң,
Кәрі аруағын шақырып,
Жігіттер құйды саумалын
Тегенеден сапырып.

800 Намазшамнан өткенде
Құтпанға уақыт жеткенде,
Ақберенді сайлады,
Қарына найза байлады
Жарқабақта жылтыр тас,
Семсерін соған қайрады.
Жібекпен басын бір тартып,
Ат қойды батыр ақырып

810 Ақырған даусын есітіп,
Жау айнала қарады,
Есінен әбден танады



820

Дәл жанынан гүрсілдеп,
 Барабан құлақ жарады.
 Зеңбірек пе, мылтық па,
 Анда-санда гүрсілдеп,
 Тұтін бүркіп алады.
 Ұзағырақ қараса
 Есепсіз от жанады.
 От мөлшерін есептеп –
 «Мына қолда мөлшер жоқ...
 Құрығанда жүз мындей
 Қосын бар» деп санады.

830

Таудан шыққан сарындей,
 Дүрілдеген жалындей
 Шапқан аттың дүрсілі
 Қопарып жерді барады.
 Аяқ асты, жау састы.
 Қара алbastы шын басты,
 Не мінетін аты жоқ,
 Іздесе киер киім жоқ
 Қойған жерде құрал жоқ
 Есінен әбден адасты.
 Сасқалақтап қосының
 Есігіне таласты.
 Есінен танған begіне
 Есік баққан қосыны
 Оқырайып қарасты.
 Қандай пәле келді деп
 Бақсылары бал ашты,
 Амалсыз жүрген көп құлға,
 Тұндегі айқай жол ашты.
 Қойдай үркіп қол қашты,
 Сұраншы батыр ат қойды,
 Бөгетін алған өзендей
 Азғана сарбаз лап қойды.

840



- Хан, манаптың шатырын
 Қаусатамын деп қойды.
 Бейне бір қатты жел тұрып,
 Қурап тұрған қусаққа,
 Шашырап сала от қойды.
- 850 Нажағайдай шартылдап,
 Бұлт отындай жарқылдап
 Бұркылдаған берендер,
 Тұнгеге қосты түтінді.
 Жалаңдаған ақ қылыш,
 Қыл мойынға кірште-крайш,
 Жүрек тіліп, жан қауып,
 Қысқыр тісі қан қауып,
 Жұзіне қан тұтылды.
- 860 Астына мінген ақтүяқ
 Тоздырып тозаң бұрқырап
 Атқан оқтай жұтынды.
 Аш қасқырдай батырдан
 Қай жау қашып құтылды...
- Есебі жоқ қалың жау,
 Қоршаласып қалысты,
 Ортасына алышты,
 Қарсы семсер салысты,
 Сілтегенде қылышты,
 Оң жағынан он шауып,
 Оны бірдей жер қауып,
 Сол жағынан сілтесе
 Ондал жауын бір шауып,
 Оны бірдей ұндалып,
 Ұстарадай шаш алған
 Жауды батыр сыптырды.
 Бір қозған соң аруағы
 Теңіздей жау – жан-жағы



- Сұраншыға көп емес,
Үш күн, үш түн ұрысқан
880 Сол батырдың соғысы
Рұстемнен кем емес.
Астындағы Аққоян
Қия тасқа басылып,
Ақ көбігі аузынан
Екі жаққа шашылып.
Әбден батыр қызған сон,
Омырауы ашылып,
Қоқанға қарай жау қашты
Қордай белін асылып.
- 890 Ақ семсері ақ шомшы
Қызыл қанды сапырып.
Үш күн, үш түн өткенше
Әсте батыр тынбады.
Томағасын қайырған
Ақиқтай шыңдағы,
Ел жақтаған батырдың
Сағы жаудан сынбады.
Қашқан жаудың артынан
Аққоян атты бір қара
900 Қарасайлап қалмады.
Өлексемен үйілді
Алатаудың сайлары.
Тозандай тозып жыртылды
Ханның ала байрагы.
Қасқырға шауып арыстан
Қанқордың шықты ойраны.
Шабақ қуған жайындай
Бек біткенді жайлады.
Елге келген бүлікті
Дауылдай тиіп айдады.
- 910



Жалынның бетін қайтарып,
Қасқырдан елді айырып
Көтеріп көңіл жайлады.

Бақытты тұған ерлері
Сталиндік заманның,
Сенде ғана батырлық
Сенде ғана татулық,
Ел бастаған ер алып,
Фасыры туды адамның,
Үлттық емес – ел алып,
Ел бастаған ер алып,
Бөлшектену жоғалып
Ер қорғады отанды –
Біздің ерлер қорғаны
Социалдық қоғамның.

920

О, ерлерім, ерлерім,
Ел сүйінген белдерім,
Халықтың қорғар ырысын.
Сұраншыдай жауға шап,
Ерді өсірген ел үшін.
Өртке теңіз шашқандай
Шығартпа жаудың дыбысын.
Жау бетіне қылыш шап,
Елді, жерді гүлденткен
Сталиндей күн үшін,
Қынадай еңбек қанаған,
Ит боп елді талаған,
Қан сімірген қанқорлар
Әлемнен түгел құрысын.

930

939



САУРЫҚ БАТЫР

Төрт домбыра, он саусақ,
Желпініп күйді тербетіп.
Алпыс екі тамырдан
Айнала шауып өрлетіп.
Тау суындаі арқырап,
Шықсын өлең қолдетіп.
Ақын өлең айтар ма,
Желпіндірмей желдетіп?

- | | |
|----|--|
| 10 | Ұстазым Жамбыл – адамның
Бұлбұлы, сөзге алыбы.
Мезгілімен сайраған,
Бұлбұлдың жыры анығы.
Жамбыл жырын жырласа,
Сүйсінеді қалығы.
Суда бөгет болмайды,
Түзу шапқан арығы
Бидай, арпа, сұлымен
Көгертеді тарыны. |
| 20 | Арнадан тегіс жайылып,
Болған соң жақсы қануы.
Арналы бұлақ, кең жайлай,
Заманым таңың жарығы. |
| 30 | Жамбыл айтқан ақылды
Бұл күнгі адам, қарағым,
Бақытты деді елдері,
Бақшалы деді жерлері.
Алтынды қолмен уыстап,
Елдің жанды енбегі.
Батырларды жырлағын,
Жырламайтын ер ме еді. |



Үш дәуірді мен көрдім,
Бұл заманмен тең бе еді.
Қанша батыр болса да,
Жауы жеңсе деңдетіп.
Ел қорғаны болмаса,
Дүшпаны найза қолға алса,
Жылауда болар кем-кетік.

- Кемдік емей немене
Аузынан сөзі кеткен соң.
40 Қас батыры мұң болар,
Жау жағаға жеткен соң.
Найзасы түсіп қолынан,
Ор қазылып жолынан,
Нардай болып шөккен соң.
Жылау емей немене,
Жалпақ жатқан даланы
Өртең шалып жеткен соң,
Зар заман деп ат қойған.
Адамдары тарығып,
Ақ найзасы қан болып,
Елдің ері сабылып,
Анау бір өткен заманда,
Белшеден қанға малынып,
Әділетсіз қан басты.
Бұқараның құні жоқ,
Шашылмаса жалыны.
- Берен мылтық қолға алып,
Әбжыландай толғанып,
Патша әскері ағылып,
Еділ, Жайық, Оралды,
60 Арқа менен Алтайды
Аралап, аттап жол салды.



70

Орта жұз бен Кіші жұз
 Қызыл қанға боялды.
 Қапалға тоқтап мекенде,
 Ұлы жүзге қол салды.
 Қару-жарақ қаттанды,
 Қайғы басты қарттарды.
 Қабынып келген жауына,
 Ел батыры аттанды.

80

Ұлы жүздің мекені –
 Алатаудың төрі еді,
 Алабы шалқар, басы қар,
 Жемісі көп жер еді.
 Өз адамын жіберіп,
 Қарғылы патша Некалай
 Осыларды көреді.
 Шапырашты Дулатпен
 Мекен еткен жері еді.
 Әтеке мен Сарбағыс –
 Қырғыз деген ел еді.
 Ыстыққөл мен Шу деген,
 Олардың ішкен көлі еді.

90

Жердің атын айтайын,
 Тал шоқысы Талғардың,
 Ең биігі занғардың,
 Алматы деген жерінің,
 Мындал өріп жайылған,
 Арқар, марал андары.
 Қарағай мен қайыңы,
 Жер шарындај жұп-жұмыр,
 Көрсөң онда алманы.
 Тобылғы, ырғай, долана,
 Терегі мен талдары.



Онда ара ұялап,
Ағып жатқан балдары.
Оған таяу тағы бар,
Қарағайлы, Қаскелен,
Шамалған мен Қарғалы.

100 Иле деген өзен бар,
Ақ балығы ойнаған.
Аққан сүйн қарасаң,
Бұрқ-бұрқ етіп қайнаған.
Өтеген мен Қазыбек,
Қызылқұм мен Айдарке
Қалың елдер жайлаған.
Жер байлығы осындан,
Егін салып шаруа
Төрт түлік мал айдаған.

110 Қарақия, Майтөбе,
Ұзынағаш таулары,
Ақ бұлағы қайнаған.
Суықтөбе, Балажан,
Басында бұлт орнаған.
Қозыбасы, Қордай бар,
Ебіннің желі заулаған.
Кішікебін, Шоңкебін
Тасыған сүй арнадан.

120 Осы жердің елдерін,
Қырамын деп ерлерін.
Иле, Балқаш, Ертісті,
Аламын деп көлдерін.
Солдаттарын құрасып,
Жіберді патша мергенін.
Алтын, күміс, қорғасын,
Пайдаланбақ кендерін.
Ерентал ояз бастаған,



Алтынемел тауында
Көрді жаудың келгенін.

- 130 Найманнан шыққан Артық бар,
Хабарлады ерлерін.
Ерентал келе ел шапты,
Жібермей тірі көргенін.
Артық сасып Саурықта
Қос ат беріп екі адам
Жіберді бас қып Ерденін.
– Жау шапты келіп елімді,
Сен, – деді, – Саурық, сенгенім.
Найманның сонда қонысы
140 Алтынемел белінде.
Бейғам жатқан ел еді,
Жау басып келді жеріне,
Араның ашып айдаһар,
Алатаудың төріне.
Шабағаншы екі адам
Саурықта жетіп сабалап,
Жылай берді келді де.
Ерентал ояз ел шапты
Көзжастың сол көлдігі.
150 Алматының сағасын
Шапырашты мекендей.
Садағын тартып жай қылыш,
Күндік жерге жетер деп.
Саурықтың қолы үш мындаі
Жол тартты жауға төтелеп.
Ер басына қос ат бар,
Жолға тұсті ертеп.
- Іленің суы қанды су,
Жылжып ағып бұрқылдан,



- 160 Күлмең қағып еркелеп.
 Әскер келді осыған
 Өтпек болып ентелеп.
 Саурық бастап әскерді,
 Қылта жерден төтелеп.
 Жұздіріп судан шұбалып,
 Өте шықты тобымен
 Қос аттарын жетелеп.
 Ілеңің тұпсіз сұнының
 Бетінде әскер балықтай
 170 Қалқып кетіп барады.
 Сауыт-сайман құралын
 Артып кетіп барады.
 Аттың басы қылтылдаپ,
 Ор қояндай бұлтылдаپ,
 Шалқып кетіп барады.
 Суда балық көрінсе,
 Садақпенен ойын қып,
 Тартып кетіп барады.
 Өлеңдерін гuletіп,
 180 Сырнай, керней, барабан
 Тартып кетіп барады.
- Ара күндік жол жүріп
 Алтынемел беліне.
 Шұбалып жатқан боз дөңі
 Қырқа-қырқа керіге.
 Қамап жатқан Ерентал
 Найманның келді жеріне.
 Алыстан Саурық келгенше,
 Шауып алған Найманды.
- 190 Талауға салып адамын,
 Көрсеткен үлкен ойранды.
 Екі көзге жас толып,



200

Бес жұз қолға бас болып,
 Құрытты деп айламды.
 Алдынан шықты Саурықтың
 Артық келіп арыз қып,
 Көрем деп қашан пайданды.
 Он мыңнан асқан қолы бар
 Еренталдай жау келді,
 Елер емес найзанды.
 Зеңбірек күрзі күмпілден,
 Тауды жарды дұрсілден.
 Бірақ алып аяғын
 Басады екен бұлкілден.
 Қарап тұрсаң жүрісін
 Дағиядай кілкілден.
 Мойнына шапан ораған,
 Найзалы мылтық қолында,
 Жолбарыстай қараған.

210

Мұндай жауды көргем жоқ,
 Туғалы деді анадан.
 Тұтқын болып қыз-қатын,
 Жау қолында жылаған.

220

Саурық жүріп жер болжап,
 Биіктің шықты басына.
 Жер мөлшерін көрсетіп,
 Артық еріп қасына.
 Жау қарасын көрісіп,
 Деп сұрады: «Осы ма?»
 Өскерін жиып ер Саурық:
 Дейді: – Жаудан шошыма,
 Дем алып бүгін жаталық,
 Тынықсын аттар осында.
 Бас-аяғын дұрыстап,
 Жабдықтарды қамдағын.



Көлемі мол жау екен,
Қапыда болып қалмағын.
Саурық болып жаралсам,
Болар жауда аруағым.

- 230 Дұз-дұзден бөлді адамды,
 Қамалық деді жан-жағын.
 Күн бата жауға аттанып,
 Шап деді бірің қалмағын.
 Бастығына кездессен,
 Оны өлтіріп салмағын.
 Айтатуғын сөзім бар,
 Ішімде кетер арманым.
 Деп сөйледі көбіне:
 – Қатын менен балада
240 Болмасын, – деді, – жанжалын.
 Еренталды ұстасаң,
 Алып кел маған ұлығын.
 Патшасына жіберіп,
 Жасаймын деді ырымын.
 Ер Қарасай арғы атам,
 Шапырашты ұруым.
 Күн де батты аттанды,
 Болмайды деп тұруым.
- 250 Қоғалыны жағалап,
 Айнала қоршап солдатты
 Күш-қуатын шамалап.
 Жауға тиді ел жата,
 Ақ найзасы сағалап.
 Қарасайлап, ұрандалап,
 Атқа қамшы сабалап.
 Олар да мылтық түтетті,
 Бұқпа сайдан жорғалап.



- 260
- Араласты қалың қол,
Тұра алмады қорғалап.
Найза-қылыш салысты,
Қызыл қаны сорғалап.
Таба алмады солдаттар
Байлап қойған аттарын.
Қарамады бұрылып,
Көрді жаудың шапқанын.
Қиялап кесті қылышпен,
Доптай қылып бастарын.
Атты, жаяу сай-саймен
Көрді жаудың қашқанын.
- 270
- Қалың қолды аралап,
Жан-жаққа қылыш сабалап.
Өліктен жер көрінбей,
Бастары жатты домалап.
Қойторыдан аққан тер
Шашасынан сорғалап.
- 280
- Еренталды ұстады,
Тірідей қолға өлтірмей.
Сөйлерге тілі келмеді,
Жылай берді селкілдей.
Құлағын кесіп құнтитып,
Тұрған бойын сымпитып,
Басына қаза келтірмей.
– Патшаңызға сәлем де,
Тиісті бізге жөн журмей.
Қайтып алсын төресін
Арамызға ендірмей.
Қатын менен баланы
Білемісің таладың.
Жесір менен жетімді
Көгендеп қойشا санадың.
- 290



Жерден үміт қылсаңыз,
Патшалықты жой дағы,
Сонан соң сөйлеп қарағын.
Ерентал, кеше сен қырган
Бейғам момын ел еді,
Сол кегімді аламын.
Патшаңа барып айтпасаң,
Мен өзім де барамын,
Басына ойран саламын.

300

Өзің келіп тиістің,
Бекерге неге қаламын.
Сен бір шыққан бидайық,
Шалғындай шауып орамын.
Патшаның өзі келсін деп,
Шапырашты Дулат боп,
Жолын тосып тұрамын.
Мен Кәшкенің баласы,
Ер Қарасай ұраным.
Алатаудың төрінде,

310

Алматы деген жерінде
Мекен етіп тұрамын.
Бар, – деп жолға салады,
Тартып алып құралын.

Ерентал жолмен жөнеді,
Бұкен-бұкен желеді.
Қапалға барып албырап,
Патшаға хабар береді.
Алатаудың төрінде
Жер байлышы көп еді.

320

Некалай патша сен үшін,
Тамаша бай жер үшін,
Біздің әскер көп өлді.
Шапырашты Саурық бар,



Алматының тауынан
Тосамын сені деп еді.
Көмекке әскер бергін деп,
Айтып жазды деген-ді.
Некалай патша мұны естіп,
Он бес мың солдат жіберді.

330

Колпакоп деген генерал
Солдаттың келген бастығы.
Патшаның досы ол еді,
Қапалдан шығып жол тартты,
Аз ғана емес мол тартты.
Зеңбірегін сүйретіп,
Оқ-дәріні атқа артты.
Алатауға төтелеп,
Лек-лек солдаты
Іленің басын айналып,

340

Алматыға кеп жатты.

Саурық батыр ол кездे
Қарақыстақ, Қастекте.
Шабарманды мінгізген
Көк ала мен мескөкке.
Молжігіт пен Нұрымбет
Шабарманы сол еді.

350

Көмегіне шақырды,
Қазақта батыр мол еді.
Дулаттан шыққан Байсейіт
Бес мыңдай оның қолы еді.
Онымен бірге Сыздық бар,
Кене ханның ұлы еді.
Колпакоптей генерал
Алматыға келді деп,
Тез келуін тіледі.
Іленің бойы ақ тоғай,



- 360 Қалың орман қаптағай,
Сол жерде жатқан кезінде,
Шабармандар келеді.
Садақтарын жондырып,
Атына ерін қондырып,
Аттанып жауға жөнеді.
Қарғалының тауында
Саурыққа бұлар кеп еді.
Үш мың қолмен Саурық та
Атқа мінген кезі еді.
Қол қарасы көбейіп,
Саурықтың толды кемелі.
- 370 Ауыр жүк пен қарттарды
Қарғалыда қалдырып.
Азық-тұлік, тамағын
Қос атына таңдырып.
Үш батыр қолды үш бөлді
Ұран айтып жар қылып.
Шұбалып жолға түседі,
Қара жерді жардырып.
Күн төбeden ауғанда
Ұзын жолды шаң қылып.
Жарым түн мезгіл болғанда,
Колпакоппен айқасты,
Өзен бойын қан қылып.
Алматының сағасы
Онда тоғай, орманы,
Арыстандар ақырса,
Таудың басы жаңғырып.
Қарағай садақ тартысып,
Тарсылдап мылтық атысып.
Топ түрған жері адамның
Ауыр халге батысып.
- 380



390 Үрса алмады бұл түні
Араласып қатысып.
Алматының сұнының
Жағасында Колпакоп,
Бұғып тасқа жатысып.

400 Тау сағалап ер Саурық,
Әскерлерін түнетті.
Біле алмады жолдарын,
Қалың тоғай түнекті.
Таңға жақын аттанып,
Солдаттарға тиеміз,
Сақ болғын деп күзетті.

410 Аспанда жұлдыз балбырап,
Ағашында беткейдің
Қызыл алма салбырап.
Тұнгі сарын желменен
Су сарыны салдырап.
Болжай алмай ой, қырды,
Секіреді арғымақ.
Түнімен жатты екі қол,
Екі жақтан бағысып.
Анық болжап қарасын,
Көре алған жоқ танысып.
Таң шолпаны туғанда,
Атқа мінді барлығы,
Қатынап хабар алысып.
Колпакоп атты зеңбірек,
Садағын Саурық тартысып.
Байсейіт, Сыздық, Саурықпен
Ақылдасты бас қосып:
420 – Бөлелік қолды үш жаққа,
Үшеуіміз басталық.



430

Көптігінен солдаттың
Бекер қорқып саспалық.
Саурық шығып тау жаққа,
Байсейіт тастақ жақты алып.
Сыздық кетті төменге
Өз міндетін атқарып.
Ағаштан адам көрінбей,
Байқамайды топты анық.
Байсейіт жатты атысып,
Жауға қарсы қасқарып.
Күн төбеге жеткенде
Атысты қойып екі жақ,
Лап қойды аттанып.

440

Алматының сағасы
Ажағайдай жарқылдал.
Тебінгіден тер шығып,
Үзенгісі сартылдал.
Ну ағаштың ішінде
Ақ наизасы жалтылдал.
Аққан қаны өліктің
Саз балшықтай балшылдал.
Қойға кірген бөрідей,
Үш батыр жүр алқымдал.
Күн батар мезгіл болғанда,
Екі жаққа екі әскер
Бөлінеді қарқындал.

450

Таудың шығып алқымын,
Демін алды салқындал.
Колпакоптың солдаты
Тұн болған соң тұрмады,
Үрейленіп қалтылдал.
Деді жау бүгін дендетті,



460

Солдаттар қорқып еңірепті.
 Екі жақта тілдесіп,
 Бір-біріне келменті.
 Тұнімен шұбап Колпакоп,
 Түргенді өрлеп Асыға
 Бетін бұрып ол кетті.
 Төрт-бес мыңдай қалғаны,
 Өлмей тірі қол кетті.
 Саурықтың қолы сегіз мың,
 Алты мыңдай ол қалған
 Үрістемдей келбетті.
 Таң атқан соң артынан,
 Саурық қуып бұл кетті.
 Қуғанменен жетпеді,
 Қол емес пе дүрмекті.
 Қайтып келіп үш батыр,
 Ақылдасты бірігіп,
 Тоғайлы жерде кездесіп
 Жау қашты деді дүрлігіп.

470

Қайта айналып соғады
 Кеткенменен сырлығып,
 Тағы да оған қосылып,
 Келер қайтып тынығып.
 Құралы мол жау екен
 Соған сеніп ұрынып,
 Не жеңіліп, не жеңіп
 Тыныштыққа кірерміз,
 Қалмасақ тегіс қырылып.
 Қара үнгірде Сыпатай
 Батырбекпен бір еді.
 Байзақ батыр қайтпайтын,
 Артықша туған ұл еді.
 Төрт Дулаттан тараған,

480



Сол күнгі шыққан күн еді.
 Ошақтың үш бұтындей
 Бұл Дулаттың тірегі.
 490 Екі адам бұған шаптырды,
 Қос ат беріп астына,
 Жеті күндік азығын,
 Бекем қылып арттырды.
 Біреуге хат жаздырып
 Бар жағдайын айттырды.

Бұдан былай қырғыз бар
 Біркүлақ судың бойында.
 Патшаға қарсы шығад деп,
 Дос тұтынып ойында.
 500 Жантайбекке хат жазды,
 Саурық деген ат жазды,
 Сұр жылан кірді қойныма.
 Қазақ, қырғыз ел едік,
 Осыдан келмей қалсаңыз,
 Шашылған канның ызасы
 Деді сенің мойныңа.
 Қоқанның білгіш ұлығы
 Құдияр деген хан еді.
 Зекет құшыр жиятын,
 510 Сол күнгі соның заны еді.
 Білтелі қара мылтығы
 Әскерінде бар еді.
 Қопаң-қопаң желісіп,
 Жантайменен келісіп,
 Тоқпақтан орын ап еді.
 Әскерінің бастығы
 Қанағатша дер еді.
 Жантаймен бірге келсін деп,
 Оған да сәлем береді.



- 520 Өстіп жатқан кезінде,
Колпақоптей генерал
Қайта оралып кеп еді.
Он бес мыңдай солдатпен,
Қолда мылтық берені,
Алматыдан бері өтіп,
Ұзынағашқа келеді.
Саурыққа келіп сөз салды.
Бұқара болып қарайсың
Ақпатшаға дер еді.
- 530 Алатаудың халқы аз,
Шапырашты, Дулаттың
Өте жері көп еді.
Өлсем өліп қалармын,
Қараймын саған демеді.
Сәлемін естіп Саурықтың,
Шакырған батыр келеді.
- 540 Қанағатша Жантай мен
Қол тартып келді Қастекке.
Қой жолдан төмен әскери,
Шатырын тікті төстекке.
Сыпатай мен Батырбек
Жатты келіп бір шетке.
Сойыс берді ер Саурық,
Мейманына құрметке.
Қарамаймыз патшаға,
Қырылып бүгін өлсек те,
Өлгөнмен тең тағы да
Алым-салық берсек те.
Соғыспаққа дайын боп,
- 550 Аттанысты қалың топ,
Саурық пенен Байсейіт
Сасықсайды жағалап.



Қайтпас батыр жалын-шоқ.
Екі арасы бір қырқа,
Қарғалыда Колпакоп
Майданға шықты екі жақ,
Бір-бірінен қорыққан жоқ.

- Бес шақырым арасы,
Сазға шыққан шілікпен,
Орман, тоғай ағашы,
Жотаға шыққан адамның
Көрініп тұрды қарасы.
Зеңбірек атып солдаттар
Дүрсілдеп жатты тау басы.
Құтылғандар көп болды
Зеңбіректің оғынан.
Саурық садақ тартады
Шыға шауып тобынан,
Байсейіт тартып бір жақтан,
Желі тұрып оңынан,
Колпакоптың әскерін
Кейін тепті орнынан.
Колпакоппен сөйлесіп,
Бөлініп шығып тобынан,
Қанағатша Сыпатай,
Олар тайды жолынан.
Уәде берді Жантайға
Шен берем деп қолымнан,
Төрт батырдың көп қолын
Колпакоп ертті соңынан.

Байсейіт пен ер Саурық,
Кеткенін көрді Сыпатай,
Қанағатша Батырбек
Елдігі жоқ ақымақ,

Уәдесіз қапыл деп.
Үш күн, үш түн атысты,
Араласпады жақын кеп.
Сыздыққа хабар береді,
Бейғам болып жатыр деп.
Жеті күн ұрыс тоқтатып,
Дем алалық, батыр, деп,
Екі жақта сөйлесіп
Қорытты соған ақыл кеп.
Әскерін алып асады,
Құтырганның бойына
Самсы жаққа жақын кеп.
Дем алып жатқан кезінде
Талма түстің шағында,
Самсының шығыс жағында
Араласты жылқыға,
Қырық-елудей қатын кеп.
Қатын десе, жау екен
Қырғыз Жантай жіберген.
Ақ наизалы бәрі де,
Қабактары түнерген.
Жылқыны тиіп айдады,
Самалы жаудың түзелген.
Әрістен малды алды деп,
Желіні қыиپ салды деп,
Қатын, бала күніренген.

590

600

610

Қойторысын алдырды,
Жерінен отқа жіберген.
Көре тұрып мал беріп,
Өлмей тірі бұл жерден.
Деп атқа міне жөнелді
Саурық жалғыз елерген.
Эйелі сонда сөйлемді:



- «Асықпа, батыр, сабыр қыл,
Жетерсің қуып кезенден.
620 Күтініп келген жау екен,
Садағын жауға безенген.
Сауытыңды ки, – деді,
Тұймелеғін барлығын,
Сақтан, – деді, – безерден».
Оған Саурық қарамай,
Қойторымен жөнелді.
Тастап кетіп барады,
Қырқа менен өзенді.
Жайдақ атпен, сауытсыз
630 Жауға найза кезенди.
Жау қарасын көргенше,
Ерні шөлдеп кезерді.
Жантайдың қолы өрлеген
Қарақыстақ өзенді.
Қосмойнаққа жеткенде,
Артынан қуып Саурық ер,
Айқасып жауға кез келді.
Оншақтысы жылқы айдал,
Ілгері қарай жөнеді.
640 Қалғандары жол тосып,
Тобымен алды кезенди.
- Найзаларын салысты,
Ат үстінен алысты.
Ақылдасып барлығы,
Істелік деді әдісті.
Саурықтың кеп жан-жағын,
Қауғалады найзамен,
Бәрі бірдей шанышты.
Қойторы сонда сүрініп,
650 Жығылып тасқа қалысты.
Жерге атынан түскен соң,



660

Шаншыды Құрпік бүйректен.
 Ер қасына арт жағын,
 Найзасының тірелткен.
 Артынан салған ақ найза,
 Жарып шықты жүректен.
 Бөлекбай деген ел еді,
 Қырғыздың бір атасы
 Батырлықпен күнелткен.
 Атын алып жетелеп,
 Жылқыға қосты апарып.

670

Қуып жетіп түбектен
 Бірталай мезгіл өткенде,
 Төрт мың әскер қасында,
 Сыздық келді бүйректен.
 Саурықты көрді көк тасқа
 Құйрығын қойып отырған,
 Қуаты кетіп білектен.
 Сонда Саурық сөйлемді
 Кененің ұлы Сыздыққа:
 «Өлгенімше армансыз,
 Баттым талай қызыққа.
 Жері жаман алдырмас,
 Барма Жантай бұзыққа.
 Сен барған соң соғысып,
 Момындар өлер қырылып,
 Мен үшін кектеп қызықпа.
 Колпакоп қамап ол жатыр,
 Сәлем де қазақ еліне,
 Қарамасын патша мен
 Қарғы таққан ұлыққа.
 Сәлем айтқын біздерді,
 Есіне алған ұрыққа.
 Өзбек пен қырғыздың

680



690

Бектері кетті жау болып,
 Мұнысы жақсы қылыш па?
 Шен-шекпенге сатылып,
 Аттанды бізге жорыққа.
 Сен Кененің ұлы едің
 Қамын жеген халықтың
 Бас тартып жаудан қорықпа».

700

Сыздық сүйеп Саурықты
 Сөйлерге тілі келмеді,
 Білінбей сөзі аныққа.
 Ақ патшадай айдаһар,
 Зәрін шашты халыққа.
 Соған қарай аттанғын,
 Көзің сал аш пен арыққа.
 Арызdasып қоштасып,
 Ілінгенім құрыққа.
 Тайторының жоқтығы,
 Қойторының тоқтығы,
 Деп айтып сөйлеп Сыздыққа,
 Найзаны тартып алғанда,
 Жаны бірге шығады
 Сүйеніп тұрған сыныққа.
 Саурық жанын берген соң,
 Аттанды Сыздық патшаның
 Сонша қолын көрген соң.
 Ер жігітке не керек
 Байтақты қызық елден соң.

710

Әр рудан құралған,
 Бәрі бірдей сыналған,
 Жанында төрт мың әскермен
 Маң даланы шаңлатып,
 Қолына ала ту алған.



722

Жауды көріп қуанған,
Солқылдады қара жер,
Абылайлаған ұраннан.
Аттанды жауға со бетпен,
Алатаудың бауырынан,
Көп әскермен шүбалған.



КӨРҮФЛЫ

Домбыраны қолға алыш,
Ойланып қатты толғаныш,
Тыңдауга халық келгенде,
Пернемен саусақ желгенде
«Көрүғылышы» қозғалық.
Сөз шумақтап оралыш,
Бір сөзден бір сөз таралыш,
Желді күнгі жалындай
Сөзім бір кетсе қозданыш!

- | | |
|----|---|
| 10 | Ажалдан қорықпай түйілер,
Аспандап қыран шарласа.
Ақын қуаныш сүйінер,
Тілдің бізін арнаса.
Зымырап жүйрік жүгірер,
Аяқтан біреу шалмаса.
Жау десе батыр киінер,
Тоқталмас кегін алмаса.
Елдігі елдің бола ма,
Ермен жауға бармаса?! |
| 20 | Елшілігі бұзылмас,
Өз жерін жаудан қорғаса.
Ағаш қалар қуарып,
Жапырак, тамыр болмаса.
Теніз де қалар суалыш,
Құятын өзен болмаса.
Өзен де ағар күшейіп,
Бастау, бұлақ қолдаса!
Жамбыл да кетер ағындал,
Халықтың күші қозғаса. |
| 30 | Болат құнын жоймайды,
Тат басып, сынып тозбаса. |



Тот басқаны – тозғаны,
Бәйгеде тарлан озбаса.
Кейін тартпас келген жас,
Жолды ілгері созбаса.

40

Айғайласа екпіндер
Жол басқан кәрі тарланың.
Артта қалды көп күндер,
Игілікке арнадым.
Туғаннан бері аралап,
Талай жерді шарладым.
Кәрілікті сылтау қып,
Жасымадым, қалмадым.
Ел билеген хандардың,
Адамнан шыққан жыртқыштың
Кездестірдім алуанын.

50

Халықты тілмен қорғадым,
Сөз шындыққа келгенде,
Бас кессе де болмадым!
Сөз шындыққа жеткенше,
Құтылып сорлы кеткенше,
Өткір сөзбен торладым,
Өткізбедім шындыққа
Шаригатын молданың.
Отірікке сатылып,
Талай көрдім бұрганын.

60

Корқытып әкім ақырса,
Пара алып, молда шатылса,
Алакөз байлар мал үшін,
Көргенін айтпай жасырса,
Алыпсатар саудагер
Құлығын алдап асырса.



70

Дұрыстық қайдан табылар?!
 Нақаңтан барып дараға,
 Сорлы кедей асылса.
 Жарлығын хан кешу жоқ,
 Қазыда дұрыс шешу жоқ.
 Бас ұрып халық зарласа.
 Сөзінді ешкім сөйлемес,

80

Тойғанынша алмаса.
 Алдау, зорлық, өтірік,
 Біреуге біреу нанбаса.
 Тамақ үшін сатылған,
 Ұлықта ар қалмаса.
 Айтқанменен жалынып,
 Арызынды алмаса.
 Алатұғын қақынан

90

Асырып пара қармаса.
 Ауга түскен балықтай,
 Шыға алмайсың бұлқынып,
 Әділетшің болмаса.
 Күннің көзін көрсетпес,
 Аспанды бұлт шарласа.
 Елдің бағы ашылар,
 Әділеттік орнаса.
 Баланы жақсы өсірмес,
 Бұзықтық шырмап торласа.
 Қасиет болмас халықта,
 Басқарушы қорласа.



100

Надандықтың белгісі –
 Бет келгенде берілер.
 Қожа болып сыртынан,
 Орынсыз бөсіп, елірер.
 Өзінен-өзі мақтанып,
 Буға пісіп семірер.
 Білгіш, жүйрік өзі боп,
 Оңашада көрінер.
 Кердеп басып аяғын,
 Жыртыла жаздал керілер.
 Өсек айтар ел кезіп,
 Еңбек десе ерінер.

110

Ойламай орғып сөйлейді,
 «Білетін бәрін мен», – дейді.
 «Ақылым – арна таусылмас,
 Білімім – шалқар көл», – дейді.
 «Өзімнен артық адам жоқ,
 Аузынан шықса жөн», – дейді.
 Оңбайтұғын өркеуде,
 Дұрыс айтсаң көнбейді.
 Мастандырса мақтаумен,
 Қас дүшпанын көрмейді.
 Ақыл айтқан досына,

120

«Аулак» деп қолын сермейді.
 Жұрген жерін бүлдіріп,
 Халыққа тыныштық бермейді.
 Біреу мақтап қайраса,
 Орынсыз іске айдаса,
 «Жанашырым сен» дейді.
 Ұятқа барып ұрынар,
 Тұмсығы қанаң жығылар,
 Ойына да келмейді,
 Откен құнді еске алып,
 Өзіне есеп бермейді.



130 Аңғал сорлы алақтап,
 Босқа шауып далақтап,
 Жексүрын болып халыққа,
 Қанжілік болып терлейді.
 Айтып өсек, өтірік,
 Қасиетін кетіріп,
 Жүргенін өзі көрмейді.

140 Тұсінбей сондай надандар,
 Өтті қылы замандар.
 Жаны ашитын нашарға,
 Туганша әділ адамдар!
 Жетім менен жесірді
 Тонап алып кей зұлым,
 Мықтымын деп есірді.
 Жері мен малын тартып ап,
 Қонысынан көшірді.
 Нашардың берген арзы
 Қашан дұрыс шешілді?!

140 Қырғынданып қиратып,
 Тіршілігін өшірді.

150 Халыққа азап шектірген
 Сол заманның хандары.
 Қанішер және зорлықшыл,
 Сол хандардың зандары.
 Басына ажал төнгенде,
 Азапты қатты көргенде,
 Халық сонда аңғарды.

160 Ханның бірі Бозайхан,
 Одан да халық зарлады.
 Ешбір ханнан әділдік,
 Халыққа ұлғі қалмады.



Өз қамы үшін соғысып,
Жердің бетін қандады.

170

Бұрынғы бір заманда
Сұлтан өткен Көрүгілі.
Көрден шығып ол бала,
Атанып кетті Көрүлі.
Біраз сөйлеп берейін
«Көрүгіліны» халыққа.
Әшкереле, қызыл тіл,
Откен істі жарыққа.
Ашыла сөйле, көмейім,
Айттар сөзді анықта.
Желіп мен де жөнейін,
Келген кезде шабытқа.
Үстем болсын мерейім,
Он саусағым, талықпа.
Қырандай, даусым, саңқылда,
Тұлкі көрген шаңытта.

180

Қалыспай сөйле, домбыра,
Жамбыл сөйлеп кеткенде.
Деп қалмасын кейбіреу:
«Көрілік бұған жеткен бе?»
Сыр бере қоймас Жамбыл да,
Жас ортаға жеткенде!
Қайрат бітер бойыма,
Жас ортадан өткенде.

190

Ұзаққа Жамбыл сілтеді,
Өлеңнен алып көкпары
«Айт» дегенде айтпасам,
Болармын елге өкпелі.
Мені де халық сыйламас,
Ел қадірін көрмесем.



Сараң ақын демей ме,
Сөз қолқасын бермесем.
Еңбегім жанар тұбінде,
Ел үшін шаршап терлесем.

200

Бозайхан атты хан өтті,
Құлашын кең сермеген,
Женілуді білмеген.
Қан майданда – ұрыста
Қарсыласып келгенде,
Ешкім де төтеп бермеген.
Өзінен басқа хандарды,
Ханбыз деп жүрген жандарды
Іштарлықпен сүймеген.
Жер бетінде халықтың,
Күн астында жарықтың,
«Билеме керек мен» деген.
Қан көрмесе жеті күн,
Бас алмаса екі күн,
Құмартып қанға шөлдеген.

210

Қанды қылыш қанжары
Бозайханның белінде,
Көрші отырған халықтың
Болмады билік жерінде.
Қабағына қар қатқан,
Кірпігіне мұз қатқан,
Рақымсыз Бозайхан
Жүрегіне зәр қатқан.
Жорыққа шығып әскермен
Күні жоқ ханның жай жатқан.

220

Найзасы алтын шашақты,
Жорық жасап жан-жақты,



Жауын қырып жайратты,
Бозайханнан осындай
Малын тонап айдатты.
Қырғын соғыс астында,
Бозайханнан осындай
Шабынды көріп ел жатты.

- | | |
|-----|--|
| 230 | Бозайханның жорығын
Көп еді хандар күндеңен.
Бозайхан шықса ақырып,
Әскерін жиса шақырып,
Жер бетінде бір адам
Езу тартып құлмеген.
Бағындырды Бозайхан,
Ағызып судай қызыл қан.
Жазықсыз елді қырғындал,
Нақақтан кетті талай жан. |
| 240 | Малын шауып алған соң,
Мекенін елдің өртеді.
Ханнан қорлық ел көрді,
Міне, осындай әңгіме,
Елестетер ертені.
Хандар билеп қаланы,
Тарылтты байтақ даланы.
Хан қолында халықтар
Қайғылы және азалы.
Айға шапқан арыстан |
| 250 | Ерегісіп алысқан,
Ашулы және ызалы.
Аш-жалаңаш күйзелген,
Хан аямас қараны.
Ханнан қайғы тартқан ел
Жүректері жаралы. |



Хандар ашу шақырса,
Халықтан өшін алады.
Бұлтқа сілтеп қылышын,
Найзасын көкке тіреген.

260 Қан төгуге құмартып,
Күнде соғыс тілеген.
Үстемдік етіп Бозайхан,
Асқақтап шалқып тасады.
Бозайханның дабылын
Естіген ел қашады.

Жауатын күндей тұлданып,
Қаны қашып сұрланып,
Қия шауып, құзды алып,
Оя шауып, мұзды алып,
270 Басқа жан тірлік етпеске,
Жер бетін де қызғанып.
Қылыштың қаны кеппеген,
Адамның құші жетпеген,
Жер қалмады маңайда
Бозайхан жорық етпеген.

Үрған доптай домалап,
Соғысқан жерде бас қалды.
Шабуылда женгенде
Найзаға шаншып қайтады
280 Өздері кескен бастарды.
Халыққа мақтан етеді
Бозайханның әскери.
Қызық көрмей өмірден,
Құтыла алмай өлімнен,
Құмырсқаға жем болып,
Өлексемен тең болып,
Талай қыршын жас қалды.



- 290 Тасқын өзен-суларға
 Адамнан көпір салыпты,
 Дария, мұхит, теңізден
 Жауына өтіп барыпты.
 Қойдай қырып жауларын,
 Байлығын тартып алыпты.
 Осылай өсіп көнілі,
 Байлығы, жері кеңіді.
 «Хан бар ма,— деп сұрады,—
 Мендей боп өткен өмірі?»
- 300 Көп ішінен бір кемпір,
 Түрегелді орнынан
 Таяғына сүйеніп.
 Құрсінді қатты үш рет,
 Қайғыланды күйініп.
 Түрегелген кемпірге
 Халық түгел қарады.
 Кемпір нұсқап көрсетті
 Kici асатын дараны.
 – Хан мен дардан шошынып,
 Жүргегіміз жаралы.
 Он жеті ұлым бар еді,
 Екеуін ана дара алды.
- 310 Он бесін түгел хан алды,
 Жалғыз кемпір мен емес,
 Ракымды хан сен емес.
 Сексен бескे мен келдім,
 Жетпіс үшке сен келдің.
 Хан болғаннан бері қарай
 Бес жұз жорық жасадын,
 Кемпір-шалды зарлатып,
 Жердің бетін қандатып,
 Түгел жермен теңгердің.
 Біраз тыныштық алатын,
- 320



330

Арқамыз кеңіп қалатын,
 Өлім келіп өлмедің.
 Өзің қубас, балаң жоқ
 Артыңда сенің қалатын,
 Сені жоқтар адам жоқ,
 Сөйлеуге де шамаң жоқ.
 Антым бар менің халыққа,
 Бүгін сөйлеп қалатын,
 Жауға айдал құрыттың
 Халықтың тұған баласын.
 Кесе алмассың тілімді,
 «Бас кесер хан – Бозайхан»
 Деген атақ халыққа
 Түгел тараپ білінді.

340

Жер бетінде адамдар,
 Сен өлген күні қуанар,
 Мен секілді сорлылар
 Жылаудан сол күн уанар.
 Баласын елдің құрытып,
 Тұрсың бүгін шаттанып.
 Сенен жыртқыш аң артық,
 Неменеге мақталық?!

Өмірі қанға тоймадың,
 Әдетінді қоймадың.
 Осыны айтып мен бүгін,
 Өлейін деп ойладым.

350

«Басымды кес», – деп алдына
 Кемпір басын ұсынды.
 Өмірінде Бозайхан
 Сол кемпірден қысылды.
 Бірақ басын алмады,
 Бетінде қан қалмады.



«Жақсы, – деді, – мұнан да,
Ажалдың тұра алғаны».

360

Қайтты үйіне қайғырып,
Шаттықтан патша айрылып.
Он екі әйел біреуі
Сейлесуге батпады,
Хан көңілін жай қылып.
Байлығы көп, елі көп,
Басып алған жері көп,
Алып жатқан жер бетін,
Айтушы еді халықтар;
«Бозайханның малы» деп.
Алтын – қазына сарайда,
Есебі жоқ, саны жоқ.

370

Хандығы кімге қалады,
Өртеніп іші жанады.
Есебі жоқ байлықты,
Кімдер жиып алады?
Көп алдында тілдеген,
Хан қадірін білмеген,
Сол бір мыстан кемпірдің
Сөзі өтіп барады!
«Асыл сауыт үстімде
Гауһар-інжу жағалы,
Қара кек тұлпар астымда,
Алтын-күміс тағалы.

380

Өліп қалсам бір күні,
«Тұяқсыз боп өтті» деп,
Дүшпандар қылар табаны.
Мұрақорым жоқ болса,
Сарайымды шабады».



Хан тағынан құлады,
 Эйелдері жиналышп,
 Хал-жағдайын сұрады.
 Өкпесі бар адамдай,
 Өкіріп жатыр қабандай,
 390 Дөңбекшіді, тұрмады:
 Жасы биыл он бесте
 Кіші уәзір қызы бар,
 Болғандай маған сұлу жар,
 Сол көніліме ұнады.

Он екі бедеу, аулақ кет,
 Сендерден бала тумады.
 Гүлжазира – балғын жас,
 Қыр мұрынды, қиғаш қас,
 Күміс кірпік, алтын шаш,
 400 Қараңғыны жарық қылған,
 Үлбіреген уыз жас.
 Балқып еріп кеткендей,
 Сәулесі түссе қара тас.
 Жазираның нұрына
 Талай адам болған мас.
 Ел көзіне түспейтін
 Бетпердесіз, жалаңбас.

Көрмей ғашық болып хан,
 Шыққалы жатыр шыбын жан,
 410 Жазираны көрмесе,
 Сұлу құшып сүймесе,
 Тірлігінен кетті сән.
 Бас уәзір Барқатты
 Хан асығыс шақырды.
 Жазира үшін қайғырып,
 Қанды жас көзден атылды.



420

Ханнан жауап алуға,
Қасына жақын баруға,
Он екі бірдей әйелдің
Жетпеді қорқып батылы.

430

Сол кезде кеткен жорыққа
Қырық кісілік күші бар
Құлақасқа батыры.
Қандай ашу қысса да,
Соған жауап беретін.
Теңемейтін адамды,
Өте жақсы көретін.
Құлақасқа келгенде,
Қанша шаршап жатса да,
Орнынан хан тұратын.
Жаны болса кеудеде,
Соған көніл бұратын.

440

Аяғын құшып Бозайхан,
Уәзір жатыр жалынып.
Қала ма деп шыбын жан,
Әлде өлер басы алынып.
Хан қасында көп адам,
Бастары қалған шабынып.
Долы ашудың үстінде
Бозайхан жатыр шабынып.

Біраз мезгіл сазарып,
Уәзірге жауап катпады.
Үш күн болды тәсектен
Бас көтермей жатқалы.
Ханға келіп бас ұрып,
Бас уәзірдің жатқаны.
Жарлық етті Барқатқа:



450

Кіші уәзір кешікпей,
 Қызын алып келсін деп,
 Эйелдікке аламын,
 Етті оған хан жарлық:
 Гүлжазира келсін,— деп,
 Кіші уәзір кешікпей,
 Қызын маған берсін,— деп,
 Эйелдікке аламын,
 Осы сөзге сенсін,— деп.
 Орындауға жарлықты,
 Кетті уәзір жүгіріп,
 Үсті-басы шаң болды,
 Аузы-мұрны қан болды,
 Жолда талай сүрініп.

460

470

Кіші уәзірден сол Барқат
 Келе сүйінші сұрады:
 – Осынша халық ішінен
 Сенің қызың Жазира
 Хан тақсырға ұнады.
 Өз күйеуің хан болып,
 Қолыңың осы жеткені.
 Жазираны жетелеп
 Хан алдына жылдам бар,
 Айнып қалса хан тақсыр,
 Боларсың маған өкпелі.

Естігенде Жазира,
 Қалтырап, шошып, зарлады,
 Қанды жас көзден парлады.
 Жетпісте шалға барғанша,
 Күнімді соған салғанша,
 Ажал неге алмады?!

Зарлағанмен Жазира,



- 480 Зарын тыңдар адам жоқ.
 Өлмей тірі құтылмас,
 Көнбесіне амал жоқ.
 Әкесі айтты: – Қарағым,
 Ханға қарсы түрарлық,
 Оған төтеп боларлық
 Ерлігім жоқ, шамам жоқ.
- 490 Гүлжазира сұлуды
 Хан алды он бес жасында.
 Жазықсыз жас балдырған,
 Ноқта түсті басына.
 Гүлжазира құса боп,
 Көзіне жас толады.
 Денесі жастың түршігіп,
 Құсалы, дерпті болады.
 Патша келсе қасына,
 Қайғы түсіп басына,
 Ес-ақылдан танады.
 Айтар сөзден жаңылып,
 Ессіз болып қалады.
- 500 Қанды жас көзден сорғалап,
 Тасыған селдей ағады.
 Көзінен аққан ыстық жас
 Қара тасты еріткен.
 Жазираны кім екен,
 Патшадан аулақ жеріткен?
 Көрген жерден түршікті
 Жазираның денесі.
 Он бестегі Жазира
 Қайғыдан болды елесі.
- 510 Жақын келсе Бозайхан,
 Үрейленіп болды өлмеші.



520

Жетпістен жасы асқанда,
 Жас қыз алып желікті.
 Елден астым десе де,
 Гүлжазира кемітті.
 Қураған шенгел астында
 Өсе алмай гүл солыпты.
 Гүлжазира зарықты,
 Өз теңін ойлад тарықты,
 Көзінің жасын сарықты.
 Жұрген жас қыз шарқ ұрып,
 Торға түскен сұңқардай,
 Қайғы-мұнға молықты.
 Қуанышты хан отыр
 Ақ сұңқар түсіп торына.
 Таққа отырды құлшынып
 Әлдекімнің сорына.

530

Бір бай келді жетелеп
 Жетім тазша баланы.
 Парша-парша киімі,
 Денесі ауыр жарагы.
 Жалаң аяқ, жалаң бас,
 Киімсіз тыр жалаңаш.
 Неше күн тамақ ішпеген,
 Дірдек қаққан сорлы жас.

540

Ашулы бай сейлейді:
 – Арызым бар, хан тақсыр,
 Мал керек болса, мойныма,
 Керегінше сал, тақсыр!
 Осы бір тазша баланың
 Қорлығы маған өтіп тұр.
 Он бес ділдә мойнында
 Бекер-босқа кетіп тұр.



Арызым сізге сол, тақсыр,
Бұл шаһарда, ей, патшам,
Тілі ашы бұл тазшаның.
Көрдіңіз бе, мінеки,
Тазшалардың асқанын?!

- 550 Откен жылы бір тазша
 Болды менің қолымда.
 Осындай тілі қайнатты
 Olsen тазшаның сорын да.
 Бір тазшаның жүз қырсық
 Жүреді екен соңында.
 Биылғы жылы бір тазша
 Кез болды тағы сорыма.
 Тазша біткен босқа жүр,
 Шаһардың былғап көшесін.
 Өзімен бірге қырсаңыз,
 Тазшаларды өсірген
 Әкесі менен шешесін.
 Елді бұзып барады,
 Елге бұлік салады,
 Бұлардың басын кеспесен,
 Кімнің басын кесесің?

- 570 Таңдал алған шаһардан
 Гүлжазира жарыңыз
 Тазшага біздің үйдегі
 Ғашық екен, наныңыз!
 Отірік болса бұл сөзім,
 Басымды, тақсыр, алыңыз!
 Сізден артық көріпті
 Гүлжазира тазшаны.
 «Менсінбеймін, – дейді екен,
 Жетпістегі көрі патшаны».



Ақылың кәміл, ханзада,
Кұнаар болып, қараши,
Сізді құлға сатқаны.

580 Ашуланып Бозайхан,
Тазшаларды жидырды.

Әмірімен шаһарды
Уысына сыйдырды.
Тазшаның тілі тигендер
Бірге келсін тазшамен,
Кімді тілдеп күйдірді?
Бір байбатша болмады
Тазшаларды мақтаған.
Күнәсі жок болса да,
Кедей сорлы тазшаны

590 Байлар қашан жақтаған?!

Тазшаларды дарға асты,
Болмады ешкім ақтаған.
Тазшаларды құлдыққа,
Әр шаһардан келгендер
Сұраса да сатпаған.

600 Шағушының тілімен
Тазшаға патша өшікті.
Тазшалар жүгін арқалап,
Бой жасырып қалқалап,
Патшадан қашып көшіпті.

Қашып жүрген таз болса,
Кез келген жерде шабарлар
Олардың басын кесіпті.

Ішүіне асы жок,
Басында қылтан шашы жок,
Жалаң аяқ, жалаң бас,



- 610
- Енеден туа жалаңаш,
Бір тазшаны жетектеп,
Әкелді дардың қасына.
Жаны ашып, аяп халық тұр,
Қарап үсті-басына.
Тазша сонда зарлады,
Ханға сөзін арнады:
– Өлетең жанда үш тілек,
Тілегімді айттырып,
Арманым жоқ,— деп,— өлтірсе,
Тазша байғұс зарлады.
- 620
- Хан айтты: – Қабыл тілегің,
Тазшага сөз беремін.
Қояр екен не тілек,
Тыңдал сөзін көрейін.
– Бірінші менің тілегім,
Жалынғанмен жан қалмас,
Оны жақсы білемін.
Зияным жоқ адамға,
Күнімді көріп жұр едім.
Тұрмын дардың қасында,
Дар тұзағы мойнымда,
Жастан көрген азабым,
Шаш шықпады басыма.
- 630
- Қарата айтамын халыққа,
Бұдан кейін тірліп,
Келмеспін қайтып жарыққа.
Жендеттерің жан алғыш
Сөзіме тыю салмасын.
Тілім тисе біреуге,
Басымды кесіп алмасын.
Бітіргенше сөзімді,
Мойныма тұзақ салмасын.

-
- 640 Осы сізден тілегім,
Бердім десен, хан тақсыр,
Сөзімді мен бастайын,
Арызыымды айтып болғанша,
Қорқып және саспайын.
- 650 Екі айта алмай Бозайхан,
Тазшаға ерік береді.
Ханнан ерік алған соң,
Тазша сөйлей береді:
– Әмірің жүріп, Бозайхан,
Жорық жасап, дүниені
Қара тұман, шаң қылдың.
Адамға жаның ашымай,
Қырғындастып халықты,
Жердің бетін қан қылдың.
- 660 Рақымсыз Бозайхан,
Тазшаларда жазық жоқ,
Жазық сенің өзінде!
Халыққа тиген зәбірің,
Көрінбейді көзіңе.
Құлағың сал, халайық,
Тазшаның зарлы сөзіне!
Ел шауып ішкен қанына,
Бұл хан тақсыр тоймады,
Сорлы тазша қандарын
Қоса ішуге ойлады.
Ұқсамайды адамға
Рақымсыздық мінезің.
Айдатып мені алдырдың,
- 670 Дар тұзагын салдырдың,
Тазшаның ішіп қандарын,
Сусыныңды қандырдың.
-



Дүниенің жүзін шаң қылдың,
 Жердің бетін қан қылдың,
 Түгел билеп құрғақты,
 «Әмірім тұт!» деп жар қылдың.
 Он екі әйел үстіне
 Жазираны жар қылдың!

680

Гүлжазира сондықтан
 Хан болсаң да, сүймейді.
 Жыртқыш деп сенен шошынып,
 Адам деп сені білмейді.
 Қайғы тартып қасіретпен,
 Езу тартып құлмейді.
 Бір залымның сөзі үшін
 Жетім-жесір тазшаны
 Қыруың, сірә, жөн бе еді?!

Артында қалар балаң жоқ,
 Бізден де қу тақырың.
 Тақыр тірі жүрмесе,
 Хан да бірге асылсын!
 Өз мінінді көрмейтін,
 Хан болсаң да соқырысың!

690

700

Ашуланып Бозайхан:
 – Сөйлетпеші тазшаны,
 Дарға жылдам тарт, – деді.
 Мұндаイラрды сөйлетпей,
 Басын жылдам шап, – деді.
 «Жазираны келтір!» – деп,
 Бір жендетін жіберді.

Ханнан бұйрық алған соң,
 Тоқтамай жендет жөнелді.

Басын жуып Жазира,
 Отыр еді тараңып.



Кіріп келді бір жендет,
 Жарыла жаздал алқынып.
 – Жылдам келсін, Жазира, – деп,
 Хан жарлық етті шақырып.
 Хан ашулы, Жазира
 Бүгін тірі қалмайды,
 Сайрап тұрған бір тазша,
 Қайтсе де сені жалмайды.
 Жазықсыз болса, тазшаның
 Басын хан, сірә, алмайды.

710

Бозайхандай сұлтанды,
 Гүлжазира, сүймедің.
 Бір тазшаның тіліне,
 Енді, міне, күйгенің.
 Қателесіп, Жазира-ау,
 Хан ашуын тербеттің.
 Өз теңің емес, қор болып,
 Тазшалармен бір кеттің.

720

Жазира тұрып жендетке:
 – Келген болсан ҳабарға,
 Ханның еті етіме
 Тікенектей қадалар.
 Байым деп қайтіп жүремін,
 Алдамшыны жан алар?
 Келгелі зарлап жылаумен,
 Тартылды кеуіп тандырым.
 Өлмеген соң шыдаумен,
 Жылап мауқым қандырдым.

730

Мен бір өскен балбырап,
 Бақшалы ағаш жемісі.
 Басында тұрсам салбырап,



740

Жемек болған әр кісі.
 Аласа жерде мен тұрсам,
 Кімнің келмес жегісі?!

Хан емес, ол – қара тас,
 Сонымен бірге жатқанша,
 Етіме сірі батқанша,
 Жазираның әрқашан
 Сол үшін келер өлгісі.

750

Үлбіреген жібекті
 Еріксіз көнге жапсырса,
 Көріне ме жарасып?
 Көнге қалай жабысқан,
 Демес пе еді адасып!
 Өлімді артық көремін,
 Соныменен санаңып,
 Өксүменен өткенше.
 Шыбын жанды қинамай,
 Құтылайын дарға асып,
 Шал дертіне күйгенше.
 Қорлықпенен бүйтіп жүргенше,
 Қаным барып қосылсын,
 Тазшалардың қанына!
 Тазша да болса өз теңім,
 Жатсам, сірә, арман жок,
 Солардың барып жанына.

760

Жазира келді қуанып,
 Құрған дардың қасына.
 Алды-артына қарамай,
 Тұзақты салды басына.
 Тазшамен бірге өлуге,
 Тұрғандай-ақ асыға.



Күлбеттеніп Бозайхан,
Қырындаң теріс қарады.
Гүлжазира өлімді
Өзі сүйіп қалады.

770 Бұйрығын күтіп Бозайдың,
Жендеттері дайын тұр.
Тартпақ ұшін дараны,
Жазираны қия алмай,
Хан тоқталды шамалы.

Жазираның үлбіреп,
Бетінен нұры тамады.
Сонда тұрды Жазира:
– Хан, екі айтсаң – қарасың,
Жендеттерің жан алғыш,
780 Тартпайды неге дарасың?!
Сарайынан Бозайхан,
Жақсы көріп мен тұрмын
Тазшалардың моласын.

790 Дегенде хан «тарт» деді,
Бармағын өзі шайнады.
Қапаланып кан құсып,
Бұл қалай, деп ойлады.
Сымға тартқан күмістей,
Сұлудың аппақ білегі.
Баяулап барып тоқталды,
Жазираның жүрегі.
Тұрса да дарда көз тартты
Сұмбідей тұзу сүйегі.

Жазираны көрген жан,
Жаны ашыды, қайысты.
Тал-шыбықтай бұралып,



800

Он саусағы майысты.
 Таңдап алған Жазира,
 Асылып кетті дараға.
 Жете алмады Бозайхан,
 Бір шыр еткен балаға.
 Сүйіп алған Жазира,
 Кездесті мұндай жалаға.

810

Жақсы көрді Жазира
 Ханнан құлдың өлігін.
 Өлерінде өтінді
 Құлмен бірге көмуін.
 Жас құлдарды қалады
 Жазираның жүрегі.
 Араласып бір кетті
 Өңкей жастың сүйегі.
 Бозайхан күшті болса да,
 Бола алмады жас жанның
 Қоспастай мәңгі тірегі.
 Дем алып, бірге таздармен,
 Орындалды осылай
 Жазираның тілегі.

820

Сонымен екі жыл өтті,
 Жазира жатқан қабырға
 Ағаш шығып жемісті,
 Мәуесі өсіп ер жетті.
 Жемісті көркем ағаштар
 Құлдардың өніп басына.
 Кете алмайды барған жан,
 Тамашалап қасына.
 Ерекше шыққан екі ағаш,
 Еңкейіп келіп қабысқан,
 Біріне-бірі асыла.



- 830 Көрген адам таңырқап,
Кереметін таниды.
Бозайхан бұған тарылып,
Өзінен өзі налиды.
Гүлжазира сұлуды
Тақылдақ тазша құшты ма,
Бір перзент үшін тілегім,
Әлде желге ұшты ма?
Бәрінен де осының
Тағдыры шіркін күшті ме?
Күндіз-түні ұйықтамай,
Бозайхан сүйтіп зарлайды.
Сүйегіне таңба боп,
Баласыздық қалмайды.
Қызығына дүниенің
Аударып көңіл салмайды.
- 840 Өзіне өзі өкініп,
Көзінің жасы төгілді.
Баласыз өттім қу бас боп,
Қайтем деп тірлік өмірді.
Ойлады өксіп егіліп,
Арманда болып барады,
Бір зұлымның тілімен
Жазықсыз қан төгіліп.
Күндер өтті, түн өтті,
Зарлаумен талай жыл өтті.
Бозайханды жүдепті
Бір перзенттің қайғысы.

* * *

Қойшысы ханның Қаракөз
Ұзақта қойын жаятын.
Шалқар түстің шағында



- 860 Айдап барып салатын.
 Құл моланың бағына
 Бір үйиқтап демін алатын.
 Күн түс болса Қаракөз,
 Моланы келіп табады.
 Есіне түсіп жылайды,
 Тазша – құлдар баяғы.
 Өңкей қыршын жастарды
 Қаракөз қатты аяды.
- 870 Соларды ойлап тұрғанда,
 Етпеттей барып жығылды,
 Ортасынан үзілді
 Таянып тұрған таяғы.
- Таяғы сынды Қаракөз,
 Ауыр қайғы зілінен.
 Жай ғана емес – осы сөз,
 Жылайтын ол шынымен.
 Арманда кеткен қыршын жас,
 Зұлым хандар канға мас.
 Қарсылық етіп патшаның
- 880 Бетіне ешкім қарамас.
 «Құрай-құрай, көк серке,
 Қой ішінде сен ерке.
 Иен жерде мен ерке.
 Жақындасан молаға,
 Басасың асыға сен неге?
- Ағаш өнген мәуелі,
 Құлдардың көз жасына.
 Тоқал ешкі маңырап,
 Еріп жүр сенің қасыңа.
- 890 Маңыраған дауысы,
 Бұл молага келгенде,



900

Қалушы еді басыла.
 Аруақпен әлде бұл
 Емес пе екен ашына?!

Сол бір жерге келгенде,
 Қойлар жусап қалады.
 Көлеңкеде ұйықтап,
 Қаракөз демін алады.
 Өрістетіп шаһарға,
 Қойын алып барады.

910

Сол қалада тұратын,
 Қаратоқал ешкінің
 Кемпір екен иесі.
 Қырық ұлы бар кемпірдің,
 Қырық ұлына қырық қасық,
 Еншіге сүт тиесі.
 Сауса сүт жоқ ешкіден,
 Қаракөзді қарғаумен
 Кемпірдің қатты сілесі.
 Қырық баласы шулады,
 Қолына тимей ұлесі.
 Ешкімді сауып ішіп жүр,
 Деп ойлайды сол кемпір,
 Қаракөздің кінәсі.

920

Мұндай ұры қойшыны,
 Ханға арыз етейін.
 Ызасы өтті ұрының,
 Тұбіне сөйтіп жетейін.
 Хан сөзімді алмаса,
 Құлдың сөзін қолдаса,
 Бұл шәһәрден қанғырып,
 Қырық ұлымды алып кетейін.



930

Ашу қысқан сол кемпір,
Ханға арыз етеді.
Өзінен бұрын осы сөз,
Ханға келіп жетеді.
«Сөзімді тыңда, хан тақсыр,
Қолымда қырық ұлым бар.
Сол ұлдарды сақтауға,
Менің қанша пұлым бар?
Қорек еткен ешкімді
Сауып ішіп қоятын,
Қаракөз атты құлың бар».

940

Кемпір сөйтіп зарлады,
Қанды жас көзден парлады.
«Қырық ұлым бар, малым жоқ,
Басқа азық дәнім жоқ,
Аш-жалаңаш мен сорлың,
Сөйлеуге шама, әлім жоқ,
«Әділетті Бозайхан»,
Сенен асқан хан бар ма?
Шаһарыңды таныттың
Талай асқан хандарға.
Қарамасаң қарама,
Мендей кемпір, шалдарға.
Тірі болса қырық балам,
Сенің құлың емес пе?

950

Бозайханның ләшкери
Есепсіз көп демес пе?!

Ерегісіп соғыссан,
Жауды қолмен жеңесің.
Қол көмегің жоқ болса,
Жаудан қорлық көресің.
Қырық құл көп пе, бір көп пе,
Осыған, тақсыр, не дейсің?



Ашулансаң Бозайхан,
Дүниені бөгейсің.

Сұтін ішіп ешкімнің,
Қаракөз құл семірді.
960 Кеселінен сол құлдың,
Қысқартты қырық өмірді.
Ұрлықты, тақсыр, баспасан,
Бұзылады халқыңыз.
Болыспайтын бұзыққа,
Бар еді ғой салтыңыз,
Қаракөзді дараға,
Өлтіріңіз, тартыңыз!

Бозайхан сенді кемпірдің
Жылап айтқан сөзіне.
970 Жендеттерін жіберді,
Қаракөз құлды тоқтаусыз,
Алып кел деп өзіме.
Жендеттер құлды әкелді,
Бұйрық алып ханынан:
– Шыныңды айт, – деп қинады,
Бұрау салып санынан.
Кемпірдің тоқал ешкісін
Сен, Қаракөз, сауыпсың.
Боска жүрмей, Қаракөз,
980 Сөйтіп олжа тауыпсың.
Тұзу жолдан бұрылып,
Арамдыққа ауыпсың.
Шыныңды қазір айтпасан,
Асыласың дарага.
Тамақ таппай кемпір жүр,
Үйінде қырық балаға.



- 990 Қол-аяғы байлауда,
 Қаракөз жатыр зарланып:
 – Дүниеге қызығып,
 Көрмедім, тақсыр, алданып.
 Он сегіз жаста баламын,
 Бір кемпірдің тілімен
 Нахақтан күйіп барамын.
 Осыдан мені босатсан,
 Ешкіні сауған пендені
 Қайтсем дағы табамын.
 Бұйрық қылсаң, тақсыр-ay,
 Күнәсіз өліп қаламын.
- 1000 Құлақ салмай сөзіне,
 Шырқыратты баланы.
 Шырылдаған дауысы
 Аспанды жарып барады.
 Құлақ салды жетімге,
 Даланың тағы андары.
 Жаңғырығып теңселді
 Жер мен көктің занғары.
 Қалдыр деп тірі зарлаған,
 Даусын естіп баланың,
 Қайғырды, өте қамықты
- 1010 Аң, құстары даланың.
 Жетімге сонша жаны ашып,
 Жетім киік жылады.
 Қара тасты жібітті
 Көз жасының бұлағы.
 Жетім қалған анадан
 Киіктің ол лағы.
 Қаралыңдар тірлігін
 Жетімдер түгел сұрады.
- 1020 Орман, тоғай, аспанда
 Жетім құстар шулады.



Хан жарлығын қайырып,
Қайыспады, алмады.
Мейірі түсіп аналық,
Сонда кемпір толғады:
– Қаһар етпе, хан тақсыр,
Мен де бағып отырмын
Қырық әкесіз жетімді,
Отын алдым тоғайдан,
Тоңбасын деп соларды.

1030

Боршаладым етімді,
Жоқшылықтың зарынан
Тоздырдым сұрап бетімді.
Зарын тартқан өмірдің,
Жетім сөзі – өтімді.

Қинау көріп сорлының
Көзінен ақты қанды жас.
Болса өзімдей бұл сорлы,
Боршаланған жалаңаш.
Сауған шығар ешкімді,
Болғаннан соң қарны аш.

1040

Бір ешкіге қараған,
Бір үйде біз қырық бір бас.
Азаптама баланы,
Етіне салып жараны.

Қайтты десең сөзінен,
Алсаңыз, тақсыр, міне бас,
Қаракөз-ая, Қаракөз,
Мен де сенің шешейің.
Жетімдік сенің хақыңа,
Болса да күнәң кешейін.
Зарлатпа, ханым, жетімді,
Қайғы бір тескен көкейін.

1050



Сұрамайын сүтімді,
Бүйтіп қинау салғанша,
Қаңғырып аштан өтейін.
Тілегімді бермесен,
Көз жасымды көрмесен,
Бозайхан, саған не дейін.

– Қабыл болсын, кемпір-ay,
1060 Тағы да сенің тілегің.
«Қаракөзді қина» деп,
Өзің келіп тіледің.
Жетімді жетім қимайды,
Оны да мен білемін.
Бұдан былай сен, кемпір,
Арыз айтып келмейсің.
Кімнен қорлық көрсөң де,
Алдымың менің көрмейсің.

Қаракөзді сол кемпір
1070 Құтқарды қайта өлімнен.
«Ешкімнің сүтін ішетін,
Кім болса да, тауып бер», –
Сұраймын сенің өзіннен.
Кәрі жаным тұршікті,
Қарағым, айтқан сөзіннен.

Өксіп-өксіп жылады,
Шешеге келіп Қаракөз:
– Сүйегімді сындырды,
Ұры деген сол бір сөз.
1080 Он сегіз жаста осындаЙ
Бір жалаға болдым кез.
Сенсеңіз маған, шеше-еке,
Жастан бейнет көргенім.



1090 Әркімдерге жалданып,
Жасымнан бақыт көрмедім.
Бұдан былай ешкінді,
Көзімдей көріп бағайын.
Сауған адам бар болса,
Қайтсем дағы табайын.
Қолыма түссе ұрынды,
Алдыңа шеше салайын.
Ханнан шеккен ызаны
Сол ұрыдан алайын.

1100 Ешкімді болсаң саумаған
Ұрыны тап, жан балам.
Тоқал ешкі болмаса,
Тегене сүтке толмаса,
Ашығамын, сандалам.
Таңдайына ақ тимей,
Шулап отыр бар балам.
Өңкей жетім жылаулы,
Бір қасық сүтке зар балам.
Ұрыны тапсаң сүйінші,
Өзімнен келіп ал, балам.

1110 Әкетті қойын Қаракөз
Ақсандай басып аяғын.
Әзер қойға ереді,
Ашынып зарлай береді,
Демеу қылып таяғын.
Көз айырмай Қаракөз,
Қара ешкіні бағады.
Сол қара ешкі маңырап,
Шөптің басын шалады.
Молага қашан жеткенше,
Қойдың шығып алдына,
Асыға басып барады.



- 1120
- Қой молаға жеткенде,
Қара ешкі қашты жүгіріп.
Қуалады Қаракөз,
Ақсандай басып сүрініп.
Екі қайың айқасқан,
Барады жақын молаға.
Қарап тұр, бір жартастан,
Көрден шыққан балаға.
Табақтай болып көрінді,
Екі көздің шарасы.
Тұп күйесі қазанның,
Денесінің қарасы.
Екі қарыс көрінді
Қас пен көздің арасы.
Деп ойлауға болмайды
Адамзаттың баласы.
- 1130
- Киімі жоқ жалаңаш,
Ешкіге келіп жабысты.
Осындаі бір керемет,
Қара ешкімен табысты.
Ешкіні еміп қақтады,
Жән сұрауға Қаракөз,
Зәресі үшты батпады.
1140 Қашпақшы болды қойды айдал,
Күндеғідей дем алыш,
Қаракөз құл жатпады.
- Айдал келді асығып,
Қойды ерте қораға.
– Белес белден асырып,
Бардым деді молаға.
Көрден шықты бір адам,
Көргенді айтпай бола ма?



1150 Алғашында байқамай,
 Қарадым жай жүзіне.
 Танып қалдым есімнен,
 Көзім түсіп көзіне,
 Мың адам болса пар келмес,
 Сол баланың өзіне.
 Аман қалмас еш адам,
 Келсе егер кезіне.

1160 Кемпірдің тоқал ешкісі
 Молаға барды маңырап.
 Дыбыс беріп басына,
 Болса керек тегінде,
 Сол баламен ашына.
 Ұстамақ түгіл ұрының
 Бармадым жақын қасына.
 Көрден шықты сол бала,
 Маңыраған ешкінің
 Даусы қалды басыла.

1170 Қойынды, хан, бақпаймын,
 Енді саған қой бағып,
 Сірә де, олжа таппаймын.
 Бір байға барып жалданып,
 Жанымды еттеп сақтаймын.
 Дірілдеді шошынып,
 Қаракөз құл жылады:
 Қой бағудан босат деп,
 Ханнан қатты сұрады.

Хан да қатты ойлады,
 Қаракөзге сенбеді.
 Қой жаюға Қаракөз,
 Не берсе де көнбеді.



1180 Жаймағаным қой болсын.
 Деп боздады, еңіреді.
 Қаракөзді басында,
 Шығарды деп ойынан,
 Босатқысы келмеді.
 Болмаған соң зарланып,
 Тілегін патша береді.
 Сол баланы қөрсем деп,
 Қаракөзден тіледі.

1190 – Мен бармаймын, хан тақсыр,
 Ол моланың жанына.
 Барсаң, тақсыр, көресің,
 Құл моланың бағына.
 Оған егер болмаса,
 Қойшың қойды апарсын.
 Өзі-ақ баарар маңырап,
 Қара ешкіні болжасын.
 Бала шығар қабірден,
 Ешкі барса маңырап.
 Батыр болсаң баарарсың,
 Сонда, ханым, әрірек.

1200 Білуімше ол мола,
 Жазираның моласы.
 Дәу де болса ішінде
 Кету керек баласы.
 Бірақ оны ұстауға,
 Ишкімнің келмес шамасы.
 Естігенде Бозайхан,
 Білмеді жылап, құлерін.
 Күрсінді, қатты өкінді,
 Қайғы басып жүрегін.

1210



1220

«Артымда қалса бір бала,
Деп ойлаушы ем тілегім.
Молаға батып бара алмай,
Ұстауға айла таба алмай,
Батырларды шақырды,
Дұрыс ақыл бере алмай.
Уәзірлері шатылды,
Шапқыншымен алдырды,
Құлақасқа батырды.
Қырық кісінің күші бар,
Қысылған кезде әрқашан
Сол табатын ақылды.

1230

– Құлақасқа, батыр-ау,
Қырық батырынды жинашы.
Бір хабар естіп отырмын,
Ойға салып сынашы.
Көзімен көрген Қаракөз,
Өзің барып сұрашы!
Жайын айтты Қаракөз,
Айтатыны сол бір сөз:
Өлтіреді дейді ол,
Қандай батыр болса кез.

1240

Күшке бала ұстапас
Айласын тауып алмаса.
Кім табар айла осыған,
Хан да соны ойласа!
Хан өзі асып өлтірген,
Құлдардың сол моласы.
Кек алуға жаралған,
Болмасын құлдың баласы?

Ол құл өсіп, ер жетсе,
Ханды келіп тебірентсе,



1250

Баруға болмас панаыс.
 Не сөйлейді, мына құл,
 Хан перзенті емес пе?
 Жазира болса анасы,
 Ыште кетсе сол күнде,
 Кімнің бар оған таласы?
 Бұл сөзді хан естісе,
 Ажалдан бұрын өлесің,
 Адам болса ханзада,
 Оны ешкім құл демесін!
 Басың олжа өзіңе,
 Ойламай айтқан сөзіңе.
 Хан естісе бұл сөзді
 Көрінер жаңың қөзіңе.

1260

Есінде бар ма, Қаракөз,
 Бір өлімнен қалғаның?
 Жетім деп аяп, жаны ашып,
 Кемпірдің сұрап алғанын.
 Құлақасқа батырың
 Қаракөзге қадалып,
 Осылайша ақырды.
 Хан сөзіне қараған,
 Бас пайдасын санаған,
 Шығарсам деп атымды.
 Ақылшысын шақырып,
 Толтырды хан сарайын.
 Ақсақалды, қарттарды,
 Қалдырмай көрші маңайын.
 Хан шашады жарлықты,
 «Түгел кел, – деп, – ағайын».

1270

Ат жетер жерден алдырып,
 Жарақтарын сайлады,



- Қылышты белге байлады.
 Өз көзімен көрге,
 Сол моланың басына
 Қоймен барып келуге
 Хан бір ақыл ойлады.
 1280 Басқа адамдар бұл іске
 Ақыл айта қоймады.
 Моласына құлдардың
 Қаптатып қойды айдады.
 Қара ешкіні бақылап
 Келе жатқан алдағы.
 Қой да жетті молаға,
 Қара ешкі жүр маңырап,
 Тыным таптай жаңағы.
 Бір мезгілде қабірден
 1290 Бір үлкен бас көрінді.
 Ханда зәре қалмады,
 Таса жерге шегінді.
- Ақырын байқап қараса,
 Жазираның қабыры.
 Бозайханның бойында
 Қалмады ешбір сабыры.
 Еміп жатыр ешкіні,
 Алды артына қарамай,
 Алыстан болжап хан тұрды,
 1300 Келуге жақын жарамай.
 Талай ой келді басына,
 Бара алмады қасына.
 Мұндей сұмдық көрген жоқ
 Жетпіске келген жасында.
- Қайтуға хан асықты,
 Ішін қайғы ашытты.



1310

Жазираның қайғысы
Ханды сонда жасытты:
– Асыл туған Жазира-ай,
Мұндаіынды білмедім,
Мұндаіынды білгенде,
Құрбан болып жолына
Өзім неге өлмедім?!
Сапар шектің оқыстан,
Қайғындан мен де құлмедім.
Үш-төрт жылдан бері қарай,
Осындаі бір перзентті
Маған сақтап жүр ме едің?

1320

Күніреніп хан отыр
Жалғыз өзі далада.
Неше жылдай зар тартқан,
Құмар еді балаға.
Неше жылдай зарланып,
Баласыз өтті өмірі.
Ұл ма, қыз ба сол перзент?
Анықтап соны білмекке,
Ханның кетті көңілі.

1330

Ешкіні қақтап емген соң,
Кетті кіріп молаға.
Төбешікте хан отыр,
Басқа адам жоқ молада.
Айырған жоқ ұл, қызын,
Қалдырыпты құмда ізін,
Сезді ме әлде бала да?!

Хан келді қайтып сарайға,
Жиналған ел сарайда.
Естіген адам қалмады



1340

Осы тұста, маңайда.
Халыққа хан зарлады,
Тістеулі түр бармағы.
Гүлжазира сұлудың
Оқыстан өліп қалғаны.

1350

Сонда іштегі бала екен,
Келбеті сондай бар екен.
Гүлжазира шын адал,
Мені сүйген жар екен.
Ұстауға сол баланы
Кім ақылын табады?
Барғанынша аузының,
Менен алтын алады.
Ақылы іске аспаса,
Жамандыққа бастаса,
Басы алынып қалады.

1360

Міне, осындай жар салды
Сарайдағы халыққа.
Халық түгел үйлиқты,
Шыға алмады жарыққа.
Тағы да неше қайталап,
Халықтан хан өтінді.
Оңай олжа таппасқа,
Қан жамылып жатпасқа,
Халық түгел бекінді.

Кемпір шықты: – Табам, – деп,
Қара ешкінің иесін.
Қазынаңды бөліп қой
Маған деген тиесін.
Қырық бір адам қараған,
Жалғыз ешкі малым бар,



1370 Қырық балам болмаса,
 Аятын қандай жаным бар?

Ақысын төле, Бозайхан,
 Қара ешкінің сүтінің.
Ендігі ұрым сен болдың,
 Жетті ғой енді күтуім.
Сұрағанда жетімді,
 «Алдыма келме» деп едің,
Мен болмасам, Бозайхан,
 Жетімді аяр сен бе едің?
 Қинау салып нақақтан,
Сол үшін аяп еңіредім.

1380 Артық болса кешерсің,
 Қате айтсам басым кесерсің,
Перзент көріп, мінеки,
 Жанғалы тұр еңбегің.
Сен бала үшін қайғырдың,
 Мен мал үшін қайғырдым.
Жалғыз ешкі сүтінен
 Ала жаздай айрылдым.

1390 Бозайхан сөзге тоқталды,
 – Сүт ақысын ал, – деді.
Кілтшісін шақырып,
 Сарайға алып бар, – деді.
Көтергенше алтын бер,
 Өкетсін кемпір арқалап.
Одан артық сұраса,
 Сол жерде өлтір балталап.

Кілтші ашты сарайды,
 Алтынды кемпір арқалап,



- Жан-жағына қарайды.
 1400 Кемпірдің көзі тоймады,
 Алсам деп тағы ойлайды.
 Кілтші ашып қойыпты
 Қазына талай қойманы.
 Кілтші айтты: – Шешеке,
 Болмайды менің тарлығым.
 Қазынасы ханның көп,
 Көтерсөң де барлығын.
 Орындауға балта алды
 Ханның айтқан жарлығын.
- Сарайдан кемпір секірді,
 1410 Аз алдым деп өкінді.
 Арқалап алтын әкетті,
 Асырауға жетер деп
 Үйдегі қырық жетімді.
 Алтыны көп, бай кемпір
 Қайта келді сарайға.
 Азық алды жетерлік
 Жетімдерге талайға.
- Кемпір айтты сол кезде:
 1420 – Қазір осы сарайға
 Шеберлерді жинасын.
 Неше түрлі ойыншық
 Жасасын олар, тынбасын.
- Сол ойыншық жасалып,
 Екі түрге бөлінсін.
 Бір бөлегі құыршақ,
 Асық, сақа, ат тұрман
 Екінші жақтан көрінсін.
 Өте шебер жасалсын



- 1430 Ойыншықтар қызықты.
 Қызыл-жасыл көз тартсын
 Оюлы және сыйықты.
 Болсын көзді тартатын,
 Ойнағанда баланың
 Құмары тасып артатын.
 Көрген бала айрылмай,
 Жабысып ұстап жататын.
- 1440 Хан әмірі бойынша,
 Ойыншық жатыр жасалып.
 Қуанышқа батқан хан,
 Нұрланады жасарып.
 Ойыншық арба, шаналар
 Бітіп те қалды қашалып.
 Неше түрлі тамаша,
 Бояулы өрнек сыйықты.
 Ойыншықты көргендер
 Құмарланып қызықты.
 Осыларды апарып,
 Қойдырды кемпір молага.
- 1450 Неше түрлі ойыншық
 Шықса бала далаға.
 Әуелі келіп сол бала,
 Жүрді біраз таңданып.
 Қуыршақты көрген жоқ,
 Ойнамақ түгіл қолға алыш.
 Арба менен шананы
 Олай-бұлай сүйретті.
 Үстіне мінді қызықтап,
 Бәрін түгел күйретті.
- 1460 Алды қамши қолына,
 Сезіктеніп қарады



1470

Оңы менен солына.
 Ерге қарғып мінеді,
 Екі жақтап қамшылап,
 Ілгері ептең жүреді.
 Әбден ойнаң болған соң,
 Құыршақтан басқасын,
 Бір жерге әкеп үйеді.
 Баланың еркек екенін,
 Сонда көріп біледі.

1480

Ханға кемпір бара сап,
 Балаларды жидырды.
 Өңкей еркек балаға
 Біркелкі киім кидірді.
 Талдан ат мініп астына,
 Шашақ басын қамшының
 Балалар ұстап үйірді.
 Балаларды қырық-қырықтан
 Екі жаққа бөледі.

Майдан ашқан баланы
 Көрден бала көреді.
 Жақын келмей алыстан
 Біраз байқап жүреді.

1490

Қызып кетіп майданға,
 Балаларды өмір көрмеген,
 Жалаңаш бала кіреді.
 Ойнаң жүрген балалар
 Мұны көріп сасады.
 Сасқанының белгісі,
 Быт-шыт болып қашады.
 Қолға түскен баланы
 Асықтай қағып лақтырып,
 Үстінен таптап басады.



- Сол майданың тұсында
Шыққан жолын баланың,
Батырлар барып алады.
Қалың қолды көргенде,
Састы бала шамалы.
Құлақасқа аңдып тұр,
1500 Бала шыққан тесікті.
Батырларды қиратып,
Ызаланып өшікті.
Қырық кісілік күші бар
Құлақасқа батырды
Жауырынан ұстап ап,
Бұрқ еткізіп лақтырды.
Құлақасқа қорланды,
Ие болмай балаға.
Жолын тосқан батырлар,
1510 Кездесіпті жараға.
- Көрге кірді кідірмей,
Ұстаптай, қылған шарага.
Іске аспады сонымен
Кемпірдің тапқан шарасы.
Қапаланып хан жатты,
Қолына тимей баласы.
Құса болып Бозайхан,
Дүшпандарға болдым деп,
Шыныменен табасы.
- 1520 Бозайханың шаһары
Неше күндей жиылды.
Ұстай алмай қырық күндей,
Істің арты сүйилді.
Қырық бірінші күндерде,
«Дарға ас, – деп, – кемпірді»,



Бозайхан сонда бұйырды.
 Кемпір тұрып «дәт» деді,
 Дәтінді хан «кайт» деді.
 Үйде жатыр қырық ұлым
 1530 Сарайыңа келмеген.
 Қырық ұлым бірдей қапада,
 Сейіл құрып көрмеген.
 Қырық баланың ішінде,
 Жан шақ келмес күшіне,
 Ерекше туған бала еді.
 Сыртқа шықса балаңды,
 Сол ұлым ұстап береді.

Бір күні үйде ұрыс боп,
 Дардана атты сол балам
 1540 Бар баламды бөгеді.
 Дайында темір-сауытты,
 Сенің де балаң қауіпті.
 Осыдан шара болмаса,
 Алсаңыз, тақсыр, міне, бас.
 Байқасып көрсін екі жас.
 Балаң келсе қолыңа,
 Қызығына батарсың.
 Күшімен балам тоқтатса,
 Балаңды алып қайтарсың.
 1550 Қолымнан бұл іс келмесе,
 Балаңды ұстап бермесе,
 Үкімді сонда айтарсың.

Темір-сауыт алдырды,
 Киді соны Дардана.
 Екі жаққа қырық-қырықтан
 Жиылды тағы бар бала.
 Қызды майдан ашылып,



- Шаң-топырақ шашылып,
Бала көріп бұларды,
1560 Көрден шыға жүгірді,
Құр қалғандай асығып.
Қашты тағы бар бала,
Жалғыз қалды Дардана.
Көрден шыққан сол бала,
Жүгірді біраз айнала.
Дарданаға түйілді,
Ұстап алып үйірді,
Дарданаға сене алмай,
Хан қапа боп қүйінді.
- 1570 Үйірген жердің бұрқырап,
Топырағы үйрілді.
Даланы тұман-шаң басты,
Бала мен жігіт айқасты.
Бірін-бірі ала алмай,
Күні бойы шайқасты.
Қара тер бойдан төгілді,
Басқан жер бордай үгілді.
Дардананың үстінде
Темір-сауыт сөгілді.
- 1580 Қолынан ұстап Дардана,
Көр баласын үйірді.
Екі аяғы аспандап,
Басы төмен шүйілді.
Дардананың қабағы
Жауатын күндей түйілді.
Көр баласы мендеді,
Дардана оны дендеді.
Намазшамның алдында
- 1590 Көр баласын Дардана
Астына басып менгерді.



Жиырмадағы жігітпен
 Көрден шыққан сол бала,
 Бес жасында тең келді.
 Масқаралап талайды,
 Көр баласы дәндеген,
 Қырық батыр, Құлақасқаны
 Шыбын құрлы көрмеген.
 Көр баласын ұстады,
 Жігіт еді Дардана
 Анық батыр нұсқалы.

1600

Көр баласын ұстап ап,
 Қайғылы хан қуанды.
 Сазарып қарап, бала тұр,
 Қабағы қайсар шыдамды.
 Топырақтың түріндей,
 Белгілі тұс жоқ етінде,
 Қуаныш, қайғы ізіндей,
 Құбылыс жоқ бетінде.
 Моланың ол тағысы –
 Ашулы бейне арыстан.
 Ұстатпауға адамға,
 Сол үшін ол алысқан.
 Тырнағының көбесі,
 Басын бүркеп саусақтың,
 Қайрылып қайта жабысқан.

1610

Терісіндей түйенің
 Қышырлы еті, қара күс.
 Еті қатты темірдей,
 Ұқсамайды басқа тұс.
 Қаралығы көмірдей
 Жабағыдай ұйысқан
 Бетін шашы жауып тұр.

1620



Қол-аяғы босанса,
Өңінде үлкен қауіп тұр.
Ойында бар босанса,
Әлі де елге шабатын.
Дауысымен шыңғырған,
Адамның есін алатын.

- 1630 Басы үлкен табақтай,
 Екі жағы садақтай.
 Қуанышты Бозайхан
 Алып келді сарайға,
 Алды-артына қаратпай.
 Не қисайып жатпайды,
 Тамақ берсе татпайды.
 Сөз сұрасаң адамша,
 Ешкімге тіл қатпайды.
 Той-тамаша жасалып,
 Шаһар түгел жиналды.
1640 Қазынасын хан ашты,
 Келген адам еркімен
 Осы тойда сыйланды.
- 1650 Отыз күн ойын жасады,
 Қырық күн тойын жасады.
 Тамаша болды жетпіс күн,
 Ат шаптырды алпыс күн.
 Халықта түгел маза жоқ,
 Думан жасап күндіз-түн.
 Бала киім кимейді,
 Тамақты жөндең ішпейді.
 Бұл сияқты өмірді
 Әлде бала сүймейді?
 Киім берсе үстіне,
 Тастанды жыртып айырып.



«Үстіңе киім ки» десе,
 Жауап қатпас қайырып.
 Үстіне киім кигенше,
 Сөйлеп, тілге келгенше,
 Қыз-келіншекті жидырып,
 1660 Қасына қойды Бозайхан,
 Киімге бала көнгенше.
 Үйірлеспей адамға,
 Мінезі болды өзгеше.

Жиналды халық сарайға
 Қойғалы атын баланың.
 Әртүрлі ат әркім ойланды,
 Келгенінше шаманың.
 Түрегелді сөз сөйлеп
 Ақсақалды сары түсті,
 1670 Тоқсанға келген көрі шал:
 – Тұған шығар бұл ұлы
 Бозайханның бағына,
 Мирасқор болар тағына.
 Шыққан жері баланың
 Құлдың көрі емес пе?!

Ақылы жетпес кей адам
 Құлдан туды демес пе?!

Басымды алар хан тақсыр,
 Ашуланса бұл іске.

1680 Баланың көрден шыққаны,
 Не демес ханның дүшпаны?!

Бала – ханның баласы,
 Гүлжазира анасы,
 Дүниенің жүзін билейтін,
 Батыр болар шамасы.

Ал, жиналған халайық,
 Баланы сынға салайық.



Көрүғылы деп ат қойсам,
Болар ма екен ылайық?!

- 1690 Қарттың қойған бұл аты
Ел көңіліне ұнады.
Бозайхан аз жақтырмай,
Ел қабағын сынады.
Халықтың бейім атына
Хан да тоқтап тұрады.
Аты болды Көрүғылы –
Көрден шыққан баланың.
Бәріне түгел жайылды
Хан билеген қаланың.
- 1700 Көрүғылы отыр жалаңаш,
Үстіне киім кимеді.
Қызыққа да қарамас,
Дырдуды тағы сүймеді,
Сөйлеспейді тіл қатып
Адамдармен үйдегі.
Көрүғылыны Бозайхан
Жиі көріп тұрады.
Хан келгенде сескеніп,
Аздап көніл бұрады.
- 1710 Бейімделген мінезі
Ханға ептең ұнады.
- Бірнеше айдай жалаңаш,
Көрүғылы бала шыдады.
Жиылған көп қыздар да,
«Ханның ұлы жалаңаш», –
Деп келеке қылады.
Бірте-бірте Көрүғылы
Келекені сезеді.
Ойламайды моланы,



- 1720 Бетін елге тұзеді.
 Сол халыққа үйреніп,
 Моладан күдер үзеді.
 Үстіне киім киеді,
 Дәмді тамақ бар болса,
 Ептеп жеуді сүйеді.
 Өзі тандап кисін деп,
 Көрүғылының алдына
 Киім, тамақ үйеді.
 Сүйте-сүйте Көрүғылы,
 1730 Қайырым тілге келеді.
 Сұраған сөзге кей кездे
 Сирек жауап береді.
- Көрүғылының қасынан
 Кетпейді аңдып Дардана.
 Жеті жасқа жеткенше,
 Бойына әдеп біткенше,
 Ел ішінде қайратты
 Қасында болды бозбала,
 Сөйлеуге тіл келеді.
- 1740 Батырлар бар қасында,
 Сарайға шығып жүреді.
 Ерігіп біреу ұстаса,
 Үімдап біреу нұсқаса,
 Ашуланып төнеді.
 Сілтеуінен қалмайды,
 Талай адам өледі.
 Өле-өле батырлар,
 Күн санап кеми береді.
 Осы жайды айтуга,
- 1750 Бозайханның өзіне
 Құлақасқа кіреді.



Жайын естіп Бозайхан,
Жарлық берді: – Байла, – деп,
Елді талқан қылмасын,
Байқап соны, ойла, – деп.
Ұстамақ болды батырлар,
Көрүғылы салды ойранды.
Быт-шыт қылып қиратып,
Ашты қатты майданды.

- 1760 Болмаған соң айырды,
 Көрүғылыдай батырды.
1763 Үш жылда барып қосылды
 Адамдарға ақылды!...



БАҚ, ДӘУЛЕТ, АҚЫЛ

Қолыма еріккен соң домбыра алдым,
Өлең қып хикаяны айтып салдым.
Бақ, Дәүлет, Ақылменен серт байласқан,
Көп іздел, бұл үшеуін бек сандалдым.

Үшеуін кез келтірген бұлайша атап:
Бірі – Дәүлет, екісі – Ақыл мен Бақ.
Бас қосқан өздерінің мәжілісінде
«Мен артық», «мен артық» деп болды жақ-жақ.

10 Ақыл айтты: – Мен артық сендерден де,
Тұратын менің орным көкірек, кеуде.
Сіздер сыртта жүресіз жылжып қонып,
Сенен опа көрген жоқ ешбір пенде.

Бақ айтады: – Артықпын менің өзім,
Еш даға кетпейді айтқан сөзім.
Өзім мықты, сөзім пұл, алдымда топ,
Құр бекер мақтанасың жетпей көзің.

20 – Екеуінен мен артық, – дейді Дәүлет,
Мен орнасам табылар күллі сәулет.
Үйде мұлік, ат пен ас, өрісте мал,
Бәрі тоқ: қатын-бала, тұқым, әulet.

Ақыл айтты: – Таласпа, екі ақымақ,
Саған қайда мендей боп өнер таппак.
Екеуің бірік тағы заклад сал,
Озармын сонда дағы жұмыс нақтап.

Үшеуі осылайша егес қылды,
Бақ, Дәүлет ынтымағын біріктірді.



Екеуі асып Ақылдан кетер болса,
Екеуіне билігін Ақыл берді.

30 Ал сонда бір жігіт бар, Башар атты,
 Малы көп, егіні көп салтанатты.
 Күзеткен соның егінін бір ақымақ бар,
 Накұрыс, өзі жынды Мекей атты.

Бақ-дәулет келіп қонды Мекей ерге,
Накұрыс күнде батып жүрген терге.
Бай қылышп, патша қылышп, білгіш қылышп,
Қолын бір жеткізуге талай жерге.

40 Егінде Мекей жүрер торғай қуып,
 Көрген жоқ жақсылықты өзі туып.
 Қойнына тас пен боқты толтырып ап,
 Белбеуін төмендетіп, нықтап буып.

Егіннің қазған құдық айналасы,
Мекейдің қойнында жүр салған тасы.
Көп керуен сол араға келіп қонды,
Ішінде Хакім атты керуенбасы.

Қуанды көргеннен соң керуенди,
Керуеннен бүйректы татпақ дәмді.
Аяңдап келді Мекей қос қасына,
Қинаған тамақ үшін ғаріп жанды.

50 Әдемі тігулі тұр алтын шатыр,
 Ішінде бір байбатша ұйықтап жатыр.
 Малайлар самауырмен шай қайнатып,
 Тағы да бір семіз қой сойып жатыр.

Аяңдап келді Мекей қос қасына,
Бір жұмыс даяр тұрған ер басына.



Малайлар Мекей жайын көргеннен соң,
Қойыпты «тезек сал» деп от басына.

60 Мекекең жағар отын шапшандатып,
Көл-көсір бір олжаға қалды батып.
Киімі құлді көмеш болғаннан соң,
Шешінег от басында терлеп жатып.

Тас түсіп, от басында қалды әншейін,
Мекекең «тас жетпейді» деп, қылмас уайым,
Төрт қырлы бір сопақ тас, қайрақ затты,
Білмейді малайлар да гауһар жайын.

Шай қайнап, ет піскен соң тұрды мырза,
Етін жеп, шайын ішіп, болды риза.
Желлініп кемеліне келгеннен соң,
Шатырдан тысқа шығып жүрді мырза.

70 Біреу жүр, от басында салса көзін,
Адам деп айттар емес оның өзін.
Садақа бұл балаға берейін деп,
Алдырып тоғанақтан берді бөзін.

Мырзаның қабыл болсын берген бөзі,
Қош болды, жылы жүзі, сөйлер сөзі.
Ешкімнің жұмысы жоқ жатқан таспен,
Сол кездे байбатшаның түсті көзі.

80 Байбатша әлгі тасты қолына алды,
Шұқылап тырнағымен көзін салды.
– Сұмдықпен гауһар шашқан айлакер ме,
Япырмай, бұл қалай? – деп ғажаптанды.

Мынау тас сенікі ме, балам, – дейді,
Көңілің қалай женіл алан, – дейді.



Тұрады қайтер ед деп сөзін байқап,
Сенікі болмаса мен алам, – дейді.

Мекей айтты: – Бағана алыш едім,
Қойныма қайрақ па деп, салыш едім,
Керек болса сол жерде толыш жатыр,
Бағана пышағымды жаныш едім.

90

– Ендеше көрсет маған осы тасты,
Жоқ болса өз бойында өшті-қасты!
Әзір қып, тас та болса, пайда қылыш,
Сонымен адалдайық ішкен асты.

– Қайрақтың көрсетейін жатқан сайын,
Көрінер топырағын ашса дайын.
Азғана емес, қайрақ тас толыш жатыр,
Жараса жұмысына, ағатайым!

100

Екеуі әлгі тасты көрмек болды,
Соңынан бұл Мекейдің ермек болды.
Тастары іске жарап пайдаға асса,
Мекейге жалауына бермек болды,

Екеуі келе жатыр жатқан тасқа,
Әркімнің парасаты басқа-басқа.
Хакім ойлап келеді ақылға сап,
Көрсетпесем екен деп дос пен қасқа.

Байбатша әлгі тасты көрді көзі,
Ойлады әрбір ойды тұрып өзі.
Гаунарды топырақпен бүркеп тастап,
Хакімнің Мекей жасқа айтқан сөзі:

– Ей, Мекей, дәuletім көп жұрттан асқан,
Перзент жоқ, кемшілік көп болған бастан.



110 Арманда Хакім ұлға деген болса,
Не пайда киген киім, ішкен астан.

Тұқымың, әке-шешен бар ма сенің,
Мынау ғой кемшілікпен көрген күнің.
Егерде сені жоқтар жан болмаса,
Жалғанда перзент еді менің мұным!

120 Дүнием бар бір басыма менің жетер,
Сөзімде айтып түрған жоқ-ты бекер.
Көрмедім екі қатыннан жалғыз бала,
Шырағым, маған перзент болсан ғылыми?

– Бұл сөзің, ағекежан, құп ұнайды,
Адамға өтірік айту жарамайды.
Жоқ еді жан ашитын жақын бауырым,
Әуелде жазған шығар осындаиды.

Екеуі сол арада уәделесті,
Қайтадан ашпақ болды әлгі тасты.
Мекейді қосқа бар деп қоя берді,
Түйе ізден, басамын деп ішкен асты.

130 Түйесін Хакім келіп аралады,
Табанын тебен тіліп жарапады.
Түйем сарып болыпты дегеннен соң,
Бұларға басқа керуен қарамады.

Көп керуен сол арадан кетті көшіп,
Хакімге кез келтірді тастан несіп.
Босатты жиырма күйіме жүгін сайлап,
Сол жерде тоғанақтың берін шешіп.

– Алып кел сандығымды киім салған,
Бірде олай, бірде бұлай дүние жалған.



140

Қара етік, қызыл қамзол, қамшат бөрік,
Киім жоқ бұл Мекейден аяп қалған.

Мен бір қыз бұл шаһардан алыш едім,
Адам боп кетуге күш салып едім
Бір жылы аяғы ауыр пері әкетіп,
Айрылып күшім келмей қалып едім.

Сол қыздан тұған екен осы бала,
Қаңғырган кезіп, іздең айдалада.
Қолынан перілердің қашып шығып,
Дәм айдаң кез келтірді осы арада.

150

Кәсібі бұл баланың қайрақ жиған,
Егіннен тамағы үшін торғай қуған.
Тапқанын тас та болса тастамайын,
Босанбас өлмей адам бұл дүниеден!

Дүниенің көрген пендे тамашасын,
Әр түрлі күйге салған адам басын.
Он сегіз арба болды – бәрі гауһар,
Күймеге салып алды сайдың тасын.

160

Той қылды, куанғаннан үш қой сойып,
Мәз болды малайлары майға тойып.
Таң атып, күн шықкан соң есен-аман,
Жөнелді тоғанакқа жүгін қойып.

Байбатша үш күн жүрді жүгіменен,
Түйені жүргізеді жөніменен.
Байбатша ел сағынып, озбақ болды,
Олжа қып, тауып алған ұлыменен.

Екеуі келе жатыр екпіндептіп,
Арада бірнеше көп күндер өтіп.



Үш күрең арғымақпен сырылдатып,
Мысырдың шаһарына келді жетіп.

170

Хакімнің басқа адамнан артық затын,
Сабылтты үй сағынып мінген атын.
Хабарсыз ешнәрседен келіп қалды,
Келгенін білмей қалды екі қатын.

Екеуі терезеден көрді мұны,
Немене Хакім жоқта көрген күні.
Үйінен күле-жылай жүгіре шықты,
Келе ме қуанбасқа мұның жөні.

180

Көрісті екі қатын кезек-кезек,
Хакім сонда сөйлейді тілін безеп:
– Байғұстар, мынау балаң, осыны күт,
Бөтен деп, қалманыздар, бойды тежеп!

Сұрасаң бұл баланың Мекей атын,
Алып ем Бағдаттан мен бір қатын.
Бір жылы аяғы ауыр пері әкетіп,
Балам келген, періде қалған қатын.

Қуанды екі қатын тамаша әйлап,
Салады кілем, көрпе үйге жайлап.
Шаһарға той қылуға жұмсау үшін,
Мың тіллә шығарады оған сайлап.

190

Шақырды падишасын бас қып тұрып,
Тойғызды кәрі-жасқа май қаптырып.
Қазынаға алтын салған ұлken кіріс,
Шаһарды тегіс жиды ат шаптырып.

Той өтті, неше құндей қызықпенен,
Әуелде не іс болса сызықпенен.



Патшасы әділетті, бек мұләйім,
Ісі жоқ тәкаппарлық бұзықпенен.

200

Патшасын қонақ бол деп шақырды үйге,
Бақ-дәулет жеткізген соң мұндай күйге.
Зияфат, ғиззат, құрмет біткеннен соң,
Базарлық асыл берді екі күйме.

Сонан соң дүкенге бұл кіргізді,
Әр жерден сауда менен жүк жүргізді.
Үстінен төрт магазин басшы қылып,
Мекекен піркәшікті сол ергізді.

Гауһарды тазалады маймен жуып,
Кетірді топырағын әбден қырып.
Бір магазин гауһарға жеке салып,
Тұрады Мекей сонда сауда қылып,

210

Осындаи саудаменен үш жыл тұрды,
Серілік, үлкен базар, дүкен құрды.
Баса алмай серіліктен екі аяғын,
Шаһарда қыз біткеннің бәрін көрді.

Токтатпас ақылға сап өзін-өзі,
Ешкімді ұнатпайды түссе көзі.
Айнымалы бүркіттей мінезі бар,
Бір күн он, бір күн теріс айтқан сөзі.

220

Хакім айтты: – Сен бүйтпе, балам, –дейді,
Көнілің болып жүр ғой алаң, –дейді.
Қай қызды алам десен, әперемін,
Бұл күнде келіп тұр ғой шамам, – дейді.

Мекей айтты: – Қыздардан қыз алмаймын,
Шаһардың көп қызына көз салмаймын.



Асылзада патшаның тұқымы ғой,
Патша қызын алмасам тұра алмаймын!

Хакім айтты: – Патшаның ұлы да жоқ,
Перзенті жалғыз қызы көңіліне тоқ.
Патшазада болмаса бізге бермес,
Шырағым, бұл сөзіңнің еш орны жоқ.

230

– Бізге бермей қайтеді патша қызын,
Ай сайын алтын беріп тұрсың өзің.
Мысырда бір өзіңнен бай адам жоқ,
Бұзады қандай адам сенің сөзің.

Хакім де бұл сөзінен аса алмады,
Көңілін баласының баса алмады.
Патшага жалғыз барып, жолығам деп,
Қасына дос-дүшпаннан кісі алмады.

240

Патшаның сарайына келді кіріп,
Ханымыз көрпе салды, өзі тұрып.
Қазынага ақша салған ұлкен көпес,
Тұратын әр ай сайын алтын беріп.

Ханменен мәжіліс құрды бір сарайда,
Сөйлесе екеуінің тілі майда.
Зияфат, ғиззат, құрмет біткеннен соң,
Патша айтты: – Қолқанды ал, кетпе жайға.

Хакім айтты: – Өзің ал қалағанды,
Бермессің қолқа қылып сұрағанды.
Серт айтып, қол алған соң мен айтамын,
Сұраймын бір өзіңнен тарағанды.

250

Патша айтты: – Тараганның жөні келмес,
Падиша жай адаммен болмас теңдес.



Мирасқор қыз да болса жалғыз еді,
Балаңың ақылы толық болса сөйлес.

Хакім айтты: – Бір жалғыз перзентіміз
Сенде де бар, падишам, менде де бар,
Бала үшін екеуміз де жыладық зар.
Жолы бар бұрынғының келе жатқан,
Баланың алтын-күміс меһерін ал.

260

– Ей, Хакім, өзге жаннан жөнің басқа,
Келдік қой екеуміз де орта жасқа.
Баламды басқа жанға бермес едім,
Қолға алып, серт айтып ем, әуел баста.

Баламды мен беремін өзің үшін,
Бересің жүз пүт гауhar меһер үшін.
Екеуміз қол ұстасып дос болған соң,
Барайық Мединаға құдай үшін.

Берейік балаларға мал мен бақты,
Ел-жүртпен және дағы таж бен тақты.
Жас өтті, неше жылдай болдық надан,
Болайық біз де енді ғибадатты.

270

Сол Хакім хат жазады Мекей жасқа:
«Жүз пүттү безбенге сал, гауhar тасқа.
Мен мұнда патшаменен құда болдым,
Меһери – жүз пүт гауhar малдан басқа».

Гауharды әкеледі хатыменен,
Жегулі үш пар қара атыменен.
Патшаның сарайына әкеп төкті,
Құдалық бітіп қалды сәтіменен.

280

Сөйлесер мылжың емес тұні бойы,
Хакімнің қабыл болды айтқан ойы.
Дегенге елу жыртыс талас бар ма,
Тағы да қол ұстасар болды тойы.

Той болды, қол ұстасар, шаш сипатар,
Оңаша бір сарайда Мекең жатыр.
Жиылған қызы, келіншек қынаменді,
Ешбірін теңсінбейді Мекең батыр.

Оларды жан екен деп менсінбейді,
Өзіне патша қызын теңсінбейді:
– Күйеужан, басың көтер, бер кел, – десе,
– Ол қыздың өзі маған келсін, – дейді.

290

Осындай қызықпенен үш күн өтті,
Мекенің ақымақтығы жұртқа жетті.
Бір тұні қызды әкеліп берді дағы,
Жиылған көп қатындар шығып кетті.

Қыз қалды күйеуменен оңашада,
Қараңдар, аға-інілер, тамашаға!
Екі қолы төбеде, үндеңейді,
Қаншама жақын барып жанаса да.

300

«Бармады жук түйеге, түйе жукке»,
Қыз байғұс ұшырады мұндай кепке.
Не екенін білмейді мырзасының,
Осы тұн рәсуса болып өтті текке.

Шат болып, қыз ханша күле алмайды,
Ешкімге түзу жауап бере алмайды.
Кеш батып, келер інір тағы болды,
Мырзаның халі-жайын біле алмайды.



Қатындар қызды әкелді тағы бастап,
Бір үйді екеуіне қойған қостап.
Қызды әкеліп қасына отырғызып,
Жиылған көп қатындар кетті тастап.

310

Шымылдық, есік жауып, салды төсек,
Пенденің ойлағаны болмайды есеп.
Не де болса армансыз сөйлескелі,
Бетіне жақын келді бетін төсеп.

Ағалар, мен айтайын кепті дейді,
Қыз сондай бек тамаша епті дейді.
«Мырза-еке, төсінді шеш» деген екен,
Аузынан бейшараның тепті дейді.

320

Қыз кетті тепкен кезде мұрттай ұшып,
Қан ақты қүрек тістің бірі түсіп.
– Қор болдым, бір наданға, дарига, – деп,
Келеді атасына құстай ұшып.

Атасы мұны көріп, шошып кетті,
– Басыңа не күн туды, балам? – депті.
Өне бойы қызыл қан, тісі кетік,
Патша қызын осылай өкпелетті.

– Қорлықтың бүгін келдім дәмін татып,
Байқадым күйеуімді ұш күн жатып:
«Жылқы екен қыздың байы, тәнірі-ай!» – деп,
Жіберер пұлы келсе арзан сатып.

330

Екі күн сабауменен күнім өтті,
Аузыма бүгінгі күн қатты тенті.
Меруерттей қайран тісім болды кетік,
Қалайша душар қылды бұл бейнетті?



Шақырды жендеттерін патша сонда,
Хабарсыз Мекең жатқан бір сарайда.
– Бар да күзет, өлтірем дараға асып!
Айрылма сол күйеуден бұгін таңда.

340

Жендеттер шығып кетті сөз үққан соң,
Ашуланса патшаның мінезі тоң.
– Жазалап халық алдында өлтіремін,
Алып кел дар басына, күн шыққан соң.

Жасауыл таң атқан соң алды байлап,
Темірлеп қол-аяғын, әм бажайлап.
Шошқаның қабанында есер шіркін,
Беталды жалынып жүр «ағатайлап».

Сүйретіп алып келді дар басына,
Мінді ғой Мекең батыр шар басына.
Бақ, Дәүлет, Ақылменен серт байласқан,
Дәл келді үшеуінің уағдасына.

350

Аяндал келді Ақыл Дәүлет, Баққа:
– Мұнша обал қылдындар ғой бұл бейбаққа,
Жай жүрген бейшараны әуре қылып,
Ажалға өлтірдіндер мұғаллаққа.

Бақ, Дәүлет ұялады төмен қарап,
Ақылға сөз айтпады тұра қарап.
– Сіз мұның ажалынан алып қалсан,
Женеліп болар едік сізге тарап.

360

– Қой сендер, таласарсың әлі маған,
Алып қал екеуінің келсе шамаң.
Шамаларың келмесе қарманайын,
Өнерің екеуінің бітсе тамам.



– Тоқтайық, бекер-босқа кетер өліп,
Байғұстың ажалына болдық серік.
Сіз мұның қеудесіне кіріп алып,
Алып қал патшамен сөзге келіп.

Ақыл барып қеудеге қонып қалды,
Ой ойлап, іші сөзге толып қалды.
Жасауылдар сүйретіп дар басында,
Патша да уәзірімен келіп қалды.

370

Патша әмір қылды тақта тұрып,
Жендет тұрды мойнына шынжыр ұрып.
– Үш ауыз айтатын арыз бар, – деп,
Алдында Мекей тұрды қол қусырып.

– Ей, тақсыр, өлтірсөніз, міне басым!
Дер уақыт осы күнде келген жасым.
Мен тептім балаңыздың ауызына,
Айтайын тепкенімнің хикаясын.

380

Дүниеге бұл балаңыз келген екен,
Бұрын да сан балаңыз өлген екен.
Рәсім, ырым қылып өлмесін деп,
Өуелде ит емшегін берген екен.

Ағалар, мен айтайын кепті, – дейді,
Майда тіл Мекен болды епті дейді.
Аузынан «арам тиген» қан шықсын деп,
Ойға сап соның үшін тептім, – дейді.

Екінші сөзім мынау ойыма алған,
Ей, патша, қызықтырды сізді жалған.
Заңына шаригатың жатпайтын іс,
Жарай ма, жүз пұт гаяхар меһер алған?



390

Ушінші, сөзім арты бітсін тамам,
Айырар ақ-қараны сіздей адам.
Қайсыбір надандарша түк білмейтін,
Некесіз, қызынды әкеп бердің маған.

Алдыңа кез болыптын бүгінге дәл,
Хакімнің шарбағында мен жалғыз гүл.
Өлім халге таянған соң сөзімді айттым,
Жә өлтір, жә өлтірме, өзіңіз біл.

400

Патша да бәйбішесін шақырады,
Жендетке «тез әкет» деп ақырады.
Мәнісін тексерместен күш қылдым деп,
Ісіне бұрынғы өткен қапы ұрады.

Бәйбіше айтты: – Бірталай жасқа жеттім,
Күн-түні перзент сұрап үміт еттім.
Алдыңғы балаларым тұрмаған соң,
Біреудің айтуымен ырым еттім.

Падиша ұялады бұл ісінен,
Амалсыз айырылғандай өз қүшінен,
Мекейді сарайына қоя беріп,
Үйіне қайтып кетті көп кісімен.

410

Шақырды бәйбішесі мен патша қызын,
Айтады ақылымен жақсы сөзін:
– Ақылы, парасаты түгел екен,
Қылышты жорта тентек Мекей өзін.

Алғаның құтты болсын, жаным балам!
Сөзіңен қатты ұялдым мен де жаман.
Ақылның екеуінің бірдей болды,
Ризалық берді саған ата-анаң.



420

Сол патша той қылдырды шаһарына,
Патшаның кім шыдайды қаһарына.
Ақырында күйеуіне көнілі толып,
Үяттың қала жаздал шатағына.

Ел жиып, патша сонда той қылдырды,
Әшкере патшалығын әм білдірді.
Мекейге патша беріп тәж бен тақтын,
Патшалық қағазына қол қойдырды.

Екі бай Мекке жаққа жүріп кетті,
Мал-мұлкін екеуіне тастап кетті.
Бақ, Дәulet, Ақылменен таласса да,
Ақырында екеуінен Ақыл өтті.

430

Ал, жігіттер, бұл сөздің шешуін тап,
Бай болғанмен не боларсың, болсаң ақмақ.
Ақымаққа мал бітсе мас қылады,
Ақылсыз түк бітірмес мал менен бақ.

437

Бұл сөзден үлгі алындар, құлакты сап,
Ақыл болса көпіртпей аузынды жап!
Тудырган соң аз сөзден көп мағына,
Елірмей, сен де тоқта, тіл менен жақ!



ВОРОШИЛОВ ТУРАЛЫ ДАСТАН

Тағы да өлім желі өрт боп есті,
Тағдырды қорғасын мен болат шешті.
Абиссиния тауында ажал ойнап,
Испан ұлы ыстық қан белден кешті.

Манчжурді қара тұман түнек басты,
Қытайға жалмауыз жау араласты.
Кек қайнап, қас дұшпанмен арпалысып,
Ызамен қалың қытай жауға айқасты.

10 Піскен егін «бас шайқап» сыйырласты,
Мен де бүгін шығарам даусымды ашы.
Дала мұлгіп тұнжырар, түршіккендей,
Тау делдиіп үріккендей, тың тыңдасты.

Құздан құлап бұлақтар шуылдасты,
Орман, тоғай оянып дуылдасты.
Жасырынып көкорайдың астын қуып,
Зулаған арық шуы көкке ұласты.

20 Көк терек сұлу қыздай түзеген тұс,
Жайқалған ақжонаста егін, күріш.
Айдын көл қалың қамыс, қоға басқан
Шайқалад, естігендей сұық сыйыс.

I

Төгіл жыр, кез жиһанды, шырқа әнге сал!
Кілемді Түрікменнің түбіне бар,
Қазақстан жерінде желдей есіп,
Бақшалы Өзбекстан гүліне бар.



Арала Тәжікстан асқарларын,
Мұнайлы Азербайжан астарларын.
Одақтың он бір елін түгел шолғап,
Бір толғап түйінді жыр тастар шағың.

30

Мен қартпын көпті көрген кәрі бұлбұл,
Ежелден ел жырлаған көне Жамбыл.
Бүгінде жырым жаңа, құнім жаңа –
Әнімін жас елімнің – қыраны алғыр.

Ел шауып, жұрт жылатқан хан мен бекті,
Жырлауға даусым шықпас сүм жендетті.
Мен жырлаймын, көтерем көкке атын
Елім ері халық сүйген болшебікті.

40

Ленин мен Сталиндей терең ақыл,
Өсірген Нарком етіп сөзі нақыл.
Басшысы Армияның әлемге айғақ –
Арналад бұл өлеңім – Клим батыр.

II

Патшаның лағнат қамыт тағыменен
Миллион жан жоқшылықтан таяқ жеген.
Баяғыда қор болып өтсе қазақ,
Зорлықтан Украина да зар еніреген.

Мұнда – бай, онда – сорды помешиктер,
Күш қайда қарсы тұрып оған тіктер.
Тек қана домбыра мен бандураның
Үнінде ізі қалды ауыр жүктер.

50

Жарлылық, қараңғылық жұртты басқан,
Украина, даласында Қазақстан.



Есіттім, көп уақыға көзбен көрдім,
Ондағы қара күнді өткен бастан.

Семірді помешиктер елді сорып,
Егінін еңбекшілер берді орып,
Молда, поп уын шашып, елді аралап,
Халық көзін ашпауға алдын торып.

Құзғынша политсиа елді бақты,
Айдады, атты, шапты, түрме жапты...
Осындай қара күнде Клим туды –
Өмірде қорлық, зорлық бейне абақты.

60

Қара су, қара нан жеп сары белде,
Құдайға құл болғанда, байға пенде,
Шыжыған ыстық күнде егін орып,
Мал баққанды білерсің қазақ сен де.

Ол өсті жауқазындей сусыз шөлде,
Тұрақсыз ебелектей дауыл, желде.
Мал бағып жастық шағын байда өткізді
Жалаң аяқ, жалаң бас ыстық жерде.

70

Аңының көрдік талай дәмін алып,
Өмір қадірін таныдым арып-талып.
Қазақтың малды баққан жалшылары
Сүйеді өз Климін ұғып, танып.

Білеміз Клим өмірін, біз де көрдік,
Танимыз Клим өмірін, түзде көрдік.
Сондықтан да, қастерлі бізге Клим,
Қашанда сен біздіксің, біз де сендік.

Қазақтың малшылары мыңдан таңдал,
Өсіред көп жүйрікті Климге арнап.



80

Ен тағып, кекілін кесіп, «мынау» дейді
Шығатын сан тұлпарды топтан самғап.

III

Өтсе де жастық шағы азаппенен,
Кеміту, қорлық, зорлық, мазақпенен,
Клим есті, ер жетті, жігіт болды,
Семсердей өткір, өжет, болат берен.

Зауытта ол ерлігін елге танытты,
Алтындај жұмысшылар көзін тартты.
Тап арын, табан тіреп таймай сақтап,
Күреске парасатпен тартты халықты.

90

Жуанға күші көп деп бас ұрған жоқ,
Кез келсе бетін ашты, жасырған жоқ.
Тап үшін күшті күрес қуатымен,
Бойынан жау қылығын асырған жоқ.

Донбастың шактысында қайнаған кек,
Қатқан кез, айтып болмас пәлендей деп.
Жұмысшы қалың қолын көтеруге
Тұрғанда іштен тынып күтіп бір «леп».

100

Бұл лепті сонда оларға Клим берді,
Қалың топ Донбастағы соңына ерді.
Қызыл Ту жел көтеріп жалын жанды,
Жалауы қайнаған кек басты жерді.

Көтеріп таң сөулесі Клим ерді,
Жатпауға жанның кегі хабар берді.
Сондай кекті жырласам еске салар,
Хан Жәңгірге аттанған қалың елді.



Бір күнде Исатайдай кажырлы ерім,
Көтерген ханға қарсы байтақ елін.
Тұлпардай тұяғынан от жарқылдаپ,
Қалың қол Сарыарқаның басқан белін.

- 110 Ашулы қатқан қабақ елдің кегі,
Аттанған зұлымдыққа асқан шегі.
Алдында Исатайдай батыр бастап,
Қамаған хан ордасын қазақ елі.

Клим ер тамам ұлтты алға бастап,
Көтерген қалың қолды жауға нұсқап.
Ер қадірін әрине халық ұмытпас
Көтерген ел теңдігін туын ұстап.

IV

- 120 Зарлатып жетім-жесір, сан бейбақты,
Оқ, қылыш, темір бұғау қанға батты.
Ерлерді ел бастаған теріп алып,
Сібірге патша залым қуды, айдатты.

Жерлерден қарлы боран жолды басқан,
Аязда шықыраған түтеп аспан,
Жасқанбай зұлым патша зардабынан,
Талқан қып тас бұғауды Клим қашқан.

Босаған жас қырандай тар қапастан,
Ол қашып Каспий өтті тау мен тастан,
Жасырынып патшаның жендетінен
Бакуге – үлкен кенді мұнай аққан.

- 130 Бакуді біз білеміз – тарихта аты,
Еліне еңбекшілер мәлім даңқы,



Бастаған Сталиннің өз қолымен
Бакудің пролетарын зор қайратты.

Бакуді өзім барып көргенім жоқ,
Қанықпын – көрмесем де естімін көп.
Сықылды қара меруерт біздің Ембі,
Жанады Қазақстан жүлдзызы бол.

140

Білемін онда бұрап жердің астын,
Шығарар мұнай майын судай тасқын.
Көп көрдім, көп жасадым, көп естідім
Ішінде ақсақалды мынау жастың.

Бакуге Ембі арқылы болсақ қанық,
Көреміз Сталинді айқын жарық.
Халық тағдырын парасат қолмен шешкен,
Нұрына бүкіл әлем болған қарық.

Қазаққа өз қолымен теңдік берген,
Жер берген, астық берген, ерлік берген.
Грузия қыраны тауында өскен,
Бакуге жау женуге ұшып келген.

150

Донбастың болшебігі Клим батыр,
Бірге істеп Сталинмен болып жақын.
Майданда шыққан таптың көсеміне
Көмек қып, сөзін тыңдал, сұрап ақыл.

Бір болды көсемменен ауыр күнде,
Қашанда тәні бөлек, жаны бірге.
Табанды тар кезенде ақылшысы
Акопта, зор майданда, Кремілде.



V

Халық табаны қозғалып алғанда бет,
Ленин, Иосип ақылы болып медет,
Толқынды тұра жолға түзеп салды,
160 Қолтықтап тар жолдарда сүйеп, жебеп.

Адам ұлы басшысы екі көсем,
Өмірді қайта жасап туғызды әсем.
Бәрінде қолғабысшы болды Клим,
Халықты ертіп ер болды түйін шешер.

Қару ап халық қабынып сайланғанда,
Бас қосып аттануға бар байларға.
Жер мен су, зауыт, пабірік, үкіметті,
Алуға қолмен тартып қан майданда.

Клим ер еш қорқыныш сезген емес,
170 Өлем деп зор мақсаттан безген емес,
Қол бастап жұмысшыға қару берді,
Не жену, не жеңілу – таптық егес.

Аулақта ұзак тұндер үйқы көрмей,
Үгіттеп жұртты бастап, соққан желдей.
Ленин мен Сталин бар қуатшысы
Қалады қай еңбекші Климге ермей.

Шақырды қазақтағы барлық ерді,
Қолына найза ұстап, қылыш берді.
Үніне құлақ қойып шақырғанда
180 Шықкан ед сонда ерлер қалың қолды.

Жырласаң, мұндай ерлер еңбекші үшін,
Көрсеткен қан майданда қайрат-қүшін.



Бір таңға әрбір ісі өртек болар,
Үрпағым, шын батырды білемісің?..

VI

Жарқ етіп Өктәбрдің күні шықты,
Күн туды белдесетін жаумен мықты.
Ағытқан томағасын Клим қыран,
Сан жаудың мойнын үзіп, жерге тықты.

190

Құтырған аш қасқырлар қашты, бұқты,
Жас қыран көрінгенін бұрап сыйқты.
Жұмысшы мен шаруа өкіметі
Орнады, біздің елге мәңгі орнықты.

Заң шықты – кедей, кемтар жер, су алды.
Мал алды, теңдік алды, қарық боп қалды.
Жалдама жауыз қолын қуып тастап,
Кедейлер бақыт жыры әнге салды.

200

Қараңыз бай, жуанның ендігі ісін,
Жан-жактан құрастырып қалған күшін.
Қаптады топ-топ болып тағы құзғын
Бақытын халықтың тартып алмақ үшін.

Шақырды Борошилоп аттануға,
Қару ап, ұйымдастып саптануға.
Бақыт үшін, ерік үшін, теңдік үшін,
Халық үшін таласуға жер мен суға.

Астында қызыл тудың басын қосып,
Қол шықты келген жаудың жолын тосып.
Қаптатып еңбекшілер өтрәтін,
Клим ер жауды қуды бетін осып.



210

Білінер ердің ері кезенде тар,
 Ел өткелге келгенде – алдында жар.
 Ленин мен Сталиннің өнегесі
 Соғатын іс пен жүрек бір парапар.

220

Қазақтың ардагері Амангелді,
 Көтерген қан майданда қараңғы елді.
 Бірлесіп қалың қолмен Климге еріп,
 Жерінде Қазақстан жауды жеңді.

Амангелдіні еріткен Клим батыр,
 Ерлігін халқы сүйген көріп мақұл.
 Халықтан шыққан халық ері, халық қыраны
 Откір, өжет, табанды, терең ақыл.

VII

230

Аш қасқырдай жаландап жем іздеген,
 Мал торып жайылымнан қой көздеген.
 Жыртқыш андай екі көзі қып-қызыл бол
 Құлқынынан басқаны түк сезбеген.

Тәрбие алған залым патша, бектен,
 Аттанды генералдар жем дәметкен.
 Жалдама жауыз Колчак шығыс жақтан,
 Деникин иттерімен оң жақ шеттен.

Қамалап батыс, теріс – тұс-тұс жақтан,
 Елімді қаусатуға банды ақтар...
 Қорғандай ел шетінде, жау бетінде
 Қаласы Цариціннің жатыр батпан.

Осыны генералдар қамап алды,
 Жасқанбай жасанған жау соғыс салды.



Қарсы алды, сескенген жоқ Цариціннің
Басында Сталиннің өзі барды.

240

Еңбекте, ел қорғауға, қан майданда,
Сүйреген Сталиннің қуаты алға.
Көп көрген, көпті білген парасатты,
Нұсқаған оң жолына теңеу бар ма!

Тар жерде тапсыратын қыын істі,
Досына Клим сынды батыр қүшті.
Сталин тапсырды да зор майданды,
Жөн сілтеп, қуат беріп қолын қысты.

Әскерді Клим жауға түзеп салды,
Қарысты жасанған жау өңшең банды.
Қасқырдай қаптаса да тұс-тұс жақтан,
Болшебік женіп шықты зор қамалды.

250

Кім шыдар Клим сынды зор қамалға,
Бандыны қаратпаған жан-жағына.
Жалдама салдаттардың зәресі ұшып,
Қарамай қайта қашты алды-артына.

Көсемнің Клим ердей тастулегі
Хабар берді: «Келген жау қашты», – деді.
Сталин мұртын сипап, салқын қанмен
Қолын ап күлімсіреп: «Жақсы», – деді.

VIII

260

Ақындар домбыраны қолға алғанда,
Күнірентіп күйді тоқсан толғанғанда,
– Кімді сөз ғып жырлайсың? – деп сұрасаң,
Мәжілісте тереңнен сыр қозғағанда.



Асыл сөздің иесі ақын сонда:
 – Жырлаймыз, – дер, – домбыра алсақ қолға,
 Жырлаймыз бүгінгі өмір – шат тұрмысты,
 Елімді айналдырыған бақыт жолға.

Елімді өмірім, далам гүлдендірген,
 Әлемді нұрға күндей түрлендірген.
 Сталинді жырлаймыз, әндетеміз,
 Бақыт жазын жеріме мүлде ендірген.

270 Асыл сөздің атасы ақын сонда:
 – Жырлаймыз, – дер, – домбыра алсақ қолға.
 Сталиннің жан досы, әскербасы
 Ұстаған күш тұтқасын қашанда онға.

280 Қарулы отанымның ардақты ері,
 Сүйетін, қадірлейтін туған елі.
 Таласып тар кезенде жауды қуған,
 Елімнің арыстаны, ардагері.

Еліне ерлігімен жеткен даңқы,
 Астында ойнақтаған жирен аты.
 Жырлаймыз жорықтарын Клим ердін,
 Естісе жау қорқатын күш-қуаты.

Жамбыл да әнге салып, күй кернейді,
 Аузына Клим түссе, жыр кернейді.
 Айбатын, батырлығын, тұлпар атын
 Жырласа көкке құлаш күй сермейді.

Арыстан – жирен атты Клим батыр
 Айлакер, алғыр қыран, терең ақыл.
 Қасында Буденныйдай жан жолдасы,
 Бастаумен атты әскерді келе жатыр.



- 290
- Түйсінсе жау қашатын айбатынан,
Көрсеткен қан майданда қайратынан.
Үйреткен Сталиннің жас қыраны –
Қалың жау зәресі үшқан жайда атынан.
- Тастұлек, таймас қыран мұзда өскен,
Кек болат алмас қылыш нарды кескен.
Жан досы Сталиннің қасындағы
Тар жерде халық тағдырын қолмен шешкен.
- 300
- Күйретті Деникинді, Врангельді,
Қорғады басқыншыдан бейбіт елді.
Наркомы СССР-дың құрал күші,
Атағын Клим ердің әлем білді.
- IX**
- Мәскеуде бірінші май мейрамында,
Өтетін үлкен тойда бізде жылда.
Дәм айдап, Жамбыл сонда бірге болды,
Қызығын мен айтайын, жүртym тында!
- Лек-лек боп қатарласқан қалың халық,
Шығады бақытты өмірін ән ғып салып.
Ішінде өзбек, орыс, қазак, қырғыз,
Украин, грузин мен татар, тәжік.
- 310
- Сталин мавзолейден тұрар қарап,
Табысты, қуанышты қолмен санап.
Құттықтап жаз бен жастық бақыт жырын,
Ұшырған балапанын сұңқардай-ақ.
- Сап түзеп, әскер шығар қатар-қатар,
Асынған бәрінде бар бір бесатар.



Түріндей жолбарыстың қаһарлы айбат
Қалың қол атты, жаяу келе жатар.

320

Бұдан соң танкі шығар темір тұлпар,
Кез келсе қалың жауды күл ғып ұнтар.
Аспанда ұшқан құстай тізбектелер,
Қаптаған самолёттер болат сұнқар.

Көкпенбек жердің жүзі қару-жарақ,
Болмайды мынасы деп қолмен санап.
Зеңбірек, пулемет пен найза, қылыш
Тамаша таң қаласың тұрсаң қарап.

Бір кезде атты шығар көздей қайнап,
Пар-пар бол тұс-тұсімен гүлдей жайнап.
Боз, қүрен, қара, жирен, ала, шұбар
Өтеді ауыздығын қарш-қарш шайнап.

330

Секіртіп бір мезгілде аргымагын
Шығады Клим батыр жанған жалын.
Сүйікті маршал, Нарком ел қорғаудың,
Астында жирен аты бейне сағым.

Өтеді желдей есіп жұртты аралап,
Шығады мавзолейге, жұртқа қарап.
Сөйлейді суырылып, бір-бір талдаپ,
Міндептін ел қорғаудың қолмен санап.

340

Оның сөзі естілед барлық жаққа:
Тәшкенде, Фрунзыда, Ашқабатта,
Бакуде, Тбилисиде, Алматыда –
Саңқ-санқ етіп келеді бар құлаққа.

Қандай жау келсе дағы етпес қауіп,
Кидірген Отанына темір сауыт.



Үлгі алар наркомынан әрбір әскер,
Қалқозшы, жұмысшысы фабрик, зауыт.

... Манжурде қайнаған кек қанға ұласты,
Қытайда қалың қытай жауға айқасты.
Кек қайнап қарсы жаумен алпарысып,
Ызамен жауды қуып, араласты.

350

Шетінде еліміздің берік күзет,
Көзден тайса жау жабық жібін үзед.
Сүр жыландар жорғалап кетсе кіріп,
У жаяд, бұлдіреді, сырды білед.

Халыққа қастық еткен жау жорғалап
Алдында зәндемі иттей жүз бұрандалап,
Отанымды байларға іштен сатып,
Кетпек болған елімді мұлде ыландалап.

360

Бірақ халық тік тұрды, күзетім сақ,
Халық жауды қоймайды, інін таппақ.
Су құйып, бірін қоймай тұншықтырып,
Зәрлі тілін суырып, тісін қақпақ.

Сырттан жау жағалап жүр жемтік ізден,
Егерде қарсыласса бізді көзден.
Халық артынан майданға тартынбайды,
Қылышыңмен көрсетіп қалсаң мезгеп.

Мезгесең мезгілінде басты қосып,
Аламыз келген жаудың жолын тосып.
Ел үшін, Мәскеу үшін, көсем үшін
Айдауга жауыздардың бетін осып.

370

Бір туда бас қосады түрлі тұстан:
Мергені Өзбекстан, Қазақстан,



Түрікпен атты әскері, Әзербайжан
Ұшқышы, қырандары Тәжікстан.

Мезгесең жауға қарсы келгенде кез,
Қуамыз, қаусатамыз ашқанша көз.
Одақтың он бір елі қатар түзеп,
Шығарып бір жеңнен қол, бір жерден сөз.

Келсе жау атқа мінер, жөнеп көшін,
Біз алып, қалдырмаймыз бір пендесін.
Сталин көріп ынта халық ерлігін,
Қайратқа көңілденіп «жақсы» десін.



ТОЛҒАУЛАР







ЗАМАНА АҒЫМЫ

I

Сексен бірге жас келіп,
Әрнемеден жасқандық.
Кәрілік деген тақымдап,
Өлім қалды жақындал,
Сурылып сөз келді
Жамбыл сынды қартынан.
Мұнша жасқа келгенде
Не көріп, не білгеннен
Бір ауыз сөз айтылмай
Қалса – ұлken мін ақынға.
Жақсы, жаман десен де,
Өрнек болсын артымда.
Жасым болса жетіп түр.
Мезгіл болса өтіп түр.
Ұлгайған бұл шағымда
Қуат болса кетіп түр.
Айтатын бір сырым да,
Құлақ сал, жұрт, мұныма!

10

Сексен бірге жас келген,
Не заманды бас көрген,
Солар арқау жырыма.
Артта қалған сөзім бар,
Сөзімді айттар кезім бар.
Кімді жұтпас қара жер,
Ақылыңмен ойлай бер.
Ойы жеткен ой тігер,
Жамбыл ақын сөйлеген,
Сөзді бекер демендер.
Жамбыл айтты қиссаны,

20



30 Өлең десе Жамбылың
 Қанат байлап ұшады.
 Неше түрлі ел өтті,
 Неше түрлі жан өтті,
 Жұрт билеген хан өтті.

Тілдерінен бал тамған,
 Жорға, жүйрік майталман,
 Шешен де өтті дүниеден.
 Иегіне түк жұқпай,
 Көсе де өтті дүниеден.

40 Ел шетінің қорғаны,
 Жау бетінің айбары,
 Сауыт, сайман асынған,
 Ерлігін жаннан асырған,
 Батыр да өтті дүниеден.
 Ойы дана асылдан,
 Сөзі бұлақ тасыған,
 Ақын да өтті дүниеден.

50 Замана деп толғанған,
 Ел қайғысын қолға алған,
 Абылайдың алдында,
 Сөз сөйлеген болжаудан,
 Бұхар жырау о да өтті.
 Шернияз бен Шортанбай,
 Досқожа мен Нысанбай,
 Дулат пенен Сүйінбай –
 Сөздері жел-құйындай,
 Өтті еңіреп олар да.
 Жақсы да өтті дүниеден,
 Жаман да өтті дүниеден.

60 Ой жіберсем соларға,
 Дүниеде анық өлмегім,



70

Артта қалсын өрнегім.
 Сексеннен ары жасадым,
 Кездескеннің бәрін де
 Артқа тастап басамын.
 Естіген ел, ұрпақтар
 Аңыз қыла жүрсін деп,
 Арнаулы жыр таstadtым.
 Сөйледі Жамбыл бәріңе,
 Жасың менен кәріңе.
 Өзге өлгенде дүниеден,
 Біз өлмейтін дәрі ме.

80

Сөйлейді Жамбыл халқына,
 Үлкен, кіші – жалпына.
 Өлгенде ала кетпеуге,
 Қалдырдым өз артыма.
 Қаза жетіп көз жұмсам,
 Айтар алғыс қартына.
 Замана жайы – терең сыр,
 Замана жыры – бітпес жыр.
 Көз жіберсек өткенге,
 Жыл артынан жыл қуып,
 Шежіре боп жеткенде.

90

Ай көре алмай аспаннан,
 Күн көре алмай өмірден,
 Қайғы кетпей көңілден.
 Еңіреген, егілген,
 Қаһар көріп хандардан,
 Білек көріп бектерден,
 Тепкі көріп байлардан,
 Қамшы көріп билерден,
 Қалың қауым иленген.
 Халықты басқан қара тау,



Бұл бір заман қысымы.
Жаңылдырған есінен,
Айрылдырған күшінен,
Ажыратқан түсінен,
Азап түспей үстінен.

- Мына бүгін қарасаң,
Елге жарық күн туды,
Күн емес-ау, нұр туды.
Ер талабы шарқ ұрды,
Еңбекші, жалшы-кедейдің
Мерейі жаннан артылды.
Қол жеткендей бұлтқа
Өмірдің алып кілтін,
Кеңестен сөз сөйледі.
Өнері асты ел билеп,
«Ел жақсысы менмін», – деп,
Жүргендер тең келмеді.
Бай, жуанды жаныштап,
Жойып жатыр аластан,
Күн сайын күші өрледі.
- Күреске, іске құралды,
Қуатты, құشتі бел болып,
Қаптаған қалың ел болып,
Қолына Қызыл Ту алды,
Ерікті өскен ел болып,
Жылағаның қуанды.
Жамбыл қартың қозғалды,
Оқы, міне, сөз қалды!
Адыра қалып ескі заң,
Жаңа мизам басталды.
Әйел, еркек бірдей бол,
Саналы жерден үлгі алды.



130

Толып жатқан көп ұлт,
 Терезесі теңеліп,
 Откен құні болды ұмыт.
 Жамбыл қартың сейлесін
 Жаңа күймен төсөліп.
 Үрпақтарым тындасын,
 Сендер де менің сырласым,
 Ақын бір толғап жырласын.

II

140

Сонау сұмырай заманда,
 Қазақтардың ішінен
 Хан шығыпты тасыған.
 Не жуандар, мықтылар
 Кетпепті оның қасынан.
 Үйреткен ісі сол болды,
 Елді шабу, жұрт талау,
 Күнде сұргін, күнде жау –
 Кәсібі еді басынан.

150

Жан бұзбаған сөздерін,
 Қырын келген кісіге
 Тіккен олар көздерін.
 Әрбір жерден хан шығып,
 Таластырған сөздерін.
 Мәртебем артық болсын деп,
 Біріне-бірі шабынып,
 Қара тер боп сабылып,
 Адамы болса жиып ап,
 Қырық пышақ боп қырылышқан.
 Қысым көрген, қырылған,
 Таланған да шабылған.
 Сорлы қазақ халқы еді,



Көшө қонып, мал баққан,
Момын жүріп, жай жатқан,
Еліміздің салты еді.
160 Өнер, білім елде жоқ,
Күштілерге пендे боп
Жүрген елдің қалпы еді.

Қараңғы өскен халыққа
Жаны ашыған кісі жоқ,
Жұрт жайымен ісі жоқ.
Жалшыға мал бақтырып,
Жақсы бақса жақтырып,
Жаман бақса зарлатып,
Көтіне қазық қақтырып,
Үні шықпай үндерге,
170 Жалаңаш шекпен етінде,
Секпілі бар бетінде,
Қайтеміз деп дірдектеп,
Бай манаптың көтіне,
Жан сактамас секілді
Қорлық көрді мұндай боп,
Дүниеден жүрдай боп,
Сүйектері қырдай боп.
Шалап, сарсу бар асы,
Қатыны мен баласы
180 Байға жұмыс қылады.
Қылмасына шара жоқ,
Барып шашын жұлады,
Улken ойран қылады.

III

Николай зіркіл қағады,
Жақсыларың қайда деп,



Ығай-сығай, бай-манап,
Шақыртып бәрін алады.
Шен, тонменен оларды ап,
Елге бүлік салады.

- 190 Бай менен бек, жуаның
 Николай сөзін қоштады,
 Мизамды солар бастады,
 Кедейді былай таstadtы,
 Қалың елді жасқады.
 Малайлар жүрді жыласып,
 Қайғы кетті ұласып.
 Жуандардың кәсібі –
 Сайлауга шықты таласып,
 Кедей-кемтар сорлылар
 Кетті есінен адасып.
 Байдың сөзі пұл болды,
 Жалшы-кедей құл болды –
 Сөйлеуге жоқ шаrasы.

Елдің болып кекті ісі,
Не зорлықта көнбеген.
Бай, манаптың тепкісі
Өткен өнмен, кеудеден.
От жақ деп, мал бақтырып,
Ақысын да бермеген.

- 210 Жылап барса ұлықта
 Ит келгендей көрмеген.
 Солай жүріп күн көрген,
 Жалпы кедей сорлының
 Бір айтқаны келмеген.
 Аруақтының ұлдары
 Сайлау болса сабылып,
 «Кигізем деп жейдені,
 Төгемін деп теңгені,



- 220 Менің сөзім тастама
 Нағыласың өңгені...»
 Десе кедей көнгені.
 Баста ерік жоқ ол сорлы,
 Кімге амалсыз көнбеді!
- 230 Күрсерге кейіп жоқ,
 Ойласарға ойы жоқ,
 Жарлы күні немене.
 Мінейін десе аты жоқ,
 Көнілінде шаттық жоқ,
 Киейін десе киім жоқ,
 Тон, шалбары сірі боп,
 Жұзі солғын, жұпныны
 Өлімшінің бірі боп.
 Ішейін десе асы жоқ,
 Ісінің бір сәті жоқ.
- 240 Қашып әбден ұсқыны,
 Кім болса сол жетелеп,
 Сайлау жерге төтелеп,
 Сайлау шары өткенше
 Жүреді оны мәпелеп.
 Сайлау шары өткен соң,
 Бай кетеді желкелеп.
 Даулы болса байлармен,
 Баар кедей болысқа.
 Өзі сайлаған «танысқа»,
 Таныс енді танымас,
 Іргені салар алысқа.
 Таныстан көңіл жарымас,
 Байдың сөзін айтады.
- 250 Сорлы кедей қарны аш,
 Селсоқ болып қайтады.



Байдың жайын айтайын,
Пара берсең қостаған,
Бере алмасаң параны
Істі аяқсыз тастаған.
Болысқа барса шағыммен,
Сараң сөйлеп жарлымен –
Бидің сөзін жықпа деп,
Билігі оның нұсқа деп,
Нығап жаман жасқаған.
260 Ақсақал болса болысың
 Ыңғайына тартады.
Байдан асу қайда бар,
Кедейге одан қайыр жок,
Не жақсылық артады!
Қарсы келсе бұған да
Болыс жақтай шығады.

Бәрі айналып келгенде,
Кедейді орға жығады:
«Жақсыға тіл тигіздің,
Ат-шапан бер айыпқа,
Кім деп жүрсің байыпта!..»
270 Екі аяғын кедейдің
 Бір етікке тығады.
«Айыбыңа атың тарт,
Бар, үстіне шекпен жап!..» –
Десе жарлы ығады.
«Кім деп жүрсің өзінді,
Байқап сөйле сөзінді!
Бұл қылышың қоймасаң
Жоғалтармын көзінді!
280 Тілің жаман бір итсің,
Байға тілмен тиіпсің,
Жалғыз атың тартылды.



290

Есіркесе қалдырар,
 Қаһарланса зар қылар!...»
 Кедей сорлы тұқырып,
 Бұған тағы көнеді.
 Жалғыз аттан айрылар,
 Есі кетіп мәңгіріп,
 Зорға үйіне келеді.
 Көрген күні күн емес,
 Талай қорлық ол көрген,
 Көргені тек бұл емес.

IV

300

Бай-манаптың бәрі де
 Елді талап бай болған,
 Арамдықпен ой толған.
 Салық салып алғаны –
 Қора-қора қой болған.
 Әбден байып алған соң,
 Қатын алууды ойлаған.
 Бір дәнігіп алған соң,
 Қатынга бай тоймаған.

310

Ел мойнында қалың мал,
 Байдан оған не құрап.
 Болысы бар, биі бар,
 Бермесе елді шыжғырап.
 Қайтарса бай тауанын,
 Алады жұрт жауабын:
 «Берсе, қолдан аламын,
 Бермесендер, шабамын!»
 Бай басынып алған соң,
 Сөйтіп ашар аранын.
 Қатын бесеу болғанда,



320

Мейманасы толғанда,
 Байдың көнбей еркіне –
 Қатын қашар теркінге.
 Қашқанмен бай қояр ма,
 Абыройды ашу оңай ма,
 Не өзін, не малын деп,
 Съезд қылар байың кеп.
 Қатынды алар шақыртып,
 Ояз қылар білгенін.

330

Қатында не қайрат бар,
 Байлап берер бақыртып.
 Қатынның кетер жері жоқ,
 Сөйлесерге кері жоқ.
 Жылай-сықтай жүреді,
 Иттің күні көргені,
 Тезек оның тергені.
 Бұзау, қозы бақтырған,
 Құр шыбыны өлмеді.
 Жалаң аяқ, жалаң бас,
 Иығында лыпа жоқ.
 Дудардай боп қара шаш,
 Тіл қатады ыза боп:
 «Сені обалым жібермес,
 Екі ай болды бір түні –
 Қасыма кеп жатпадың
 Жіберсең де өлтіріп,
 Қылышыңа айтқаным.
 Үлғи қорлық тартқаным...
 Обалым, аға, мойныңда,
 Шақырып үйден алғалы.
 Қаратабан күң қылыш,
 Отын, суға салғаны.
 Көп қатынның ішінде –

340



Теңгермейді өзімді,
Жөн көрмейді сөзімді.

350 Қорлықтан басқа күнім жоқ,
Жұмсаудан басқа түгі жоқ,
Қарсыласар шамам жоқ,
Еш рахат маған жоқ,
Жұмыс болды қылғаным,
Жусан болды жиғаным.

Көзінді ашпа, ағатай,
Қызыл шоқтың үстінде
Ұстап беріп кісіге,
Азап, бейнет ішінде
Шырқырады қу жаным.
360 Көзің қиып қор етіп
Мені малға сатқаның.
Мені мұнша жылатып,
Көз жасымды бұлатып.
Не болмақшы татқаның?

370 Жалаң аяқ, жалаң бас,
Бір жағынан қарным аш.
Обалым өз мойныңа –
Алған малға болдың мас!
Тентіреп жүріп өлермін,
Қорлыққа қайтіп көнермін.
Бұл қылығын қоймаса,
Көз көрмеске жөнермін.
Мұнан жаман күйім жоқ,
Ұстімде жөнді киім жоқ,
Жылай-жылай өңім жоқ,
Қатты айтуға тілім жоқ.
Егер қатты сөйлесем,
Көрер тірлік күнім жоқ.



380 Әке менен ағалар –
Мойындарыңа обалым,
Менде енді не баға бар?!

Ұлыққа бардым жүгіріп,
Онан да шықтым тұңліп,
Жас келеді қөзіме,
Жан көнбеді сөзіме.
Ұлық та байды құп алды,
Қайтадан байлап жіберді
Баяғы жердің өзіне.
Шеттен келген молда бар,
Кітап, Құран онда бар.
Жіберме деп қатынды,
Ол да құрдай жорғалар.
Шаригатын ағызып,
Тілінен май тамызып,
Бай сөзіне қосылды.
Ойлай-ойлай осыны,
Көзімнен жас сорғалар».

390

400 Молданың бірі ар жақтан,
Бірі келген бер жақтан,
Алдаң бала оқытқан,
Жұрттың көзін шоқытқан.
Байды жақсы көрмегі,
Бай баласы бойшаң боп,
Мешітіне кіргені.
Кедей байғұс баласы
Үстінде жаман тоны бар,
Жалаң аяқ, жалаң бас,
Дірдек қағып жүгіріп,

V



410 Көрген күні немене,
 Көктемгі жұні тұспеген
 Боран күпті тайдай боп,
 Жұлма-жұлма тұрлері.

Бай баласы киініп,
 Барса оған жиылып,
 Ата-анасы тұрады,
 Қуаныш қып сүйініп.
 Барса менің балам да,
 Сондай болар еді деп,
 Кедей тұrap күйініп.

420 Шоқайын киіп шоқаңдаپ,
 Кедей ұлы барады:
 – Төрдің алдын былғайсың,
 Тәмен таман отыр деп,
 Молда зекіп қағады.
 Екі бала таласса,
 Бай баласын «жөн» дейді.
 Бір молдадан басқаға
 Бай ұлы да көнбейді.
 Молда алдында жүрсе де,
 Кедей сорлы енірейді.

430 Қожа келер тау асып,
 Басына сәлде орасып,
 Шариғатқа мөлиіп,
 Қараңғы жұрт шын ұйып,
 Қалар естен адасып.
 Қожа зікір тұсірер:
 «Малдан зекет беріндер,
 Шариғатқа көніндер,
 Қырық қойдың бірін бер,



- 440 Уа, қараңғы пенделер!
 Өлігіңе бие бер,
 Малмен иман алғайсың!
 Ақырет қашан ойлайсың,
 Малың толып жатса да
 Дүниеден тоймайсың.
 Малыңнан зекет бермейсің,
 Сөзімді қабыл көрмейсің.
 Менің де айтқан сөзімді
 Құдай сөзі дегейсің.
- 450 Құраннан аят айтайын,
 Саяп қылсаң ұлыңа,
 Үш тоғызды байлайсың.
 Ақымақ туған болмасан,
 Құдайды қашан ойлайсың?!
- 460 Байламасаң бір бие,
 Ақыретте оңбайсың.
 Ақыретте дозақ бар,
 Басыңа қатты азап бар,
 Бірің түгіл бәрің де
 Есіттің бе, қазақтар!
 Ақырет ісі қыын-ды,
 Шаригат сөзі түйінді.
 Арам малды айдама,
 Арамдықты ойлама!
 Зекетіңен құтылмай,
 Түйенді әзір байлама.
 Тағы қанша малың бар,
 Артын тағы ойлағын.
 Жұз қаралы жылқың бар,
- 470 Бір атыңды байлағын.
 Артқы жағын ойлашы,
 Қанша берсең көп емес,



Солай деген Алласы.
Астығынан құшыр бер,
Құраннан аят айтамын.
Ақыретте иман бар,
Не болмақшы жиған мал...»

- Жан-жақтан көп молдалар
Жүртты күнде алдайды,
Төте жолға салмайды.
Бай, манапқа таныс боп,
Соңымыздан қалмайды,
Дем салысып, үшкіріп,
Қатым менен Құранға
Сан тоқтыны байлattы,
Қосақты қойды айдатты.
Жанды жөнге салмады,
Жемқорлыққа үйретіп,
Елдің бәрін алдады.
- 480 Ел ыңғайы түзелмей,
Сол мәністе қалғаны.
Түзу жолды көрген жоқ,
Ар-намысты білген жоқ.
- 490

- Николай қазған ор болды,
Көмегі оның сол болды.
Николайдың қасында
Сегіз санат қол болды.
Амалы жоқ ел көнді,
Николай тым мелжемді,
Тегеурінді, күшті еді,
Сан қиястық істеді.
Жақсы жерін тартып ап,
- 500



Крестианды зарлатты.
Жерсіз қалған крестьян,
Шоқтай болып қамалып,
Жан сақтарға жер таппай,
Көрінгенге көз сатты.
Жер болды тек арманы,
Шулап жылап қалғаны.

510

Қағазында бар шығар,
Сөзімнің жоқ жалғаны.
Онымен де қоймайды,
Малын алды салыққа,
Шыға алмады жарыққа,
Басып жүрер жері жоқ,
Қарсы айтар кебі жоқ,
Патша алдында еніреп,
Егіліп кеп зарлады.

520

Құтылмастай бәлеге
Ылажы жоқ көнгені.
Осы болды халықтың,
Осы болды қазақтың
«Ақ патшадан» көргені.
Қазақ жері көп еді,
Жер пайдасын білетін
Білімді ері жоқ еді.
Ен байлықтың бәрі де,
Жердің жеміс нәрі де,
Алтын, күміс ол жатты,

530

Қорғасын, мыс мол жатты.
Бұдан бізге бүршік жоқ,
«Білімді» жүрт ап жатты.
Мұның жайын білмедік,
Көзді байлап надандық,
Қанша қор боп жүрмедік?!



Шеттен алды тіміскілеп,
Ағылшынның байлары
Асылдың бәрін биледі,
Нелер завод салмады!

540 Тауды, тасты тінтісіп,
Кенді қазып шарлады.
Көмір шықты бір жерден,
Темір шықты бір жерден,
Қорғасын шықты бір жерден,
Қалайы мен мыс шықты.
Алтын, күміс шығар деп,
Қарап тағы ынтықты.
Тінтпеген тау қоймады,
Табамын деп ойлады.

550 Біздің қазақ бейшара
Тұкті білмей жүр екен.
Білмегеннің мәнісі –
Оқуы жоқ басында,
Шаруаға айналып,
Босқа қапты жасында.

560 Жер жақсысын кім алды,
Болыс пенен би алды,
Қарны жуан бай алды,
Мойны жуан мырза алды,
Қазынасын ақтарып,
Ағылшындар қол салды.

Алтай – Орал арасы
Сарыарқадай жер екен.
Алатая, Каспий арасы
Жетісу, Сырдың бойы екен,
Қарқаралы, Балқаш көл,
Көкше сұлу, Баян тау –



- 570
- Жер жұмағы дер екен.
Айдын-шалқар сулары,
Жасыл тоғай нұлары –
Толған ырыс мол екен.
Сол жер түгел таланды,
Бар шұрайды өлшетіп,
Николай патша ол алды.
Туған, өскен жерлерден
Қалың қазақ қуылып,
Бетпақ шөлге қамалды,
Көрді қыспақ заманды...
- 580
- Жер жақсысын мекенде,
Тандап байлар және алды.
Салқын жерде сыңқылдан:
– Мынау менің қыстауым,
Деп күпінді бай, манап.
Бізге беріп нұсқауын:
– Анау менің жайлалауым.
Анау күзеу жайларым,
Анау пішен шабысым,
Кедейден жер алынсын,
Бәрі істелсін айланың.
590
Мынау менің жоңышқам,
Оны неге алмаймын!
- Кедей кетті бүрісіп,
Сөйлеріне шама жоқ,
Қатты қайырып сөйлесе,
Көзін ашар заман жоқ.
Күресерге дәрмен жоқ,
Қолдан келер амал жоқ.
Басындағы борыштан
Шошынады бейшара,



- 600 Кетем бе деп қоныстан.
 Мойнына су төгіліп,
 Үйге баар салбырап,
 Қабырғасы сөгіліп,
 Жені жыртық жалбырап,
 «Айтсам сөзім ем болмай,
 Маған берер дем болмай,
 Біз сықылды сорлылар
 Кімдерге жүр жем болмай».
 Қапа болды ол сорлы,
 610 Айдайын десе егінді,
 Дайын тұрған көлік жоқ,
 Ол кедейде ерік жоқ.
 Байға серік болғалы –
 Үйде жатып ойлады:
 «Байым берсе көлікті,
 Маған берсе ерікті,
 Егін шықса бағыма –
 Болар едім көрікті».
- 620 Байға барып жалынып:
 – Көлігінді беріңіз,
 Сауын болса қарайлас,
 Әл-күшімді көріңіз,
 Сізден қайран болмаса,
 Солқылдады беліміз.
 Осы еді айтар шеріміз,
 Мен сайлайын егінді,
 Егін шықса тегін-ді.
 Бай қуана көнеді,
 Қос өгізін береді,
 630 Қос өгізді жетектеп,
 Дедектеп кедей келеді.



640

Бұрсендең жүріп ол сорлы,
 Көзі жетпей түбіне,
 Тынбай егін салады.
 Баласы жүр дірдектеп,
 Әйелі жүр бірге ептеп.
 Өсіп жігер-талабы,
 Бәрі түсер жұмысқа.
 Қосы біткен уақытта,
 Арығы болса шаптырып,
 Жоғы болса таптырып,
 Және тынбай суарып,
 – Жебеймін деп қуантып,
 Пішен уағы болды деп,
 Жарылқаймын сорлы деп,
 Бай да аузын созды кеп.
 Салған астық піскенше,
 Ел етекке түскенше,
 Бұл кедейде тыным жоқ.
 650
 Ұзақ жазға кедейдің
 Құлдықтан бос күні жоқ.

650

Жағы-басы қуарып,
 Үртү-басы суалып,
 Астық пісіп келед деп,
 Балалары қуанып.
 Егін пісті, күн жетті,
 Егінді бай шолады.
 Байдың сөзін екі етпей,
 Кедей егін орады.
 660
 Байдың үйі асығып,
 Мол егінді бастырып,
 Қабы астыққа толады.
 Жарылқаймын мұны деп,
 Бір кәрі қой сояды.



Талай қапты қаптатып,
(Ұзақ жазға бос жатып)
Бай астыққа тояды.

- Егін салған кедейді
Адам деп кім елейді?
670 Үштің бірі тимейді.
«Ағалығым тағы бар,
Күш-көлік те менікі,
Қырман тұбі сенікі...»
Деп бай бәрін билейді.
Көзі көрген мұндайды
Кедей қалай шыдайды:
«Көнбес іске көндіріп,
Терезем тең ұл едім,
Кем болдым»,— деп жылайды.
680 «Тайыңды байлап шөбіме,
Мінейін,— деп,— бай-еке!»
Кедей тағы сұрайды.
Сорлы кедей момынның
Бір айтқаны келмейді.
Тайым өліп қалад деп,
Оған тайды бермейді.
- Бай, манаптың бәрі де
Үйде шалқып жатады.
Ішеріне түгі жоқ,
690 Кедей аштан қатады.
Көрдім байдың талайын
Малдың қамын жемеген.
Тек шылжғырып малайын,
Қыс қайтеміз демеген.
Құр малы көп, тамақ тоқ,
Құні-тұні ұйқы арман.



700

Кеудесінде сана жоқ,
 Қыста малы жұтаған.
 Жаздай пішен шаппаған,
 Даға айдал тастаған.
 Бір кедейге бақтырған,
 Қыс ортасы болғанда,
 Қырылар қыс, қасқырдан.

710

Сол кезде бай бақырап:
 «Сен құрттың қу кедей», – деп,
 Жылқышыға ақырап.
 «Саған ақы бермеймін,
 Өлген жылқы сенікі.
 Құрттың менің мұлкімді,
 Бір ашпайсың ұйқынды,
 Үйге келсең шықпайсың,
 Тамақ ішсең тоймайсың.
 Тек құртуды ойлайсың,
 Мал көрмегір қу кедей,
 Бұл дүниеде онбайсың,
 Менмендікті қоймайсың.
 Тіл алмайсың қылжақтап,
 Неменемді аядым,
 Қайсы жыртық киімің,
 Білем жолың сұйығын.
 Өкесі өлген адамдай,
 Қараши өні суығын!
 Бар, жылқыны жайып кел,
 Жақпаған ит құрығың!..»

720

Тігіп берген үйі жоқ,
 Келіп тұрған күйі жоқ,
 Үстінде бүтін киім жоқ,
 Өмірі байға жылқышы,



- 730 Қайтіп болсын тамақ тоқ.
 Көйлек жаман жыртылып,
 От басында итініп,
 Үстіндегі шапаны –
 Жұлым-жұлым, жұлым боп,
 Жаман тоны үстінде, –
 Бір жақ бойы бөксе жоқ.
 Етігінде өкше жоқ,
 Жаңбыр өтіп, қар жауып,
 Боран соғып, жел қағып,
 Кеткен жалшы үсініп.
- 740 Әрі дімкәс, тамақ аш,
 Әрі мұндан жалаңаш,
 Аш бұрлығып, күн сұық,
 Жалшы өрісте өледі.
- 750 «Жылқышы өліп қалды», – деп,
 Біреу айтып келеді.
 «Көме сал...» – деп біреуге,
 Бай бұйрықты береді.
 Жалшы өлгенмен, құны жоқ,
 Қатын, баласы еңіреп,
 Амалы жоқ көнеді.
 Қарасатын жаны жоқ,
 Сататұғын малы жоқ,
 Аш-жалаңаш қаңғырып,
 Байға келер зар қылып:
 – Иемізден айрылып,
 Ашылмай тұр қабағым.
 Саған келдік әл құрып,
 Киім жоқ, аш тамағым,
 Жас баламен шұбырып,
- 760 Қай жаққа енді барамын?
 Мойыныңды аз бұрып,



Тіл қатсаңшы, қарағым».
 Ешбір қайыр, жақсылық
 Ала алмайды бұл байдан.
 «Мен малыңды алғам жоқ,
 Бар сұрандар Құдайдан.
 Мазаны алмай кетіндер,
 Жақын жүрме маңайдан...»

VII

- 770 Саудагерлер келеді,
 Қойдың жүнін қоймады,
 Алғанымен тоймады,
 Елтірі, қап, теріні
 Арзанға алып ойнайды.
 Қой, жылқыны қоралап
 Андіжанға айдайды.
 Соныменен сәудегер
 Миллионшік бай болып,
 Көнілдері жай болып,
 Олжаға оңай дәндесер,
 780 Бұл дағы елге зор кесел.
 Бұлар да елді аллады,
 Бұл да жалшы жалдады,
 Қайда барса жалшыға
 Бір жарық күн қалмады.
 «Құдай салды, амал жоқ»
 Тегін асты кім берер,
 Еттерінен ет кессе,
 Болды солай ел көнер,
 Осылай, заман осылай.
- 790 Жұрттың жүні жығылды,
 Көрінгеннен бұғылды,
 Су жүрек боп апыр-ай!



Ақысын жеп сәудегер,
Жалшыларды әурелер.
Жалшы сөзі ем емес,
Оң айтса да жөн емес,
Омыраулап сөз айтса,
Оған кесік кесілер,
Екі көзі тесілер.

800 Атын тартып көлденең,
Шапанын да шешінер.

Бай үйіне барғанда,
Құлға кесік кестім деп,
Бәтшагарға осы да еп!
Өзінен басқа кісі жок,
Аяқты ұзын кесілер.

Кедейдің сол несібі:
Мойнында ұлken кесірі –
Үрейі ұшып шошынар.

810 Мысы құрып салбырап,
Дел-сал болып отырап.

Қатып әбден сілесі,
Қалмай және түк есі,
Қайғырап да дағдарап.
Қамап тұрған бірдеме,
Қайды барса жан қалар!

Болыс деген бір тоқпақ,
Қаққан киіз қазықты,
«Шығыныңды қой, тоқтат...» –

820 Дегенге жүрт жазықты.
Ел үндең тұқырып,
Құр тілдерін тістейді,
«Шыға келер ысқырып,
Ойбай, көтің қыс!» – дейді.
«Билік кімнің басында,



Байлық кімнің қолында,
Оныменен алысу –
Ашылмайтын сорың да!»

- Жуан сөзі, мінеки:
 830 «Малы, жаңың кімдікі?
 Қазыналаңық малың бар,
 Дыбысынды шығарма –
 Шығар-шықпас жаңың бар!
 Бай, манап, би, болыспен
 Күресер қай әлің бар!
 Зорлығыма көнерсің,
 Зорлығыма көнбесен,
 Абақтыда өлерсің!
 Бұл қылышынды қоймасан,
 840 Біздерменен «ойнасан»,
 Көрмегенді көрсің!»
- Расында бұл кедей
 Сол бәлеге ұрынды.
 Күштіменен күресіп,
 Орға, жарға жығылды.
 Болысатын кісі жоқ,
 Абақтыға тығылды.
 Бермеймін деп шығынын,
 Ашып алды тығынын.
 850 Малынан да айрылды,
 Суынан да айрылды.
 Салық түсті батпандап,
 Сорлы кедей қаңғырды.
 Қаңғырғаны ұзын жол,
 Оның айтар сөзі сол:
 «Болсын деп ем тамақ тоқ,
 Кемтарларды сөйлеп ем,



860

Тиді өзіме атқан оқ...»
 Патша әділет болмады,
 Бай, манаппен тоғысты.
 Кедейлерді жем қылып,
 Қызылына тойысты.
 Тентіретіп жарлыны –
 Телмендетіп қойысты.

VIII

870

Әперуге намысты,
 Орнатуға ақ істі,
 Қалың шаруа халыққа
 Маркс – Ленин болысты.
 Жұрт жұмыла аттанды,
 Кім қостамас оң істі.
 Құндіз-түні үндеді,
 Байға кедей ду қойды,
 Бастады жұрт соғысты.
 Данышпандар жол тапты,
 Қуат, күшті мол тапты.
 Жалшыларды жуанға
 Құресуге аттантты.

880

Қолы есеге жетпеген,
 Сөзі туғалы өтпеген,
 Малшы, жалшы кедей боп,
 Құлшылықтан кетпеген,
 Езілгендер жиылып,
 Жуандармен күресті.
 Ұлы Ленин бас болып,
 Қанаушыға қас болып,
 Бай, патшаны құлдатты,
 Би, болысты жоғалтты.



890

Совет құрды – жаңа заң,
 Бұл бір атқан бақыт таң.
 Жұмысшы мен шаруалар –
 Жалшы, кедей, әйел боп,
 Сөз сөйледі жүйелеп.
 Байлар жиған малдарға
 Енді өзіміз ие боп,
 Алды кедей теңдікті,
 Өкіметке ие боп.
 Николайдың тұсында,
 Кедей сорлы жасыған.
 Патша тақтан түскен соң,
 Көрдім елді тасыған.

900

Таскенедей ел сорған,
 Саба құрсақ, бай, жуан,
 Ел құтылды сол сордан.
 Есейген енді ел көрдім,
 Еңбегімен байыған,
 Биелері құлышадап,
 Сыырлары бұзаулап,
 Түйелері қайыған.
 Қойы болса қоздаған,
 Кедей көрем кеңесте
 Келелі сөз қозғаған.
 Жалшы жетті теңдікке
 Бір күндерде боздаған.

910

Сөзі тапты жүйесін,
 Малы тапты иесін, –
 Иесіне мал келді,
 Кедейге совет әл берді.
 Советінің ұраны:
 Жалшы, малай, батырак,



920 Шаруанды сәнде енді!

Жарлыны көпке теңгерген
Жұмыскер мен кедейге
Адаспастай жол берген,
Әділдікке бастаған,
Халық үшін еңбек қып,
Осы жолды өмірлік
Ленин бізге тастаған.
Жуандарды жұмсартқан
Өш алған бай-молдадан.

930 Большевиктің тұсында
Елдің бәрі бірігіп
Араларын ашпаған.
Бір ауызға қараған,
Бір ауыздан мақұлдал
Тоқтам қылыш тараған.
Қашқан байды қоймаған,
Ұстап алып айдаған.
Жазаларын тартқызып,
Жуандарды жондаған.

940 Совет орнап еліме,
Жерге кедей кенелді,
Байлар жымып жөнелді.
Енді қожа кім болды?

Қодандаған жуандар,
Тілін тістеп жым болды.
Кедей, жалшы масайрап,
Еңбек етті жерінде,
Көздерінде нұр жайнап.
Откен күндер кедейдің
Көкірегінде тұр сайрап.

950 «Байлар жерді сатушы ед,



960

Шалқасынан жатушы ед,
 Бірігіп егін салғын деп,
 Бестің бірін алғын деп,
 Бейнетінді аяма,
 Жібермеспін заяға,
 Қосты барып айдағын,
 Шабатұғын пішен бар,
 Суаратын егін бар,
 Қазатұғын арық бар,
 Жұмыс деген тіпті көп,
 Ішің, сірә, байыптар...

970

Менменсіген немесің,
 Ашып қара көзінді.
 Кім бұзады сөзімді,
 Қалжақтамай жұмыс қыл,
 Кім деп жүрсің өзінді!...»
 Қорқып қалған сужурек
 Жанын қалай қияды!
 Келе ме деп артымнан
 Жалтақ-жалтақ қарайды.
 Етек-жеңін түрініп,
 Асығам деп сүрініп,
 Қатынына айқайлад,
 «Шапшаң кел!» – деп ойбайлап,
 «Байға жұмыс қыламыз.
 Боп жүрмесін бір сұмдық.
 Мазасы жоқ, қу нағыз!...»
 Шоқпыт көйлек етінде,
 Жамаулы дамбал көтінде,
 Қатын келер жүгіріп,
 Баласының қарны аш,
 Үйде жатыр бүгіліп,
 Өзі тырдай жалаңаш...

980



990

Сөйткен байдың зорлығы
 Өз басына келіп тұр.
 Кеше қорлық көргендер,
 Бүгін шат боп күліп тұр,
 Бай қолынан жер кетті,
 Бар қазына мал мен үй
 Байдықі емес – біздікі.

1000

Өз қылғаны өзіне,
 Ақырында кеп жетті!
 Үкіметтің ұраны –
 Елге өнеге үйретті:
 Айтты кедей ақыл сөз!
 Жақсы шығып жалшыдан,
 Жарылқаған болды кез.
 Енді ұлы іске бастаған,
 Ескі әдettі тастаған,
 Адал ниет, ақ жүрек
 Арамға ауыз ашпаған,
 Мизамсыз іс қылмаған,
 Елді жеген жуанның
 Тұбін құртпай тынбаған.
 Жалпыға оқу ашылған,
 Білім нұры шашылған,
 Балалар да жол танып,
 Ел ісіне қосылған.

1010

Үлкен, кіші деместен,
 Жабыла оқу жан-жағым,
 Ой жіберем осыған.

Елестер сан белендер,
 Соның бәрін ашқан да
 Қол жеткізген асқарға –
 Маркс – Ленин кеменгер!



- Ақылменен жол тапқан,
Асып туган сол ерлер!
Осы менің оралып,
1020 Қиуадан келгенім.
Жер мен суды қолға алып,
Жетісіп тұр енді елім.
Сексен бірге жеткенше,
Осы менің көргенім.
Ұзақ жолдан осындей
Менің жиып-тергенім.
Замана ағымы осылай!
Айтып бердім жүрсін деп,
Естерінде сендердің.
1030 Ендігісін біртінде
Көрсетіндер өздерің.
Ленин туын қолға алған,
Қалың қайрат қозғалған –
Жалшы кедей досым-ай!
Күн де туды сен үшін,
Ай да туды сен үшін,
Заң жасалды ел үшін,
Серпіле тұс, серпіле –
1039 Бұрынғыдай жасымай!



ЗАМАНА АҒЫМЫ²

I

10

Сексен бірге жас келіп,
Әрнемеден жасқандық.
Шежіредей тақылдап,
Өлім де қалды жақындал,
Суырылып сөз келді,
Жамбыл сынды қартыңнан.
Мұнша жасқа келгенде,
Не көріп, не білгеннен,
Бір ауыз сөз айтылмай,
Қалса – үлкен мін ақынға.

20

Жақсы, жаман десен де,
Әрнек болсын артымда.
Жасым болса жетіп тұр.
Мезгіл болса өтіп тұр.
Ұлғайған бұл шағымда
Қуат болса кетіп тұр.
Айтар сөзім мұньяма,
Құлақ салғын мұньяма!
Сексен бірге жас келіп,
Шығар-шықпас ес болып,
Қария болған шағымда
Тайдырма мандаидагы бағымды.

Артта қалған сөзім бар,
Сөзімді айтар кезім бар.
Ел ішінде жақын бар,
Кімді жүтпас қара жер,
Ақылыңмен ойлай бер.

² OFK: 645-бума, қолжазба.



30

Ойы жеткен кеменгер,
 Жамбыл өлмей жүргенде,
 Сөзі бекер демендер.
 Жамбыл айтты қиссаны,
 Өлең десе Жамбылың
 Қанат байлап ұшады.
 Біз түгілі алмады
 Құдайымен сөйлескен
 Әзіреті Мұсаны.

40

Неше түрлі ел өтті,
 Неше түрлі жан өтті,
 Жұрт билеген хан өтті.
 Не батырлар ол өтті,
 Не шешендер, би де өтті.
 Білегі жуан балуан
 Білексіз де өтті дүниеден.
 Тілдерінен бал тамған,
 Жорға, жүйрік майталман,
 Шешен де өтті дүниеден.
 Иегіне түк жүқпай,
 Көсе де өтті дүниеден.

50

Ел шетінің қорғаны,
 Жау бетінің айбары,
 Сауыт, сайман асынған,
 Ерлігін жаннан асырған,
 Батыр да өтті дүниеден.
 Ойы үрия асылдан,
 Сөзі buquerque тасыған,
 Ақын да өтті дүниеден.

Замана деп толғанған,
 Ел қайғысын қолға алған,

60

Абылайдың алдында
 Сөзін айтқан болжаудан,
 Бұхар жырау о да өтті.
 Шернияз бен Шортанбай,
 Дулат пенен Сүйінбай –
 Сөздерін айтып құйындай,
 Олар да өтті дуниеден.

70

Осыларға ойланып көз жіберсем,
 Өлім деген маған да жақыннады.
 Ой жіберсем соларға,
 Сексеннен ары жасадым.
 Бет алғанның бәрін де,
 Артыма тастап асадым.
 Естіген ел, ұрпақтар,
 Өзім менен сөзімді
 Алдына жайып таstadtым.

80

Сөз сөйлемді Жамбыл қарт беріңізге,
 Жасың менен аралас кәріңізге.
 Құнде өтіп күні біткен бара жатыр,
 Біз өлмейтін солардан дәріміз бе?

Сөз сөйлемді Жамбыл қарт халқынызға,
 Үлкен кіші, халайық, жалпынызға.
 Өлгенде мұны ала кетпейін деп,
 Жаздырып тастап барамыз артымызыға.
 Қаза жетіп, дуниеден өтіп кетсем,
 Алғыс айта жүрерсіз кәріңізге,
 Қата болса сын тақпас қартынызға.

Замана жайы – терең сыр,
 Замана жайы – бітпес жыр.
 Көз жіберсек өткенге,



90

Жыл артынан жыл қуып,
Шежіре болып жеткенге.
Ай көре алмай аспаннан,
Күн көре алмай өмірден,
Қайғы кетпей көңілден,
Еңіреген, егілген.
Қаһар көріп хандардан,
Білек көріп бектерден,
Байдан қамшы, тепкі көріп,
Быт-шыт қылып ұздірдің.
Қамшы көріп билерден,
Қалың қауым иленген.

100

Халықты басқан қара тау,
Бұл бір заман қысымы.
Жаңылдырған есінен,
Айрылдырған күшінен,
Ажыратқан түсінен,
Азап түспей үстінен.
Мына бүгін қарасаң,
Елге жарық күн туды,
Күн емес-ая, нұр туды,
Ер талабы шарқ ұрды,

110

Еңбекші, жалшы-кедейдің
Мерейі жаннан артылды.
Қол жеткендей бұлтқа,
Өмірдің алып кілтін,
Кеңестен сөз сөйледі.
Өнері асты ел билеп,
«Ел жақсысы менмін» деп
Жүргендер тең келмеді.

120

Бай, жуанды жаныштап,
Жойып жатыр аластан,
Күн сайын күші өрледі.



Таянарға таяқ жоқ,
Шіренерге тірек жоқ,
Тіленерге тілек жоқ,
Сыбанарға білек жоқ,
Кеудесінде жүрек жоқ.
Бір кезде қор болып езілдің,
Еңбегінді жуанға еш қылдың.
Таяғын жеп байлардың,
Еңбегінді өзің еш қылдың.

130

Құреске, іске құралды,
Қуатты, құшті бел болып,
Қаптаған қалың ел болып,
Қолына Қызыл Ту алды,
Ерікті өз алдыңа ел болып,
Жылаған жалшы қуанттың.
Жамбыл қартың қозғалды,
Оқы, міне, сөз қалды!

140

Адыра қалып ескі заң,
Жаңа мизам басталды.
Жаңалықтан кім құр қалды.
Әйел, еркек бірдей боп,
Саналы жерден үлгі алды.
Толып жатқан көп ұлт,
Қатардан бірігіп орын алды.
Терезесі тең ел боп,
Өткен күні болды ұмыт.
Жамбыл қартың сөйлесін,
Жаңа күймен төселип.

150

Ұрпақтарым тыңдасын,
Сендер де менің сырласым,
Ақын бір толғап жырласын.



II

160

Сонау сұмырай заманда,
 Қазақтардың ішінен,
 Хан шығыпты басынан.
 Не жуандар, мықтылар
 Кетпепті оның қасынан.
 Үйреткен ісі сол болды:
 Елді шабу, жұрт талау,
 Күнде сұргін, күнде жау –
 Кәсібі еді жасынан.
 Жан бұзбаған сөздерін,
 Қырын келген кісіге
 Қадаған олар көздерін.
 Әрбір жерден қан шығып,
 Таластырған сөздерін.

170

Мәртебем артық болсын деп,
 Біріне-бірі жанасып,
 Қара тер боп сабылып,
 Ағашы оқтай қаласып.
 Адамы болса жиып ап,
 Ұрыс шығарып қасынан,
 Бір ауыз сөзге таласып,
 Қырықышақ боп қырылышқан.
 Қысым көрген, қырылған,
 Таланған да шабылған,
 Сорлы қазақ халқы еді,

180

Көше қонып, мал баққан.
 Момын жүріп, жай жатқан,
 Еліміздің салты еді:
 Өнер, білім елде жоқ,
 Күштілерге пендे боп,
 Жүрген елдің қалпы еді.
 Ат десе, атады,



190

Шап десе, шабады
 Қараңғылықта өскен бұқара.
 Қараңғы өскен халыққа,
 Басшы болар көсем жоқ,
 Ел бастайтын шешен жоқ,
 Күш қуатқа жігер жоқ,
 Бүйткен қазақ ақылды қайдан таппақ.
 Қазақ деген ел едің,
 Жапанда жатқан жан едің.
 Талапты іске ұмтылмай,
 Малды журдік өсіріп,
 Үйде жаттық көсіліп.

200

Ештеңемен ісі жоқ,
 Бұл қалай дейтін кісі жоқ,
 Дүниемен ісі жоқ.
 Жалшыға мал бақтырып,
 Жақсы бақса жактырып,
 Жаман бақса зарлатып,
 Көтіне қазық қаққызып,
 Өзі шықпай үндері
 Жалаңаш шекпен етінде,
 Секпілі бар бетінде,

210

Қайтеміз деп дірдектеп,
 Бай-манаптың көтінде,
 Жан сақтамас секілді
 Қорлық көрді мұндай боп,
 Дүниеден жүрдай боп,
 Сүйектері қырдай боп.
 Шалап, сарсу бар асы,
 Қатыны мен баласы,
 Байға жұмыс қылады.

220

Қылмайын десе, шара жоқ,
 Барып шашын жұлады,
 Үлкен ойран қылады.



III

230

Николай дуан салдырды,
 Жақсыларың қайда деп,
 Ығай-сығай, бай, бек, манап,
 Шақыртып бәрін алдырды.
 Шен, тонмен алдап оларды,
 Елге бүлік салдырды.
 Бай менен бек жуанның
 Николай сөзін қоштады.
 Мизамды сонда бастады,
 Кедейді былай таstadtы,
 Шаруаны бір қолмен жасқады.

240

Малайлар жүрді жыласып,
 Қайғы кетті ұласып.
 Жуандардың кәсібі –
 Сайлауга шықты таласып,
 Кедей-кемтар, сорлылар
 Есінен қалды адасып,
 Күштілердің үгіті
 Хандармен жүрген таласып,
 Күші жетпес пе таласып.

250

Байдың сөзі пұл болған,
 Жалшы-кедей құл болған,
 Сөйлеуге жоқ шаrasы,
 Тендікке жетпеген.
 Бай, манаптың қорлығы
 Өлсе де естен кетпеген.
 От жақтырып, мал баққызып,
 Ақысын да бермеген.
 Жүгіріп барса ұлыққа,
 Ит келгендей көрмеген.
 Солай жүріп күн көрген,



260

Жалпы кедей сорлының
 Бір айтқаны келмеген.
 Ата-ананың ұлы бол
 Сайлауға кеп таласқан,
 «Кигіземін жейдені,
 Саламын жанға теңгені,
 Менің сөзім тастама,
 Нағыласың өңгені...» –
 Десе кедей көнгені.
 Баста ерік жоқ ол сорлы,
 Амалы жоқ көнгені!

270

Кедейде шара жоқ,
 Өмірінше құл болған.
 Үндейін десе амал жоқ,
 Байдың сөзі пұл болған.
 Құресерге күйі жоқ,
 Ойласарға ойы жоқ,
 Жарлы күні немене.
 Мінейін десе аты жоқ,
 Көңілінде шаттық жоқ,
 Киейін десе киім жоқ,
 Басында еркі жоқ,
 Сандалып жүрген ол сорлы,
 Өмірінше құл болып, еркі жоқ.
 Ішейін десе асы жоқ,
 Ауырып тұрған кісідей,
 Бүтін болған есі жоқ.

280

Кім болса сол жетелеп,
 Сайлау жерге төтелеп,
 Сол сайлау шары өткенше,
 Жүреді оны мәпелеп.
 Сайлау шары өткен соң,



290

Жөн тартады төтелеп,
 Даулы болса байлармен,
 Барар жүгіріп болысқа.
 Өзі сайлаған «танысқа»,
 Таныс енді танымас,
 Тендік тимей олардан,
 Селсоқ болып қайтады.
 Байдың жайын айтайын,
 Пара берсөн, қостаған,
 Бермесең сен параны,
 Ісінді бекер тастайды.

300

Болысқа барса шағыммен,
 Есінен барса адасып –
 Бидің сөзінен шықпа деп,
 Билігі оның нұсқа деп,
 Нығап жаман тастайды.
 Кететұғын жері жоқ,
 Кекіректе шері көп,
 Ақсақал болса болысын.
 Үңғайына тартады.
 Байдан асу қайды бар,
 Кедейге одан қайыр жоқ,
 Не жақсылық артады!
 Қарсы келсе бұған да,
 Болыс жақтап шығады.

310

Бәрі айналып келгенде,
 Кедейді байға жығады:
 «Ақсақалға тілің тиді деп,
 Ат, шапан кисем айыпқа,
 «Жалғыз атың тартқын деп,
 Үстіне шекпеніңді жапқын деп,
 Алартпай сөйле көзінді



320

Шалмай сөйле сөзінді!
 Бұл қылығың қоймасан,
 Жоғалтармын көзінді!
 Тілің жаман бір итсің,
 Жақсыдан жасқанып,
 Тілінді байға тартпайсың,
 Жалғыз атың тартылды.
 Есіркесе береді,
 Қаһарланса алады!»
 Кедей сорлы құтылмай,
 Бұл қорлығын көреді
 Мұнысына да көнеді.
 Баласыз болып бұл сорлы,
 Адасып бұлай жүреді.
 Көрген күні күн емес,
 Талай қорлық ол көрген,
 Көргені жалғыз бұл емес.

330

340

Бай-манаптың бәрі де,
 Елді жеп бай болған.
 Арамдықпен ой толған,
 Салық салып алғаны –
 Елден жиганы қой болған.
 Әбден байып алған соң,
 Қатын алсам деп ойланған.
 Жалғыз қатын үстіне
 Тағы бір қатын алайын.
 Қалың малды шашып алады,
 Шақыртып оны алады.
 Шақыртқан соң келеді,
 Қорыққаннан береді.
 Тағы қатын аламын деп,



350

Қалың малды
Ел мойнына саламын деп,
Берсе де аламын,
Бермесе де аламын.
Егер бермесе,
Баста бұлік саламын.

360

Қатын төртеу-бесеу болғанда,
Мейманасы толғанда,
Бір қатын төркініне қашады,
Абырын ашады.
Қашса дағы қоймайды,
Не өзін, не малын деп,
Съезд қылар байың кеп.
Шақыртып алды қатынды,
Ояз билік қылады.
Көзінше берер бақыртып.
Қатынның кетер жері жоқ,
Сөйлесерге кері жоқ.

370

Жылай-сықтай жүреді,
Иттің күні көргені,
Тезек – оның тергені.
Бұзау, қозы бақтырып,
Сондай қорлық көргені
Жалаң аяқ, жалаң бас,
Киімі жоқ басында.
Дудардай боп қара шаш,
«Обалым сені жібермес,
Екі ай болды бір түні
Қасыма кеп кетпедің.
Жіберсөң де өлтіріп,
Қылышыңа жараса айтқаным.
Тірідей қорлық тартқаным...

-
- 380 Обалым сенің мойныңа,
Шақырып ап ағасын.
Қара табан күң қылып,
Отын, суға салғаны.
Көп қатынның ішінде –
Теңгермейді өзімді,
Көрмеді қабыл сөзімді.
Қорлықтан басқа күнім жоқ,
Жұмсаудан басқа тұғі жоқ,
Қарсы айтар шамам жоқ,
Тыныштық, тыным маған жоқ.
- 390 Жұмыс болды қылғаным,
Жусан болды жиғаным.
Көзің ашылмасын, ағатай,
Қызыл шоқтың үстінде,
Ұстап беріп кісіге,
Бұ да сенің қылғаның.
Сенен болды бұл күнә
Мені малға сатқаның.
Жұмыспен малды бақтырып,
Білдің бе мұны Құдай үрғанын.
- 400 Мені мұнда жылатаң,
Даусымды жаудай бұлатып,
Макұл ма үйде жатқаның?
Жалаң аяқ, жалаң бас,
Бір жағынан қарным аш.
Обалым сенің мойныңа –
Алған малға болдың мас!
Тентіреп жүріп өлемін,
Бұл қорлыққа қайтіп көнермін.
410 Бұл қылығын қоймаса,
Талапкердің бірімен кетермін.



420

Мұнан жаман күйім жоқ,
 Үстімде оңды киім жоқ,
 Жылай-жылай үнім жоқ,
 Қатты айтуға тілім жоқ.
 Егер де қатты айтсам,
 Көретін тірлік құнім жоқ.
 Жібермесін обалым,
 Үстап берген әкем мен ағамыз
 Қайтсек бұған жағамыз.
 Обалың менің мойныңа
 Кетті біздің бағамыз?!

430

Ұлыққа барсам жүгіріп,
 Онан да шықтым түніліп,
 Жас келеді көзіме,
 Ұлығың қошемет қылды өзіне,
 Қайтадан байлан берді ғой,
 Бұрынғы келген жеріме.
 Ар жағынан келген молда бар,
 Кітап, Құран онда бар.
 Жібермегін қатынды,
 Жіберсең егер қатынды,
 Алып қал берген ақынды.
 Шаригаттың ішінде
 Осы сөзім мақұл-ды.

440

Молданың бірі келген ар жақтан,
 Бірі келген бер жақтан,
 Алдап бала оқытқан,
 Жұрттың көзін шоқытқан.
 Байды жақсы көрмегі,
 Оқытып бала ермегі
 Үйінен тاماқ ішкені



Бай баласы бойшаң боп,
Мешітке бала кіргені.
Кедей байғұс баласы,
Үстінде жаман тоны бар,
Жалаң аяқ, жалаң бас,
Денсаулығына көңлі мас,
Бай баласы жүгіріп барады.

450

Ішсе тاماқ тоқ,
Басында абзал шоқ.
Кедей байғұс баласы
Көрген күні немене,
Көктемгі жұні түспеген
Боран күнгі тайдай боп,
Бай-манап ұлы киініп,
Молдаға баар жиылып,
Аты болса мініліп.
Ата-анасы тұрады,
Оны көріп сүйініп.
Бар болса менің балам да,
Сондай болар еді деп,
Кедей тұрар күйініп.
Шоқайын киіп шоқаңдал,
Кедей ұлы барады.
«Төрдің алдын былгайсын,
Сен тәменге оз» деп,
Жаман көзбен молда қарады.

460

470

Сонда кедей баласы
Бірге кіріп барады.
Бай баласын мақтайды
Үйінде етін астырып,
Қант пен шайын шаштырып,
Сорлы кедей баласын
Көңілін қояр пәс қылып.



480

Бай баласының сөзін сөз дейді,
Сабақ берсе алдымен
Бай манаптың баласын көздейді.
Сорлы кедей ұлына
Кезекпен сабақ бермейді.
Жуандардың басынан айналып,
Жуық маңда кезек оған келмейді.
Екі бала таласса орынға,
Былжырамай жайға тұр
Бай баласының «жөн» дейді.
Бай баласы былпылдақ,
Бір молда тілі болмаса,
Өңге жанға көнбейді.
Бай мен кедей баласы таласса,
Байдың сөзін «жөн» дейді.
Былшылдамай, кедей, жайыңа отыр,
Манаптың баласының айтқаны жөн дейді.

490

Қожа келер таласып,
Басына сәлде орасып,
Шаригат жөні мынау деп,
Қараңғы бүл халық,
Есінен қалар адасып.
Малыңнан зекет бергін деп,
Шаригат жолына көнгін деп,
Қырық қойдың бірін бер
Өлігіңе бие байла деп,
Бір тоғыз байлайсың!
Ақырет қашан ойлайсың,
Малың толып жатса да,
Дүниеден тоймайсың.
Малыңнан зекет бермейсің,
Сөзімді қабыл көрмейсің.
Менің де айтқан сөзімді
Құдайдың сөзі деп ойлағайсың.

500



- 510 Құраннан аят айтайын:
 Сарап қылсаң өліге,
 Үш тоғызды байлайсың.
 Ақымақ туған қу қазақ,
 Құдайды қашан ойлайсың?
- 520 Байламасаң бір бие,
 Жаназа оқып болмайды.
 Қожаның тілін алмайды,
 Түбі қазақ оңбайды.
 Ақыретте дозақ бар,
 Басыңа қатты азап бар,
 Бірің түгіл бәрің де,
 Есіттің бе, қазактар!
 Мен айтамын Құранды,
 Өзім көрген сөзімді.
 Ақырет ісі қыын-ды,
 Шарифат сөзі түйінді.
 Арам малды айдама,
 Арамдықты ойлама!
 Зекетті былай өткізбей,
 Түйенді әзір байлама.
 Зекеттің өтіп алдына,
 Тағы қанша малың бар,
 Артын тағы ойлағын.
 Жұз қаралы жылқың бар,
 Бір атыңды байлағын.
 Артқы жағын ойлашы,
 Қанша берсең көп емес,
 Сиырдың бірін байлашы.
 Астығынан құшыр бердің бе,
- 530 Кұраннан аят айтамын:
 Құлағыңмен есітіп,
 Өз көзіңмен көрдің бе?
 Жан-жақтан келген молда бар
- 540 Кұраннан аят айтайын:
 Сарап қылсаң өліге,
 Үш тоғызды байлайсың.



550

Келді дағы алдады,
Төте жолға салмады.
Бай-манапқа таныс боп,
Соңымыздан қалмады,
Молда келді жиылыш,
Қатым Құран қылғын деп,
Бір үйді тіктіріп,
Әр қойды сойдырып,
Қатым менен Құранға
Бір тоғызды байлаташ.
Көгеннен қойды ағытып,
Оны былай айдатып.
Баланы жөнге салмады,
Үлкен төте жол болмады.
Баланы жемқор қылды да,
Елдің бәрін алдады.
Еліміз енді түзелмей,
Сол мәністе қалғаны.

560

Түзу жолды көрген жоқ,
Ар-намысты білген жоқ,
Осылай қор болып,
Білімді озған бастық жоқ.

VI

570

Николай сонда өр болды,
Көмегі оның сол болды:
Николайдың қасында
Сегіз санат ол болды.
Николай сол шақта,
Әбден қүштенді,
Әрбір істі істеді.
Жақсы жерін тартып ап,
Крестианды зарлатты.



- Жерсіз қалған крестиан,
Шоктай болып қамалып,
Жан сақтарға жер таппай,
Таба алмады амалды.
Жерін тартып алғаны,
Далада жылап қалғаны.
Қағазында бар шығар,
Осы сөздің жоқ-ты жалғаны.
Онымен де қоймайды.
Малын алды салыққа,
Шыға алмады жарыққа,
Басып жүрер жері жоқ,
Қарсы айтар кері жоқ,
Патшаның алдына кеп,
Жиылып барып жылады.
- 580
- 590 Қазақта бос жер бар деп,
Бізге қарай айдады.
Дуанға келді қусырып,
Губернатор алдына
Қағазын әкеп береді.
Мынаған енді жер бер деп,
Землемерді шақырып алады.
Сүйген жерін береді,
Қазақ енді бейшара
Су бағына кетті жиырылып,
Тауға кетті сыптырылып.
Басын қосып крестиан,
Жағалай бекет салады.
Ұлы суды жағалап,
Қазақ кетті шөлменен
Тау мен тасты сағалап.
Қазақтың нашар болғаны
Егін салар жері жоқ,
Білімсіздіктен міні жоқ.
- 600



- 610 Басшылық қылар ұлы жок,
 Жан сақтардың шені жок,
 Мал өсіріп, бой сақтап,
 Қайтеміз деп жалтақтап.
 Сөйтіп жүрген ел еді,
 Жан сақтарға жері жок
 Айтатуғын шері көп.
 Жанның бәрі сенделсоқ
 Өлем деуге шара жок.
- 620 Крестиан келді де
 Жанжал салды қазаққа,
 Басы қалды азапта.
 Жаза басса қазағын,
 Басы болды таяқта.
 Шетіне келсе бір малы
 Оны ұстап алғаны.
 Шеттен келген қазақты
 Алар қолға таяқты.
 Таяқ жеп ол сорлы
 Жазықсыздан өлгені.
 Құтылмастың бәлеге,
 Ылажы жоқ көнгені.
 Осы болды халықтың.
 Осы болды қазақтың,
 «Ақ патшадан» көргені.
- 630 Қазақ жері көп еді,
 Жер пайдасын білетін,
 Білімділері жоқ еді.
 Тамам байлықтың бәрі де,
 Жердің асты мен үстінде,
 Алтын, күміс ол жатыр,
 Қорғасын, темір мол жатыр.
 Бұдан бізге бүршік жоқ,
- 640 Қазақ жері көп еді,
 Жер пайдасын білетін,
 Білімділері жоқ еді.
 Тамам байлықтың бәрі де,
 Жердің асты мен үстінде,
 Алтын, күміс ол жатыр,
 Қорғасын, темір мол жатыр.
 Бұдан бізге бүршік жоқ,



«Білімді» жұрт ап жатты.
 Мұның жайын білмедік,
 Көзді байлап надандық.
 Қанша қор боп жүрмедік?!
 Шеттен алды тіміскілеп,
 Ағылшынның байлары
 Асылдың бәрін биледі,
 Келіп зауыт салады!
 Тау-тастың бәрін тінтісіп,
 Кенді қазып алады.

650

Тасқемір шықты бір жерден,
 Темір шықты бір жерден,
 Қорғасын шықты бір жерден,
 Қалайы мен мыс шықты.
 Алтын, күміс шығар деп,
 Қарап тағы ынтықты.
 Тінтпеген тау қоймады,
 Табамын деп ойлады.

660

Табушының бірі екен,
 Білімі үлкен зор екен.
 Біздің қазақ бейшара,
 Ештеңе білмей жүр екен.
 Білмегеннің мәнісі –
 Оқуы жоқ басында,
 Шаруаға айналып,
 Босқа қапты жасында.
 Жер жақсысын кім алды,
 Болыс пенен би алды,
 Қарны жуан бай алды,
 Мойны жуан мырза алды,
 Қазынасын ақтарып,
 Ағылшындар қол салды.

670



680

Алтай – Орал арасы –
Сарыарқадай жер екен.
Алатау, Каспий арасы –
Жетісу, Сырдың бойы екен,
Қарқаралы, Балқаш көл,
Көкшे сұлу, Баян тау –
Жер жұмағы дер екен.
Айдын-шалқар сулары,
Жасыл алап нулары –
Толған ырыс мол екен.
Сол жер түгел таланды,
Бар шұрайды өлшетіп,
Николай патша ол алды.
Тұған, өскен жерлерден,
Қалың қазақ қуылып,
Бетпақ шөлге қамалды,
Көрді қыспақ заманды...
Жер жақсысын мекендей,
Тандап байлар және алды.

690

Қымыз ішіп ыңқылдан,
Көшкендей күледі
Салқында отырып сынқылдан:
Мына жер менің қыстауым,
Қалай менің ақылым
Бөліске берген нұсқауым.
Анау менің жайлауым,
Осылай менің ойлауым.
Анау пішен шабысым,
Бұл жерді бөліске салмаймын.
Мынау менің жоңышқам,
Оны неге алмаймын!..
Кедей тұрар бүгіліп,
Сөйлеріне шама жоқ,

700



710

Қатты қайырып сөйлесе,
Көзін ашар заман жоқ.
Күрсесерге дәрмен жоқ,
Қолдан келер амал жоқ.

720

Тізесі батқан бұрыннан
Сөзі тиер қырынан
Шошиды танып түрінен
Көңілі тұrap қапа бол.
Үйге барап салбырап,
Жені жыртық жалбырап,
«Айтсам сөзім ем болмай,
Маған берер дем болмай,
Біз сықылды сорлылар
Кімдерге жүр жем болмай».

730

Қапа болды ол сорлы:
Қатын-балаға ұрысып,
Айдайын десе егінді,
Айдайтұғын көлік жоқ.
Ол кедейде ерік жоқ,
Байға серік болғалы –
Үйде жатып ойлады:
«Байым берсе көлікті,
Маған берсе ерікті,
Егін шықса бағыма –
Болар едім көрікті».

Байға барып жалынып:
«Көлігінді беріңіз,
Сауын болса беріңіз,
Әл-күшімді көріңіз,
Сізден қайран болмаса,
Солқылдады беліміз.
Осы еді айтар шеріміз,



- 740 Мен салайын егінді
 Егін шықса тегінді...»
 Баулап ішіп отырсам да,
 Байдан алармын кегімді.
- 750 Қос өгізін береді,
 Қос өгізді жетектеп,
 Дірдектеп айдал келеді.
 Бұрсендер жүріп ол сорлы,
 Көзі жетпей түбіне,
 Егінді осылай салады.
 Егіні болса салулы
 Жұмысы болса қылулы,
 Баласы жүр дірдектеп,
 Көзден жасы секектеп,
 Өрнелі күн қос айдал,
 Өзі жүрер құл болып,
 Әйелі жүрер күң болып,
 Баласы кетті жұмысқа,
 Бір ай қосты айдастып,
 Қосы біткен уақытта,
 Арығы болса қаздырып,
 Жоғы болса таптырып,
 Егіні болса суартып,
 Жарылқаймын деп қуантып,
 Пішен уағы boldы деп,
 Ұраң сенің толды деп,
 Салған астық піскенше,
 Аузымыз оған тигенше,
 Ел етекке түскенше,
 Бұл кедейде тыным жок.
- 760 Айдауымен ол жүріп,
 Құлдықтан басқа күні жок.
- 770 Айдауымен ол жүріп,
 Құлдықтан басқа күні жок.



780

Жағы-басы қуарып,
 Үрты-басы суалып,
 Астық пісіп келед деп,
 Балалары қуанып.
 Егінге енді тұскін деп,
 Егінге айдал салады.
 Бір ай орақ орады.
 Байдың үйі асығып,
 Келмей жатыр дәрмені.
 Бай егінді бастырып,
 Қызылын қапқа салдырып.
 Жарылқаймын мұны деп,
 Бір кәрі қой сояды.
 Екі-үш қапты қаптатып,
 (Ұзак жазға бос жатып)
 Бай астыққа тояды.

790

Егін салған кедейді,
 Адам деп кім елейді?
 Үштің бірі тимейді.
 «Ағалығым тағы бар,
 Күш-көлік те менікі...»
 Қырман тұбі сенікі...»
 Деп бай бәрін билейді.
 Көзі көрген мұндайды,
 Кедей қалай шыдайды:
 «Көнбес іске көндіріп,
 Терезем тең ұл едім,
 Кем болдым», – деп жылайды.
 «Тайынды байладап шөбіме,
 Тақсыр, мен мінейін», – деп,
 Азулы байдан
 Ол келіп сұрайды.
 Сорлы кедей момынның,

800



Бір айтқаны келмейді.
Тайым өліп қалад деп,
Оған тайды бермейді.

810

Бай-манаптың бәрі де,
Үйде келіп жатады.
Жер жақсысы таңдаулы,
Орысқа да сатады,
Кедейге де сатады.
Ортаққа жер алыш,
Шаруаның кем болмаған жері жоқ.
Құр бай болғанмен,
Малдың қамын жемеген.
Қыс қайтеміз демеген.

820

Құр малы көп, тамақ тоқ,
Құні-түні ұйықтап арман жоқ.
Ойлауга онда білім жоқ болыш,
Білімсіз байлық – құр байлық
Кеудесінде сана жоқ,
Санасыз елде пана жоқ.

830

Басшылық қылар аға жоқ,
Жұттан малы қырылған.
Жаздай пішен шаппаған,
Ақыл-айла таппаған,
Далаға айdap тастаған.
Бір кедейге бақтырған,
Қыс ортасы болғанда,
Жылқы өлер арықтан.
Қырылар қыс қасқырдан.
Сол кезде бай бақырап:
«Құрттың сен, – деп, – қу кедей,
Жылқышыға ұрысты шалықтап.
«Саған ақы бермеймін,
Өлген жылқы сенікі.

840

Құрттың менің мұлкімді,
 Бір ашпайсың ұйқынды,
 Үйге келсең шықпайсың,
 Тамақ ішсең тоймайсың.
 Арамдықты қоймайсың,
 Арығымды бақпайсың,
 Бұл қылышпен сен жақпайсың.
 Атана нәлет иттің малы деп,
 Көтермей теуіп тастайсың.
 Бұл дүниеде оңбайсың,
 Менмендікті қоймайсың.
 Малға неге ерте бармайсың.
 Тілімді менің алмайсың

850

Өз еркіңше болмайсың.
 Сенде ерік бар ма,
 Қарайтын көркің бар ма?
 Қайда айдаса сонда жүр,
 Менен басқа сендей бар ма?
 Тіл алмайсың қылжақтап,
 Киім тозды деп,
 Бас ауыртып мылжындал,
 Неменемді аядым,
 Жыртық емес берген киімім,
 Қара мұның жолының сүйіғын.
 Әкесі өлгендей түсінің сұығын,
 Қарашиб өңі сұығын!
 Бар, жылқыны жайып кел,
 Неге отырсың айуан!..»

860

Тігіп берген үйі жоқ,
 Келіп тұрган күйі жоқ,
 Үстінде бүтін киім жоқ,
 Өмірі байға жылқышы,
 Қайтіп болсын тамақ тоқ.



870

Кейлек жаман жыртылып,
От басында итініп,
Үстіне киген шапанда
Сау-тамтық жоқ,
Жаман тоны үстінде, –
Ол тонына қарасаң,
Қолтығында өкпе жоқ.
Етігінде өкше жоқ,
Жаңбыр жауып, қар жауып,
Боран болып, үсініп,
Кетеді жалшы қысылып.

880

Өлімге мойынсұнып,
Тамаққа қарын тоймаған,
Өлмек болды бір кезде,
Тұла бойы ісініп.
Екі өкпесі қысылып,
Қысылып жатып өледі.
«Жылқышың өліп қалды», – деп,
Біреу айтып келеді.

890

«Ананы көме салғын», – деп,
Бай бір жаққа кетеді.

900

Жалшы өлгенмен, құны жоқ,
Қатын, баласы шулап қалады,
Қарасатын жаны жоқ,
Сататұғын малы жоқ,
Тентіреумен күні өтер.
Аш-жалаңаш қаңғырып,
Қатын менен жас бала
Байға келер жүгіріп.
Бір жанынан тұңіліп,
Иемізден айрылып,
Тамақсыз болды бүйірім,



910

Көзіңнің салғын қызыны.
 Киім, тамақ – бәрі жоқ,
 Көрініп тұр ғой сиығым,
 Ашылмай тұр қабағым.
 Бізге қандай жәрдем бар,
 Ойланшы, қарағым.
 Біз бейшара кедейің,
 Жәрдемің болса, көрсетші,
 Біз бір жетім лағын.

Ешбір қайыр, жақсылық
 Ала алмайды бұл байдан.
 «Мен малыңды алғам жоқ,
 Бар сұраңдар Құдайдан.
 Мазаны алмай кетіндер,
 Жақын журме маңайдан...»

VII

920

Сәудегерлер келеді,
 Қойдың жүнін қоймады,
 Алғанымен тоймады.
 Елтірі, қап, теріні
 Оны да алып қоймады.
 Арзанға алып қой, жылқы,
 Андиканға айдайды.
 Бұл шаруаның малы еді,
 Шаруа ештеңені білмеген
 Бітеу тұрган жан еді.
 Соныменен сәудегер
 Миллиончік бай болып,
 Көңілі солай жай болды.
 Бұлар да елді алдады,
 Бұл да жалшы жалдады,
 Қайда барса жалшыға,

930



Бір жарық күн қалмады.
 Өмірінде қанауда
 Менікі дейтін күші жоқ.
 Ауырса ол жалшыға
 Жаны ашыр кісі жоқ.

- 940 Қатыны жүрер дірдектеп,
 Баласы жүрер бұрсектеп.
 Қалбалақтап ол жүрер,
 Қолынан келер жәрдем жоқ.
 «Құдай салды, амал жоқ»
 Жұмысынан қалма деп,
 Ауруыңа барма деп,
 Тегін асты кім берер,
 Жалшы аурудан өлмейд деп,
 Міне сорлының көргені.
 Дамыл алмай дедектеп,
 Таяқ болды жегені,
 Тезек болды тергені.
 Осылай, заман осылай,
 Бұқараның жұні жығылды,
 Күндейін десе біреуі
 Жалғыз жүрген бейшара,
 Жоқ па оның сүйеуі.
 Жалғыздың сөзі ем емес,
 Қолтықтан сүйер дем болмай,
 Соның аузы біріксе,
 Жалғыздың сөзі жөн болмай,
 Омыраулап болмаса,
 Мойны кесік кесіліп,
 Екі көзі тесіліп.
- 950 Атын тартып көлденен,
 Шапан жабар шешініп.
- 960



970

Кешке үйіне барғанда,
 Мойын кесік кестім деп,
 Бәтшагарға осы да еп!
 Өзінен басқа кісі жок,
 Аяғын отырар көсліп.
 Мойында кескен кесік бар –
 Қайтсе сөзі оңалар,
 Бұған қосылар кім болар,
 Шошынып сорлы отырар.
 Жалғыз өзі қашады,
 Жалғыз сөзі батпады.
 Ешкім сөзімді айтпады,
 Жұртпен бірге кірермін,
 Сілесі қатып бейшара,
 Қабылдауға шара жок,
 Болысар кісі және жок.
 Өмір бойы осылай,
 Атқан дыбыр таңы жок.
 Бәлеге басы шатылып,
 Жалғыз аты сатылып,
 Қайды барса жаны қалады!

980

Болыс деген тоқпақ қой,
 Тоқпақ мықты жерге кірер қазықты,
 Шығын алма деп еді жазығы,
 Бұқара емей немене,
 Би болыстың азығы.
 Күш жетпей тілін тістейді,
 Үндеместен бұқара,
 «Ойбай, көтің қыс!» – дейді.
 Жалғыз өзі тығылды,
 Мұның жұні жығылды.
 «Билік кімнің басында,
 Байлық кімнің қолында,

990



- 1000 Малы, жаның кімдікі?
 Қазыналық малың бар,
 Дыбысынды шығарма –
 Шығар-шықпас жаның бар!
 Бай, манап, би, болыспен,
 Күресер қанша әлің бар!
 Бетімен кеткен қарақшы,
 Не тіршілікке сәнің бар?
- 1010 Зорлығыма көнерсің,
 Зорлығыма көнбесен,
 Ауырмaston өлерсің!
 Шығармағын ұнінді,
 Табармын сенің мінінді.
 Мен айттайын шынымды,
 Абақтыға баарсың,
 Шіріп сонда өлерсің.
 Бұл қылышынды қоймасан,
 Көрмегенді көресің!»
- 1020 Осылай енді бұл сорлы
 Көрмегені болмады.
 Күштіменен күресіп,
 Жазықсыз жерде жығылды.
 Болысатын кісі жоқ,
 Абақтыға тығылды.
 Абақтыда жатады,
 Екі көзі сатылды.
 Бермеймін деп шығынын,
 Шығарды оның тығынын.
 Үндемей кетті жайына,
 Таныды бектің қылышын.
 Оның қылған жазығы
 Бар жерден айрылды.
- 1030



1040

Шаруаға салықты көп салып,
 Жұрт байғұс сандалып,
 Екі иінінен дем алып,
 Қарсы айтар кері жок,
 «Болсын деп ем тамақ тоқ,
 Кемтарлар үшін сөйлеп ем,
 Тиді өзіме атқан оқ...»
 Амалсыздан тынады,
 Атасынан қор болған,
 Пайды сөзі пұл болған,
 Қатынына қарасаң
 Қаратабан күң болған.
 Зорлықпен күн өткен,
 Жылаумен түн өткен.
 Амалы жоқ жалшының
 Кәріпті сейтіп жүдеткен.

1050

Күнде шығын тартқаны,
 Күнде уайым айтқаны
 Өмір бойы тергені
 Штрабқа бергені.
 Осындай ауыр қорлыққа
 Амалсыз көнгені.
 Қайтсе құтылар азаптан,
 Өмірлік тозақтан.
 Қолын созат алақтап,
 Көмегі жоқ жан-жақтан.
 Патшаның әділеті болмады:
 Бай, манаппен болысты.
 Кедейлерді жем қылып,
 Бір-біріне жегізді.
 Өлгенін қойды құнсыз қып,
 Болысқан жағын мұнсыз қып,
 Жалшыларды жылатып,

1060



Көзінің жасын бұлатып,
Ашылмастай тұман ғып,
Байғұстарды солай қамады.
Көз көрмestей тұман ғып.

VIII

- 1070 Мен әперейін намысты,
 Табайын саған қонысты,
 Қара шаруа халыққа
 Маркс – Ленин болысты.
 Жердің жүзін қоймады,
 Табанын да байлады.
 Бар елді байға қарсы сап,
 Күндіз-түні үнделі,
 Бұл арыстан жол тапты,
 Қуат, құшті мол тапты.
 Жалшыларды жуандарға қарсы үндең
 Қүресуге шақырды.
1080 Өмірі қатарға жетпеген,
 Сөзі туғалы өтпеген,
 Малшы, жалшы кедей боп,
 Құлшылықтан кетпеген
 Езілгендер жиылып,
 Жуандармен күресті.
 Ұлы Ленин бас болып,
 Езушілермен қас болып,
 Бай, патшаны құлатты,
 Би, болысты жоғалтты.
1090 Совет құрды – жаңа заң,
 Бұл бір атқан бақыт таң.

 Қара шаруа жұмыскер –
 Жалшы, кедей, әйел боп,



Сөз сөйледі жүйелеп:
Арамнан жиган малдарға,
Енді сен ие деп,
Байлар енді құлады,
Кедейге берді теңдікті,
Өкіметке сен ие деп.

1100 Патшаның тұсында,
Кедей шаруа жасыды.
Патша тақтан түскен соң,
Езілгендер тасыды.
Бай, манапты ығысталп,
Өзін жерден айдады.
Еңбегімен байыған,
Биелері құлышында,
Сиырлары бұзаулап,
Түйелері қайыған.

1110 Қойы болса қоздаған,
Еңбегін жегізген жалшылар
Зар еніреп боздаған.
Тендікке бір кенелді-ау,
Бай малынан айрылды.
Жалшы кедейге қайырды.
Сөзі тапты жүйесін,
Малы тапты иесін, –
Иесіне мал келді,
Бұл іс кедейге дәл келді.

1120 Кеңестің ұраны:
Тендігін жегізген малайлар,
Басын қосып теңелді.
Жалғызды көпке тенгерген,
Жұмыскер мен кедейге
Адаспастай жол берген.
Ел қанаушылықта болмаган,



1130

Әділдікке бастаған,
Көп үшін еңбек қып,
Ленин осы жолды тастаған.
Жуандарды жұмсартқан,
Байды ішінен айдаған.
Арада бірін қоймаған.

1140

Большевиктің тұсында,
Аяқты қисық баспаған.
Ауызды бекер ашпаған.
Елдің бәрі бірігіп,
Араларын ашпаған.
Бір ауызға қараған,
Бір ауыздан мақұлдалап,
Жиылған жерде тараған.
Қашқан байды қоймаған,
Ұстап алып шайнаған.
Жазасын беріп осылай,
Тиылмаған жуан қоймаған.
Басында жақсылар жер алды,
Кедей, шаруа құр қалды.
Кеңес өкіметі болды да,
Қайтадан жерді өзі алды.
Жерге қожа кім болды?

1150

Қодандаған жуандар,
Тілін тістеп дым болды.

Кедей, жалшы масайрап,
Тендікке енді жеттім деп,
Бай, манаптың құрығынан
Жылап жүріп өттім деп,
Бұрын жерді сатушы ед,
Шалқасынан жатушы ед.
Бірігіп егін салғын деп,



- Бестің бірін алғын деп,
Егінді салсаң салғын деп,
Бейнетінді аяма,
Жіберме бекер заяға.
Қосты барып айдағын,
Тауға шықпай далаға жайлагын.
Шабатұғын пішен бар,
Суаратын егін бар,
Қазатұғын арық бар,
Жауғанша нанбайсың.
Жұмыс деген тіпті көп,
Ішің, сірә, байыптар.
- Менменсінген немесің,
Әсте еңкейіп сынбайсың.
Ашып қара көзінді.
Кім бұзады сөзімді,
Қақшандамай жұмыс қыл,
Жоғалтармын көзінді.
Қорқып қалған ол байғұс,
Жұмысына барады.
Келе ме деп артымнан,
Жалтақ-жалтақ қарайды.
Етек-жәнін түрініп,
Жүгіре алмай сүрініп,
Қатынына айқайлап,
«Шапшаң кел!» – деп ойбайлап,
Шапшаң жұмыс қыламыз.
Бір сұмдық болар деп,
Неге қарап тұрамыз.
- Шоқпыт көйлек етінде,
Жамаулы дамбал көтінде,
Қатын келер жүгіріп,



1200

Баласының қарны аш,
 Үйде отырған бүгіліп,
 Жылап-сықтасып,
 Дұниеден түңіліп.
 Жылап еді зар қағып,
 Сөйткен байдың зорлығы,
 Өз басына келіп тұр.
 Кеше қорлық көргендер,
 Бұғін шат боп күліп тұр.
 Бай басынан ерік кетті,
 Қолындағы жері кетті,
 Зорлықпен жиған мал кетті,
 Үстінен үй кетті.
 Өз қылғаны өз басына жетті,
 Ақырында кеп жетті!

1210

Үкіметтің ұраны –
 Білмегенді үйретті.
 Кедей жетті серікке!
 Кімді қойды еркіне.
 Кедей жерді биледі,
 Осы сөздің тазасы.
 Кедейден болды жалшысы,
 Осы ісі болды макұл.
 Құрық тимес жуанды,
 Бай, манаптың бәрі жоқ,
 Қарсы келер шарқы жоқ.
 Кедей шықты тәбенің басына,
 Жуан жұдырықтың бәрі де
 Кедейге кеп өтінді.

1220

Менменсіген байлары
 Жалшы өзіне қаратты.
 Жер төңкеріс болды деп,



Мейманаң толды деп,
Ағындаған арманың
Елде қайда қалдым деп,
Жан көрінбей көзіне,
Жауап бермей сөзіне,
Менменсінген батыр-ay,
Өз обалың өзіне.

1230

Ойлағаннан жетпейді,
Шығынданып өздері
Ақырында өтейді.

Байлар арамдығын қоймайды әлі күнге.
Өз еркімен істейді білгендерін.
Ақыл салмай білгендерге.
Енді ұлы іске бастаған,
Ескі әдettі тастаған,
Арам, жалқауды іске қоспаған.

1240

Адал ниет, ақ жүрек,
Арамға ауыз ашпаған,
Мизамсыз іс қылмаған,
Ерегіскен жауының,
Тұбін құртпай тынбаған.
Жалпыға оқу ашылған,
Жер бетіне нұр шашылған,
Балалар да жол танып,
Өкімет жолына қосылған.

1250

Үлкен, кіші деместен,
Оқуға бәрі жабылған,
Ойлас қалсам бұл жерін.
Адал орын табылған.
Бұрын адасып жүрген кісі еken,
Маркс – Ленин кеменғер кісі еken.
Ақылменен жол тапқан



1260

Асып туган ер екен!
 Зорлықты қойғызды,
 Жалғызды көпке теңеді.
 Ерек пенен ұргашы
 Оқуға барды сағынып,
 Етек-жеңін қағынып.

1270

Сағынып жеткен орнынан
 Сексен бір жасқа келгенде,
 Өз көргенім мен көргенім.
 Замана ағымы осылай!
 Айтып бердім жүрсін деп,
 Естерінде сендердің.
 Ендігісін біртінде,
 Көрсетіндер өздерің:
 Ленин туын қолға алған,
 Қалың қайрат қозғалған –
 Жалшы кедей досым-ай!
 Күн де туды сен үшін,
 Ай да туды сен үшін,
 Заң жасалды ел үшін,
 Серпіле тұс, серпіле –
 Бұрынғыдай жасымай!

1276



ТУҒАН ЕЛІМ

Тоқсанға келген жасым бар,
 Көпті көрген басым бар,
 Аман жеттім бұл күнге,
 Ойды, қырды аралап,
 Жалғыз атты сабалап,
 Серік қылдым өмірге.
 Домбырамды өңгеріп,
 Өзіме-өзім дем беріп,
 Жұбаныш қып көңілге.

- 10 Осынша жасқа келгенде,
 Өзіңдей өлке көргенде,
 Немерем мен шәберем,
 Әкелеп маган ергенде,
 Ескі көнілім жаңарып,
 Кесегем көктеп өргенде,
 Заманым, күнім жасарып,
 Қорғалап жұртый жиналып
 Сөйлеуге кезек бергенде.
 Дауыста, Жамбыл, дауыста,
 Сөйлеп жібер, сөйле енді!

- 20 Жиналып жұртый алдымда,
 Тындауга мені келіп тұр.
 Сөйле деп ойда барынды,
 Анталап қамап төніп тұр.
 Шежіре не айтар деп,
 Балаларым сеніп тұр.
 Қиялымды қозғауға,
 Құлағын бұрап сөйлетіп,
 Домбырамды беріп тұр.
 Қайтарма жұртый меселін,

30



Күшіңді жиып бойыңа,
Біраз ғана кеңес құр.

Қазақ – қазақ болғалы
Көрдік қой талай хандарды.
Откіздік қой біз бастан
Азапты, ауыр зандарды.
Қоқан билеп бір кездे,
Өристегі малды алды.
Құсбегі хан құтырып,
Бойжеткен жас қызды алды,
Қызды алмады, жанды алды,
Жайлауды сонда шаң басты.
Тынық көлдер шайқалды,
Сол бір өткен заманнан
Арман болар не қалды?

40

Ханның бірі Абылай,
Мақтаман оны асыра.
Аш бөрідей жалақтап,
Некерін, қолын шұбыртып,
Өзім деген кісіні
«Датқа» деп алған қасына.
Қарсы болған кісінің,
Қан жаудырған басына.

50

Абылайдың тұсында
Қандай қып елді сұраған?
Ерегіскен кісіні
Қыл шылбырдай бұраған.
Адамды Абылайдың тұсында,
Ұлтарақпен тен қөрген.
Жесір алса – күң болған,
Күң бейшара жылаған.

60



Жауласқан жерден құл алған,
 Құл сорлы да аңыраған,
 Қосылып күнгө жылаған.
 Тоқсанға келген жасымда
 Сол бір өткен заманың
 Болсын маған несі арман?!

- Одан бері келгенде
 Өлкені басты бір сарын.
 70 Жыландаій бойға оралып,
 Қысқаның көрдік патшаның.
 Жердің бетін қаптады,
 Елдің жанын қақтады,
 Таппадық ылаж, амалын,
 Бірге шапты патшамен
 Жәңгір хан атты арамың.
 Көкорайлы жерді алды,
 Ағынды өзен суды алды.
 Жолын кесті Оралдың,
 Ашылған қорқау араны.

- 80 Осынау бір заманда
 Болыс шықты зіркілдеп.
 Мырза, старшын атанып,
 Ауылнай шықты діңкілдеп.
 Шен таққан би шіреніп,
 Қонса байдың аулына
 Қайнады қазан бұлкілдеп.
 Отырды бай ақ үйде,
 Алдындағы керсендे
 Сары қымыз кілкілдеп.

- 90 Кедей байғұс баласы
 Жалаңаш шекпен етінде,



100

Секпілі бар бетінде,
 Ку қарынның қамы үшін
 Аталаип малай жүреді
 Бай малының көтінде.
 Шілдеде аптап астында,
 Қыста боран ішінде,
 Жас баласы қозыда,
 Қатыны жұр от жағып,
 Бәйбішенің еркінде.
 Сол бір өткен заманың
 Несін арман етейін
 Жетісken жаңа күнімде.

110

Алпыс бестен асқанда,
 Жетпіске қадам басқанда,
 Өмірі естіп білмеген,
 Өмірде көзім көрмеген,
 Көрсетті Ленин қайратты.
 «Құлдан, құңнен» қол құрап,
 Асырды ерім айбатты.
 Тәжін жұлып патшаның,
 Алтын тақтан құлатты.
 Салтанат, сәнін қиратты,
 Ұлы, қызын жылатты,
 Көзден жасын бұлатты.

120

Ағарып бізге таң атты,
 Қазақ та атты жаратты,
 Бетін Мәскеуге қаратты.
 Жаппай шауып жан-жаққа,
 Ленин есімін таратты.
 Қудық біз де ортадан,
 Бай мен болыс, манапты.
 Содан бастап қазаққа,



Қымылдарлық әл кірді,
Кеудесіне жан кірді.
Жан кіріп қана қоймады –
Ел боларлық сән кірді.

- Сәнді қазақ елінде
130 Қартайғанда ән салған,
Өлеңін қойдай тоғытқан,
Тыңдаушысын ұйытқан
Көретін болдың Жамбылды.
Лениндей басшы іңкәрім,
Жырлауға оған сөз жетпес,
Шебер ақын ұстаның.
Пайғамбарға теңеуге,
Сұндет, уәжіп, парыздан
Артық көрем уставын.

- 140 Асқар тау биік дер едім,
Көрініп тұр тәбесі.
Ақылы дария дер едім,
Бірақ кейде дарияның,
Қайырлайды кемесі.
Шайқалған жорға дер едім,
Ол да шаршап болдырап,
Кездессе жердің белесі.
Домбыраны алғанда
Данышпанға тең таппай
150 Қиналған Жамбыл жері осы.

Туған айдай дер едім,
Тұнде бар да, құндіз жоқ.
Жанған күндей дер едім,
Күндіз бар да, тұнде жоқ.
Темірқазық дер едім,



Тек тұрғаны болмаса,
Онда тіл де, үн де жоқ.
Тұнде де бар, күндіз бар,
Жанып тұрған жалынды от!

160

Рұқсат етсең, әлеумет,
Тынығып біраз көрейін,
Дем алып тағы сөйлейін,
Сөйлеттің неге демейін.
Жұзге жасым жеткенше,
Өлеңнен ұрық себейін.
Тартынбайын шегініп,
Домбырамды жебейін.
Өлгенімше өлеңмен
Партияны жырлайын,
Бітелмесе көмейім.
Сөздің бәрін салмақтап,
Асылдарын терейін.
Айтып жүрсін кейінгі
Жас балалар, ұрпақтар.
Көсемімді теңейтін
Тенеу тауып берейін!

170

176



МЕНИҢ ӨМІРІМ

Қақаған қар аралас соғып боран,
Ел үрей, – көк найзалы жау торыған.
Байғара, Жамбыл, Ханда мен туыппын,
Жамбыл деп қойылыпты атым сонан.

Солайша Жамбыл тауда Жамбыл туған,
Қырық күндей маймен сылап, тұзбен жуған.
Сүйінбай онан әрі Бұхар жырау,
Атақты ақындардың жолын қуған.

Ел үркіп жүрген кезде күні-түні,
Сары аяз көш-жөнекей боран күні.
Қар қауып, мұзға түскен Жамбыл екем,
Жұтынып сұық ауа шыққан үні.

Мен емес, сұық демді ел де алыпты,
Тарылтқан қысаң заман кең жарықты.
Қара күн хан билеген, қанды жорық
Дегендей ел аузында сөз қалыпты.

Көз аштым, сорғалаған қанды көрдім,
Қамыққан қанды жасты жанды көрдім.
Ел көрдім – еніреп босқан аңды көрдім,
Қойнында Алатаудың зарды көрдім.

Бой бермес ел өмірі асau шері,
Тұрса да құрсауланып тоқсан жері,
Бірде от, бірде суды көктей кешіп,
Талпынып тілегіне басты ілгері.

Өмірмен араласқан өсті Жамбыл,
Ел басқан отты, суды кешті Жамбыл,



Құлыннан құнан да өрлең, дөнен де өрлең,
Шыққандай бола қалды бесті Жамбыл.

Он жаста ойнап жүрдім бала болып,
Өлеңге бөлдім көңіл алаң болып.
Райыттап тана мініп, қозы бақтым,
Еңбекті иемденгенде шама келіп.

Қойшымен кеңес құрдым қыр басында,
Өлеңмен ермек болдым жолдасыма.
Сол еңбек қалытқыдай кетті алып,
Байлардың жақыннатпай мырзасына.

Өлеңді өркендеттім, өршіп, өстім,
Көргенде жақсы жырды құстай ұштым,
«Жас ақын», «Жап-жақсы ақын», «Жамбыл ақын» –
Дегенде дара болып көзге тустым.

Он бесте-ақ домбыраны алдым қолға,
Тең басқан төрт аяғын болдым жорға,
Он алты желі ұзатты, өрістетті
Түскендей бұлтартпайтын даңғыл жолға.

Топ десе он жетімде тартынбадым,
Семсердей майдандағы жарқылдадым.
Ақынды ауылға ермек басып озып,
Жұлдыздай көзге түсіп, артылғанын.

Еріксіз он сегіз жас мінгізді атқа,
Бір Жамбыл бөлінгендей екі жаққа, –
Бір жағы қайнап өскен қалың елім,
Бір жағы атқа мінген бай мен датқа.

Атымды «жақсы» тартты арымалап,
Коршалап көп отырды қайырмалап.

Өлеңнің майлы басы көpte қалып,
Отырғам улы басын байға қадап.

Жаманды ел қарғаған жамандадым,
Манапқа жақсы сөзді таба алмадым.
Аз сөзім бай, манапқа арналғанда,
Жалтақтап ел не дер деп алаңдадым.

Келгенде жеме-жемгे, елде қалдым...
Шалшыққа шатылмадым, көлде қалдым.
Шалқардың шалқып жүзген мен ақкуы
Келмеді сасық, шалшық жерде қалғым.

Ол кездегі заманның бейнесі осындай еді. Көрініп отырып «көк» деп жасырынбақ ойнаған баладай:

Алпыс қасқыр аналы,
Жетпіс қасқыр балалы,
Ниеттері бәрінің
Жиылып келіп қой қырмақ, –

деген сөзді ел «жұмбак» деп айтып жүруші еді. Алпыс аналы қасқыр да, жетпіс балалы қасқыр да адам еді – хан, бек, датқа, билер болатын. Ел бейне бір көл бетінде толқыннан тұрған көбік тәрізді сырғып, жөңкіліп қашып жүретін. Улы тырнағын салған қалмақ ханының, Қокан ханы Құдиярдың, аш бүйірден қадалған орыс патшасының елге тиген ыланы аз болмаған еді. Қоқан ханының ел басқаруға қойған датқасы жалпақ елді жаялыққа айналдыратын. Ел аузына қакпак, басына тоқпақ болатын. Ел шабыншылықтан қорқып, сынаптай сырғып көше беретін, көше беретін. Жынның ойнағы көше алмаған жоқ-жұқаның үстінде болатын. Қатарға ұстаған құл мен күң солардан шыққан жастар болатын.

Осыны көрген Жамбылдың жүрегі ол заманға тас болып қаткан. Босып көшкен елдің өрісінің бір шеті – Қарғалы, Ұзынағаш,



бір шеті – Жамбыл тауы, Байғара, тіпті Арыс, Сырдария болып жүрді. Әкем Жабайдың ат пен танаға жүгін артып, көшкен елдің артынан еріп отыратын қүйі болып еді. Жолда егіл-тегіл жылаған зардың үні әлі құлағымда ызындал түрғандай елестейді.

Жыландаі улы зәрін шашқан заман,
Хан – қырғи, ел – торғай болып қашқан заман.
Игілік, үлгілі істің иісі шықпай,
Даланы сасық тұман басқан заман.
Қанқұмар қанаасынан азған заман.
Бірінің бірі иығынан басқан заман,
Шаяның ұсақ-түйек жұтып қойып,
Араның айданардай ашқан заман.
Даланың бір жағы от, бір жағы мұз,
Қарыған алдын жалын, арқасын сыз.
Бауырдай бөліп-бөліп, отқа салған,
Қазақтың жай емес ед болуы Үш жүз.

Мен жиырмаға жеткенде патша қазақты түгел қаратып алды. Елді руымен, малды қора, келе, үйірімен есептеу қалды. Құдайдың көкте дейтін «Лауқыл мақбозы» жерге түсті. Барлық мал-жан дәптерге жазылып, есеп алынды. Оны ел «Қарақат» деп атады.

Оны «Қарақат» деп қалай атамасын! Бұл қаттау елдің көпшілігі үшін кедей-кемтары үшін басын санап көгендерегендей болды. Бұрынғы зары тамшы болса, дарияға айналды. Бұрынғы зары екпін болса, дауылға айналды. Елдің әкімдерінің аты өзгерді. Адамы баяғы шонжар, шынжырбалак, шұбартөс дегдардың тұқымы болды. Датқа, хан, бес деген ат құрып, «төрт қазы» деген құрылды. Ол Жетісудың алабында жатқан рудың атасынан сайлап алынды...

Шапырашты Екейден Сарыбай,
Қиқымнан қу сирақ Шомай,



Албаннан – Қара,
Жалайырдан – Төкей дегендер казы болды.

Бұлардың бұрынғы биден айырмасы – уездің ақылын алмай, аузын ашпайтын болды. Көшпенділік қалып, отырықшылық-қа айналды. Ел кедейленіп, басы байдың босағасына байланды. Кедейдің көргені – құқай, кигені шокай болды. Өзі байдың ма-лын бақты, қатыны отын жақты. Оған рахым етпеді, басынан жа-манышылық кетпеді, шекпені тізесіне жетпеді.

Тараншы, қазақтың кедейлері арқа еті арша, борбай еті бор-ша болып азып-тозды. «Құдайдың жері» деген жер қалмады, – байдың жері болып, жерсіз кедейлер солардың басы байлаулы бендесі болды.

Он екі айдың біреуі арай болды,
Елдің бірі бай, мыңы малай болды.
Көлдей аққан көз жасты көремісің,
Бай, манап озбырлығың қалай болды! –

деген жыр айттылды.

Байлардың айтқан жауабы:

Құдай кедей қылған соң обалың жоқ,
Саған айтам жоқ болсаң малай бол деп.
Жер мен сү辛勤 тапсын да, барып қонсын,
Шақырдым ба соларға жанай қон деп.

А, Жамбыл неге маған шағып тұрсың,
Шымбайыңа батқандай налып тұрсың.
Қақсам қазық сындырамын шиім болған,
Итаршы боп кедейге нағып тұрсың, – деді.

Патша байларға осындаған мансап берді. Көпшігіне су құйып шарықтатты, сабын шайнатып аузын көпіртті.



Ұлық неге көрмейді көздің жасын,
Көрмес болса даттаған неге басын.
Үйге келіп өксиді қатынына,
Бүйткен тірлік болғанша құрып қалсын.

Күн өткізді кедей де жылай түсіп,
Бай ақырса кедейдің зәресі ұшып.
Малай қатын қарайды жыпылықтап,
Байын көріп иығы кеткен түсіп.

Биге шағып барады, кедей бақыр,
Маған қорлық берді деп байлар, ақыр.
Біз де сіздің бұқара, еліңіз ғой
Тендік әпер байларды тергеп, шақыр.

Биден қайтар кедейге «жылы» сөзі:
— Мыңқылдаған қиқанды қойши, батыр,
Жусанды сен ішсөң де күн көресің,
Асыраған байлар ғой сендерді ақыр! —

Жасым жиырмадан асты. Шарықтап көтерілген ақындығым, халықты қатықтай ұйытқан жалынды жырым мені жұбата алмады. Менің оқпаны кең тілегімнің қойны бос жатқандай еді. Жастыққа жендіріп, тасқындал жыр айтайын десем де, айта алмадым. Жырдың зар жағы басым бола берді. Оленге берілген төрт-бес жылым мені талай жерге сүйреді. Ұлы жұздің жерін де, елін де, ел басқарған ерін де көрдім. Қатар жатқан қырғызыды көруге құстай талпындым. Ондағы ел мен ел басқарған ердің сыңайын көргем. Шәбденге бардым.

Ханнан туған ханзада батыр Шәбдән,
Қазаққа да жетісті ақын Шәбден.
Қазақтың дарынды ақыны Сүйінбайы,
«Келед» деп Тезек ханға жатыр Шәбден.

Ақынға дайын дейтін ат, шапаның,
Шапан үшін мен адам мақтамадым.
Еліңнің ұлдығынан құлдығы басым жатыр,
Қай жақта елдің тұзын ақтағаның?

Тұнерген ел қабағы жабық жатыр,
Бірі тоқ, мыңың өзегі талып жатыр,
Ел басқару қарынның қамы ма еді,
Ит те, күс та тамағын тауып жатыр.

Қазақтың қанға құмар Кене ханы,
Кеше ғана басылды шыққан шаңы.
Хан болмады, қан ішкен қасқыр болды,
Белгісі жоқ көмілген моласы әні.

Асқақтаған адамда тоба болмас,
Ел қарғаган адамда мола болмас;
Елден туып, ер болсаң, елге қара,
Шірік курай ауылға қора болмас, –

дедім.

Отырған манаптың бірі:

– Жамбыл, ханды мақтағалы келдің бе, боқтағалы келдің бе? – деді.

Мен: – Екеуі де емес, елдің мүддесін жоқтағалы келдім, – дедім. Ханның бетінен ашу ажары көрінді, артынан езу тартып құлді.

Мен жиырма бескे шықтым. Патша нығайды. Оның үйез приставы елдің басына қонған құзғынға айналды.

Кедейленген ел басы байдың көгеніне байланды. Ел билейтін болыс, ел билеген кулары үш жылда бір сайланды. Ел қамын жеген батырлар жер Сібірге айдалды.

Жас отызға келгенде
Даланың түрі өзгерді,



Өзгергенін көз көрді.
 Күл-талқан боп төрт қазы,
 Болыстарға сөз берді.
 Араның ашты бай, манап,
 Үдете тұсті езгенді.
 Ел налыды қонысқа,
 Бас билігі болыста,
 Болыс сайлау, қан төгіс,
 Ақша төгу үйезге,
 Приставқа жалбақтау,
 Құдайындай сыйыну
 Әкім болған болысқа.
 Сайлау үшін шабысты,
 Елді быт-шыт бөліп ап
 Үрсылдастып алысты;
 Ылай судың ішінде
 Көр наһандай қағысты;
 Бозға түскен өрттейін
 Елді үйтіп тауысты;
 Жер ошактың басында
 Ит пенен ит жолығып,
 Аузына май жағысты;
 Жылан ба әлде, немене,
 Әкім емес, кене ме.
 Зәрлі тілді, улы азу,
 Аш бүйірден жабысты.

Ел жүдеген үстіне жүдей берді, ел менен жыр сұрағанда, кепкен ботаның тұлышына еміренген маядай батырларды жырла дейтін болды. Мен де жүрттың тілегіне сәйкес Өтеген батыр, Саурық батыр, Сұраншы батыр, Көрүғлы батыр, Алатай-Жапарқұлдың жырын айтатын болдым. Осындай елді жарыққа шығаратын батырлар да туар-ау, сондай батырдың сапында тұрып, туын көтеріп, соңына ерерміз-ау әлі десетін.



Сөйтіп елге бостандық әперген Ленин, Сталин, Ворошилов, Чапаев, Блюхер, Буденный, Амангелді сияқты батырларды сол кездің өзінде-ақ ел толғатқан болатын. Сол батырлардың туын көтергенін көзімен көрді Жамбыл.

Жамбыл отыз бескे келді. Албандағы Құлманбет ақын да жырдың бетін елдің тілегіне қарай бейімдеп, сөзінің көбі атқамінерлерге шашу болып келген ақын еді, сондықтан манаптар ақынды айтыстырып, жырдың бетін заманды сынап, мінеуден гөрі егеске, ру араздығына аударғысы келетін еді. Екі ақын қосылған жерде айтыс үйымдастыратын, женгеніне бәйге беретін үрдіс болды. Сол ретпен:

Құлманбетпен салыстым,
Күшті ақынмен алыстым,
Итермелеп манаптар,
Жыртуын жырттым намыстың.

Менің жоғарыда:

Аз сөзім бай-манапқа арналғанда,
Жалтақтап ел не дер деп аландадым, —

дегенім осындай реттерде еді.

Қырықтың қырын бір басып
Елудің шықтым беліне,
Өлең менен жырымның
Сұнгідім шалқар көліне.
Ортадан орным жоғары,
Үйдің шықтым төріне.
Жүргегімді алған сасықтай,
Заманнан қалдым жеріне.
Ел сүймеген адамның
Жоламай кеттім шеніне.



Алпыс жасқа келгенде
 Өрлей түсті өнерім,
 Орыс, өзбек, ұйғырдың
 Санадым бәрін – өз елім.
 Ынтыға тыңдал жырымды,
 Қоштады Жамбыл келгенін.
 Орыс, қазақ кедейі
 Дос болғанын тіледім.
 Ел болып көрген азапта
 Айырма бар демедім.

Алпыстың келдім бесіне,
 Елдің күйі көп түсті
 Қартайған сайын есіме.
 Терең-терең ойландым,
 Мұңды шаға жырладым,
 Жақсылыққа жетпесем
 Тудым дедім несіне?
 Шиеленген ел күйі
 Қалмаған соң шешіле,
 Үзалы сөз әкімге
 Қарсы айтылды көсіле.
 Ел құлағын тұндырды
 Сол кездегі бір соғыс,
 – Кіммен жатыр соғысып?
 Кесілген бас, аққан қан,
 Ел жүрегін шошытып,
 Қора-қора адамды,
 Күнде айдады тоғытып,
 Көлге айдаған қойдай ғып,
 Қызыл қанға обытып.
 Алдым салық аты көп,
 Ел құйқасын үйітті
 Соғысқа болыс болысып.

Малы бардан мал алды,
 Малы жоқтан жан алды.
 Аралдағы қояндай,
 Ел топанға қамалды.
 Әнші, жырши ақыннан,
 Елдің досы жақыннан,
 Шашылды да зәрлі жыр,
 Көпшілікке таралды.

Жасым жетпіске шыққанда:

Арық ел алабыта тұрған ықтап,
 Жайлаған мына қырсық неден мықтап?
 Қажығанның үстіне қанды соғыс,
 Жығылғанның үстіне жұдырықтап, –

деген өлең-жырымның бастамасы болды.

Ақындардың бұл жыры әкімдерге де ескерусіз қалмады.
 Алматыға барлық ақын-жыршыларды жинап алып, түрі тұрме-
 ге қамағандай бір жиналыш ашты.

Ақыны, әнші, күйші қыруар жан,
 Аймағын Жетісудың жинап алған,
 Сабаннан төсек, ерден жастық етіп,
 Жатарға жай салғызды ат қорадан.

Сорпасы капустаның ыстығына,
 Сөткесіне – бес кісіге бір қара нан.
 Қырық тиын күндігіне ақша беріп,
 Нан, пұлын алып тұрды ұстап сонан.

– Үгіт айт, патшаны мақта, – деді,
 Болып жатқан соғысты жақта, – деді,
 Жыр айтсаң құдай менен пайғамбарды айт,
 Онан басқа жырынды айтпа, – деді.



Ол айтты, тіл кескендей үндемедім,
Ол жиыннан табылмай бір керегім.
Ақын, жыршы топырлап жеті жаттық,
Тұсінгенім болмады мұлде менің.

Ұстаған қанды тырнақ елді қысты,
Кім болмақ ызаланса елден күшті?
Жамбыл қарт жетпіс екі жасағанда,
Николай ұрған доптай тақтан ұшты.

Осыдан 17 жыл бұрын көңіліме түйткіл болған істің түйіні енді шешілді. Ол, 1921 жылы Ұзынағашта болған бір жиылыш еді. Сол жиылышта Сапаров, Қожанов дегендер «большевик» атты жамылып келді: «Жер бұрын қазақтікі еді, мынау орыстар тартып алып поселке салған. Енді Совет өкіметі тенденсік әпереді. Қазақ жерді қайтып тартып алады, орысты қуады», – деді.

– Бұл қалай? «Арқада қыс болмаса, ақбөкен төркіндең жур ме?» дегендей, орыстар қазақ жерін тартып алғалы келіп пе еді, бұларды сонау Ресейден, кірін жуып, кіндігін кескен ата қонысынан, патша жерін байларға тартып әперіп, өздерін жерсібір қып, айдатып салған ел емес пе еді, бізді қысқан патша бұларды жай қойды ма? Айдайтын болсаң байын, кулагын, төре-төрешігін айда, еңбек еткен кедейлердің жерінен, сүйнан айырамын дегенің – патша зарықтырған халықты тағы да зарықтырам дегенің болады, – дедім. Олар мені жиылыштан айдал шығарды.

Степан, амандаса келдім саған,
Тұршігер сөз естідім түрі жаман;
Бөрі өлсе де бөлтірігі сай жүргендей
Ұзынағаш келіпті төрт-бес адам, –

деп, тамырым Степанның үйіне бардым да жаттым.
Ол азғындардың жасырынған жау екенін сонда білдім.





АУЫЗША ӘҢГІМЕЛЕР







ӨМІРДІҢ ТУУЫ

Москвандың зенгір биік қонақ үйінің кіршікісіз таза жарық терезелерінен қарасам, мен ең алдымен Кремльді көремін. Кремльдің жарқыраған қызыл жұлдызы қекке жеткізе көтерілген қызыл тудай жайнайды да тұрады. Сол биік үйлердің тerezелерінен қарағанымда мен өзімді Алатаудың бұлтпен таласқан, ұсынса қол жеткісіз зәулім шынында тұргандай көремін.

Міне, мен тағы да өзімнің Москвама келдім. Оның ұшанқырып даладағы, шар айнадай жарқыраған өзен секілді көшелерін, төбесі айды аймалағандай биік үйлерін көргенде тамашалығына көз сүйсінгендей. Ал, енді Москванды тұнде көрсөн жіпжіе жұлдызы сәулесі шашылған көкті көргендей боласың да тұрасың. Сол астананың осы суреті жас түгіл, көрінің де жанын жайнатып, қанаттандырғандай. Астананың мұндай ғажайып көркі көңілді сондай шабыттандырады.

Мен өзім шаттанғанымнан сабадағы алтын түстес қымыздай шайқала тербеліп, Москвандың әдемілігі туралы айтуға көркем сөздерді де таба алмай отырмын. Сондықтан, сөз маржаның бұлақтай сорғалатып сөйлей алмады деп сөкпессіздер, балалар!

Мейірімді ананың ақ сүті сәбиін емізуге қандай иісе, сәбидің сезімі де анасына сондай талпынбас па? Сондай-ақ мен жыртуралы әңгіме бастағанымда, жыршының атын атамай кете алмайтын тәріздімін. Олай болса, сол секілді жаңа өмір қуаныштың күні туралы сөйлесем, бұрынғы өткен зәрлі өмірдің көзді жаспен жудырған күндерін кейде есіме алмай кете алмаймын. Мен өмірдің батырларын туғызған жаңа замана туралы сөйлесем, сол замананы, дәуірді туғызған батырдың атын қалай атаман. Бұл заманға дейін жетпіс жылдай ойды тербеткен бұрынғы ескі өмірдің есте қалған көлеңкесін ойыма алып мен өзімнің сол уақыттағы жастық шағым туралы бір әңгіме айта кетейін:

Мен отызыдың шамасында едім. Ол кезде маған кең даланың майысқан гүлдері де, Қастек пен Қаскелеңнің толқынданған сұлары да жымия қарап, сәлеммен тәжім етіп, ілгендей болатын.



Ол кезде менің денем сұңғакты, дүзу, өзім қуатты едім. Қол қуатты, сондай-ақ, тіпті жүз жыл жасаған еменнің бұтағын да қайырып сындырлықтай еді де, ал, қысқанда аттың болат тағасын түзетуге шамам келетін тәрізді еді. Бірақ, шынына келгенде, менің күшім қолымда емес еді, домбырамда еді, ал енді домбырамның күші жырымда еді; жырдың күші шындықты айтқан асыл сөзде еді, өйткені шынайы айтылған сөзді халық сүйетін еді, ұнататын еді. Мен үйсіз, құйсіз ұшан қиыр даланы талай кездім.

Маңдайымды күн қарып, бар денемді жел қарып, ернім шөлден кезерген кез еді, тіпті аңызақ шалған екі бетім күреніте тусудін орнына қарайып та кеткен болатын.

Мен қырық қыртысты жер құйқасын басқан сайын, менің әрбір қадамым – домбыраның қалтыраған шегіндей дыбыспен мениң жүргіме былай деп тіл қатқандай болушы еді: Сен өзіңнің туған жерінде жүріп келе жатырмын деп ойлама, бұл сенің жерін емес, сен бөтен бөгде адамның иеленіп отырған жерімен жүріп келесің. Мениң жүрек сезімім оған арланған түрмен ренжитін болды. Мен шаршағанда, шөлдегендегі аңсаған шөлімді даланың толқынды өзендері ғана басқандай болды, бірақ ол кезде өзендердің өзі де менікі емес еді. Мен даланың көк бүйра майса шөбін жастаңып, түнгі далада талай түнедім. Жұпар иісті даланың желмен тербелген гүлдерінің сыйбырын талай рет тындағым. Сонда дала гүлдері маған:

– Қарышта, Жамбыл, қарышта, сені ешкім куа алмас, бірақ бізді – жердегі гүлді хан мен сұлтан таптар, тіпті аямас! – деп тіл қатқандай тәрізденетін.

Бір күні мен болоснайдың аулына келдім. Ауылдық болосной ісіп-кеуіп карта ойынына қора-қора қой салып, ерегесіп ойнап, өз ауылышдағы бір көрші биінің үйінде тойда отыр екен. Ол сол кезде жұртқа қарап:

– Мениң қонақасым беріне де жетеді, алдынызға қойылғантағамды – «бесбармақты» женіздер, сапырулы тұрған қымызды ішіндер, киіз төсеулі, көрпе салынулы – отырындар! Мениң ақ



көңілді ниетпен істеген құрметіме риза болып, шаттаныңдар! – деді қоразданып.

Сол кезде қымызға тояттаңқырап отырғандығымнан ба, әлде, жаудырап маған қарап отырған сансыз жүрттың көзінің жана-рынан ба? – әйтеуір, қолыма домбыраны алдым да, өлеңді дүрілдете бастадым, сондағы ауылдық болосной правительдің құлағына жеткізе жырлаған жырымның мәнісі былай еді: бай, яғни, тоқ торғай қонаққа барлық жыртқыш құстар мен андарды шақырған еken, мұның ішінде қойдан басқаның бәрі бар еken. Қойдың өзі қонақтарға сойылған еken, тоқ торғай қонақтарды етпен сыйлап отырып, мен аюды да бір асап қылғып жұтып қоюға құдіретім жетеді деп мақтанады. Бірақ аю оның қасында тізелес қатар-ақ отырған жоқ па? Аю гүрілдеп ашуланып, торғайды обып қойғандай көзбен тесе қарайды, алайда, торғайға аю еш нәрсе айтпастан, мейлін, менің құлағыма қонып отырсаң да еріктісің дегендей пейіл білгізіп, жаңа піскен қойдың етіне саусағын сұға берді, өйткені, аю өзегі үзілгендей аш еді. Менің осы мағынада айтылған өлеңімді аяқтатпай-ақ манадан бері көзін менен айырмай, мені жеп қоярдай болып отырған правитель өлеңімді бөліп:

– Құлдың құлдығы қалмайды, құл құл қалпынша өтеді, оның көзі өзінің жүрегін де көре алмайды, сондай-ақ ол аю да бола алмайды, – деді.

Мінекей, бұл әңгімеге көп уақыт өтті. Ол кездегі ондай мақтаншақ правительдің сүйегі де әлдеқашан қурап қалды. Ханды, сұлтанды, байды, правительді, жандаралды, яғни елдің ежелгі дүшпандарын халық найзаға шаншып құл-талқанын шығарды, міне, оны да өз көзіммен көрдім.

Жаңа айтқан бұрынғы мақтаншақ правительдерді еске алғаныма бір себеп болды; ол былай, мен жақында Кремль үйлерінің бөлмесінде болдым, онда менің денсаулығымды докторлар қарап, менің жүрегімді дұрыс, ете жақсы деп өзіме оның суретін көрсетті. Мен өзімнің жүрегімнің өте әдемі, дұрыс соғатындығын көзіммен көріп, нандым. Әр адамның жүрегінің қалай



соғуы туралы туысқан партияның өзі бақылап, қарап тұрған шақта, бірінші май айының шұғыласындағы құйылған бақытты өмірдің күнінде маған қартаюға тіпті рет жоқ.

Ауылда мен осы күні өзімнің текежәуміт тұқымынан туған арғымағыма мініп, Ұзынағаш айналасындағы колхоздарды қыдырып аралап жүрген кезімде, өмірдің құлдық пердесін әлде-қашан сыйырған, бетінде қуаныш нұры ойнаған кіл шат адамдарды көремін. Мен халық меншігіне мәңгі сыйланып берілген туған жерді, сағағынан үзіліп өскен көк өрім алма бағын, темекі ұрығын егіп ғүлдендірген дала алаңын, үйір-үйір, даланы тұтып жатқан малды, менің бақытты ұрпақтарымның әдемі мектептерін, жаңа үйлерді, ауруханаларды көремін, міне осының бәрі халықтікі. Осы байлықтың бәрін халыққа берген Ленин! Ол халық таңының бақыт нұрын ұрлаған қарақшы дүшпандарға қарсы көтерілген халықтың батыры болды. Ол батырга халықтың өзі асыл жырдан ту тоқып көтеріп, жүрегінен найза соғып берген еді. Әйтте тұрса да ол кезде, қолға кісен, аяққа тас байлаған заманда жауды жеңіп, бақыт шыңына шығу қыын болып еді. Сондықтан да ол батыр арманына жете алмай жан тапсырған болатын.

Колхозымызға жеңіс күшін берген, бақыт нұрын жайнатқан, өлмestей батыр туғызған Ленин!

Бұрынғы заманда патша мен хан, сұлтандар әр ұлтты бір-біrine қарсы қойып алғаға жасап қырылыстырған еді. Соның салдарынан жер бетін өлген жандардың сүйегі қантап кетіп еді. «Өлеңді жерде өгіз семіреді, өлімді жерде молда семіреді» – деңгендей, нақақтан қырылысқан жандардың жаназасын айтқан молдалар семірген еді.

Өмірге халық бақыты үшін Ленин келді. Ол келген соң, әлгі сияқты шіріген замананың ескі мақалы өзінен-өзі өшіп құрыды. Орыс, қазақ, өзбек, ұйғыр, украин, белорус халықтары ұлы дос-тықтың туын көтеріп шындықты тапты.

Олар қазір советтік ұлы заң туының астында туысқандық жүрекпен сүйіскең, өзінің туған жерінің үстінде, шаттық заманның күнінің шұғыласында жайнауда.



Мен осы Москвада көкірегіне алтын жұлдыз қадаған талай батырды көрдім, оларды көргенде бұл батырларға қарсы тиісken дүшпандар тек қана өзіне өлім тілеу үшін ғана тиісер деп ойладым.

Бұл батырлар арқылы мен біздің бүкіл жеңімпаз халықты көремін, олар арқылы мен кең байтақ, ешкім шегіне жолай алмас жерді көремін. Өйткені, ол батырлар өзіміздің қаны бірге туысқан Батыс Украинаны, Батыс Белоруссияны дүшпан торынан құтқарып алды, олар Ленин қаласына оқ атуға тырысқан белофиндердің азу тісін қағып алып, тас-талқанын шығарып женді.

Батырлары халықтың
Қан майданнан таймаған.
Жауға атылған оқтары
Найзағайдай ойнаған.
Ердің көрдім ерлігін,
Елдің көрдім бірлігін,
Ту астында таймаған!

Мен осынша жасқа келсем де, өзімнің шын жасымды маған және менің халқыма бақыт берген совет заманынан бастап сағаймын, мен жаспын.

Бұрын құлазыған ку далада қазір Қарағанды, Балқаш, Ембінефті, Арап, Каспий алыптары гүрілдейді. Бұрын түйе жолы мен аң ізінен басқа еш нәрсе болмаған ұлан байтақ Ақмола – Қарталы жонына менің комсомол балаларым темір жол салды. Ұшса құс қанаты талған, жаңбырызы семіп қалған шөл даладан мөлдір бұлақты арықтар, каналдар қазылды, алма бақтары егілді – осының бәрі халықтың байлығы, халық қазынасы. Бұрынғы қазақтың киіз үйі тұратын, балшықтан соққан үй тұратын далаға қазір әдемі қала, завод, фабриктер салынды, осының бәріне халықтың өзі кожа!

Бұрынғы сұмырай өмірдегі мешіт тұрған, абақты тұрған жерлерде, қазір халқымыз мраморлы сарайлар, зәулім биік театрлар,



магазиндер салды. Бұрынғы жусаннан басқа еш нәрсе шықпайтын құмайт жерлерге, қазір колхозды елімнің алтын дәнді егіні жайқалып, бітік өнуде, қауашағынан жарып шығып гүлденген ақ күмістей мақта ұлпасы көз тартады. Ұлан байтақ Қазақстан даласында мыңғырып жатқан мал, ондағы ызығып жатқан түйені де, қаптап жатқан қойды да, күміс мойынды арғымақ, жорғалы үйір-үйір жылқыны да санасан сан жеткісіз тола байлық емес пе? Осының бәрін менің халқым өсірді, осы байлықтың бәрі халық қазынасы. Менің халқымнан байлығы асқан ешкім де жок, менің туған елімнен, Отанымнан ешқандай ел бақытты да емес, күшті де емес.

Москвама мен келіп
 Өмірдің көрдім ұшпағын,
 Жарқыраған жырымды
 Кремльге нұсқадым,
 Шаттық жырды тыңдасын
 Лениндік ЦК – штабым.
 Ол біздерді мәпелеп,
 Женіске ылғи жетелеп
 Сағат сайын, күн сайын
 Ауылымға нұр сеуіп
 Жолдайды өшпес нұсқауын.

Мен Советтік заңның мәңгі өшпейтін шұғыласының шудында достасқан халқыммен бірге өмір сұрудемін. Менің жүрегім – жаңа өмірдің тууы туралы жырлайды! Мен әңгімені қазақ тілінде айтып отырмын, бірақ менің сөзімді, менің ұлдарым барлық тілде түсініп сөйлесін!

Өмірдің тууы дегенім – ол Ленин!
 Лениннің даңқы ғасырлар бойы мәңгі өмір сүреді!



МЕНИҢ БАҚЫТЫМ

Гори пойызының вагонында, Тбилисиден Сталиннің туған жеріне келе жатқан жолымда, шет елдің бір жазушысы маған қаралап былай деді:

– Жамбыл мырза, Сіз жер бетінде құрдастарыңыздың аз қалғандығына бақыттысыз ғой!

Мен ол мырзаға қарадым да, былай деп жауап қайырдым:

– Сіз қателесесіз, менің бақыттылығым қайта менде құрдастардың көптігінде. 172 миллион совет азаматтары – менің құрдастарым. Олар да, мен де, менің бүкіл Отаным да, өзіміздің нағыз өмір сүре бастағанымыз Ұлы Октябрь революциясынан бері ғана деп білеміз.

Осы әңгіме есіме түскенде, мен өткен күнімді ойлаймын. Ол маған терең шыңырау болып еді, ол шыңыраудың үстіне бұлт гүілдеп, тұман қаптап, күннің жүзін қоршап еді.

Мен осы шыңырауда туып, күн сәулесіне шығуға, еркін дем алуға, бар дауыспен жыр жырлауға жетпіс жыл бойы талмай талпындым. Мен арып-талып, мақсатыма жетіп, күнге арнап жыр жырлап бастаған кезімде қарсы алдыннан молда шыға келді. Ол мені ұйытып, намазға жығып, шыңырауға қайыра құлатты.

Мен күштерімді жинап, тағы да шыңға шықтым, бірақ менің алдыннан болыстың старшыны шықты. Оның қолында өткір қайралған пышақ бар еді. Сарсылған қолымды жаралап, тағы да шыңырауға шым құладым.

Ақырғы күштерімді сарып қылып, мен құзар биікке талай-талай өрледім. Патшаның губернаторы және оны қоршаған байлар, судиялар, молдалар, бәлсінген ченовниктер жоғарыдан тұрып, сұранып, менің өмірімді «сақтап» маған арқан таставды. Бұл арқаның ұшында тұзак бар еді. Ол тұзак менің мойнымды қылғындырып, тамырымдағы қанымды тоқтатты. Мен қан-қан қолыммен арқанға жармасып, тұзақты тісіммен шайнап, шыңырауға қайта зымырадым.

Сөйтіп, 70 жыл өтті. Ақырында, өмірімнің 72-жылсында, мен бақытты өмірге жеттім. Әлсіреп, азап көргенімде Сталин ғана



қолдарын созды. Мен шыңыраудан шығып, тамаша гүлдерді, жұпар иісті шөпттерді, қыруар малдарды, сымбатты үйлерді көрдім. Мен нағыз күнді көрдім, таудың асыл тасында таза ауда дем алдым. Менің жанымда алма ағашындағы гүлдеді, көзім жұлдыздай жайнап, кеудемді шаттық кернеді, өлеңдерім қектемдегі Иле өзеніндегі тасыды, мен жасардым. 18 жасар жігіттей шағыма келдім.

Міне, менің өткен күндерім мен қазіргі бақытты, қуанышты өмірімнің бастамасы осы кішкене теңеудің ішінде тұр, мен бұл бақытты, қуанышты өмірім туралы, бүкіл халықпен бірге, шын жүргегімнен өзімнің өлеңдерімді жырлаймын.

Мен 70 жыл бойы көксеген, халықпен бірге ұмтылған бақыттың, дәулеттің, қуаныштың ертегідегі алқабын таптым.

Бұл бақыт алқабы дегенім – менің Ұлы Совет Отаным...

Мұнан 62 жыл бұрын, Жетису даласындағы бір айтыста мен есігіндегі жыршысын сықақпен өлең қылып, сөккен Шернияздан сұлтан молдаға улы тілмен былай деді:

– Ұлы бәйгеде менің сәйгүлік жүйрігім артта қалды, ал жайлауыш Жамбыл сөреге бұрын келді. Ол екі жылдай жем жемесін, сөйтіп Жамбыл сияқты ашықсын, – деді.

Мен бұл әңгімені естіп, Шернияздан мен молдаға былай дедім:

– Сатылған жанды маймен де, аштықпен де түзей алмайсың. Халық ұжданын етпен де, алтынмен де сатып ала алмайсың... Өзі жылан, өзі қорқау болатын тек сұлтан ғана. Еш уақытта бауыр жалынды таза жүрек бола алмайды, – дедім.

Бастан кешкен қыруар жылдардың ішінде болған мынадай оқиға да көз алдымса келеді. Байлығымен, даңғойлығымен даңқы шыққан Кәдіrbай бай бір рет үлкен той жасады. Байдың ма-лын күзеттеп бір иті өліпті. Байдың жігіттері көп жыраулар мен домбырашыларды жинаиды. Кәдіrbай оларға: «Кімде-кім менің итімді жоқтап өлең айтса, менің дәулетімді мақтаса, үлкен сыйлық алады», – деді.

Байдың есігінде жүрген жалған жыршылар терілеріне сыймай, қожайынын мақтап, оның дәулетін, күшін, мейірімділігін



дәріптеді. Мен шеткөрі отырып, олардың өлеңдерін әбден тыңдадым. Олар басылған кезде, домбыраны қағып жіберіп, жыршыларға қарап, өлеңге бастым; рияшыл жалған жыршыларды да, обыр Кәдіrbайды да бет-жүзіне қарамай түйредім.

Ей, жыршылар, жыршылар,
Жыр айттар ма осылай.
Сөздеріңің дәмі жоқ,
Күйлеріңің сәні жоқ.
Пайдасыз жұртқа құр айқай,
Мақтағанға сабылып,
Ұятсыз, арсыз сараң бай,
Бастарыңды көтерші,
Тіленіп сұрап, жыланбай...
Итің жаман демеймін,
Күзетіп жүр малынды,
Көпшілікті бұлдіріп,
Үрлап алғандарынды.
Айтсам сөзім нанымды,
Өлең оттай жалынды,
Сенен жұртқа ит жақсы,
Күзеткен қотан ауылды.

Сөйтіп, мен өзімнің барлық өмірімде қыр қожайындарының бетіне шындықты қорықпай айтып шайқасумен өттім. Сол үшін олар мені жек көрді, ал, менің әрбір сөзімді халық сүйіп бағалады.

Мұнан екі жыл бұрын мен Мәскеуде болдым. Халқымның әкесі, туысқан Сталин менің өлеңдерімді естіген еken. Мен Кремльдің сарайында болдым. Онда Союзмыздың ақсақалы Михаил Иванович Калининнің қолынан мен ұлы наград – Отанымыздың қасиетті орденін алдым.

Отаның барлық ақындарына менің беретін кеңесім – біздің бақыттымыз берендейміздің жасаушысы Сталин жодасқа ең тандаулы өлеңдерінді арна дегенді айтамын.



Мен қазір 93-төмін. Бірақ, мен жаспын, бақыттымын. Мен әлі атқа мықты отырамын. Мені қуанышты, қуатты, батыл ұлдарым, немерелерім мен шеберлерім қоршауда. Олар коммунист, комсомол, пионер болды. Мен өзімнің социалистік Отанымды өлшеусіз жақсы көремін. Отанымды барлық жаулардан қай минута болса да өлеңмен және мылтықпен қорғауға менің даусым мен қолым әлі де қуатты.

ХАНЫМ СҰЛУ

Ертеде Ханым сұлу атты жаннан асқан сұлу қызы болыпты. Қызы «Өз теңіме барамын» деп, жалғыз ағасынан рұқсат алғып, ғашық болған жігіттердің ешбірін менсінбейді. Бұл хабар Қоқаның ханына жетіп, Қоқан ханы Баймұрза атты баласын «Барып, қызды алғып қайт» деп, нөкерімен қызға жібереді. Баймұрза Ханымның еліне келгенде, жүрт қызды хан баласына көрсетпей жасырады. Хан баласы қаһар қылышп, елден күніне ат, шапан айып, бір қызы алғып тұрады. Халық елдегі қызы таусылатын болған соң қатты қысылып, қызы біткенді ереккеше киіндіріп жасырады. Бірақ ереккеше киінген сұлу қызды бір күндері қоқандықтар танып қалып, қызды қоршап ұстайды, бір қызы қолындағы қаруымен Баймұрзаны өлтіреді де, жігіттермен тауға қашып кетеді. Қоқан ханы әскермен келіп, елді қыран жапқандай қиратып, «Баламды өлтірген айыпты адамды тауып бер», – деп қысқанда, қызды сүйген ақын жігіт Мәделі өлеңмен ханды тоқтатып, «Баланды өлтірген – мен», – деп, өз мойнына алғып, елді бәледен құтқарады. Ханым сұлу Мәделіге тиеді.

АРШЫН ҚЫЗ БЕН ЖАНТЕЛІ ШЕБЕР

... Ілгеріде Шу бойындағы Жаныс ауылында Жантелі деген жас жігіт болыпты. Ол он саусағынан өнері тамған зергөр ұста



екен. Жігіттерге зерлеген ер-тоқым, өмілдірік, жүген, қамшы, қыз-келіншектерге сырға, алқа, жұзік, білезік жасап береді екен. Оның осы өнеріне қызығып, байлар қызын берем десе, алмапты, бектер қызын айттырса, қаламапты. Саудагер қызына да қарамапты. Сөйтіп отыз жасқа келгенше, үйленбей жүре беріпті.

Күндердің күнінде сол Жантелі тау асып келе жатып, бір жылқышының үйіне кез болыпты. Есік алдында тұлым шашы желірекен қарақат көз қыз жылап отыр дейді. Жантелі атынан түсіп, әлгі қызға барады.

- Неге жылап отырсың, қалқам?
- Байдың балалары домбырамды сындырып кетті.
- Өкел, жөндеп берейін!

Ұста қоржынынан аспаптарын алып мойнынан опырылған қалақша домбыраны лезде желімдеп, жездеп береді. Қыз домбыраны тартып қараса, бұрынғыдан да шешен болып кетеді.

- Атың кім?
- Аршын.
- Жасың нешеде?
- Тоғызда.
- Әке-шешен қайда?
- Әке-шешем өлген, жетіммін.
- Кімнің қолында жүрсің?
- Жездемнің.
- Ол қайда?
- Жылқыда жүр.

Олар сөйтіп отырғанда, жылқы жақтан қыздың жездесі мен әпкесі келеді. Жөн сұрасады. Жантелі төменгі Жаныс ауылынан екенін айтады. Таныса келе Шапырашты жылқышы оған нағашы болып шығады. Зергер жігіт кішкентай Аршының жайын сұрап біледі. Әпкесі айтады:

- «Шыққан қыз шиден тыскары» дегендей, мен байғұс көпке дейін білмей жүріппін, – дейді әпкесі. – Әке-шешеміз өлген соң, жақын туыстарымыз Аршынға қарамапты. Әркімнің есігінде жүріп, күлін шығарып, сү辛勤 тасыпты. Қамқоршы болмаған



соң, жас бала басы ауган жағына кетіп, кейде далаға түнеп жүріпті. Ескі домбыра тауып алыш, иесіз далада мұнын шағып зарлап күй тартатын болыпты.

Осыны айтады да, әпкесі сіңлісіне қарап:

– Аршынжан, мына кісіге әлгі «Жетім қыздың зары» деген күйінді тартып берші, тыңдалап көрсін! – дейді. Қарақат көзі жәудіреген Аршын саусақтары майысып, кішкентай ақ домбырасының құлағын келтіреді де, күйді енірете жөнеледі. Мидай дала, қаранды түн, ыскыра соққан жел, суылдай ескен құм, ұлыған бөрі, улдеген үкі, шықылықтаған шілік, қарсақ, тұлқі, кәдімгі иесіз дала бейнесі. Осы даланы жалаң аяқ, жалаң бас, үстінде жыртық көйлегі, қолында қалақша домбырасы бар жетім қыз кезіп, зар еніреп жүреді. Ол обадан өлген әке, шешесін жоқтайды. «Апашым, көкешім, қайдасын?» – деп ботадай боздайды. Енді бірде өксігін басып, дала тынысын тыңдайды. Тағы еніреп зарлайды. Ошақ басында, от қасында күй тыңдалап отырған әпкесі көзінің жасын жаулығының ұшымен сұртеді. Төрде отырған зергер мен жылқышы қалың ойға шомып кетіпти. Ойын сергіткен соң Жантелі ұста:

– Бұрыннан жегжат екенбіз, – депті, – сүйек жаңғыртайдық. Аршын қызды мен қаладым, өзім тәрбиелеп өсірейін, зергерлеп әсем киіндірейін, екі үйдің арасында дәнекер болсын. Айнымас дос болайық. Бой жеткен соң, өз қолдарынан некелеп қосарсындар.

Әпкесі айтыпты:

– Аршын әлі жас бала ғой, ер жетсін де.

Жылқышы әйеліне былай депті:

– Сен қоя тұр, анау өз күшіктерінді-ақ жетілдіріп ал, жиен дұрыс айтады. Аршынды өз қолына алыш тәрбиелесін. Екі араға дәнекер болсын дегені – жөн сөз. Аршынжан, дұрыс қой, Жантелі де бөтен емес. Өзіміздің жиен. Өзі өнерпаз зергер. Оның қолында болсан, қор болмайсың.

Аршын қыз бұған көніпті. Әпкесі тағы да:



– Жар дегенде жалғыз сіңлім еді, әйтеуір, сізге сендік. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, мәпелеп өсірерсіз.

Сонымен Жантелі Аршын қызды атына мінгестіріп, аулына алып барыпты. Жылдар жылжып өте беріпті. Зергер дүкенін соғып, тұрмысын жақсартыпты. Аршын қыз күй тартып, өнерін өсіріпти.

Арада жеті жыл өткен соң, жылқышы мен әпкесі келіп, екі елді жинап, екеуін некелеп қосып, тойын өткізіпти. Бірі – зергер, екіншісі – күйші, екі өнерпаз қосылған соң, ол ауылға береke дарыпты. Зергер іздеген сол ауылға барыпты. Күй тындағысы келген сол ауылдан табылыпты. Бәрі тамсанып «Ой, шіркін, зергерші болсаң Жантелідей бол, күйші болсаң Аршындай бол!» – десіпти. Аршын «Жетім қыз зары» күйін тартса, кемпір, шал жылапты. «Желкілдекті» тартса, жастар күліп-ойнап билепти. Ол осында тындаушының көңіл күйін таба біletін шебер күйші болыпты. Сондықтан да ол елдің ақындары:

– Күй тартсан, Аршындай тарт ағыл-тегіл,
Шеріміз кеудедегі болсын жеңіл.
Арқадан ауыр жүкті аударғандай,
Серпіліп естігенде қалсын көңіл,

– деп жырлайды екен.

Бір тойда күй жарыс өтіпти. Аршын күйші Арқадан келген арынды күйшіні жеңіпти. Атыраудан келген сарынды күйшіні де, қыргыздан келген шертпе күйшіні де жеңіп, бас бәйгеге шайы орамал, жібек көйлек киіп, боз жорға жетектеп қайтыпты. Дүйім жұрт оның күйшілік өнерін солай бағалапты...

...Ел іші тыныш жата ма, сал-сері, жыршы, күйшісімақтар арасында қызғаныштың қызыл иті үре бастапты. «Әркімнің есігінде күң боп жүрген жетім қыз келіп, төрімізге шықты. Бұрын сыйлы боп жүрген біз далада қалдық. Жұрт бізді тында-майтын болды, күй іздегендер «Аршынға барамыз, Аршынды



тындаимыз» деп, тайлы-таягымен соған қарай ағылды», – депті. Қараменде деген бай Жантелі зергердің соңына жігіттерін салып қояды. Саяқ, Жапақ деген сүмдар құніге оған «қамшы өріп берші», «ер-тоқым әрлеп берші» деп баруды көбейтеді. Барғанда да бекер бармайды фой. «Аршын өйтіп қойыпты, бүйтіп қойыпты», «Түлен серімен ашына екен, сенен көңілі басқа екен», – деп өсек-аяңды бората беріпті. Жантелі бұған сенбепті.

Жантелі Әулиета базарына кеткен құннің ертеңіне, тұнде әлгі екі сүм Аршынның үйіне ұры түсіреді. Бастьарын бұркемелеп, таңып алған үш адам Аршынды теріс қаратып тіреуге таңып қояды да, үйіндегі бар асыл бұйым, жиһаздарын үптеп кетеді. Азанда ауылдастары Аршынды арқаннан босатып алады.

Дүшпандар жауыздығын өрбіте түседі. Жапақ, Саяқ бастаған бес аттылы қарақышы базардан қайтып келе жатқан Жантелінің алдын тосады. Шу өзенінің қалың қамысын панарап журіп, өзеннен өткелі келе жатқан Жантеліні атынан аударып алады, қол-аяғын байлайды да, суға ағызып жібереді. Жауыздар Жантелінің атын, базардан әкеle жатқан мата, шай, киім-кешектерін олжаларап, түк білмеген болып, ауылдарына қайтады. Аршын сұлу Жантелісін бір жұма күтеді, екі жұма күтеді. Екі көзі төрт болып жүреді. Жауыздық жата ма, бір күні Аршын жылқышылардан «Жантелінің торы атын Қараменденің жылқысынан көрдік», «Зерлі қамшысы Саяқтың қолында жүр», «Алтындаған ертоқымын Жапақ атына салып алышты» дегенді есітеді.

Бұл сүмдүқты бүкіл ауыл біліп, Аршынға көңіл айтады. Аршын ару бетін жыртып, еніреп қалады. Ел-жұрт жиналады. Жантелінің ағайындары, малши, жалшылар «кеек аламыз» деп көтеріледі. Олар Қараменденің аулын шабады. Бірақ Саяқ пен Жапақ ұстаптай, қашып кетеді. Сол қайғы-қасіретке арнап, Аршын «Жантелі» деген күй шығарады. Онысын өзі құн-тұн тартады екен де, құса болып, қайғырған үстіне қайғыра беріпті. Өзі әбден қураған шөптей болып, азып кетеді. Бір күні тұнде ел қалың үйқыға батқан кезде, Шу өзеніне барыпты да, «Жантелім кеткен суға мен де кетейін», – деп, өзін-өзі суға тастапты дейді...



СҮЙІНБАЙДЫҢ ТАПҚЫРЛЫҒЫ

Бірде Сүйінбайдың ұлken ұлы Малыбай бір бай адамның тоғына шақырылады, сол тойда Сәтине деген ақын қызбен айтысады. Қыза-қыза келіп, сөздің соңына таман келгенде:

Баласы Сүйінбайдың Малыбайсын,
Үш тоқалдан басқаны танымайсын.
Алғашқы алған әйелің тәмпіш мұрын,
Өлгөнше сен әйелге жарымайсын, –

деп, Сәтине қыз Малыбайды келеке етеді.

Осы сөзге қарсы жауап айта алмай, Малыбай орнынан тұрып, ызаланып кетіп қалады. Үйге келген соң, Сәтинемен арадағы айтысты әкесіне айтуға батылы бармай, біраз уақыт жасырып жүреді. Бір күні Малыбай әкесі Сүйінбайдың алты қанат ақ үйіне рұқсат сұрап кіреді де, болған оқиғаны басынан аяғына дейін баяндап береді.

Мұны естіген Сүйінбай орнынан қарғып тұрып, керегенің басында ілулі тұрган қырғыз өрім қамшыны ала салып, Малыбайды тартып-тартып жібереді.

– Е, бәтшагар! Осы сөзді маған не бетіңмен айтып отырсың? Қыздан жеңіліп, ел бетіне не деп қарадың?

Әкең – мен он жасынан бері ешбір адам баласынан жеңіліп көргенім жоқ.

«Атадан жаман ұл туса, төрдегі басын есікке сүйрейді, атадан жақсы ұл туса, есіктегі басын төрге сүйрейді» деген, сені де мениң балам дейді ғой, тәйірі! – деп ашуланыпты Сүйінбай.

Аздан соң:

– Ертең Үлкенсазда Байғабат Байсерке қызын ұзатады, ұлken той болады, сол тойға барып, Сәтине қызбен қайтадан айтыс. Айтысканда екпіндеп, еңсесін түсіре айт, айтып-айтып аяғында былай де:

Баласы Сүйінбайдың Малыбаймын,
Үш тоқалдан басқаны танымаймын.
Алғашқы алған әйелім тәмпіш мұрын,
Сені алмай, мен әйелге жарымаймын, –

десен, ол женсе, обалың маған, женілсөң, өзіме кел, – депті Сүйінбай.

Малыбай макұл деп, ертеңінде жайлаудағы Байсеркенің қызы ұзату тойына барады. Барған бетте Сәтине қызды тауып алды, қайтадан айтысқа шақырады. Айтып-айтып келіп, ақыры Малыбай: «Сені алмай, мен әйелге жарымаймын», – деп, сөзін аяқтайды. Тыңдаушы жұрт ду күліп, қызы ұялып, үйден қашып шығады.

* * *

Бірде ауылымыздың ақсақалы Күртібай, ауылдың болысы Қисыбай және менің ұстазым Сүйінбай төртеуміз Ұзынағаш бекетінен шықтық. Жүре-жүре Сарыбайдың зиратына келдік, қасымыздың екі кісі аттарынан түсеп-түсеп қалып, бата жасай бастады, сонда Сүйекең аттың үстінде тұрып:

Апыр-ау, мынау жатқан Сарыбай ма,
Жолдасы Сүйінбайды танымай ма?!
Абақ пенен Тарақты қосып жеп ең,
Басында шулап тұрған малың қайда? –

деп әзіл аралас осы сөзді айтты да, Сүйекең артынан бата жасады.

Сарыбайдың зиратынан ұзаңқырап шыққан соң, төртеуміз Қайназар бұлағының басына келдік, аттардың ауыздығын алды, азырақ аялдадық. Содан соң атымызға мініп, тауға қарай беттедік. Жол қысқарсын деді ме, Сарыбайдың болыс баласы Қисыбай былай деп сөз бастады.



– Екей, бәріміз мырзамыз, бәріміз жақсымыз дейді, сондағы осы Екейдің ең жаманы кім болады еken? – деп Күртібайға бұрылып қарағандай болды.

Ат үстінде ойланып келе жатқан Сүйінбай сөзге лезде араласып:

– Қисыбай, Екейдің ең жаманы Күртібай мен сен боласың ба, әлде Жамбыл мен мен боламын ба? Білмесен, мен айтайын:

Екейдің ең жаманы Қарамерген,
Әлмерек таудан құлап арам өлген.
Жиылып тамам Екей таппағанда,
Құнқылдан қарға-құзғын хабар берген, –

дегенде, Қисыбай не айтарын білмей, абыржып қалды, се-
бебі Сүйекеңнің өлеңінде аттары аталған кісілердің екеуі де
Қисыбайға жақын адамдар еді.

– Мен Сүйінбайдың қасында көп жүрдім. Мұндай жүйрік
тілді, терең ойлы ақынды ешқашан көрген емеспін. Ол өлең
айтса, көкірегі күмбірлеп, аузынан будақ-будақ сиқырлы сұлу
сөздер естілетін. Егер айтыса қалса, қызырып, нұрланып, жер
мен аспанның арасын қара сөзге толтырып жіберетін еді, жа-
рықтық!.. – депті Жамбыл.

СҰРАНШЫ МЕН ОРМАН ХАН

Заманында Саурық батыр мен Орман хан (қырғыз фео-
далы) бір-біріне қарсы еken. Саурық өлген соң, Орман хан
«Шапыраштыны жер бетінде қоймаймын», – деп, кедей, қара-
пайым елге күн көрсетпейді.

«Орман ханға баралық: ақ үй беріп, ақ үй алалық. Бір түсті 20
қара жорға, 9 ақ атан тартуға берелік, ханды татулыққа, тыныш-
тыққа шақыралық», – деп Шапыраштылар ақылдасады.



Содан бір топ Шапыраштылар аталған тартуларын алыш, Орман ханның ордасына барады, оларды хан бірнеше күн қабылдамайды. Арада біраз күн өткен соң, Орман хан қазақтардың уәкілдерімен арнаулы үйде кездеседі. Орман хан түсі суық көзін жұмып, екі қолымен екі тізесін үқалап, езгілеп, аласұрып отырады екен.

— Хан тақсыр! Екі елдің арасында татулық, жарастық қарым-қатынас болсын. Мақұл десеніз, ақ үй беріп, ақ үй ала-лық, бұрынғы-соңғының жолы фой деп, тарту әкелдік, руымыз Шапырашты, — депті ел басшысының бірі.

Сол уақытта Орман ханның екі көзі шарасынан шығып:

— Шапыраштыны жер бетіне қоймаймын, ел болуға тиісті емес. Мына келген Шапырашты адамдарының ат-тонын олжаларап, киім-кешектерін сыйырып алыш, еліне жалаңаш қайтарындар, — деп айқайды салыпты. Орман хан берген бұйрығын орындааттырып, Шапыраштыларды Алатаудың теріскейіне жалаңаяқжалаңаш қайтарыпты.

Тауда жылқы бағып жүрген Сұраншы бұл хабарға намыстасып, ағасы Саурықтың 40 жігітін ертіп, Орман ханнан өш алуға аттанады. Соңан Кіші Кемін деген жерге барып, хабар алыш қараса, Орман ханның, Жантай, Абылай манаптардың балалары 900 түйемен астық алыш қайтуға Ақбекет деген жерге кетіпти.

900 түйеге астық артып, ауылына оралып келе жатқан үш ханның баласы бастаған керуен көшке Сұраншылар көлденеңінен ұрынады, хан балаларын байлап алыш, қара бұқараларды аманесен еліне қайтарады. Ауылына қайтқан адамдардан Сұраншы Орман ханға сәлем айтады: «Баланды Шапыраштылар байлап алыш кетті, егер үш күннен қалсаң, балаларыңың басын кесіп, шегелеймін. Орман хан елдің мазасын алды, Шапыраштыны жер бетіне қоймаймын дейді. Менің қара бұқараға жасайтын қастандығым жоқ, тек хан тұқымы қан ішерлерге болмаса!..»

Хан Орман бұл суық хабарды естіген соң, әр ханның баласына 300 қой, 60 байталдан тарту алыш, Шапыраштыларға, Сұраншы ауылына жетеді. Сұраншы алғашқы күндері жақсы



жауап бермей, Орманды өз ауылының маңына жолатпай, арадағы қатынасып жүрген адам арқылы тілдеседі. Басқа амалы қалмаган соң, Орман хан мойнына құрым киіз іліп, тізерлеп келіп, Сұраншының алдына жығылады, бетпақ хан көзіне жас алады. Бұрынғы уақытта Шапыраштыларға жасаған қиянатымыз және балаларымыз үшін деп, 900 қой, 180 байтал өткізеді.

ЕРТЕГІНІҢ ЕРІНШЕГІ

Қарны тоқ адам, жұмысы жоқ адам ертегінің еріншегі болады. Кейбіреулер алақандай үйдің айналасындағы жұмысқа қолы тимейді, «істе» десен, «істелед тағы» дейді, тап ертегінің еріншегі.

... Баяғыда бір байдың баласы болыпты. Мінсе ат, ішсе тамағы дайын, өзі шөп басын сындырмайтын, қырын жатса қыйсайғанға ерінетін еріншек болыпты.

Ауыл қонысы қалың тоғайдың ішінде болады еken. Бір күні ерт шығыпты, ел дүрлігіп көше бастапты. Мырза ерініп орнынан тұрмай жатыпты.

– Тұрсаңшы, мырза, ел көшіп жатыр ғой, – депті ауыл адамдары.

– О, көшсө қайтер дейсің, – деп мырза басын бүркеп алышты. Тағы біреу келіп:

– Мырза-ау, жұртта қалдың ғой, – депті.

– Қалсам қайтер дейсің, – деп жата беріпті. Асығып біреу келіп:

– Қыстауга өрт тиді, мырза! – депті.

– Тисе тие берсін, онда қайтер дейсің, – депті.

Ауыл адамдары ойласып-ойласып келіп: «Мырзамыз еріншектің ұлы әкесі еken ғой. Өрт келгенде өлімнен қорқып еріншектігі серпілер ме еken, кел, тастап кетелік», – деп кетіп қалыпты да, ат шаптырым жерден қарап тұрыпты. Өрт көшкен жұртты сипап өте шығыпты. Мырза бас көтермей қала беріпті. Ауыл



адамы шауып келіп мырзаны қараса, үйіткен қойдай құйқалағы шығып төсегінен қозғала алмай қүйіп жатыр екен. Келген адам атынан қарғып түсіп:

- Мырзам-ай, еріншектіктің ақыры өлімге соқтырды-ау, – депті. Өлейін деп жатқан мырза:
- Ия, өлсе қайтер дейсің, – деп өліп кетіпті.



МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫ







ӘН ӨЛЕҢДЕРІ

Абайдың суретіне

Орындаған Алма Қыраубаева
Нотаға түсірген Дүйсебай Шаштайұлы

Andante

Мынау тұр - ган А - бай - дын су- ре - ті - ме?
 Ө - лен - соз - дін ұк - са - ган құз(ы)-ре - ті - не.
 А - қыл кай - рат, бі - лім дей - тен ұс - та - ган,
 Өр А - бай - дын то - те - ген кім бе - ті -
 не.

Мынау тұрган Абайдың суреті ме?
 Өлең-сөздің ұқсаған құдіретіне.
 Ақыл, қайрат, білімді тен ұстаған,
 Өр Абайдың төтеген кім бетіне.

Ақын атын таратқан әрбір тұска,
 Өлеңменен өлмейтін салған нұска.
 Арғын, Найман сөзіне таңырқаған,
 Қандай арман бар дейсің бұл туыста!

Терен ойдың түбінде теңізі бар,
 Тесіле кеп карасаң көніл ұғар.
 Сол теренге сүйсініп жан үңілмей,
 Есіл сабаз ызамен өткен шығар!

ҚЫСҚАША ТҮСІНІК

«Абайдың суретіне». Қазақтың әйгілі ақыны Абай Құнанбаевқа арналған ән. Орындаған әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Алма Қыраубаева, ноңтаға түсірген домбырашы, композитор Дүйсебай Шаштайұлы. «Жамбыл жырлайды» (1996) атты музикалық-этнографиялық жинақта жарияланған.

«Балаларға». Бұл ән «Угәй-әй» деген атпен де белгілі. Қайырмасында кездесетін «угәй-ай» деген одагай сөздерге байланысты болса керек. Орындаған әнші Шолпан Даржанова. Нотаға түсірген М. Әбуғазы. «Алатау әуендері» (2017) жинағында жарияланған.

«Бұрымға». Жамбыл ақынның өмірде қосыла алмай, арманда өткен Бұрым сұлуга арнау әні. А.Қыраубаеваның орындауды бойынша нотаға түсірген Д.Шаштайұлы. «Жамбыл жырлайды» (1996) атты музикалық-этнографиялық жинақта жарияланған.

«Құләшқа». Ел арасында «Әй, угәй» деп те айтылады. КСРО Халық артисі, әнші Құләш Байсейітоваға арналған ән. Орындаған әнші Жамал Омарова. Нотаға түсірген М.Әбуғазы. «Алатау әуендерін» (2017) жинағында жарияланған.

«Жиырма бес» (1-түрі). Орындаған ҚР еңбек сінірген артисі, әнші Рамазан Стамгазиев. Әнді анасынан үйреніп жеткізген композитор Жұматай Тезекбаев (1954-2004). Нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. «Назқоңыр» (2016) әндер жинағында жарияланған.

«Жиырма бес» (2-түрі). Орындаған ҚР еңбек сінірген қайраткері, әнші Ақан Әбдуәли, нотаға түсірген музыкатанушы Базаралы Мұптекеев. «Жамбыл жырлайды» (1996) атты музикалық-этнографиялық жинақта жарияланған.

«Қыздар-ай». Орындаған ҚР еңбек сінірген артисі, әнші Ержан Қосбармақов. Нотаға түсірген М.Әбуғазы. «Алатау әуендері» (2017) жинағында алғаш рет жарияланған.

«Тоқсан бес». Белгілі әнші Бісмілла Балабеков айтқан. Филология ғылымдарының кандидаты, жамбылтанушы, сазгер



Якуда Амандықов «Жамбыл жырлайды» (1996) атты музикалық-этнографиялық жинағына жарияланған. 1979 жылы жазылып алынған. Нотаға түсірген музикатанушы Б.Мұптекеев.

«Ақындарға арнау». Орындаған Ақан Әбдуәли, нотаға түсірген музикатанушы Мұрат Әбуғазы. «Жетісу ақындарының жыр сарындары» (2008) кітабында жарияланған.

«Аттандыру». Алғадайды майданға шығарып салғанда айтқаны. Орындаған Алма Қыраубаева, нотаға түсірген Дүйсебай Шаштайұлы. «Жамбыл жырлайды» (1996) атты музикалық-этнографиялық жинақта жарияланған.

«Әке әзілі». Орындаған Әлімқұл Жамбылов. Нотаға түсірген М.Әбуғазы. «Жетісу ақындарының жыр сарындары» (2008) кітабында жарияланған.

«Балама хат». Орындаған Әлімқұл Жамбылов. Нотаға түсірген М.Әбуғазы. «Жетісу ақындарының жыр сарындары» (2008) кітабында жарияланған.

«Алғадайды жоқтау» (Кененнің айтудынша). Ақынның екінші дүниежүзілік соғыста қаза болған баласы Алғадайды арналған толғауы. Орындаған Төрткен Кененқызы. Нотаға үсірген М.Әбуғазы. «Жетісу ақындарының жыр сарындары» (2008) кітабында жарияланған.

«Алғадайды жоқтау» (Әлімқұлдың айтудынша). Орындаған Әлімқұл Жамбылов. Нотаға түсірген М.Әбуғазы. «Жетісу ақындарының жыр сарындары» (2008) кітабында жарияланған.

«Фаріптік туралы жыр». Орындаған Ақан Әбдуәли, нотаға түсірген музикатанушы Базаралы Мұптекеев. «Жамбыл жырлайды» (1996) атты музикалық-этнографиялық жинақта жарияланған.

«Жамбылдың термесі». Пластинкадан Жамбылдың айтуы бойынша нотаға түсірген композитор Ғазиза Жұбанова (1954). «Жамбыл жырлайды» (1996) жинағынан алынды.

«Жаз жыры». «Жаз жыры», «Жаз», «Балаларға» өлеңдерін Жамбыл ақын 1937 жылдың мамыр айында Алатау баурайындағы ауылдарды, оқушылар лагерлерін аралағанда шығарған.



Табиғаттың қайталанбас сұлу көркі, жаңа замандағы тіршілік тынысы жыр мен әннің арқауына айналған. Нотаға түсірген ҚР ҮФА корреспондент-мүшесі, профессор Б.Ерзакович. «Жамбыл жырлайды» (1996) жинағынан алынды.

«Жаныс ақынға». Әлімқұл Жамбыловтың айтуы арқылы нотаға түсірген Б.Мұптекеев. «Жамбыл жырлайды» (1996) жинағынан алынды.

«Сарыбайға». Орындаған Ақан Әбдуәли, нотаға түсірген музыкатанушы Мұрат Әбуғазы. «Жетісу ақындарының жыр сарындары» (2008) кітабында жарияланған.

«Өмір толғауы». Орындаған Ақан Әбдуәли, нотаға түсірген музыкатанушы Мұрат Әбуғазы. «Жетісу ақындарының жыр сарындары» (2008) кітабында жарияланған.

«Өмір жыры». Орындаған Алма Қыраубаева, нотаға түсірген Дүйсебай Шаштайұлы. «Жамбыл жырлайды» (1996) атты музыкалық-этнографиялық жинағында жарияланған.

«Тұған елім». Қазақстанның ақын-әншілерінің республикалық екінші слетінде айтылған. Тұған ел туралы ең үздік толғай алған ақынды айқындалған, Мәскеуде өтетін онкүндікке апару үйгартылады. Ақындар жарысы үш күнге созылған. Қөрнекті әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы Е.Ісмайловтың жазуынша «Барлық халық ақындарының ішінде Жамбыл жеке дара үздік шығып, 1936 жылы 25 априль күні «Тұған елім» дегін әйгілі толғауын жырлап берді». Қ.Райысовтың айтуынан нотаға түсірген Б.Мұптекеев. Ә.Жамбылов (1972) айтқан нұсқа да бар. «Жамбыл жырлайды» (1996) жинағында жарияланды.

«Мен шеккелі қай заман». Орындаған Алма Қыраубаева, нотаға түсірген Дүйсебай Шаштайұлы. «Жамбыл жырлайды» (1996) атты музыкалық-этнографиялық жинақта жарияланған.

«Кавказға сәлем». Орындаған Алма Қыраубаева, нотаға түсірген Дүйсебай Шаштайұлы. «Жамбыл жырлайды» (1996) жинағынан алынды.

«Шота Руставелиге». Орындаған Алма Қыраубаева, нотаға түсірген Дүйсебай Шаштайұлы. «Жамбыл жырлайды» (1996) атты музыкалық-этнографиялық жинағында жарияланған.



«Көрүглү». Элімқұл Жамбыловтың айтуы арқылы нотаға түсірген Б.Мұптекеев. «Жамбыл жырлайды» (1996) жинағынан алынды.

«Сұраншы батыр». Орындаған белгілі әнші-жыршы Ақан Әбдуәли, нотаға түсірген музыкатанушы Мұрат Әбуғазы. «Жетісу ақындарының жыр сарындары» (2008) кітабында жарияланған.

«Домалақ ене». Орындаған Ақан Әбдуәли, нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы. «Жетісу ақындарының жыр сарындары» (2008) кітабында жарияланған.

«Жамбыл мен Айқұміс». Орындаған А.Әбдуәли. Нотаға түсірген М.Әбуғазы. «Жетісу ақындарының жыр сарындары» (2008) кітабында жарияланған.

«Нұриланың Үмбетәлі және он бір ақынмен айтысы». Нұрила өз заманының асқан жүйрік ақыны болған. Нұриланың шыққан тегі Дулат, оның ішінде Жаныс болып келеді. Келін болып түскен жері – Қаскелең өзенін мекендеген Дулат, Ботбай. Белгілі жыршы Саяділ Керімбековтың орындауында күйтабаққа жазылып алынған. Нотаға түсірген М.Әбуғазы. «Жетісу ақындарының жыр сарындары» (2008) кітабында жарияланған.

«Жамбылдың төрелігі». Орындаған Ақан Әбдуәли. Нотаға түсірген М. Әбуғазы. «Жетісу ақындарының жыр сарындары» (2008) кітабында жарияланған.

«Бөлектің қызы мен Жамбыл». Нотаға түсірген Д.Шаштайұлы. «Жамбыл жырлайды» (1996) жинағынан алынды.

«Құлмамбет пен Жамбылдың айтысы». Нотаға түсірген Дүйсебай Шаштайұлы. Құлмамбет 1826 жылы Алматы облысы, Кеген ауданында туған. Айтыс өнеріндегі айтулы тұлғалардың бірі. Оның ақындық даңқы Жетісу, Сарыарқа, Алатаудың күңгей беті Қырғыз еліне де кең тараған. Тұбек, Жанақ, Бақтыбай, Майқөт, Тезек төре сияқты ақындармен айтысқан. Жамбыл Жабаев Құлмамбеттің ақындығын ерекше бағалап, өнеріне тәнті болған. Құлмамбет 1903 жыл 77 жасында Алматы облысы,



Еңбекшіқазақ ауданы, Таутүрген деген жерде қайтыс болған.
«Жамбыл жырлайды» (1996) жинағынан алынды.

«Отті-ау дәурен». Орындаған Әлімқұл Жамбылов. Нотаға түсірген Дүйсебай Шаштайұлы. «Жамбыл жырлайды» (1996) жинағында жарияланған.

«Ұлы Отанға». Орындаған Әлімқұл Жамбылов. Нотаға түсірген Дүйсебай Шаштайұлы. «Жамбыл жырлайды» (1996) жинағынан алынды.

«Жамбыл мен Сәтине қыздың күй тартысы». Орындаған Шаштай Құшікбайұлы. Нотаға түсірген Дүйсебай Шаштайұлы. «Жамбыл жырлайды» (1996) жинағынан алынды.

*Дайындаған A. Әбдуәли, M. Әбугазы,
H. Жаннейісов*



ҚОСЫМШАЛАР







ТҮСІНІКТЕР

ӨТЕГЕН БАТЫР

(*Bірінші нұсқа*)

Жамбыл дастанды 1937 жылы тамыз айында жырлап береді, оны сол кездегі әдеби хатшы ақын Тайыр Жароков хатқа түсірген.

Дастан алғаш рет 1937 жылы жарияланды, орысша аудармасы «Литературный Казахстан» журналының 1937 жылғы (шілде, тамыз) және «Красная Новь» журналының 12-санында жарық көрді.

Кейін ақынның 1938 жылғы «Жамбылдың өлең-жырлары» жинағына [3, 151-185], 1940 жылғы шығармалар жинағына [5, 202-229], 1946 жылғы шығармаларының толық жинағының 1-томына [6, 531-563], 1955 жылғы үш томдық шығармалар жинағының 1-томына [9, 133-161], 1957 жылғы шығармалар жинағына [12, 323-334], 1982 жылғы екі томдық шығармалар жинағының 1-томына [15, 161-190], 1996 жылғы екі томдық шығармалар жинағының 2-томына [17, 168-194], 2013 жылғы «Жапанға біткен бәйтерек» жинағына [19, 157-181], 2014 жылғы төрт томдық толық шығармалар жинағының 2-томына [20, 20-47], 2016 жылғы төрт томдық шығармалар жинағының 2-томына [23, 25-57] енді.

Ақынның 1946 жылғы «Арманы жоқ жастардың» жинағында «Өтеген батыр» дастанынан 1100-1202 өлең жолдары «Қазақстан аймағы» деген тақырыппен жарияланған [8, 75-77].

«Өтеген батыр» дастанында батыр өмірінің соңғы кезеңдері, патша өкіметінің отаршыл саясатынан елін сақтап қалу үшін жайлы қоныс іздеу сапары баяндалады. Өтеген ақ патшаның отаршылдық саясаты, қоқан мен қырғыздың жауалығы, орыс шенеуніктеріне арқа сүйеген бай-боялтардың әрекетінен аулақ бұрынғыдай мамыражай заманды көксеп елге жайлыштыру.



мекен Жерүйықты іздейді. Өтеген батырдың жаужүрек батырлығы, қол бастаған сардар екені, ел бастаған көсемдігі, ұрпақ болашағы үшін алаңдағанabyз, сәуегей екені, даналығы айтылады.

Өтеген Өтеғұлұлы – XVIII ғасырда Жетісу аймағын сыртқы жаулардың шабуылынан қорғаған батырдың бірі.

«Өтеген батыр» дастанын алғаш Сүйімбайдың бабасы Құсеп ақын жырлаған, Әбілқасым Ділебаев жинаған материалдарға қарағанда, Сүйімбайдан Жамбыл үйреніп, одан Тілеміс, Майкөт ақын, Үмбетәлі, Кенен жырға қосқан.

«Өтеген батыр» дастаны жөнінде Е. Ысмайылов, С. Бегалин, Ә.Тәжібаев, Қ. Тұрғанбаев, Н.С. Смирнова, О.Нұрмамбетова, М.Ғұмарова, М.Дүйсенов, Р.Бердібай, С.Қасқабасов, С.Садырбаев, Б.Әзібаева, М.Умбетаев, А.Бұлдыбай т.б. зерттеулері бар.

Жамбыл шығармалары жинақтарында 1938 жылдан бастап жарияланып жүрген нұсқасы жырдың бірінші нұсқасы деп аталды.

Дастанның көлемі әр жылғы басылымда әр қылыш болып келеді. Негұрлым толық нұсқасы 1940, 1946 жылғы басылымдарда 1235 тармақ көлемінде берілген, кейін мәтін едәуір қысқаруға ұшырағаны аңғарылады. 1955 жылғы басылымда 1137 өлең жолын, 1957 жылғы басылымда 1197, 1996 жылғы басылымда 1096 өлең жолын құрайды. Дастан «хикая» деген жанрлық атамен 1940, 1946, 1996 жылғы басылымдарға дейін аталаған келді, 1955, 1957 жылғы жинақтарда «хикая» деген атап алынбайды.

Жырдың 1953 жылғы машинкаға басылған, үстінен Тайыр Жароков мәтіннің дұрыстығын растап қол қойған нұсқасы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақтаулы (159-бума).

1955 жылғы үш томдық шығармалар жинағының 1-томында: «Ақынның реологияға дейінгі жырлары оның тірі кезінде де толығынан қағазға түсірілген жоқ, өйткені Жамбыл ертеректегі өлеңдерін қайталап айтып беруден көрі жаңа советтік өмірді



жырлауға өте ынтықты», – деп көрсеткен [9, 7]. Түсініктерде мәтін Жамбылдың әдеби-мемориалды музейі материалдарымен салыстырылып түзетілгені айтылған [9, 328-331, 208-209].

Жамбыл Жабаевтың өмірбаяны, ақындық ортасы мен шығармашылығын зерттеген Сапарғали Бегалиннің айтуы бойынша Жамбыл «Өтеген батыр» дастанын 1923-24 жылдары жырлаған. XIX ғасырдың 80-90 жылдарынан бастап жырлап жүргені туралы айтылады [29, 15; 9, 456]. Жамбыл бұл дастанды халық алдында әртүрлі нұсқада айтып жүрген, әр жырлаған саяын импровизация жасап, оқиғаны біршама өзгертіп отырады. Ресми идеологияны дәрілтеуге күш салған кеңес үкіметі мен компартия ақын-жыршыларды осы орайда барынша пайдаланды. Жамбыл ақын да кеңес кезеңінде қайта жырлағанда бұрынғы заман мен қазіргі заманды қарсы коя отырып суреттейді, дастанның Кіріспе және Қорытынды бөлімін кеңестік кезеңдегі идеология талаптарына байланысты қосқан.

1955 жылғы басылымда көптеген шумактар қысқартылған, мысалы, он сегізінші ғасырда ақ патшаның көшпелі елді қырғаны жөніндегі 96-104 өлең жолдары, ақ жағалы патша жендетінің құрығы Жетісуға түскелі тұрғанын баяндайтын 138-173 өлең жолдары, Ресей патшасының Еділге бұғау салғаны айтылатын 247-277 өлең жолдары қысқартуға ұшыраған.

Қысылғанда душар болып, Өтегеннің сапарына жөн сілтеп ақыл айтатын ақ басты қария Қайберен (1940), Ғайып-ерен (1946, 1955, 1957), Ғайып-Ерен (1996) болып жазылған.

1940, 1946, 1955, 1957 жылғы жинақтарда: *Жұлдыздың* аққан көгінен.

1982, 1996, 2014 ж. басылымда: *Жұлдыздың* аққан көгінен (26-жол).

1940 – *Қараса* біткен қос мүйіз,

1946, 1955, 1957, 1982 – *Қасара* біткен қос мүйіз,

1996 – *Тіктеп* біткен қос мүйіз (63-жол).

1940, 1946, 1955, 1957 – *Ұсаган* тағы құлжаға,

1982, 1996, 2014 – *Үксаган* тағы құлжаға (68-жол).

«Мәulet» деген арабша сөзге 1946 жылғы басылымда «Мәулид – туған жер, Отан, туған уақыты» деп берілген түсінік 1982 жылғы басылымда өзгеріссіз қайталаңған. 1957 жылғы басылымда «Мәulet (арабша) – туған жер деген мағынада»; 1996 жылғы басылымда «Мәuletі (арабша) – маулид, туған жері» делінген.

Тыныс белгілердің дұрыс қойылмауына көптеген мысалдар келтіруге болады. Мұнда алфавиттің аудиосузы, емле және тыныс белгілердің дұрыс қоюдың қағидаттары да өзгеріске ұшырағанын ескеру қажет.

1940, 1955, 1957 жылғы жинақтарда тыныс белгілер дұрыс қойылғаны, редакторлық, корректорлық жұмыстардың сапалы орындалғаны аңғарылады: Найза ұшталып, тұлпарлар Жортып, жебе жарқылдар.

Ал 1946, 1982, 1996 жылғы басылымда жол соына «тұлпарлар» деген сөзден кейін үтір қате қойылған: Найза ұшталып тұлпарлар, Жортып, жебе жарқылдар.

1940, 1957 – Ұл-қызды тұтқын қылуы. Малды айдан, жерді алып *Таяды* қуып шығуы.

1946, 1982, 1996 – Ұл, қызды тұтқын қылуы. Малды айдан, жерді алып, *Таялды* қуып шығуы (151-153-жол).

1940, 1946, 1982, 1996 – «Мен табамын – табамын, 1955, 1957 – Мен табамын, табамын (187-жол).

1940, 1946, 1996 – Қонысқа жер *табады*, 1955, 1957, 1982 – Қонысқа жер *іздейді* (186-жол).

1940 – Жігіттің балуан, ірісін, Таңдап *алып төлеjіп*, 1955, 1957, 1982 – Жігіттің балуан, ірісін, Таңдап *ал жер төлеjіп*, 1996 – Жігіттің балуан, ірісін, Таңдап *алды бір-бірден* (218-219-жол).

1940, 1946, 1957, 1996 – Жұлдызды тұнді *таптады*, 1982 – Жұлдызды тұнді *таппады* (254-жол).

1940, 1946, 1957, 1996 – Онан да әрі *алғалап*, Өтеген батыр айқайладап, Тұсті сыпыра жортуға, 1982 – Онан да әрі *алқалап*, Өтеген батыр айқайладап, Тұсті сыпыра жортуға (277-279-жол).



1940 – Қимылдасаң қып етіп, 1946, 1955, 1957 – Қимылдасаң қылт етіп, (1955 – Қыймылдасаң), 1996 – Қимылдасаң қылт етіп (462-жол).

1940, 1996 – Соғыссаң қазір белді бу! 1946, 1955, 1957 – Соғыссаң қазір белді бу! (579-жол).

1940, 1996 – Нәр қалмапты әлден де. 1946, 1955, 1957 – Нәр қалмады әлден де(599-жол).

1940 – Қария, ата, көп жасты. 1946, 1955, 1957, 1996 – Қария, ата, көп жасты (672-жол).

1940, 1946 – Жетісу, елім, аймағым, Қыстауымды, жайлауым, 1955, 1957, 1996 – Жетісу елім, аймағым, Қыстауым да жайлауым, (681-682-жол).

1940, 1946 – Сусыз, шөлді далаңнан 1955, 1957, 1996 – Сусыз, шөлді далаңдан (845-жол).

1940 – Түзеп алып жорықты,

Бірқазанга жорытты.

Бір кең ашық аланда, (849-851-жол).

1946, 1955, 1957 жылғы жинақта «Бірқазанға жорытты» деген елең жолы қысқаған. Ал 1996 жылғы басылымда «Бірқазанға жолықты» болып өзгеріске түскен (858-жол).

1940, 1996 – Шық түсіп жер мұнарып,

1946, 1955, 1957 – Шық түсіп жер мұнартып, (869-жол).

1940, 1996 – Келді екі сұлу қыз, 1946, 1955, 1957 – Келеді екі сұлу қыз, (869-жол).

1940, 1946, 1955 – Тудағы бүгін көремісің, Алтын орақ, балғаны, *Правоны көремісің Сталиндік заңдағы* (1123-1124-жол).

1957 жылғы жинақта курсивпен берілген елең жолдарын бір жолға көп нүкте қою арқылы белгілеген, ал 1982 жылғы басылымда «Алтын орақ, балғаны» деген 1124-өлең жолын көп нүктемен аяқтаған.

1940 – Бауырынан бұзауын, Емізіп уыз құнарын, Өрбітті де, баулады.

1946, 1957 – Бауырынан бұзауын, Емізіп уыз құнарын, Өрбітті де, баулыды (1164-1166-жол).

1996 жылғы басылымда дастан мәтіні:

Ойын күңгірт басқандай,
Тілегі оның үшқандай,
Алтын ойын мыс қылыш,
Салы суға кеткендей,
Астында тұлпар аты өліп
Ақырғы демі біткендей,
Састы батыр сарқыла... –
деген 1093-1097-өлең жолдарымен аяқталады.

Қазақ бұрын құл болған,
Күн көруге мұң болған,
Күнді көрдік, ел болдық,
Асу бермес, өр болдық.
Осы бақ қонған таңымда,
Саған да ортақ, маған да! –

деген 1201-1206-өлең жолынан кейінгі жолдар 1957 жылғы басылымға енбей қалған, көп нүкте беру арқылы белгілі бір себептермен дастанның соңғы бөлігі қысқарғанын аңғартқан. Сталинді дәріптеуге арналған отыз өлең жолы 1940, 1946, 1955 жылғы басылымдарда ғана кездеседі. Осы жолдар бұл жинақта да қысқартылды:

Атқызған осы таңды да,
Жайнатқан бақты, жанды да,
Құтқарып елді құлдықтан
Таң нұрындей шам жаққан
Халықтың күні – Сталин,
Осы бақыт таңымда
Берілген маған, саған да!

Сталин – батыр батыры,
Дариядай ақылы,



Таудың тасқын суы да, –
 Құстың қаз бен күы да,
 Бұлақ аққан өзен де,
 Таудай шөккен құмы да –
 Сталин деп жырлайды!
 Толқын да, соққан боран да,
 Орман, тоғай – жыңғыл да,
 Жыршы, әнші – бұлбұл да,
 Сталин деп жырлайды!
 Сталин – шыңдың жүлдзызы,
 Сталин – нұрлы күн көзі;
 Сталин – гүлдің шешегі,
 Сонымен өмір өседі!
 Сталин – халық шешені,
 Сталин – халық көсемі.

Ұғын, жолдас, көр, жолдас!
 Достық қолды бер, жолдас!
 Сталин – күнім, таңым да,
 Құйылды сонан бағым да,
 Өмірдің күні осы күн
 Маған да, жолдас, саған да!

«Өтеген батыр» дастанының бұл нұсқасындағы мәтіндік өзгертулер де саяси идеологиялық талаптар бойынша жасалған.

Академиялық басылымында «Өтеген батыр» дастанының бірінші нұсқасы ЖМК «Джамбул. Оригиналы стихов и поэм» бу масында (49-88 бб.) сакталған мәтін бойынша берілді.

ӨТЕГЕН БАТЫР

(Екінші нұсқа)

Ақынның айтуынан ауылдас ағайыны Рахметжан Жолашаров жазып алған. Қолжазбасы Жамбылдың әдеби-мемориалды



музей-үйінің қолжазба қорында және Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві қорында (1778-қорының 90-бумасында) сақтаулы. Екі қолжазбаның арасында мәтіндік айырмашылық жоқ екені анықталды.

Алғаш рет профессор Сұлтанғали Садырбаев ақынның мұраҗай қорынан алғып 1982 жылы екі томдық шығармалар жинағын 1-томында [15, 190-216] жариялады. Кейін 2014 жылғы төрт томдық толық шығармалар жинағының 2-томына [20, 48-73], 2016 жылғы төрт томдық шығармалар жинағының 2-томына [23, 58-87] енді.

С.Садырбаев дастанның бірінші нұсқасы баспадан шыққан соң Жамбыл: «Бұдан да жақсырақ айтатын шығармын, тағы да бір жырлап көрейінші», – деп, әдеби хатшылары қалаға кеткенде қайта жырлап, інісі Р.Жолашаровқа «Өтеген батыр» дастанының екінші нұсқасын хатқа түсірткен деп көрсетеді [15, 329], Р.Әбдіғұлов: «Р.Жолашаров түсірген нұсқада реалистік әдебиеттің нышандары көбейіп, нақты оқиғалардан, ғажайып әрекеттерден ғөрі кейіпкер психологиясына үңілу сарыны артқан» [20, 321] деген пікір айтады.

Жырдағы Өтегеннің жайлы қоныс іздеу мотиві Асан Қайғының, Қорқылтың Жерүйік мекенді аңсау мұратымен сабактас. Жамбылдың 80-90-жылдардан бастап айтып жүрген нұсқасы осы сипатта болу керек. Ал әдеби хатшылары жазып алған мәтінде саяси идеологиялық жағдайға байланысты мұндай мәтін бөліктепі өзгеріске түсken. Дастанның Kіrіспесі мен Қорытындысы 1955 жылғы жинаққа жазылған түсініктемеде: «Жамбылдың жырлауы шама бойынша өткен ғасырдың 80-90-жылдары... Ел әнгімесі бойынша Өтеген жонғарға қарсы соғыстарға қатысып (18 ғасыр), ерлік көрсеткен. Жамбыл жырлаған Өтеген Уақ руынан шыққан, Абай атап өтетін Өтегеннен басқа, Жетісудағы аңыз, жырларда Өтеген Аблай және басқа хан, сұлтандарға қарсы қойылып, халық үшін бақыт іздеғен кісі ретінде айтылады. Жамбыл жырлаған поэма тарихи шындықтың негізіне құрылудымен қатар халықтың бақытты жер іздеу туралы аңызы мен түрлі ертегі, мифтерінің әсері басым», – делінген [9, 208-209].



«Қазақ-қалмақ жау болып» деген 75-өлең жолынан кейін келетін «Қырғызбен тағы дау болып» деген бір жол өлең кенес кезеңінде ұлтаралық мәселеге байланысты мәтіннен алынып тасталған болуы мүмкін. Алатауды бірге жайланаған, ежелден туыстық, қоңсылық қарым-қатынаста қатар өмір сүрген екі ел арасында кейде жайылым үшін аздаған қақтығыстың орын алуды көшпелі өмір салтында болып тұрған.

Мәтінде кездесетін «орыс» этнонимі басылымдарда әрдайым «патша» болып өзгеріске ұшырап отырған: «*Орыс алды* деп еді. *Орыс* алса жерінді – *Патша* алар деп еді. *Патша* алса жерінді» (474-475жол). Контексле байланысты «Патшасы шапса орыстан» деген 95-жолдағы «орыс» сөзі «батыстан» болып түзетілген.

Колжазбада – Бұгінде шолғап қайтамын (*10-жол*), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – Бұгінде шолып қайтамын

Колжазбада – Нені *естісе*, соны айту – / Ежелден ісі тыңшының. / *Қабырғаны сөккен сөз* / Ауыздан алтын ағытып / *Төгеді бүгін сыр-шынын* (*22-26-жол*), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – Нені *естіsek*, соны айту – / Ежелден ісі жырышының.

Колжазбада – *Айтамын* ертек, ал тыңда (*29-жол*), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – *Айтайын* ертек, ал тыңда,

Колжазбада – *Көзде* жасы тамғаннан (*33-жол*), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – *Көзден* жасы тамғаннан.

Колжазбада – *Ақыл мен күші қалыспай* (*60-жол*), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – *Ақыл-ой*, күші қалыспай.

Колжазбада – Талса да оймен Өтеген, *Ақылын* ешкім озбаған (*83-84-жол*), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – Талса да оймен Өтеген, *Ойынан* ешкім озбаған

Колжазбада – Аз *кунге* емес, мол журді, Қоныс іздел қол жүрді (*140, 142-жол*), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – Аз *кун* емес, мол журді, Қоныс іздел *көп* журді.

Колжазбада – Өтеген *қырқын* алады (*186-жол*), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – Өтеген *барып* алады

Колжазбада – Өтеген Ақтөбеде жатты дейді, Жайласып, төсек салып, *тақаттанып* (*216, 218-жол*), 1982, 2014, 2016



ж.ж. – *Сонымен Ақтөбеде жатты дейді, Жайласып, төсек салып, рақаттанып*

Қолжазбада – «*Бұл неткен жаман иіс, о тоба*», – деп, /
Корқақтап төгіп те алды жасын енді. / Бұрын мұндағы қысылып көрмеген ед,/ Сондықтан көбі қалды жасып енді (228-231-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – осы бір шумақ енбекен

Қолжазбада – *Бір даждал келді білем, япым-ай!* (235-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – *Бір тажсал келді білем, япымай-ай!*

Қолжазбада – *Шынында, бір айдаһар келген екен* (240-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – *Байқаса, бір айдаһар келген екен*

Қолжазбада – *Жолдастары буыны құрып тұра алмады, / Қайтерін не істерін біле алмады* (268-269-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – *Достары буыны құрып тұра алмады, Не шара істерін біле алмады.*

Қолжазбада – *Дуалдай* Өтегенді қоршап алған (285-286-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – *Буалдыр* Өтегенді қоршап алған

Қолжазбада – Кеткендей болды айдаһар *бұларды аяп* (305-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – Кеткендей болды айдаһар *іштен аяп*.

Қолжазбада – *Көздері* айдаһардың оттай жайнап (328-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – *Көзі тұр* айдаһардың оттай жайнап

Қолжазбада – *Айдаһар* жолға түсті ажағайлас (331-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – *Бір кезде* жолға түсті ажағайлас

Қолжазбада – *Айдаһар* үңгіріне кетті кіріп (352-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – *Бел қылып* үңгіріне кетті кіріп

Қолжазбада – Оқ тиді қақ маңдайдан, басын жарды / *Шорт* кескен терек құсан серен етіп (385-386-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – Оқ тиді нақ маңдайдан, басын жарды. / *Шор* кескен терек құсан серен етіп

Қолжазбада – *Қалған жоқ тағы жүрді тыным алмай.* Бастьарын жақсы жаққа бұрды бұлар (399, 401-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – *Айдаһар* тағы жүрді тыным алмай. / Бастьарын *басқа* жаққа сенді бұлар.

Қолжазбада – Деп *бір ойга* балады (417-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – Деп *улкенге* балады.



Колжазбада – *Қайберен шал екен* (447-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – *Білгір, көсем шал екен*.

Колжазбада – *Тұнде бармай үйіңе, / Күндіз барғын, қарагым./* Айтқанымды ұғып ал (524-526-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. –// Айтқанымды ұғып ал.

Колжазбада – *Ұстайсың ақтық тұтқансын! / Деп Қайберен батырмен / Коштасып болған соң* (543-545-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – *Ұстайсың дүние тұтқасын! /...../Кош айттысып, сонымен*

Колжазбада – *Қолына қару-жарақ* ап, / Тоғайдан шыққан дыбысқа (581, 584-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – *Толыса қару-жарақ* ап, / Тоғайдан шыққан сыбысқа

Колжазбада – *Жатыр сұлық, дәрмен жоқ* (590-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – *Жатыр солып, дәрмен жоқ*

Колжазбада – *Өтегенді көред де, / Айтады бәрін асыға* (616, 622-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – *Көреді де ол мұны, /Айтты бәрін асыға.*

Колжазбада – *Зәбірсіз, тимес, қорықпа деп* (669-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – *Жәбірсіз, тимес, қорықпа деп.*

Колжазбада – *Залалкер болсаң, жігіттер, / Қыбырат болсын кейінгі* (695, 698-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – *Жалақор болса, жігіттер, / Гибрат болсын кейінге*

Колжазбада – *Адал еңбек сіңірсең, / Береке кірер асыңа. / Зұлымдыққа сүйеніп / Жалқау болсаң еріншек* (716-719-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – *Аздап еңбек сіңірсең, / Береке кірер асыңа. /*/ *Жалқау болсаң еріншек.*

Колжазбада – *Атына бастап мінеді* (722-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – *Атына қарғып мінеді.*

Колжазбада – *Оған да қарғыс етеді* (741-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – *Оған да тұрмай кетеді.*

Колжазбада – *Қап-қара жсан-жақ, жолы жоқ* (755-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – *Қап-қара жсан жсоқ, жолы жоқ*

Колжазбада – *Тұнмен бірге тұксиген* (758-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – *Тонмен бірге тұксиген*



Қолжазбада – *Рахатта бұлар жетады* (765-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – *Рахатқа бұлар батады*.

Қолжазбада – Есі кетіп *еліріп* (789-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – Есі кетіп *елжіреп*.

Қолжазбада – *Тазы бір демін алады* (870-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – «*Уң*» деп демін алады.

Қолжазбада – Бір жақсы жер бар дейді (921-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – Бір қоныс жер бар дейді

Қолжазбада – Дарияның бір басы. / Одан шыққан тараулары (989-990-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – Дарияның бір саласы. / Одан шыққан таулары

Қолжазбада – *Түгән елің күн мекен*, / Орақ, балға бетінде (1044-1045-жол), 1982, 2014, 2016 ж.ж. – *Кызыл жалау қолында*, / Орақ, балға бетінде.

Жайлыштық қоныс Жиделі Байсын деп аталатын жер атаяуы 1982, 2014, 2016 жылғы жинақтарда өзгеріске ұшырап отырған: Жиделі Байсын жер екен (935-жол) – Жиделі деген жер екен, Жиделі Байсын айтқандай (939-жол) – Жиделіні айтқанда, Байсынның батыс жағында (983-жол) – Жиделі батыс жағында, Байсынды әбден байытып (991-жол) – Жиделіні әбден байытып, Арасап түгел Байсынды (995-жол) – Арасап түгел Жиделіні, Бір кемшілік Байсында (997-жол) – Бір кемшілік бұл жерде, Байсыннан тағы безеді (1005-жол) – Жиделіден тағы безеді.

Жамбылдың әдеби-мемориалды музей-үйінде сақтаулы қолжазбаның 88-бетінде «Жазып алған Ақметов» деп көрсетілген. Бұл дерек зерттеуді қажет етеді.

Бойын жазып ерік алып
Қазақ бүгін өрледі.
Таң жарығы күн нұры
Бүгінгі көзі көргені
Қорқыту жоқ, жылау жоқ,
Ерікті өмір, әділ заң
Сталин дана бергені.



Батырлардың батыры ол
 Адамға бақыт әперген
 Ең ері ердің ерлері.
 Сталин деп ем міне өлең
 Таудан аққан тасқындај
 Құйыла түсті келгелі.
 Қабырғаны сөз сөгіп
 Ауызда асыл зер төгіп
 Тағы Жамбыл жет деді.
 Бар әлем бірге үн қосып
 Бірден-бірге сөз тосып,
 Ал құлашты сермеді.
 Солармен бірге мен дағы
 Айқайтаймын әлемге
 Көкіректі күй кернеді
 Сталин күнім, жайнасын.
 Бақытқа басты байласын
 Мәңгі нұрға талпынған
 Басы жұмыр бендені.

Бұл басылымда мәтін соңындағы Сталин бейнесі дәріптеле-
 тін 26 өлең жолы қысқартылып берілді.

Жинаққа енген дастанның екінші нұсқасы Орталық мемле-
 кеттік мұрағатта сақталған қолжазба негізінде дайындалды.

«ӨТЕГЕН БАТЫР»

(Ұшінші нұсқа)

«Өтеген батыр» дастанының Әбдіғаппар Жаманкеев нұсқа-
 сы Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивінде
 (1778-қор, 90-бума) және ЖМК-да «Жамбылдың өлең-жырла-
 рының негізгі нұсқасы» деп аталған бумада (246-267) сақтал-
 ған. Алғаш рет 2014 жылғы төрт томдық толық шығармалар



жинағының 2-томында [20, 48-73] жарияланды. Кейін 2016 жылғы толық шығармалар жинағының 2-томына [23, 88-109] өзгеріссіз енді.

Қара сөзбен берілген кіріспеде жыр оқиғасына шолу жасалып, Өтегеннің арманы, мақсаты туралы хабар беріледі. Жыр бірден Қытайға сапардан басталады. Басқа нұсқаларға қарағанда, мұнда Өтегеннің айдаһар, әбжыландармен кездесулері, жezтырнақ оқиғалары қысқа қайырылады, жолға алып шығатын жолдастар саны мен жылқы мөлшері де шағын. Жолда көрген қыындықтар нақты реалистік суреттеулер арқылы беріледі. Басқа нұсқаларға қарағанда, қожа шалмен кездесу эпизоды бұл нұсқада кенірек ашылып, ұтымды диалогтармен берілген. Өтеген батырдың Жиделібайсынға берген бағасы, елінің ермей қалу себептері де ерекшеледі.

Дулат Қасқараудан шыққан Өтеген батыр елге жайлы қоныс болатын жер іздеп дүние жүзін он жеті жыл кезеді. Жолда түрлі қыындыққа тап болады, жолды бөгеп жатқан айдаһарға кезігеді. Жапандағы елсіз ормандағы ақ үйде ақ сақалды, ақ шашты Файыперен қария Өтегенге сәт сапар тілеп, пайдалы кеңес береді. Қалың шенгелді жерде жezтырнаққа кездесіп, оны да амалын тауып өлтіреді. Жиделі Байсын өлкесіне жеткен Өтеген өзінің арманындағы жайлы қонысты тапқандай болады. Дегенмен ол жердің жылқыға жайсыз болатынын ойлап қамығады. Жайлы қоныстан құдерін үзіп, еліне қайтады. Еліне келген Өтегеннің Жиделі Байсынға көшу жөніндегі ұсынысына ол жердің жылқыға жайсыз екенін естіген Ерсары, Байсары атты ағайындары қарсы болады, сол екеуін өзгелер де қолдайды. Ел-жұртына айтқан тілін алдыра алмаған Өтеген торығып, Түркістанға қоныс аударады. Дүние жүзін кезген Өтеген ең сонында Қорқыттың жолына туседі.

Жамбыл осы нұсқада Қоқан хандығының зорлығын, Ресейдің отаршылдық саясатының қысымын айтатын «Зар заман» тақырыбын отанышыл, ұлтсүйгіш бағытта тереңдете жырлаған. Өтеген ерлігін эпикалық ұлғайта баяндаудан, поэмага



тән асқақтықтан гөрі нақты суреттеу басым. Ғажайып батырдан гөрі қарапайым пенден ерлігі мен қажыр-қайраты, кіслігі анағұрлым жоғары түрган жанды, реалды образ жасаудың жақсы үлгісі бар. Жыр қара сөз кіріспемен басталып, оқтын-оқтын қысқа баяндаулармен қайырылып отырады. Бұл көне әдебиетте кездесетін көркемдік әдіс болса да, жырдың реалдық сипатына елеулі нұқсан келтірмейді.

Колжазбада – Тәуекел, қып *Құдайга* тақ тұрындар (71-жол), 2014, 2016 ж.ж. – Тәуекел, не де болса тақ тұрындар.

Колжазбада – *Бозарып қорқу ерлерге* жарамайды (83-жол), 2014, 2016 ж.ж. – *Қорыққаның бекер-босқа* жарамайды.

Колжазбада – *Жер-жсананды тарылтып қанаар шашты, / Өтеген де қаймықпай жүзі жанды* (160, 163-жол), 2014, 2016 ж.ж. – *Құйрығымен жіберді жерді ұрып, / Не мұқтажың бар?* – деп Өтеген айта қалды.

Колжазбада – *Шайнатып үсті-басын қан-қан қылып* (193-жол), 2014, 2016 ж.ж. – *Қараса, үсті-басы қан бол кеткен.*

Колжазбада – *Өтеген оңтайланып, күтіп тұрды* (200-жол), 2014, 2016 ж.ж. – *Өтеген ыңғайланаңып, күтіп тұрды*

Колжазбада – *Аузынан отты жалын шашқан заңар* (207-жол), 2014, 2016 ж.ж. – *Аузынан отты жалын шығады əзер.*

Колжазбада – Соғысын екеуінің көрген адам, / Таң қалып қызығына батып қалды. / Айдаар шалқасынан жығылды енді (220-222-жол), 2014, 2016 ж.ж. – Соғысын екеуінің көргеннен соң, / Адамзат қызығына батып қалды. / Айдаар шалқасынан құлады енді.

Колжазбада – Сөйлес деп сырттан сүрады (253-жол), 2014, 2016 ж.ж. – Сөйлес хабар қылады.

Колжазбада – *Отыр едім дос қылып, / Көңілімді әбден қош қылып. / Қөрсетер құдірет жәрдемді, / Бір басыңа жау көп деп / Қашырма, қожам, қанымды* (348-352-жол), 2014, 2016 ж.ж. – *Жатыр дейді дос қылып, / Көнілім әбден қош қылып.*

Колжазбада – *Мерзімді* жерге жетеді (378-жол), 2014, 2016 ж.ж. – *Мезгілінде* жерге жетеді.



Қолжазбада – Айуанат, құстар көп екен. / *Топ-топ болып киіктер / Отан қылған жер екен. / Ылақтай бол қояны / Қарақұрт, шаян мысықтай/ Тел бол өскен жер екен. / Жылқыдай бол құланы, / Екі есе бол бұланы. / Домбай деген тағы аң бар, / Тамаша улken құлагы. / Қарасага деген бір кік, / Пілдей болып түрады. / Жайылған жылқы секілді, / Аңдарының көптігі, / Салбыраған бұғагы. / Жер шырайын қарасаң, / Түгімен біткен шөптері. / Жұпардай аңқып иісі, / Іштен шығар дерпттері (476-494-жол), 2014, 2016 ж.ж. – Айуанат, құстар көп екен /Он жеті жол жинақтарда берілмеген.*

Қолжазбада – Қартайып төбет болып жеткен екен (542-жол), 2014, 2016 ж.ж. – Еркелеп батыр алдына жеткен екен.

Қолжазбада – Сол ісің ақылыңа теріс келді-ау (576-жол), 2014, 2016 ж.ж. – Сол ісің көңіліңе теріс келді-ау.

Қолжазбада – Таң атып ертеңіндегүртты келді, / Келгенін Өтегеннің бәрі білді. / Көрісіп аман-есен халқыменен, / Құдайга қылды Өтеген шүкір енді. Жүртүмен амандасты қойдай шулап, / Өтеген демін алды аунап-құнап./ Той қылды ат шаптырып Өтегенге, / Құлтырды Өтеген де қудай жайнап. Айтады көрген менен білгендерін, / Арапап жаһан кезін көрген жерін. / Қаншама қауіп-қатер бәрін көріп, / Еліне қоныс тауып келген жерін. Айтады түк қалдырмай бастан-аяқ: / – Ел үшін жапан түзді кездім саяқ (595-608-жол), 2014, 2016 ж.ж. – Он жол өлең жинақта берілмеген. Қаншама қауіп-қатер бәрін көріп, / Еліне қоныс тауып келген жерін. / Айтады түк қалдырмай бастан-аяқ.

Жинаққа дастанның бұл нұсқасы Орталық мемлекеттік архивте сакталған қолжазба негізінде берілді.

Ж.Рақыш

СҰРАНШЫ БАТЫР

Жамбыл шығармаларының 1957 жылғы бір томдық басылымында «Сұраншы батыр» жырының XIX ғасырдың 80-90 жылдарында жазылғандығы туралы айтылады.



Жырды Жамбылдың өз аузынан 1937 жылы жазып алған, хатқа түсірген – ақын Қалмақан Әбдіқадыров.

1938 жылы «Әдебиет майданы» журналының 7-8 нөмірлөрінде алғаш рет баспа жүзін көрді. 1939 жылы «Сұраншы батыр» атты жеке кітапша болып шыққан. Жамбылдың 1940, 1946, 1955, 1957, 1982, 1996, 2012, 2014 жылдардағы толық жинақтарына кірді.

Жырдың 1953 жылғы баспа қарпінде жазылған, үстінен Қалмақан Әбдіқадыров жыр мәтінінің дұрыстығын растап қол қойған жазба нұсқасы қазірде М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорында сақтаулы тұр (162-бума).

Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығы қарсаңында 3 томдық академиялық толық жаңа басылымын дайындау барысында «Сұраншы батыр» жырының қолжазба құқындағы 1937 жылы Жамбыл ақынның өз айтуы бойынша Қалмақан Әбдіқадыров араб қарпінде хатқа түсірген, 1953 жылы алғаш хатқа түсірген Қ.Әбдіқадыров растап қол қойған нұсқасы мен «Әдебиет майданы» (№7, 8, 1938) журналында басылған мәтіні Жамбыл Жабаевтың 1939, 1940, 1946, 1955, 1957, 1982, 1996, 2012, 2014 жылдардағы шығармалар жинақтарында да берілген нұсқаларына арнайы текстологиялық саралau жүргізілді.

Текстологиялық салыстырулар дастанның мәтіндік нұсқасы бойынша және мәтіндік нұсқа түсінігі бойынша жасалды. Жұмыс барысында айқындалған мәтіндік айырмашылықтар, негізінен, дастанға кеңес дәүірінде қосылып жазылған кіріспе сөз бер «Екінші тарау» аталып беріліп жүрген қосымшаға және Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс тарихы мен Кеңестер Одағын ондаған жылдар бойы басқарған И.В. Сталин тұлғасына қатысты мәтіндерге байланысты болды. Сонымен бірге жеке ру, қазақ, қырғыз халықтары арасындағы тарихи уақыларға қатысты да қайсыбір тармақ, шумақтардың бірді-екілі мәтіндік өзгерістері де кездесіп отырды.



Әр жылдардағы басылымдарда жеке сөздің жазылуы, тыныс белгілері, жыр түйдектерінің құрылым жүйесі бойынша айырмашылықтар бар.

Дастанның Тұсінігі әр жылдардағы басылымдарында кезеңдік саяси идеологияның ықпалымен бірнеше түрлі өзгеріске түсіп отырған. Сұраншы батырдың бірде Ресей патша үкіметіне жақтас болғандығы дәріптелсе, келесі жинақ Сұраншы орыс отаршылдығына қарсы құрескен деп көрсетеді. 1946 жылғы жинаққа 1955 жылғы басылымда елеулі сын айтылады. 1957 жылғы жинақ 1955 жылы 3 томдық болып жарық көрген шығармалардың Сталинге қатысты тұсын «сығымдап» бір томдық етіп басады.

Не дегенде де, саясаттың қату қабағына қарайлап отырғаның өзінде бұл жинақтардың әр қайсысының Жамбылдың әдеби мұрасын ғылыми негізде түгендеуде өзіндік елеулі орны болды.

М. Фұмарованың текстологиялық жұмысы; М. Базарбаевтың Жамбыл шығармашылдығын қазақ әдебиеті тарихының контекстінде теориялық негіздеуі; 1940, 1946 жылғы басылымдардағы мұраға деген жанашыр көзқарас, тарихи таным түзу бағытындағы нысаналы байлам, болжамдар; қырық құбылған уақыттың ынғайында мұлдем ығына түсіп, ырық беріп кетпей, Жамбылдың бай сөз мұрасын қастерлеу, тану өнегесін қалыптастырудығы мамандық біліктілік өнегесі туралы құрметпен айтуда тиіспіз.

Жамбыл хатшыларының мұрағатын қарау міндеті; КР Орталық мемлекеттік архивін, тағы да басқа қатысты қорларды қарастыру міндеті әлде де алда түр.

Жамбыл мұрасын игеруде әлі де беймәлім қалып отырған, біржакты ғана таралып келе жатқан деректер аз емес. «Сұраншы батыр» дастанына қатысты «Кіріспе» бөлім мен «Екінші тарау» немесе «Қосымша» бөлім – Кенес кезеңінде қосылған мәтін қайжылы қосылғандығына қатысты анықтауды қажет ететін тұстар бар.



1937 жылы Қ. Әбдіқадыров жазып алған қолжазба нұсқа-ның мәтіні толық сақталмаған, жоғалған тұстары бар. «Әдебиет майданы» журналында (№7, 8) бастырған нұсқада ол бөлімдер жоқ. 1939 жылғы жинақта жоқ. 1940 – екінші тарау бар. 1946 – бар. 1953 жылғы қолжазбада бар. 1996 жылғы 2 томдық толық шығармалар жинағында Екінші тарау бөлініп берілмеген. 2014 жылғы басылымда Екінші тарау бар. Кенесары, Сталинге қа-тысты тұстары қысқарған.

«Сұраншы батыр» дастанындағы екінші тарауға қатысты нақтылап айтуға қажет ететін бір мәселе бар. 1940, 1946 жылғы жинақтарға кірген; 1938, 1939 жылғы журнал нұсқасы мен жеке кітап болып шыққан дастанда жоқ екінші тараудың негізгі бөлі-гі – XIX ғасырдың 60-90 жылдарында айтылған мәтін.

1940 жылғы жинақ түсінігінде бұл шығармаға қатысты ай-тылған дерек осы оймызды айғақтайды.

«Жамбыл «Сұраншы батыр» поэмасын соңғы жырлағанын-да кіріспесі мен ең аяғындағы 24 жол қорытындыны ғана жа-наған қосқан. Басқа жерінде бұрынғы айтып келген вариан-тынан өзгеріс жоқ. Поэманың бірінші тарауы ең әуелі 1938 жылды «Әдебиет майданы» журналында 7-8-сандарында ба-сылды. 1940 жылы (1939 жылғы жинақты айтса керек – ред.) жеке кітап болып шықты. Екінші тарауы бірінші рет кітапқа кіріп отыр» (1940, 432-б.). Яғни, 1940 жылғы жинаққа қосылған екінші тараудың басым бөлігі жырдың негізгі нұсқасында болған.

Кеңестік кезеңде алма-кезек аудықтан саяси ұстанымдар негі-зінде «Сұраншы батыр» дастанының мәтіндік нұсқасы мазмұн-дық, құрылымдық түрғыдан айтарлықтай өзгерістермен басы-лым көріп отырды.

1938, 1939, 1940, 1946, 1955 жылдардағы басылымдарда тұ-ракты түрде беріліп отыратын Сталинге мадақ 1957 жылдан бергі жинақтарда жоқ. 1938, 1939, 1940, 1946 жылдардағы басы-лымдарда Кенесары Қасымұлына қатысты айтылған мәтін 1955 жылдан кейінгі басылымдарда берілмейді.



Дастаның мәтіндік мазмұнында еларалық қатынастарға, қазақ, қырғыз халықтарының тарихи тағдырына қатысты тұстар да кейде айтылып, кейде алынып тасталып отырыпты.

Жамбыл Жапаұлының әдеби мұрасы хатқа түсे бастаған XX ғасырдың 20-жылдарынан бергі баспа жүзін көрген шығармаларының барлығы дерлік текстологиялық өзгеріс, ауытқуларды бастан кешіп келеді.

Әдебиет тарихында баламасы жоқ авторлық ауызша әдебиеттің аса даңқты өкілі Жамбыл ақынның шығармаларын 175 жылдығына орай баспаға әзірлеу барысында толық текстологиялық салыстырулар жасау мақсатында жұмыс жүргізілді.

«Сұраншы батыр» дастанының баспа жүзін көрген, ӘФИ қолжазба бөлімінде сақталған мәтіндік нұсқаларын өзара салыстыру тыныс белгілеріне; жеке сөздердің жазылуына; адам есімдерінің, жер-су, мекен атауларының жазылуына қатысты бірқатар текстологиялық түйіткілдердің тұрақты түрде орын алып келе жатқандығын көрсетті. Сонымен бірге мәтіннің саясат ыңғайында «бұзылу» фактілері дастаның басылым нұсқаларындағы көлем ауытқушылығы, мазмұндық ұстанымы бойынша нақтылана түсті. Дастанға 1939 жылдан бастап беріліп келе жатқан түсініктер бойынша салыстырулар жүргізу идеология ыңғайында Сұраншы батырдың тарихи тұлғасына қатысты әр жылдарда әр қылыштанымдық ақпарат беріліп келгендейгін көрсетті.

1946 жылғы жинақ түсінігі 1940 жылғы түсінікпен мазмұндағы жазылған. Бұл жинақта жырдың жазылып алыну, басылым тарихына қатысты нақтылы мәлімет берілген.

«Өлеңді жазып алған Қалмақан Әбдіқадыров. Дастаның бірінші тарауы және екінші тараудың қысқартылған түрі ең әуелі 1938 жылы «Әдебиет майданы» журналының 7-8-сандарында басылды. 1939 жылы жеке кітап болып шықты. Дастаның екінші тарауы толығынан бірінші рет 1940 жылы басылған Жамбыл шығармаларының 1-томында (319-350-б.) шықты» (1946 ж.ж.).

1938 жылғы «Әдебиет майданы» (№7-8) журналында басылған «Сұраншы батыр» дастанының мәтіндік нұсқасын Жамбыл



шығармаларының 2014 жылғы басылымындағы берілген мәтінмен салыстыруда 89 айырмашылық көзге түсті.

Жырдың әр тармағында дерлік тыныс белгі, сөздің жазылуы, мәтін көлеміне қатысты өзгешеліктер бар. Мәселен, 1938 жылы 690-тармақтан әрі қарай берілген 17 тармақ мәтін 2014 жылғы жинақта жоқ. Басқа да басылымдармен салыстырулар барысында нақтыланып отырған мәтіндік қысқарту, қосулар осы жаңа жинақтың «Тұсніктілер» бөлімінде «Жеке басылымдардан» деген қосымшамен берілді.

Дастан 1938 жылғы «Әдебиет майданы» журналында екі тарауға бөлінбеген мәтінмен басылым көрген. Көлемі – 939 тармақ. 1939 жылғы жеке жинақ болып шыққан нұсқа да тарауға бөлінбеген. 1940 жылдан бастап екі тараумен басылым көріп келді. Мәтіндік құрылымы ұдайы өзгеріп отырған.

Жамбылдың әдеби мұрасын зеттеуде «Өтеген батыр» дастанының үш нұсқасы аталып отырады. «Сұраншы батыр» дастанының Қалмақан Әбдіқадыров жазып алған «Әдебиет майданы» журналында жариялаған нұсқада 1940 жылғы екінші тарауда берілген Сұраншы батырдың өміріне қатысты баяндалатын жыр мазмұны Жамбыл XIX ғасырдың 60-90-жылдарында жырлаған «Сұраншы батыр» дастанының негізгі мәтініне тиесілі.

Жырдың бұл қазақ-қырғыз арақатынасына қатысты айтылған тұстары ұлтаралық мәселенің саяси астарына байланысты әр жылдардағы басылымында бірде алынып қалып, бірде бे-ріліп отырған. Жыр мәтіні кеңестік идеологияның талабында 1938, 1940 жылдарда біршама толықтырылған.

Осы мәнде жырдың қазан төңкерісіне шейінгі мәтінін бір нұсқа, 1938, 1940 жылдарда өзгерілген мәтінін және бір нұсқа деп қаруға да болатын сияқты. Бірінші нұсқаға тиесілі мәтіннің елеулі бөлігі 1940 жылғы жинақта екінші тарауға кірген. Жыр нұсқасы бойынша әлде де текстологиялық зерттеулер жағасын табуы тиіс.

Жамбыл ақынның 175 жылдығы қарсаңында жарық көріп отырған бұл академиялық үш томдық басылымда «Сұраншы



батыр» дастанының әр жылдардағы басылымын салыстыру ба-рысында жекелеген сөздер мен тыныс белгілері бойынша бірқа-тар түзетулер жасалынды.

«Сұраншы батыр» дастанының Жамбыл Жабаевтың 1939, 1940, 1946, 1955, 1957, 1982, 1996, 2014 жылдарда басылым көрген жинақтарда берілген түсінігі негізінен Сұраншы батырдың өмірбаян деректеріне, Қоқан билігі, Ресей патша үкіметінің Жетісуды алу тарихына қатысты болып келеді. Саяси ұста-нымында идеология ықпалында бағалау, саралау басымдық алыш отырған уақыттары болды.

«58. «Сұраншы батыр» – бұл Жамбылдың революцияға дейін айтып келген ұзақ тарихи дастанының бірі. Сұраншы Жетісу бойында болған XIX ғасырдың орта кезінде жасаған атақты ба-тырдың бірі. Руы шапырашты, Жамбылмен аталас. Жетісу өлке-сін ішкі, тыскы жаулардан қорғаған айбынды батыр. Кенесары бастаған көтеріліске қатынасқан. Сұраншы батырды Жетісу бо-йындағы халық ақындарының жырламағаны жоқ. Бұл дастанды Жамбыл революцияға дейінгі вариантынан өзгеріссіз күйінде айтып берді. Мұндағы бір бөлек орыс жігіттерінің Сұраншыға болысусы жайындағы уақыға кейінгі редакцияда қосылған емес, бұрын бар, жана (және) тарихи шындық.

Қылышынан қан сорғалатып, елді қырғын талауға ұшыра-тып, Жетісу бойын, Орта Азияны, Сары-арқаны жаулап алған генерал, кнэздар, Колпаковский, Перовский, Горчаковтардың жорықтары кезінде бұлардың айуандықтарына шыдай алмай талай ондаған солдаттар патшага, өзінің қан құмар талаушы генерал бастықтарына қатты қарсылық білдіріп, зор гуманизм, адамгершілік сезімімен сол отаршыларға қарсы құрескен жер-глікті халық жағына шығып кетіп отырған. Мәселен: 1839-жылы қысты күні Перовский бастаған патшаның қалың қолы Ембі, Маңғыстау арқылы Хиуаға қарай жорық жасайды. Аға сұлтан Айшуақов Баймағамбеттің жәрдемімен Перовский 800 қазақты зорлап алдырып, қысты күнгі жорықта түйеші ретінде ертіп алады. Жолда 5000 ға жақын әскер де, түйеші қазақтар



да қыстың суығында жана адайлықтардың шабуылына шыдамай, зор қынышылыққа ұшырайды. Осындай жағдайда орыс солдаттары мен түйеші қазақтар Перовскийге қарсы бунт жасап, үлкен қарсылық білдіріп, бірталайы қырға қашып кетеді. Бұл бір.

Екінші – 1845-жылы, Кенесарының патшаға қарсы көтерілісі қатты қүшейіп тұрған уақытта, патшаның өзінен бітім жайын сөйлесу ретімен жоғарғы штабтың поручигі – Герн елші ретінде Кенесарының қалың қолына келеді. Герн Кенесарының әскерінде қазақтың барлық рулары, нағыз жалаң аяқ қашқын кедейлері болудың үстіне, 4 башқұрт, 6 татар, 5 орыс бар екен, бұлар көбінесе Кенесарының соғыс қару-жараптарын даярлау жағында істейді екен дейді.

Ушінші – 1859-60-жылдарда, Алма-Ата айналасында Колпаковский әскеріне қарсы күрескен халықтың соғыстарында қазақтар жағында төртеу-бесеуден орыстар болып отырған. Оның керісінше, Сары-арқа бойында Кенесары бастаған халық көтерілісіне қарсы аттанған Горчаков, Перовскийлердің жағында өзіне ерген жігіттерімен Ахмет төре, Баймағамбет сұлтан, Қоңырқұлжа төрелер, Жетісу бойында Колпаковскийдің жанында 150-200 жігітімен Тезек төре болады. Патша үкіметі орыс әскерінен жергілікті халықтың көтерілісіне қосылғандарды азғындар, қашқындар (дезертирлер) деп есептеп, қолға түсkenдерін соғыс сотымен қатты жазалап отырған. Сондықтан бұл поэмадағы Жагор бастаған 8 орыс, бір татар, жай ойдан қоса салған факті емес, тарихи шындық. Орыс солдаттарынан үнемі қазақтар жағына қашып шығып, халық азаттығын жақтап күресіп отырғандардың болғанын бұл тарихи шындық толық дәлелдейді. Сұраншы батырдың бұл соғыстары Колпаковский бастаған патша әскері дәл Алма-Ата түбіне келіп жетпеген 1850-52-жылдардың шамасы болу керек. Сұраншы Жетісуға шабуыл жасап келген патша әскеріне қарсы соғысқа да қатынасады. 1860-жылы Ұзын-ағаш, Қара кәстек түбіндегі соғыста Сұраншы, Саурық, Сыпатай, Сыздық батырлар жергілікті



қазақ, қырғыз, өзбек, үйғыр халқын бастап қатты соғыс салады. Поэманның екінші тарауындағы соғыс Алма-Атаны патша әскері жаулап алғаннан кейін 1860-70-жылдардың арасында болуы мүмкін. Мұндағы аты аталатын Құдияр қоқанның ханы, әуелде хан болғанмен, артынан қыпшақтар партиясы деген топ Құдиярды хандықтан қуып жібереді. Бұхардың әмірі Құдиярды хан қоямын деп Тәшкентте қыпшақтармен бірнеше рет соғысады. Бірақ, Әлімқұл, Сыздық бастаған қыпшақтар Құдиярды қатты қырғынға ұшыратып, қуып жіберіп отырады. Құдияр Алатау аймағында қорғансыз, бейбіт жатқан қазақ, қырғыз ауылдарын аш қасқырдай талап, қырғынға ұшыратып отырған. Соның алдындаған Кенесарының басын Омбыға апарып, патшадан шен алып қайтқан қырғыздың манаптары – Орман хан, Жанғараш бектері, қазақтың Тезек төрелері Құдиярдың елді талап, шабуна көмек берген. Сұраншы батыр Құдияр ханының, соған ерген жендеттердің қол жинап келіп халықты талауға салған озбырлығына қарсы шығып күрес ашады. Құдиярды елдің арасынан қуады, бұған Тәшкенттегі айналасындағы өзбек, қазақтар да қуанады, Құдияр ақырында маған сен, шекпен бер, үлкен дәреже бер деп, кейін 1860-70-жылдардың ішінде Орынборға, Петербурға барып, патшаның генерал, министрлерінің жалынып табанын жалайды. Бірақ – сен бізге ешқандай еңбек сіңірген жоқсың деп, Құдиярды жақсы ықыласпен қабыл алмайды. Құдияр 1879-жылы өлді. Қырғыз манабы Орман хан Сұраншының қолынан өлді деген тарихи дерек жоқ, осы уақытқа дейін өз ажалынан өлді деп келді.

Тезек төре Абылайдың шөбересі. Абылайдың баласы Әділ, Әділдің баласы Нұралы. Абылай өлерде Әділ ұлы-жүзді билеп қалады. Әділдің кейін ел билеу жұмысына Нұралы жана Тезек араласады. Тезек Жетісу бойында халықтан шыққан батырлармен үнемі ұстасып кеткен. Ол Кенесары қозғалысына да қарсы шығады. Сұраншы, Сыпатайды бірнеше рет патшаға ұстап бермекші де болады. Ел ішінде билікті қолға ұстауда оның арқа таянышы қоқан ханы үстем кезінде оның бектері, қырғыздың



манаптары, патша үкіметінің Черняев сияқты қанды көбе генералдары болады. Кейін Тезек халықты өз жағына тарту мақсатымен елдің атақты ақын, әншілерін өз ордасына жинап, өзін мақтатып өлең айттырып, өз атынан өлең шығарттырып, түрлі әрекет жасаған (мәселен: Сүйімбай, Жанақ, Бақтыбай, Құлмамбет т.б.). Бірақ ақындардың көбі Тезектің өзін мақтаудың орнына, сөгіп, жамандап отырады.

Бұл жырдың екінші тарауында аталған Ағыбай, Бұхарбай, Байзақ – бәрі Кенесарыға ерген батырлар.

Жамбыл «Сұраншы батыр» поэмасын соңғы жырлағанында кіріспесі мен ең аяғындағы 24 жол қорытындыны ғана жаңадан қосқан. Басқа жерінде бұрынғы айтып келген вариантынан өзгеріс жоқ. Поэманың бірінші тарауы ең әуелі 1938-жылы «Әдебиет майданы» журналының 7-8 сандарында басылды. 1940-жылы жеке кітап болып шықты. Екінші тарауы бірінші рет кітапқа кіріп отыр» (1940 ж.ж., 429-432 бб.).

«200. «Сұраншы батыр» – Бұл, Жамбылдың революцияға дейін айтып келген ұзақ тарихи дастанының бірі. Сұраншы Жетісу бойында болған, XIX ғасырдың орта кезінде жасаған атақты батырдың бірі. Руы Шапырашты, Жамбылмен атлас. Жетісу өлкесін ішкі, тыскы жаулардан қорғаған айбынды батыр. Кенесары бастаған көтеріліске қатысқан. Сұраншы батырды Жетісу бойындағы халық ақындарының жырлағаны жоқ. Тарихшы Невзицкийдің айтуына қарағанда «Узынагачское дело» 1910-г.г. Верный), 1860-жылғы белгілі Ұзынагаш соғысында Сұраншы 200 жігіті бар орыс әскерімен бірге прaporщик чинінде қоқан әскеріне қарсы ұрысқа қатынасқан. Сапарғали Бегалиннің жыйнаған мәліметтерінде Сұраншы кедей емес сияқты. 1864-жылдары қоқандықтар оның 500 жылқысын айдал кетіпті, өзін қолға түсіріпті дейді. Бұл дастанды Жамбыл революцияға дейінгі айтып жүргенінен көп кеңейтіп берген. Мұндағы бір бөлек орыс жігіттерінің Сұраншыға болысусы жайындағы оқыйға кейінгі редакцияда қосылған емес, бұрын бар, және тарихи шындық.



Халық ақындары Өмірзак, Үмбетелінің айтуынша Сапарғали жазып алған Сүйімбайдың да Сұраншы туралы шығармасы бар. Бірақ ол қысқа көрінеді.

Жамбыл «Сұраншы батыр» дастанын соңғы жырлағанда кіріспесі мен ең аяғындағы 24 жол қорытындысын ғана жаңадан қосқан. Басқа жерінде бұрынғы айтып келген вариантынан өзгеріс жоқ. Өлеңді жазып алған Қалмақан Эбдіқадыров. Дастанның бірінші тарауы және екінші тараудың қысқартылған түрі ең әуелі 1938-жылы «Әдебиет майданы» журналының 7-8-сандарында басылды. 1939-жылы жеке кітап болып шықты. Дастанның екінші тарауы толығынан бірінші рет 1940-жылы басылған Жамбыл шығармаларының 1-томында (1946 ж.ж., 319-350-б.) шықты.

«Жамбылдың Кенесары Қасымов қозғалысының шын сырын айқындайтын өлеңдері 1940-1946 жылдардағы жинақтарына кірмей келген. «Клим батыр», «Тағы бітті жаңа күш», «Халық Армиясы» деген өлеңдерінде де Қасымовтардың шектен тыс зұлымдықтарын бейнелейтін бөлімдері бұрынғы жинақтарына кірмеген. Газетте басылған тексті арқылы бұл жолдар қалпына келтірілді» (1957, 6-б.).

1982, 1996 жылғы жинақтарда дастанның текстологиялық мәселелеріне біршама көңіл бөлінеді. 2012 жылғы басылымында Сұраншы батырдың өміріне қатысты тың деректер айналымға тартылған.

«Сұраншы батыр» дастанының қазан төңкерісіне шейінгі айтылған нұсқасы хатқа түспеген. Жырды 1937 жылы жазып алған Қалмақан Эбдіқадыровтың жеке архивінде сақталмаса, ресми деректерде жырдың қеңестік жүйе саясаты араласып қайта жырланған нұсқасы ғана сақталған. Басылым көрген нұсқалардың мәтіндік тұтастығы бірнеше рет өзгеріске түскен. Жыр нұсқасын қалпына келтіру бағытында Жамбыл Жабаевтың 1996 жылғы 2 томдық толық жинағында біршама жұмыс жасалған. Жинақты шығарушылар қеңестік кезеңде қосылған мәтіндерді түгелге жуық қысқартқан.



Адам есімдері, жер-су атауларына қатысты, жеке сөздердің жазылуында кеткен жаңсақтықтарға байланысты бірқатар түзетулер жасалған.

Жинақта Жабаевтың әдеби мұрасын баспадан шығару жұмысында текстологиялық түрғыдан алғаш рет тәуелсіз саралау жасалды. Бұл бағыттағы жұмыстың жалғасын табу қажеттілігі, өкінішке орай, тағы да ширек ғасыр тоқтап қалғандығын айтқан жөн.

1996 жылғы жинақтағы мәтін түзілімі әлде де маман зерттеушілердің сараптамасын күтеді деп болжаймыз.

Сұраншы батыр мен Орман хан оқиғасына қатысты мәтіндік нұсқада да ауытқушылық, кезеңдік саясат ықпалымен жасалған езгертулер мүмкіндігінше қалпына келтірілуі керек.

1953 жылғы Қалмақан Әбдіқадыров растап қол қойған нұсқадағы «Сұраншы батыр» дастанына 1938, 1940 жылдарда қосылған мәтін мен 1996 жылғы жинақтағы мазмұнда жырдың оқиға желісіне хронологиялық түрғыдан кірікпей түрған құрылымдық өзгерістер бар.

2014 жылғы жинақтағы тармақ ретімен алғанда 883-тармақта 1996 жылғы жинақта «Уыз қымыз бүркүрап» деп басталып қосылған 28 тармақ өлең 1953 жылғы қолжазбада 2014 жылғы бойынша тармақ ретімен алғанда «Пісті саба сіресіп» деп келген 1006-тармақтан соң қосылыш жазылған.

1996 жылғы жинақта бұл 1006-тармақтан соң «Сұраншыға хат барды» деп басталатын мәтін берілген (Бұл 1006-1392-тармақтар, 2014 жылғы бойынша алғанда) жыр осы 1392-тармақпен аяқталады.

1996 жылғы жинақта II тарау 2014 жылғы бойынша рет салымен келгендегі «Сақылдан құйған жауындей» деп берілген 912-тармақтан басталған.

2014 жылғы жинақта (896-тармақ), 1953 жылғы қолжазбада II тарау басы – «Арғымақтай арындан».

«Сұраншы батыр» дастанының алғашқы 1938 жылғы «Әдебиет майданы» журналындағы басылымы мен кейінгі



жеке жинақтарда берілген мәтіндік нұсқаларды салыстыру ба-
рысында әр басқа жазылған сөздер мүмкіндігінше осы толық 3
томдықта бірнеше жинақтағы жазылымы фактісінде көрсетіліп
отырылды.

Салыстыру бірінші тармақтан басталып, соңғы сөзге де-
йін жасалды. Салыстыруда мәтіндік нұсқа міндетінде Жамбыл
ақынның 2012 жылғы жинақ негізінде қайта басылып шыққан
2014 жылғы Толық жинағы алынды. Тармақ, тарау реті де осы
аталған басылым бойынша көрсетілді.

1) «Сұраншы батыр» дастанының 4-тармағы

2014 ж.ж. – «Жырдың селі тасқындан».

1937 ж.қ., 1938 жылғы «Әдебиет майданы» журналының 8
нөміріндегі нұсқасы – «қорланып».

1953 жылғы ӘӨИ қолжазба бөлімінде сақталған Қалмақан
Әбдіқадыров жазып алған «Жамбыл шығармалары» атты
қолжазбада – «тасқынданап».

Жамбыл шығармаларының 1982 жылғы толық жинағында –
«қорланып».

1996 жылғы 2 томдық Таңдамалы шығармаларында – «қор-
ланып».

Жамбыл шығармаларының 2021 жылғы 3 томдық академия-
лық басылымында бұл сөз «қорланып» болып алынды.

2) 9-тармақ (2014 ж.ж.) – «Терең теңіз тұнбасы».

1937, 1938 – «тынбасын».

1946 – «тыңбасы».

1953 ж.қ. – «тынбасы».

Жинақта бұл сөз «тынбасын» болып жазылды.

3) 10-тармақ (2014 ж.ж.) – «Тұнбада жатқан нұр тасы».

1938, 1946, 1953 ж.қ. – «тынбада».

1996 – «тұнбасы».

Бұл сөз 2014 жылғы басылымы бойынша берілді.

4) 12-тармақ (2014 ж.ж.) – «Жиырмада жырға жел беріп».

1937, 1938 – «жырға жел болып».

1939 ж.ж. – «жырға жел барып».

1946 ж.ж., 1953 ж.қ. – «жылға – жыр болып».



1996 – «Жиырмада жырға жел беріп».

Бұл басылымында 1946 жылғы жинақ бойынша «Жиырмада жылға – жыр болып» деп алынды.

5) 13-тармақ (2014 ж.ж.) – «Аударған желмен сен болып».

1938, 1939 – «жел мен сен».

1953 ж.к., 1996 – «желмен сен».

2014 жылғы жинақтағы «Аударған желмен сен болып» берілді.

6) 18-тармақ (2014 ж.ж.) – «Ақ бидай төрғен тауықтай».

1938, 1939 – «берген».

1953 ж.к., 1996 – «терген».

Жинақта бұл тармақ 2014 жылғы басылымы бойынша қалдырылды.

7) 19-тармақ (2014 ж.ж.) – «Елге жырым жем болып».

1938, 1953 ж.к., 1996 – «жем».

1946 – «жөн».

Осы басылымында 1938, 1953, 1996, 2014 жылғы «жем» сөзі жазылды.

8) 20-тармақ (2014 ж.ж.) – «Алатаудың аясы».

Жамбыл шығармаларының әр жылдардағы басылымында «Алатау» болып жазылатын тау атапу «Сұраншы батыр» дастарының 1938 жылғы «Өдебиет майданы» журналы (№7, №8), 1939 жылы жеке жинақ болып шыққан басылымында «Ала тау» болып бөлек жазылған.

9) 22-тармақ (2014 ж.ж.) – «Жырымен шыңы жаңғырып».

1938 – «жырыммен».

1953 ж.к. – «жырымен».

1996 – «үнімен».

Жинақта 2014 жылғы «жырымен» сөзі қалдырылды.

10) 34-тармақ (2014 ж.ж.) – «Тұнығы болмай сынаптай».

1938, 1939, 1953 ж.к., 1946 – «тынығы».

1996 – «тұнығы».

11) 37-тармақ (2014 ж.ж.) – «Қыбыршығын көңілдің».

1938, 1939, 1940, 1955 – «қыбыршыған».

1953 ж.к. – «қыбыршығын».



- 12) 40-тармақ (2014 ж.ж.) – «Сүйсіндіріп жұбатпай».
 1938 – «иуақтайды».
 1953 ж.қ., 1996 – «жұбатпай».
 Бұл басылымында 1938 жылғы «Әдебиет майданы» (№7, 8) журналындағы «шұақтайды» сөзі алынды.
- 13) 45-тармақ (2014 ж.ж.) – «Домбырасы шіңкілдей».
 1938, 1953 ж.қ. – «шіңкілдей».
 1939, 1996 – «шіңкілдеп».
 Жинаққа «шіңкілдеп» (1939) сөзімен берілді.
- 14) 46-тармақ (2014 ж.ж.) – «Жағына сөйлеп, дүңкілдей».
 1938 – «күлкілдеп»
 1939, 1996 – «күнкілдеп».
 1953 ж.қ. – «дүңкілдей».
 Бұл басылымға 1938 жылғы журналдың басылымы бойынша «күлкілдеп» сөзі берілді.
- 15) 47-тармақ (2014 ж.ж.) – «Айтқанда өлең өлең бе».
 1938, 1939, 1940, 1946, 1953 – «айтқан».
 Бұл сөз 1937, 1938, 1939, 1940, 1946, 1953 жылдардағы жи-
 нақ, қолжазба нұсқаларындағы жазылуымен «айтқан» болып
 алынды.
- 16) 50-тармақ (2014 ж.ж.) – «Айдын көлдей ақылы».
 1937, 1938, 1996 – «айдын».
 1940, 1946, 1953 ж.қ. – «айдың».
 «Айдын көлдей» деп алынды.
- 17) 51-тармақ (2014 ж.ж.) – «Жыр тұлпары Сүйінбай».
 1938, 1939, 1953 ж.қ. – «Сүйімбай».
 1996 – «Сүйінбай».
- 18) 52-тармақ (2014 ж.ж.) – «Осылай айтқан бағызы».
 1938, 1939, 1996 – «уағызы».
 1953 – «бағызы».
 «Уағызы» сөзі алынды.
- 19) 67-тармақ (2014 ж.ж.) – «Бата берген Сүйінбай».
 1938, 1946, 1953 ж.қ. – «Сүйімбай».
 1996 – «Сүйінбай».
- 20) 84, 85-тармақтар (2014 ж.ж.) –



«Таудан құлап тарғыл тас,
Ел тілегі қоймады».

1937 ж.к. – «Ел тілегі қоймады:
Таудан құлап тарғыл тас».

1938, 1946, 1953 ж.к., 1996 – «Ел тілегі қоймады,
Таудан құлап тарғыл тас».

Бұл тармақтар 1937 жылғы жазылуы бойынша берілді.

21) 90-тармақ (2014 ж.ж.) – «Ел батырын ойлады».

1938, 1946, 1953 ж.к. – «батыры».

1996 – «батырын».

Бұл жинақта «Ел батырын ойлады» деп 1996, 2014 жылғы ба-
сылымы бойынша берілді. Мәтін мазмұны осыған келеді.

22) 98-тармақ (2014 ж.ж.) – «Мұз – дұлыға, қар сауыт».

1938 – «мұз дұлыға».

1946, 1953 ж.к. – «дауылға».

1996 – «Мұз – дұлыға, қар – сауыт».

Бұл сөзді 2014 жылғы жазылуында алдық.

23) 2014 жылғы жинақта 103-тармақтан кейін 1946 жылғы
жинақта берілген «Нүмен тауды қантады Сталиндік заманы»
атты 2 тармақ алынып қалған. Осындағы «Нүмен» сөзі 1938
жылғы журнал нұсқасында, 1939 жылғы жинақта, 1953 жылғы
қолжазбада «Нұрмен» болып келген.

Жаңа басылымында бұл екі тармақты қайта қостық.

24) 128-тармақ (2014 ж.ж.) – «Қоршаланса ақ бұлт».

1953 ж.к. – «қоршаланса».

1996 – «қоршалана».

25) 138-тармақ (2014 ж.ж.) – «Толып жатқан оқиға».

1939 – «уақиға».

1953 ж.к. – «оқыйға».

1996 – «оқиға».

26) 144-тармақ (2014 ж.ж.) – «Жырға желі заман ғой».

1937 – «сол заман».

1953 ж.к. – «Жырға желі сол заман ғой».

1996 – «заман сол».

«Сол заман» деп алынды.



27) 147-тармақ (2014 ж.ж.) – «Қайғы басқан жаман ғой».

1938, 1996 – «заман».

1953 ж.қ. – «жаман».

«Жаман» да, «заман» да қисынға келгенімен, сөз қайғының басқаны жаман екендігінен гөрі заманның қайғы басқан қалпына қаратылып айтылған сияқты. Жинаққа «заман» сөзімен берілді.

28) 2014 жылғы жинақтағы

«Айдаһар жұтып аюды,

Шоңбас жеді шымшықты.

Шектен асып ушықты», –

деп келген 151, 152, 153 тармақтар 1938, 1946, 1996 жылғы журналдық нұсқа, жинақтық басылымында, 1937, 1953 жылғы қолжазбаларда –

«Шектен асып ушықты,

Айдаһар жұтып аюды,

Шоңбас жеді шымшықты».

Бұл жинақта осы мәтін алынды.

29) 167-тармақ (2014 ж.ж.) – «Перен мылтық арттырып».

Осы сөз бар басылымында – «перен». 1996 ж.ж. – «Перси мылтық». Техникалық қате болса керек.

30) 174-тармақ (2014 ж.ж.) – «Қайта қашып бүрлікті».

1953 ж.қ. – «бүрлікті».

1996 – «бөрлікті».

31) 178-тармақ (2014 ж.ж.) – «Айғыр атты жетектеп».

1938 – «Айғыр, атты».

1953 ж.қ. – «Айғыр атты».

1996 – «Ат, айғырды».

32) 186, 187-тармақтар 2014 ж.ж. – «Алатын орыс, қазақсын, Аламын деді бәрінді!»

1938 – «– Алатын орыс қазақсын Аламын – деді бәрінді».

1953 ж.қ., 1996 – «Алатын орыс, қазақсын Аламын деді бәрінді».

33) 191-тармақ (2014 ж.ж.) – «Тілеуқабыл – Қасқараяу».

1938 – «қас қараяу».



1953 ж.к., 1996 – «Қасқарau».

34) 207-тармақ (2014 ж.ж.) – «Бөксерде жатқан көп Дулат».

1938, 1953 ж.к. – «Бөксерде».

1996 – «Бектерде».

35) 217-тармақ (2014 ж.ж.) – «Батыр тұлға бола алмай».

1953 ж.к. – «Батыр».

1996 – «Батыры тұлға бола алмай».

36) 223-тармақ (2014 ж.ж.) – «Айсаның қырын өрледі».

1937, 1938, 1946, 1953 ж.к. – «қарын».

1996 – «қырын».

Бұл жинақта 2014 ж.ж. бойынша «қырын» берілді. Қисыны
осы сөзге келеді.

37) 226, 227 тармақтар (2014 ж.ж.) – «Шапырашты, Қарасай,
Жаудан қорқар ел ме еді?».

1938 – «ел ме».

1946, 1996 – «Шапырашты Қарасай – жаудан қорқар ер ме
еді?».

1953 ж.к. – «Шапырашты, Қарасай, Жаудан қорқар елме еді».

Бұл басылымда «Шапырашты Қарасай, Жаудан қорқар ер ме
еді?» деп берілді.

38) 242-тармақ (2014 ж.ж.) – «Бұрқыраған Шу асай».

1937, 1938 – «шу асай».

1946 – «шү».

1953 ж.к. – «Шү».

1996 – «су асай».

Шу өзені емес – шу асай су.

39) 247-тармақ (2014 ж.ж.) – «Ahalasып ұмтылды».

1938 – «Алһаласып».

1953 ж.к., 1996 – «Ahalasып».

1938 ж.к. жазылуы алынды.

40) 253-тармақ (2014 ж.ж.) – «Қызғалдақтай он төрт жсан».

1937, 1953 ж.к. – «жан».

1938, 1996 – «жас».

41) 279-тармақ (2014 ж.ж.) – «Tас қотанның сазына».

1953 ж.к. – «Тас қотанның».

- 1996 – «Тасқотаның».
42) 282-тармақ (2014 ж.ж.) – «Ала тулар желпілден».
1937, 1938 – «жалпылдап».
1953 ж.к., 1996 – «желпілден».
Бұл басылымында «жалпылдап» сөзі берілді.
43) 284-тармақ (2014 ж.ж.) – «Қомпаң-қомпаң шоқысын».
1937, 1996 – «шоқытып».
1938 – «шақырып».
1953 ж.к. – «шоқысып».
Жинақта «шоқытып» болып жазылды.
44) 286-тармақ (2014 ж.ж.) – «Зерделі шапан бектер де».
1938 – «Зердері шаба беклерде».
1996 – «бектерде».
45) 292-тармақ (2014 ж.ж.) – «Жалаң қағып жасауыл».
1938 – «жалын».
1953 ж.к. – қолжазбада бұл тармақ көрінбеді (ред.).
1996 – «жалаң».
46) 300-тармақ (2014 ж.ж.) – «Батыр барған түйінді іс».
1938 – «барған».
1996 – «болған».
47) 310-тармак (2014 ж.ж.) – «Жаз жайлauы Үшқоныр».
1937, 1996 – «жайласа».
48) 320-тармақ (2014 ж.ж.) – «Ұлы жұздік қазақтың».
1996 – «Ұлы жүзі қазақтың».
49) 321-тармақ (2014 ж.ж.) – «Үік жағында қорадай».
1938, 1996 – «Үік жағына».
50) 326-тармақ (2014 ж.ж.) – «Қонақ асын таба алман».
1939, 1946 – «табалмай».
1996 – «Қонақасы таба алмай».
2014 жылғы жинақ бойынша қалдырылды.
51) 329-тармақ (2014 ж.ж.) – «Дулат, Албан, Суанмен».
1938 – «бай ұлы».
1939, 1946 – «Байұлы».
1996 – «Дулат, Албан, Суанмен».
1938 жылғы «Әдебиет майданы» журналындағы қалпында



алынды. Дулат, Албан – бай баласы деген мағына бар. «Суанмен» сөзі 1996 жылды қосылған. 1939, 1946 жылғы жинақтарда «бай ұлы» сөзі «Байұлы» – ру атаяу болып берілген.

52) 351-тармақ (2014 ж.ж.) – «Кәрібоз бен Бәуке қарт».

1937, 1996 – «Мәуке».

1938 – «Мауке».

«Бәуке қарт» пен «Мәуке қарттың» қайсы нұсқасының дұрыс екендігін анықтау мүмкін болмады. 1937 ж.қ. бойынша «Мәуке» болып жазылды.

53) 354-тармақ (2014 ж.ж.) – «Қопара шауып із қылып».

1938 – «Қопарып шауып».

1996 – «Қопара шауып, із қылып».

54) 356-тармақ (2014 ж.ж.) – «Тұрса басып кетуге».

1938, 1996 – «Тұра».

Дақ түспеген жотаны тұра басып кетуге туралы айтылған сияқты. «Тұрса» сөзі келмейді.

55) 367-тармақ (2014 ж.ж.) – «Алатаудың шоқтасы».

1938, 1939, 1996 – «шоқтығы».

56) 2014 жылғы жинақтағы тармақ реті бойынша 396-тармақтан кейін 1938 жылғы журналдық басылымында, 1939 жылғы жинақта «Қалмақ ойған шоқы деп» деген бір тармақ бар.

1996 жылғы жинақта бұл тармақ «Қалмақ ойған жартас деп» болып жазылған. Бұл жол 1953 жылғы қолжазбада, 2014 жылғы жинақта алынып қалған.

Жинаққа 1938, 1939 жылғы басылымдары бойынша берілді.

57) 426-тармақ (2014 ж.ж.) – «Ерегіскен жауларын».

1938, 1939 – «Ерегескен».

1953 жылғы қолжазбада «Ерегіскен» деп қолмен түзету енгізілген.

1996 – «Ерегіскен».

58) 441-тармақ (2014 ж.ж.) – «Ерді тауып есірген».

1937, 1938, 1946 – «туып өсірген».

1953 ж.қ. – «Ерді тауын өсірген».

1996 – «Ерді тауып өсірген».



1937 жылғы нұсқасы алынды. Ерді тұған, есірген ел мағынасы анық тұрған сөйлем.

59) 447-тармақ (214 ж.ж.) – «Желеу болған ақ сақал».

1938 – «Селеу болған ақ сақал».

1953 ж.қ., 1996 – «желеу».

Бұл басылымында 1938 жылғы нұсқасында «Селеу» сөzi алынды.

60) 448-тармақ (2014 ж.ж.) – «Зарлы, мұнды бұл сапар».

1953 – «зарлы».

1996 – «Зарлап».

Бұл сөз 1938, 1939, 1946, 1953, 1996 жылғы жинақтарда берілуінде алынды.

61) 2014 жылғы жинақтың «Елді сатты жәлдеп боп» деп келген 458-тармағындағы «жәлдеп» сөзіне 1996, 2014 ж.ж. «Жәлдеп – қу, сүм, жегіш мағынасында» деп сілтеме түсінігі берілген.

Бұл сөз 1946 жылғы басылымында «сатушы» деп көрсетіледі.

1953 жылғы қолжазбада «жегіш» сөзі қолмен «сатушы» деп түзетіліпті.

62) 482-тармақ (2014 ж.ж.) – «Арам тұған зәнталак».

1938 – «Арамы».

1953 ж.қ., 1996 – «Арам».

63) 485-тармақ (2014 ж.ж.) – «Қоразданып анталап».

1938 – «Қолбасшысы».

1953 ж.қ., 1996 – «қоразданып».

64) 493-тармақ (2014 ж.ж.) – «Кегі тұтін, жері шоқ».

1938, 1939, 1946, 1953 ж.қ., 1996 – «көгі».

(2014 ж.ж.) техникалық қате болса керек, дұрысы – «көгі».

65) 496-тармақ (2014 ж.ж.) – «Көрінді елдің кемісі».

1953 ж.қ. – «көрінді».

1996 – «көрінеді».

66) 501-тармақ (2014 ж.ж.) – «Арқауы ұзын атының».

1938, 1996 – «атаның».

1938 жылғы басылымы бойынша «Арқауы ұзын атаның» деп алынды.



67) 502-тармақ (2014 ж.ж.) – «Келте келді өрісі».

1937, 1996 – «ер ісі».

1953 – «өрісі».

2014 ж.ж. бойынша берілді.

68) 511-тармақ (2014 ж.ж.) – «Қыз, келінишек қатарлап».

1938, 1996 – «Қыз-келіншекті қатарда».

1953 ж.қ. – «Қыз, келінишек қатарлап».

69) 514-тармақ (2014 ж.ж.) – «Қошуына жолдатты».

1937 – «құшуына».

1938 – «қошуына».

1939, 1946, 1953 ж.қ. – «қосуына».

1996 – «шатырына».

1937 жылғы нұсқасы алынды.

70) 2014 жылғы жинақта «Қас жауына торығып, Жан сауғалап қорынып» деп келген 515, 516 тармақтар 1938, 1939, 1946, 1996 жылғы басылымдары мен 1937, 1953 жылғы қолжазба нұсқаларында «Жан сауғалап қорынып, Қас жауына торығып» болып келген. Екі тармақтың орны кейін ауысқан.

71) 2014 ж.ж. 531-тармақта барлық басқа нұсқаларда «Қан төгетін дүшпанды» болып келетін тармақ «Қап төгетін дүшпанды» деп техникалық жаңсақтықпен басылған.

72) 2014 жылғы жинақтағы 531-тармақтан кейін 1938 жылғы «Әдебиет майданы» журналында басылған нұсқадағы:

«Сондығынан Кене хан,

Әзірейілдей алған жан.

Қырғыз қазақ бірігіп

Күшін қосып ұсталды», – деп келетін төрт тармақ жол берілмеген. Бұл төрт тармақ 1953 жылғы қолжазбада да жоқ. 1939, 1946 жылғы басылымдарында сақталған.

1996 жылғы жинақта 531-тармақтан соң (2014 ж.ж.) «Қырғыз қазақ бірігіп, Күшін қосып ұстады» деп келген мәтін берілген.

Бұл жаңа басылымында 1938 жылғы журнал нұсқасындағы қалпы қалдырылды.



- 73) 542-тармақ (2014 ж.ж.) – «Жанғарас, Жантай жіберіп». 1953 ж.қ., 1996 – «Жанғараши».
- 74) 544-тармақ (2014 ж.ж.) – «Қолы қаптап барад деп». 1938 – «қолым». 1953 ж.қ., 1996 – «қолы».
- Бұл жолы 1938 жылғы басылымы бойынша, мәтіндік мазмұн тұтастығында «қолым» сөзі берілді.
- 75) 576-тармақ (2014 ж.ж.) – «Тұматайды шақырды». 1938, 1939 – «Туматайды». 1946, 1953 ж.қ. – «Туматай». 1996 – «Тұматай».
- 76) 579-тармақ (2014 ж.ж.) – «Азуы мұжік хан иттер». 1938, 1996 – «мұжыл». 1953 ж.қ. – «мұжік».
- 77) 2014 жылғы жинақтағы 580-тармақтан кейін 1938 жылы «Әдебиет майданы» журналында (№7, 8) 17 тармақ мәтін берілген.

Мұжілген улы азуын
Елге неге батырды.
Күшті болса қырмай ма,
Қасарып қарсы тұрмай ма.
Обығалы келе атқан
Патша деген кәпірді.
Хан атанған Қара бет
Алтын алып сатпады.
Өле жатып опқандай
Халыққа тиіп қатулы.
Жетпесе күшім патшаға
Аламын ханнан ақымды.
Көп деп жаудан тайсалу
Еркек емес қатын-ды.
Барып ойран салмасам,
Босатып елді алмасам
Сұраншы қойман атымды.



- 1939 ж.ж. бұл мәтін берілген.
- 1953 жылғы қолжазбада бұл 17 тармақ жоқ.
- 1996 ж.ж. бұл мәтін қосылмаған.
- Жаңа басылымында аталған 17 тармақ қосылып беріліп отыр.
- 78) 587-тармақ (2014 ж.ж.) – «Абылайша қос алды».
- 1938 жылғы журнал нұсқасында бұл тармақ жазылмаған.
- 1946, 1953 ж.қ. – «салды».
- 1996 – «алды».
- 79) 600-тармақ (2014 ж.ж.) – «Көбін елең қылмады».
- 1953 ж.қ. – «елең».
- 1996 – «алаң».
- 80) 602-тармақ (2014 ж.ж.) – «Жасық кеңес бергелі».
- 1938 – «жасың».
- 1946 – «асық».
- 1953 ж.қ. – «жасық».
- 1996 – «жақсы».
- 81) 632-тармақ (2014 ж.ж.) – «Еңжар болған қорқактың».
- 1938, 1953 ж.қ., 1996 – «енжер».
- 1946 – «енжар».
- 82) 633-тармақ (2014 ж.ж.) – «Ұнжырғасы жығылды».
- 1938, 1953 ж.қ. – «он жырғасы».
- 1939, 1946 – «он жырғасы».
- 1996 – «ұнжырғасы».
- 83) 639-тармақ (2014 ж.ж.) – «Талмасқа шыдар белі жоқ».
- 1937, 1938 – «Салмаққа шыдар».
- 1953 ж.қ., 1996 – «Талмасқа шыдар».
- 1937 ж.қ. бойынша алынды.
- 84) 670-тармақ (2014 ж.ж.) – «Сендерді дос демейін».
- 1938, 1953 ж.қ., 1996 – «демеймін».
- 85) 671-тармақ (2014 ж.ж.) – «Қашар болсаң мен қырам».
- 1996 – «қырамын».
- 86) 675-тармақ (2014 ж.ж.) – «Сенімсіз болсаң жоқ қылып».
- 1938 – «оқ».
- 1953 ж.қ. – «жоқ».

-
- 87) 688-тармақ (2014 ж.ж.) – «Балалық хақын берейін...».
 1938 – «Балалық ақын».
 1953 ж.қ. – «хақын».
 1996 – «Перзенттік борышымды өтейін».
- 88) 693-тармақ (2014 ж.ж.) – «Вулкан шашқан таудайын».
 1938 – «Болкон шашқан».
 1953 ж.қ. – «Вулкан».
 1996 – «Жалын шашқан».
- 89) 694-тармақ (2014 ж.ж.) – «Арыстан болған жау үшін».
 1937, 1938, 1996 – «болсан».
 1953 – «болған».
 1937 ж.қ. бойынша берілді.
- 90) 725-тармақ (2014 ж.ж.) – «Күн батқан соң орнасын».
 1996 – «орнарсың».
 1996 жылғы «Орнарсың» сөзі алынды.
- 91) 2014 жылғы жинақ бойынша ретінде
 «Дәл жанынан күрсілдеп,
 Барабан құлақ жарады», –
 деп келген 786, 787 тармақтар 1996 жылғы жинақта орын ал-
 мастырылып алғынған.

«Барабан құлақ жарады
 Дәл жанынан гүрсілдеп».
 1953 жылғы қолжазбада:
 «Дәл жанынан күрсілдеп,
 Барабан құлақ жарады».
 Қисынына қарағанда 1996 жылғы жазылуы дұрыс көрінеді.
 Барабан – құлақ жарады. Дыбысы қатты. Бірақ гүрсілдеп (кур-
 сілдеп) жатқан «зенбірек пе, мылтық па» – солардың бірі.
 1938 жылғы журналдық нұсқасында 1996 жылғы қалыпта
 берілген.

92) 808-тармақ (2014 ж.ж.) – «Сасқалақтап қосының».
 1939, 1953 ж.қ. – «қосының».
 1996 – «шатырдың».



- 93) 810-тармақ (2014 ж.ж.) – «Есінен танған бегіне».
 1939, 1953 ж.қ. – «есін».
 1996 – «Есінен».
- 94) 812-тармақ (2014 ж.ж.) – «Ажырайып қарасты».
 1938 – «Оқырайып».
 1953 ж.қ., 1996 – «Ажырайып».
 1938 жылғы нұсқа бойынша алынды.
- 95) 825-тармақ (2014 ж.ж.) – «Жалындағы қойды».
 1938 – «Шашырап сала».
 1953 ж.қ., 1996 – «Жалындағып».
- 96) 829-тармақ (2014 ж.ж.) – «Тұнге қосты түтінді».
 1938, 1953 ж.қ. – «Тұнге».
 1996 – «Тұтінге».
- 97) 848-тармақ (2014 ж.ж.) – «Ондал жауын бір жауып».
 1938, 1953 ж.қ. – «Ондал».
 1996 – «ондал».
 1996 жылғы жазылуында берілді.
- 98) 858-тармақ (2014 ж.ж.) – «Астындағы Ақжоян».
 1938 – «ақ қоян».
 1953 ж.қ. – «Ақтүяқ» болып түзетілген.
 1996 – «Ақтүяқ».
- 99) 865-тармақ (2014 ж.ж.) – «Қордай белін асылып».
 1953 ж.қ. – «асылып».
 1996 – «Қордай белін асырып».
- 100) 866-тармақ (2014 ж.ж.) – «Ақ семсері ақ шомшы».
 1938 – «шомшы».
 1939, 1996 – «ақ шомшы».
 1953 ж.қ. – «шеміш».
 Қисыны – «ақ шеміш». Осы сөз алынды.
- 101) 2014 жылғы жинақтағы 1007-1034 тармақтар 1996 жылғы жинақта 283-тармақтан соң келген.

Уыз қымыз бұрқырап,
 Қара мейіз қаймағы.

Оны келсе «манап» деп,
 Жарымаған жарлының
 Байығаны – тойғаны.
 Қымыз, боза аралас,
 Кекірініп кілең жас.
 Арнап тіккен үйлерде
 Отырысты бойдағы.
 Хан бұйырған жыршылар,
 Бірде құлқі, бірде зар.
 Қызыл тілмен балқытып,
 Бұлбұл болып сайдады.
 Сөз аяғы бір соғыс
 Ел аяғы сол соғыс
 Енжар көңіл қырғызды,
 Итермелеп қоймады
 Ишан, молда бастысы.
 Ақ меруерт тәспісі.
 Өлгендерің шейіт деп,
 Өлмегенің қазы деп
 Сатылды ханға иманы
 Соғыспақ болды ақыры
 Сауыт киді батыры.
 Сұраншыға хат жазған
 «Шүкір» деді Орман хан.
 Орынданап ісін ойдағы.

Бұл мәтін 1938 жылғы жинақта бар.
 2014 жылғы құрылымы бойынша қалдырылды.
 102) 2014 ж.ж. 890, 891 тармақтар 1996 жылғы жинақта берілмеген.

«Батыр – елдің досы деп
 Тұпке жетед осы деп, – ».

Бұл 1938, 1939, 1940, 1946 жылғы басылымдарында 889-тар-
 мақтан соң «Бақытты туған ерлері» деп басталып 26 тармақ бо-
 лып жалғасады.

1938 жылғы баспасында дастан осы бір бөліммен аяқталған.



Бақытты туған ерлері
 Сталиндік заманның,
 Сенде ғана батырлық
 Сенде ғана татулық
 Ел бастаған ер алып,
 Ғасыры туды адамның,
 Ұлтың емес – ел алып,
 Ел бастаған ер алып,
 Бөлшектену жоғалып
 Ер қорғады отанды –
 Біздің ерлер қорғаны
 Социалистік қоғамның.
 О, ерлерім, ерлерім,
 Ел сүйінген белдерім.
 Халықтың қорғар ырысын
 Сұранышыдай жауға шап
 Ерді өсірген ел үшін.
 Өртке теңіз шашқандай
 Шығартып жаудың дыбысын.
 Жау бетіне қылыш шап,
 Елді, жерді гүлдентпен
 Сталиндей күн үшін
 Қынадай еңбек қанаған
 Ит боп елді талаған
 Қан сімірген қанқорлар
 Әлемнен түгел құрысын.

103) 2014 жылғы жинақта 2-тараудың басында берілген 896-911 тармақтар 1996 жылғы жинақта жоқ. 1953 жылғы қолжазбада 2014 жылғы қалпында жазылған.

Арғымақтай арындал,
 Жазғы күндей жалындал,
 Тағы да Жамбыл сөйлейді,

Қар еріткен өкпектей,
Су серпіген ескектей,
Домбырасын сермесін.
Тоқсан үш жасы торқадай,
Тоқсан күн қатқан жорғадай,
Бәйгеден алған олжасын,
Жақсы сөзді ел жаттар,
Ел жаттар сөзде салмақ бар.
Кесек атқан қорғасын (1937, 1953 – жатқан – ред.)
Шеті жоқ – мұхит, теңіздей,
Алтайдың алтын кеніндей,
Көп жерімнің қордасын,
Сыпыра соққан дауылдай.

1996 жылғы жинақтағы 2-тарау 2014 жылғы жинақтағы 912-тар-
мақтан («Сауылдаң құйған жауындей») басталады.

- 104) 934-тармақ (2014 ж.ж.) – «Айтшы, Жәке!» дегенін».
- 1940, 1953 ж.қ. – «Айт Жәмеке».
- 1946 – «Айт Әмеке».
- 1996 – «Айтшы, Жәке!».
- 105) 940-тармақ (2014 ж.ж.) – «Бөліп айтқан Жамбылдың».
- 1953 ж.қ. – «Жәмекен».
- 1996 – 2014 ж.ж. 940, 941 тармақтар жоқ.
- 106) 944-тармақ (2014 ж.ж.) – «Көктемде қайтып жаз жатты».
- 1996 – «Көктем қайтып, жаз өтті».
- 107) 951-тармақ (2014 ж.ж.) – «Бізге бұйрық беріле».
- 1940, 1953 ж.қ., 1996 – «береле».
- 108) 952-тармақ (2014 ж.ж.) – «Біз тұлпарға мініле»
- 1953 ж.қ., 1996 – «мінеле».

Бұл «береле», «мінеле» сөздері бұйрық райда, қырғыз тілінде айтылған деп болжаймыз. Қазақ тілінде «Біз тұлпарға мініле» деп айтылмайды.

Бұл тармақтар 1953 жылғы қолжазба нұсқа бойынша алынды. Мәтінде «мініле», «беріле» сөздерінің мағынасы жоқ.

108) 2014 ж.ж. «Біз мінген соң кім қапты...» болып келген 953-тармақ 1996 ж.ж. жазылмаған.



- 1953 ж.к. – аталған тармақ бар.
 Бұл тармақ жаңа басылымында қосылыш жазылды
 109) 955-тармақ (2014 ж.ж.) – «*Бұ да, жекжат ел ем деп*».
 1996 – «*Құда-жекжат ел ем деп*».
 2014 жылғы қалпында қалдырылды. Ағайын-туыстың қолдауы. Құдалық туралы емес.
 110) 928-тармақ (2014 ж.ж.) – «*Майға беккен байлары*».
 1996 – «*беккен*».
 «*Беккен*» (1996) – дұрыс.
 111) 984-тармақ (2014 ж.ж.) – «*Басқаң да мендей болыс деп*».
 Бұл тармақ 1953 – «*Бақсаң да мендей болыс деп*». Тармақ жолы үстінен сзыялыпты.
 1996 – «*Басқаң да мендей болыс деп*».
 Сөз бағу туралы емес – басқа туралы 2014 жылғы мәтін қалды.
 112) 988-тармақ (2014 ж.ж.) – «*Шайлап қалған тузырап*».
 1937, 1996 – «*шаялаған*».
 113) 2014 жылғы жинақта 1005 («Пісті саба тіресіп»)тармағынан соң 1996 жылғы кітапта берілген «*Сұраншыға хат барды*» тіркесі жазылмаған. Және 2014 ж.ж. 1035-1392 тармақтар осы, 1005-тармақтан соң берілген.
 114) 1006-тармақ (2014 ж.ж.) – «(Тауықсызыз ел ішіп)».
 1996 ж.ж. осы 2014 ж.ж. 883-тармаққа («*Шабақ құған жағындай*») жалғасып берілген.
 115) 1009-тармақ (2014 ж.ж.) – «*Омы келсе «манап» деп*».
 1953 ж.к., 1996 – «*оны*».
 (техникалық қате болса керек – ред.).
 116) 1022-тармақ (2014 ж.ж.) – «*Ел аяғы сол соғыс*».
 1937 – «*жыр аяғы*».
 1946 – «*ылаңы*».
 1953 ж.к. – «*ылаңы*». «*Аяғы*» сөзі сиямен түзетілген.
 1937 ж.к. бойынша қалды.
 117) 1034-тармақтан (2014 ж.ж.) әрі қарайғы мәтін 1996 ж.ж. екінші тарауға жалғасқан.



Бұл мәтін 1940 ж.ж. бастап қосылады. 1938, 1939 жылғы ба-
сылымдарда жоқ.

«Сұраншыға хат барды» деп басталып, 2014 ж.ж. соңына де-
йін жалғасатын (1035-1392) мәтін.

118) 1060-тармақ (2014 ж.ж.) – «Найзасы шанишар қатынды». 1996 – «түйрер».

119) 1967-тармақ (2014 ж.ж.) – «Көрмейін елдің көз жасын». 1946, 1953 ж.қ. – «көрмеймін».

120) 1081-тармақ (2014 ж.ж.) – «Мұндай уақта қинайтын». 1996 – «кезде».

121) 1103-тармақ (2014 ж.ж.) – «Тау жаңғырып салдырап». 1996 – «салдырлап».

122) 1115-тармақ (2014 ж.ж.) – «Сондықтан қосын алмапты». 1953 ж.қ. – «қосып».

123) 1126-тармақ (2014 ж.ж.) – «Елге қайтыпты ордадан». 1953 ж.қ. – «ордадан».

1996 – «Ордадан».

124) 1135-тармақ (2014 ж.ж.) – «Табасыз қолдан өлді деп». 1940, 1996 – «Тобасыз».

1946 – «Табасыз».

1953 ж.қ. – «Аяусыз» болып қолмен түзетілген.

Бұл басылымында «тобасыз» болып жазылды. Тәубаға кел-
мей деген мағынада болса керек.

125) 1162-тармақ (2014 ж.ж.) – «Ала бұлік дерт болдық». 1996 – «Салдық».

126) 1176-тармақ (2014 ж.ж.) – «Басым тіксем қан алмай». 1937 ж.қ. – «қасам».

1939, 1940 – «қасым».

1946, 1953 ж.қ. – «Қасым».

1937 ж.қ. нұсқасында берілді.

127) 1198-тармақ (2014 ж.ж.) – «Шешіп алып он жеңін». 1940, 1953 ж.қ. – «шешініп».

1996 – «шешіп».

128) 1202-тармақ (2014 ж.ж.) – «Білекке ілген қалқаны». 1953 ж.қ. – «Білекке».



1996 – «Білікке».

129) 1224-тармақ (2014 ж.ж.) – «Тұған батыр бейнелі».

1940, 1946, 1996 – «Тұрған».

Батыр бейнелі болып тұрған Құрттыбастың тауындай деген мағына бар. 1940, 1946, 1996 жылғы қалпында берілді. «Тұған» сөзі қисынға келмейді.

130) 1227-тармақ (2014 ж.ж.) – «Келіп қалған Бұқайды».

1937, 1996 – «Боқайды».

131) 1242-тармақ (2014 ж.ж.) – «Ой атыңың көрі деп».

1946 – «атаңның».

1946, 1953, 1996 жылғы басылымдарындағыдай «Атаңның» болып алынды.

132) 1245-тармақ (2014 ж.ж.) – «Бұқай, Байтыл, Битуған».

1953 – «Байтыл».

1996 – «Байтік».

133) 1233-тармақ (2014 ж.ж.) – «Сеси басты батырдың».

1940 – «Секті».

1953 – «сесті».

1996 – «сесі».

134) 1255-тармақ (2014 ж.ж.) – «Қоян жүрек, ит Бұқай».

1996 – «Боқай».

135) 2014 жылғы жинақтың 1286-тармағынан кейін 1996 жылғы жинақта 10 тармақ мәтін жазылған. Бұл 1940 жылғы кітапта бар.

Кенесарыңды өлтіріп!

Топыраққа тыққанмын!

Тұрлыбай соққан алмаспен,

Қыл мойынын шапқанмын.

Абыройын кетіріп,

Ханыма сөйтіп жаққанмын.

Бесікпен қырған баланы,

Өртеп, бұзған моланы,

Ел бұлдірген бұзықтың

Жазасын сөйтіп тапқанмын!



1953 жылғы қолжазбада осы мәтіннің соңғы 4 тармағынан басқа жолдары бар.

Бұл мәтіндік нұсқа жаңа басылымға қосылды.

136) 1294-тармақ (2014 ж.ж.) – «Келе алмаган қасыма».

1940, 1946 – «қасына».

1953 ж.қ. – «қасына» сөзі сиямен «қасыма» болып түзетілген.

1996 – «қасыма».

137) 1295-тармақ (2014 ж.ж.) – «Мекірейдей тұмысы».

1937, 1996 – «Мекіредей тұмсығы».

1940, 1946 – «тұмысы».

1953 – «тұмысы» «тұмсығы» деп сиямен түзетілген.

Мекіре балықтың тұмсығы бейнелі қолданысқа алынған.

138) 1308-тармақ (2014 ж.ж.) – «Бір сілтеді наизасын».

1940 – «сілкеді».

1953 ж.қ., 1996 – «сілтеді».

139) 1315-тармақ (2014 ж.ж.) – «Сайлап мінген белді аттар».

1996 – «болды».

140) 1317-тармақ (2014 ж.ж.) – «Жараланып Бұқайлар».

1996 – «Боқайлар».

Жыр мәтінінде тыныс белгілер, жер-су атауларының жазылуы бойынша да қолжазба, әр жылдардағы басылымдарында әрбасқалық бар. Сол өзгешеліктердің шығарма мазмұнына, жеке мағынаға қатысты түзетуді қажет етегін тұстары да аз емес.

«Дастандағы үтір, нұктес, қос нұктес, сзықша, тырнақша, жақша, көп нұктес, нұктелі үтір сынды тыныс белгілерінің қойылуына әр жылдардағы басылымдардан ондаған мысал келтіруге болады.

Мәселең:

1) 25-тармақ (2014 ж.ж.) – «Өзен деген ат болмас».

1938 ж. басылымында «Өзен» сөзінің алдынан тире қойылған. Тире бұл жерде өзіндік міндет жүктеп тұрған жоқ.

2) 56-тармақтың соңында (2014 ж.ж.) қойылған үтір 1938 ж. басылымында жоқ болғандығындей, осы екі басылымды салыстыра қарауда 2014 ж.ж. жол соңына қойылған үтір 1938 ж. басылымда көп тұста қойылмаған.



3) Дастан құрылымындағы жүлдизшамен бөлініп берілу 1953, 1996, 2014 т.б. басылымдарда сақталып отырмagan.

4) Дастанның мәтіндік-мазмұндық құрылымын әр қылыштыңда берілгендейгіне де осы түсініктер бөлімінде бірнеше мысал келтірілді.

5) Алатау, Қозыбас, Ұзынағаш, Көктөбе, Құрттыбас, Хантәңірі, т.б. Жетісу дағы жер атаулары 1938 жылғы журналдық нұсқада Ала тау, Қозы бас, Ұзын ағаш, Көк төбе, т.б. болып бөлек жазылғандығында басқашалықтар бар.

6) Адам есімдерінің Бұқай – Боқай, Байтыл – Байтік, Тұматай – Туматай болып жазылуы да мәтіндік нұсқаларда кездесіп отырады.

7) «Шу», «Шелек» сөздерінің бірде бас әріппен жазылуы мекен, жер-су атауларына мензесе, енді бір жинақта бұл сөздер жаратылыстағы құбылыс, зат атаулары ұғымында жай әріппен беріліп отырады.

Шу – өзен атауы.

Шелек – жер атауы.

шу – дабыра, дыбыс.

шелек – ыдыс.

8) Жыр 1940 жылғынан бері де басылымдарда түйдекке бөлініп отырады. 2014 жылғы жинақта жыр тұтас түсіп, екі тарауға бөлінген тұстағанда бөлініп берілген.

9) Жыр мәтінінде тармақтардың орны ауысып келген тұтар бар. Бұл да мағыналық, мазмұндық қалыпқа өзіндік әсерін тигізеді (жекелеген мысалдар жоғарыдағы мәтіндік салыстыруларда көрсетіліп беріліп отырды – ред.).

Бұл жаңа басылымында «Сұраншы батыр» дастанының әр жылдарда жарық көрген нұсқалары алғаш рет тұтастай салыстырылып, мәтіндік, құрылымдық нұсқалық түрфысында толықтырулар мен түзетулер жасалды.

Түсінік қосымшаларында әр жылдардағы жинақтарда бірде қысқартылып, бірде қайта қосылып отырған мәтіндер берілді.



ЖЕКЕ БАСЫЛЫМДАРДАН

Қосымша №1

Мұжілген улы азуын
Елге неге батырды.
Күшті болса қырмай ма,
Қасарып қарсы тұрмай ма.
Обығалы келеатқан
Патша деген кәпірді.
Хан атанған қара бет
Алтын алыш сатылды.
Өле жатып опқандай
Халыққа тиіп қатулы.
Жетпесе күшім патшаға
Аламын ханнан ақымды.
Көп деген жаудан тайсалу
Еркек емес қатын-ды.
Барып ойран салмасам,
Босатып елді алмасам
Сұраншы қойман атымды.

«Сұраншы батыр» жырының «Әдебиет майданы» журналының (№7, 1938) 90-бетіндегі соңғы 17 тармағы. Ақынның 1955 жылдан кейінгі басылымдарында жырдың 580-тармағынан кейін келетін бұл мәтін берілмеген.

Қосымша №2

Бахытты туған ерлері
Сталиндік заманның
Сенде ғана батырлық,
Сенде ғана татулық,
Елменен ел достасқан
Фасыры туды адамның,
Еңсесі биік – ер алыш,



Ел бастаған ер – алып,
 Бөлшектену жоғалып,
 Ер қорғады Отанды –
 Біздің ерлер қорғаны
 Социалдық қоғамның.
 О, ерлерім, ерлерім,
 Ел сүйеген белдерім,
 Халықтың қорғар ырысын...
 Сұранышдай жауга шап
 Ерді өсірген ел үшін,
 Өртке теңіз шашқандай
 Шығартпа жаудың дыбысын!
 Жау бетіне қылыш шап,
 Елді, жерді гүлденткен
 Сталиндей күн үшін,
 Қынадай еңбек қанаған,
 Ит боп елді талаған,
 Қан семірген қамқорлар,
 Әлемнен түгел құрысын!

Бұл 26 тармақ жырдың 1938, 1939, 1940, 1946 жылғы басылымында «Көтеріп көңіл жайлады» (2014 жылғы жинақта 889-тармақ) тармағына жалғасып берілген мәтін. 1955 жылдан кейінгі жинақтарда жоқ.

«Әдебиет майданы» (№8, 1938) журналында басылған нұсқасында осы 26 тармақ мәтіннің 7-жолы «ұлттық емес – ел алып» болып жазылған. 1939 жылғы жинақта бұл тармақ жоқ. 25 – ші тармақтағы «семірген» сөзі – «сімірген»

Қосымша №3

Кенесарынды өлтіріп,
 Топыраққа тыққанмын.
 Тұрлыбай соққан алмаспен,
 Қыл мойнынан шапқанмын.
 Абыройын кетіріп,
 Ханыма сөйтіп жаққанмын.

Бұл 6 тармақ мәтін Жамбыл шығармаларының 1940, 1946 жылғы басылымдарында, 1953 жылы Қалмақан Әбдіқадыров қол қойып растаған қолжазба нұсқада «Күрескенди жыққанмын» деп келген тармақтан кейін (2014 жылғы жинақтағы 1290-тармақ) берілген. 1955 жылдан кейінгі басылымдарында жоқ.

Қосымша №4

Сондығынан Кене хан,
Әзірейілдей алған жан
Қыргыз, қазақ бірігіп
Күшін қосып ұсталды.

Бұл төрт тармақ мәтін «Әдебиет майданы» журналында (№7, 1938) басылған нұсқада, 1939, 1940, 1946 жылғы жинақтарда бар.

1953 жылғы Қалмақан Әбдіқадыров растап қол қойған қолжағбада да бұл мәтін сақталған (ӘФИ қолжағбада қоры – 162-бума). 1955 жылдан кейінгі жинақтарда берілмеген. Үзінді «Әдебиет майданы» (№7, 1938) журналындағы нұсқасынан (540-543 тармақтар) алынды – ред.

Қосымша №5

Кенесарынды өлтіріп,
Топыраққа тыққанмын.
Тұрлыбай соққан алмаспен,
Қыл мойнынан шапқанмын.
Абыройын кетіріп,
Ханыма сөйтіп жаққанмын.
Бесікпен қырған баланы,
Өртеп бұзған моланы.
Ел бұлдірген бұзықтың
Жазасын сөйтіп тапқанмын!

Жамбыл Жабаевтың, 1996 жылғы 2 томдық толық жинағында «Сұраншы батыр» дастанының 2014 жылғы жинақ бойынша 1286-тармағынан кейін берілген бұл 10 тармақ мәтіннің 6 тармағы Жамбыл шығармаларының 1940, 1946 жылғы басылымдарында, 1953 жылғы Қалмақан Әбдіқадыров қол қойып растаған қолжағбада нұсқада «Күрескенді жыққанмын» деп келген (2014 жылғы жинақта 1290-тармақ – ред.) тармақтан кейін тұр.

1996 жылғы жинақта: «Аталған өлең шумақтары Жамбылдың «Сұраншы батыр» жырының осы басылымында тұңғыш рет қосылып отыр», - деп түсінік берілген (1996 ж.ж., 307-бет).

7, 8, 9, 10-тармақтардың қайдан алғынғандығы айтылмаған (алғашқы 6 тармақ басылым көрген – ред.).



СҮРАНШЫ БАТЫР

(«Әдебиет майданы» журналының 1938 жылғы 7, 8 сандарында басылған)

ҚР ОФК 651, №2-дәптерде бұл жырды 1937 жылы Жамбылдың әдеби хатшысы Қалмақан Әбдіқадыров ақынның өз айтуы бойынша хатқа түсіргендігі айтылады.

Жамбыл Жабаевтың 1957 жылғы толық шығармалар жинағында (2 томдық) жырды Қалмақан Әбдіқадыров 1938 жылы Жамбылдың айтуынан жазып алғып, алғаш «Әдебиет майданы» журналының 7, 8 санында жариялаған деп көрсетілген.

Жырдың бұл журналдық нұсқасының жалпы көлемі 939 тармақ. 1938 жылғы 7-санда (шілде) 609 тармағы, 8-санда (тамыз) 330 тармағы басылады.

Жырдың 1937 жылғы жазылышынан көрсетілген ҚР ОФК 651, №2-дәптердегі нұсқасының 1938 жылғы журналдық басылымнан көлем, құрылым бойынша айырмасы бар.

550 жолдық (1937 ж.к.) жыр нұсқасы «Балдай тәтті туысқан, / Жеттім тату таңыма...» болып, кейінгі қосылған бөліммен бірге берілген жыр мәтінінің орта түсінде 7-8 беттік мәтін жоғалған.

Бұл жырдың 1953 жылы Қалмақан Әбдіқадыров өзі жазып алғанын (ілгеріде жазғанын деуге болады – ред.) растап қол қойған (12/V 53) нұсқасы 1938 жылғы журналдық басылымындағы мәтінмен аяқталған.

Журналдық нұсқада жыр жанры (поэма) деп жақша ішінде көрсетілген.

Мәтін 81, 94, 150, 308, 579 тармақтардан соң үш жұлдызшамен бөлініп отырған.

Журналдық нұсқаны Жамбылдың 2014 жылғы толық шығармалар жинағындағы «Сұраншы батыр» дастанының мәтінімен салыстыру барысында құрылымдық түрғыдан елеулі өзгерістерге түскендігі анықталды.

Жырдың журналдық нұсқасы «Қан сімірген қанқорлар / Әлемнен түгел құрысын» деп аяқталған. 1940 жылғы жинақтан бастап беріліп жүрген екінші бөлім 1938 жылғы басылымында жоқ.

Кезендік идеология талаптарында жасалған өзгерістер «Сұраншы батыр» дастанының кейінгі толық нұсқасы (2014 ж.ж.) бойынша салыстырылған Түсініктек көрсетілді. Тыныс белгі, жеке сөз жазылуы бойынша қазіргі түзетулер енгізілді.

K.Мәдібаева

САУРЫҚ БАТЫР

Қазақ елінің тәуелсіздігі үшін жан аямай күрескен батырлардың бірі – Саурық Ыстанбекұлы. Жетісуды Ілеге дейін би-леген Қоқан ханы Құдиярдың езгісіне қарсы шығып, Ресейдің Жетісуды жаулап алу саясатына наразылық танытушылардың алдыңғы шебінде болғандығымен мәлім. Жамбыл ақын естелігінде: «Ел менен жыр сұрағанда, кепкен ботаның тұлышына еміренген маядай, батырларды жырла дейтін. Мен де жүргітың тілегіне сәйкес Өтеген батыр, Саурық батыр, Сұраншы батыр, Көрүғұлы батыр, Алатай Жапарқұлдың жырларын айтатын болдым», – деп Саурық батыр жайлы да жыр толғағанын айтады.

«Саурық батыр» жыры Фылым ордасы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында сақтаулы тұр (152 д-бума). Ақын шәкірттерінің бірі Әбдіғали Сариевтің айтуында жеткен жыр латын қарпінде қара сиямен кеңсе қағазына жазылған. Жыр көлемі 722 жолдан тұрады. Мәтіннің басында «Әбдіғали Сариев, 1940 жыл» деген ескертпе бар.

Әбдіғали Сариевтің айтуынан жазып алынған «Саурық батыр» жырының кіріспесі:

Ақын өлең айтар ма,
Желпіндірмей желдетіп?
Ұстазым Жамбыл адамның
Бұлбұлы сөзге алыбы



Мезгілімен сайраған
Бұлбұлдың жыры анығы.
Жамбыл жырын жырласа,
Сүйсінеді халығы, –

деп басталған. «Саурық батыр» жырын бұрын Жамбылдың жырлағанын айтады.

Саурық батыр жайлы Жамбылдан бұрын жырлаған Сүйінбай шығармасы кезінде жазып алынбаған. Саурық батырға арналған «Руы Шапырашты – Саурық батыр» деп басталатын сегіз жол өлеңі Сүйінбай ақынның шығармалар жинағына кіріп жүр. Саурық батырдың ерлікке толы жорықтарда өткен өмір жолының көптеген оқиғалары халық ақындарының жырларына тақырып, сюжет болуга лайық материалдар.

Жырдың сюжеті негізінде тарихи шындыққа құрылған. Негізгі идеясы Ресей отарлық саясатына қарсы күрес, елді басқыншылардан азат ету. Жырдың сюжеттік оқиға желісі батырлардың іс әрекеті арқылы өрбіп, негізгі қаһарман бейнесін дара-лауға ұмтылады.

Тал шоқысы Талғардың,
Ең биігі занғардың,
Алматы деген жерінің,
Мындал өріп жайылған,
Арқар, марал андары.
Қарағай мен қайыңы,
Жер шарындей жұп-жұмыр,
Көрсөң онда алманы, –

Деп, жерінің байлығына, кеңдігіне көз салған отаршыларға наразылық білдірген халық Саурық батырдан көмек сұрайды. Тауды жарған зеңбіректің күрсілінен қаймықкан әскерін батыр рухтандырып, жұз-жұзден бөлініп, жан жағын қамауға



бүйірады. Мылтық асынған солдаттарға найза, қылыш ұстаған қалың қол қарсы шығып, киян-кескі ұрыс болады. Солдаттарды басқарып келген Колпаковский, Қоқан ханы Құдиярдың қазақ елін шұрайлы жерлерінен ығыстырып, алым-салықпен қыстаганы жырда дәл бейнеленген.

Жырда отаршыларға қарсы шыққан батырлардың ішінде Сыпатай, Байсейіт, Сыздық аттары аталып, ерен күрестері шынайылықпен көрсетілген. Қырғыз батыры Жантайға хат жіберіп, «қазақ қырғыз елінің қайғысы бір» деген оймен көмекке шақырады. Колпаковский Жантайға шен берем деп уәде беріп, жолынан тайдағырады. Ұш күн, ұш түн атысып, екі жақ біраз демалып жатқандарында қырғыз Жантай жіберген жігіттер жылқыны алыш қашады. Қойторы атын алдырып, сондарына түскен Саурықты әйелі сабырлыққа шақырады. Оған батыр құлақ аспай Қойторысымен жау артынан жөнеледі. Елу-алпыс қырғыз ақылдасып, бір әдісті істелік деп, бәрі бірдей Саурықты жан жағынан қамалап, найзамен шаншиды.

Тарихи деректерде Саурық батырдың өлімі туралы мынадай мәлімет беріледі: «Кенесары ханның тапсыруымен елшілік қызмет атқарған қырғыздың Солто Жаманқара батырының досы Шапырашты Саурық батыр Істамбекұлы болды. 1846 жылдың көктемінде қазақ қырғыздың ортасында елші жүріп, екі елді жарагастырамыз деп, ханның тапсырмасымен Шапырашты Саурық батыр қырғызға барады. Бұдан соң, бұрыннан Саурық батырмен дос қырғыздың Солто руынан Бөлекбай тармағының батыры Жаманқара мен Болат батыр бастаған қырғыз елшілері Кенесары ханға келеді. Бейбіт келісімге келеміз деп, Саурық батырдың шақыруына сеніп келген қырғыз елшілерінің, соның ішінде Жаманқара мен Болат сияқты қазақ, қырғызға танымал батырлардың хан қолынан қаза табуы қанды кекке соқтырды. Шапырашты Саурық батыр 1846 жылдың көктемінде Қастек пен Қарақыстақтың арасындағы тау бөктерінде Сарысыбыр деген жерде қырғыз батырлары Күрпік пен Самақтың қолынан



қаза табады» [39]. Осы тарихи оқиға қырғыз фольклорындағы «Қыргыз, казак окуясы» («Қырғыз, қазақ оқиғасы») жырына негіз болған. Үбірайым Абдырахмановтың айтуындағы бұл жыр Кенесары хан мен қырғыз елінің арасындағы шиеленістерді баяндап, Саурық батырды Құрпік пен Самақ батырлардың өлтірген тұсын суреттейді [38].

Жыр Жамбыл Жабаевтың үш томдық толық академиялық жинағына 2014 жылғы басылымы негізінде Ә.Сариеv қолжазбасымен текстологиялық саралаулар жүргізіліп беріліп отыр.

2014 жылғы басылым:	Қолжазбада, OFK:152 д-бума:
9-11 жолдар: Ұстазым Жамбыл атамның Бұлбұлы сөздің алыбы Мерзімімен сайраған	Ұстазым Жамбыл адамның Бұлбұлы сөзге алыбы Мезгілімен сайраған.
16-жол: Түзу шақан арығы	Түзу шапқан арығы
29-жол: Батырларды жырлаған	Батырларды жырлағын
35-жол: Елін қорғап болмаса	Ел қорғаны болмаса
40-жол: Қос батыры мұң болар	Қас батыры мұң болар
83-жол: Олардың үлкен көлі еді	Олардың ішкен көлі еді
93-жол: Тобылғы ырғай дағаны	Тобылғы, ырғай, долана
120-жол: Қырамын деп елдерін	Қырамын деп ерлерін
173-жол: Аттың басы қылтымдал	Аттың басы қылтылдал
179-жол: Өлеңдерін қүлетең	Өлеңдерін гүлетең

**258-259-жол:**

.....

.....

260-261-жол:

Найза-қылыш сорғалап

.....

281-жол:

Тұрған бойын сымтитып

388-жол:

Тор құрған жері адамның

412-жол:

Көре алған шоқтанысып

540-жол:

Жасырын тікті тәстекке

561-жол:

Жосаға шыққан адамның

619-жол:

Жетерсің қуып кезеңнен

635-жол:

Қасмойнаққа жеткенде

626-жол:

Қойтарымен жөнелді

711-жол:

Байтақты қызық елден соң

715-жол:

Маң даланы шаңласып

Араласты қалың қол,
Тұра алмады қорғалап.

Найза-қылыш салысты,
Қызыл қаны сорғалап.

Тұрған бойын сымпитып

Тор тұрған жері адамның

Көре алған жоқ танысып

Шатырын тікті тәстекке

Жомаға шыққан адамның

Жетерсің қуып кезеңнен

Қосмойнаққа жеткенде

Қойтарымен жөнелді

Байтақты қызық елден соң

Маң даланы шаңлатып

Қазақ халқының елдігі мен бірлігін сақтап қалуда күш салған Саурық батыр туралы жыр – құнды мұра, еліміздің тарихы.

T.Әкімова



КӨРҮҒЛЫ

«Көрүғлы» жыры – түркітілдес халықтар арасына ең көп тараған фольклорлық мұраның бірі. Жырдың әзіrbайжан, армян, грузин, курді, құмық, анадолы түріктері, араб және түркімен, өзбек, тәжік, қырым, сібір татарлары, қазақ, қарақалпақ ұлттық версиялары бар. Сюжеті XVI-XVII ғасырларда Тау Шығыс пен Орта Азияда кеңінен тараған, Солтүстік Хорасан мен Оңтүстік Әзіrbайжан арасын мекен еткен түркіменнің теке руынан шыққан Көрүғлы түркі (оғыз) халықтарының көшпілігінде ұлттық батыр ретінде суреттеледі.

«Көрүғлы» эпосы – қазақ арасына да ертеден мәлім, халық сүйіп тыңдаған таңдаулы батырлар жырының бірі. Көрүғлы батыр мен әкесі Раушанбектің және оның ұрпақтарының ерлік істері сөз болады. Эпостың Хасен Мирбабаұлы, Қалижан Өтешұлы, Мәшһүр-Жұсіп Көпееев, Майлышқожа Сұлтанқожаұлы, Майкөт, Құлмамбет, Жамбыл Жабаев, Рахмет Мәзқожаұлы, Әбділда Жүргенбаев, Ергали Есенжанов, Хасан Мирбабаұлы, Әміреш Жұмағазин, Ертай Құлсариев, Асайын Хангелдин, т.б. жеткізген жиырмадан астам нұсқалары бар.

Ташкент қаласындағы «Терме» деген журнал-альманахтың 1924 жылғы бір санында Жамбыл Жабаев туралы мағлұмат берілген: 1922 жылы 9 маусымда Ұзынағашта өткен Жетісу облыстық Қосшы одағының съезіне Алматы уезінен 19 ақын қатысады, солардың арасында жасы жетпіске келген Жамбыл да болған. Жамбылдың туған жері, руы, ақындық мектебі туралы, «Ерназар мен Бекет», «Садыр патша мен Жамбыл патша», «Шалтабай» және «Көрүғлы» жырын орындағаны, ал «Көрүғлы» дастанын Жамбыл 15 күн жырлағаны айтылады.

«Көрүғлы» жырының түркі халықтары арасында тараған үлгілері В.М.Жирмунский, А.К.Боровков, И.С.Брагинский, Л.И.Климович, А.Ходзько, Х.Г.Короглы, Б.А.Каррыев, т.б. сияқты орыс түркітанушы ғалымдарының еңбектерінде салыстырыла зерттелгені белгілі. Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібай,



М.Ғұмарова, Ш.Ыбыраев, С.Садырбаев, Б.Әзібаева сынды қазақ фольклортанушылары эпостың ұлттық нұсқаларының өзіндік ерекшеліктерін айқындалап, типологиялық, поэтикалық, текстологиялық түрғыда жан-жақты қарастырды. Фольклортанушы А. Аляз, З. Сахитжанова, А.Ақан кандидаттық диссертация көлемінде зерттеді.

Жырдың Қазан басылымдары араб әрпінде 1885 жылдан бастап бірнеше рет басылған. Көрүглі мен оның үрпақтарына арналған жырлар кеңес кезеңінде 1973 және 1989 жылы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қызметкерлерінің дайындауымен жарық көрген. Ал Жамбыл нұсқасы алғаш рет 1982 және 1996 жылғы ақынның екі томдық жинағында (жауапты редакторы С.Садырбаев), содан кейінгі 2012, 2014 ж. басылымдарда (жауапты редакторы Б.Ыбырайым) жарияланды. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында дайындалған «Бабалар сөзі» атты жүзтомдық серияның 48 және 49-томдары «Көрүглі» жырына арналды, оның алдыңғы томын Б.У. Әзібаева мен А.Ақан дайындағы, ал Т.Әлібек, С.Қосан, С.Сәкен, Б.Тұрлымбеков құрастырған 49-томында жырдың Жамбыл нұсқасы түпнұсқаға сай тузытіліп ұсынылды, дегенмен кейір кемшіліктер кездеседі.

Даңқты билеуші Бозай хан жетпіс үшке келгенше перзент көрмейді. Бозай хан өзін кәрісінген он екі әйелдің үстіне алған он бес жасар Гүлжазира сұлуды өз бүйріғы бойынша өлтіртеді. Көрде дүниеге келген ұлдың ешкіні еміл күн көріп жүргені ешкі иесінің арызын тексермек болған кезде ғана аңғарылады. Ел ортасына келген соң Көрүгліның тәрбиесімен Бозай хан өзі айналысады.

Жамбыл шығармаларының үш томдық толық академиялық шығармалар жинағын әзірлеу барысында Жамбыл әдеби-мемориалдық музей-үйінде сақталған 1813 жолдық үш-төрт тарау қолжазба мен басылымдық нұсқа арнайы салыстырылды.

Колжазбада – *Пернемен саусақ желгенде / «Көрүгіліның қозғалық (4-5-жол), 2014, 2016 ж.ж. – / Көрүгіліның қозғалық*.

Колжазбада – Ақын құанып сүйінер (11-жол), 2014, 2016 ж.ж.
– Ақын қорықпай шүйілер



Колжазбада – *Ермен жауға бармас!* / *Елиілігі бұзылmas* (19-20-жол), 2014, 2016 ж.ж. – *Ерлермен жауға бармас!* / *Тұстастығы бұзылmas*

Колжазбада – Жамбыл да кетер *ағындан* (28-жол), 2014, 2016 ж.ж. – Жамбыл да кетер *қалықтан*

Колжазбада – *Жол басқан кәрі тарланың* (37-жол), 2014, 2016 ж.ж. – *Жол бастаған тарланың*

Колжазбада – *Әділетшиң болмаса.* / *Қүннің көзін көрсептес* (81-82-жол), 2014, 2016 ж.ж. – *Әділеттік болмаса.* / *Қүннің көзін жасыралar*

Колжазбада – *Бозайхан атты хан өтті* (197-жол), 2014, 2016 ж.ж. – *Бозайхан атты ер өтті*

Колжазбада – *Ханбыз дег жүрген жандарды,* / *Іштарлықпен сүймеген* (204-205-жол), 2014, 2016 ж.ж. – *Хандық еткен жандарды,* / *Өмірінде сүймеген.*

Колжазбада – «*Билемін керек мен*» деген (208-жол), 2014, 2016 ж.ж. – «*Билесем бәрін мен*» деген.

Колжазбада – *Бас алмаса екі күн,* / *Құмартып қатты шөлдеген.* / *Қанды қылыш қанжары,* / *Бозайханның беліндеге* (210-213-жол), 2014, 2016 ж.ж. – *Ел шаппаса екі күн,* / *Құмартып қанга шөлдеген.* / *Алтынды алмас беліндеге*

Колжазбада – *Багындырды Бозайхан,* / *Ағызып судай қызыл қан* (236-237-жол), 2014, 2016 ж.ж. – *Жорық жасап Бозайхан,* / *Судай ақты қызыл қан.*

Колжазбада – *Екеуін ана дар алды,* / *Он бесін түгел хан алды* (310-311-жол), 2014, 2016 ж.ж. – *Екеуін ана дар алды,* /

Колжазбада – *Мұрақорым жоқ болса* (383-жол), 2014, 2016 ж.ж. – *Мирасқорым бар болса*

Колжазбада – *Бас уәзір Барқатты,* / *Хан асығыс шақырды* (413-414-жол), 2014, 2016 ж.ж. – *Уәзірінің біреуін,* / *Хан асығыс шақырды.*

Колжазбада – *Ашуланып Бозайхан,* / *Тазшаларды жидырды* (579-580-жол), 2014, 2016 ж.ж. – *Әмір етіп Бозайхан,* / *Тазшаларды жидырды*

Колжазбада – *Байлар қашан жақтаған* (590-жол), 2014, 2016 ж.ж. – *Байбатша қашан жақтаған.*



Қолжазбада – Тазша сонда зарлады (612-жол), 2014, 2016 ж.ж. – Тазша сонда сөйледі.

Қолжазбада – Келген болсаң хабарға (723-жол), 2014, 2016 ж.ж. – Келдің бе деді хабардар.

Дастанның Жамбыл жырлаған нұсқасы ЖМҚ-да сақталған түпнұсқа мәтін бойынша дайындалды.

Ж.Рақыш

БАҚ, ДӘУЛЕТ, АҚЫЛ

Алғаш рет ақынның 1982 жылғы екі томдық шығармалар жинағының 1-томында жарияланды.

Кейін 1996 жылғы екі томдық шығармалар жинағының 1-томына [17, 265-277], 2013 жылғы «Жапанға біткен бәйтерек» жинағына [19, 203-217], 2014 жылғы төрт томдық толық шығармалар жинағының 2-томына [20, 178-189] енді.

Жамбыл ертегілік ғибратты оқиғаны жырға қосқан. Ертеде Ақыл, Дәулет пен Бақ әрқайсысы өзінің артықшылығын дәлелдеуге серт байласады. Бір байдың егінін күзетіп жүрген Мекей деген қарапайым жігітке келіп бақ қонады да, аяқ астынан тауып алған гауһар тастың кенін Мысырдағы бай адам Хакім байбатшага көрсетеді, ол Мекейді бала етіп алады. Құндердің күнінде Мекей патшаның қызын алуға ниет білдіреді. Хакім патшаның қызына құда түсіп, Мекейді үйлендіреді. Ханшайым әкесіне Мекейдің оспадар қылышын айтып шағынады. Патша жасауыл жіберіп Мекейді дар басына келтіреді. Сол сәтте кеудесіне ақыл қонған Мекей өз әрекетінің дұрыстығына үш түрлі дәлел келтіреді. Ханшайым туылғанда ит емшегін аузына алған екен, анасы да сондай ырымның жасалғанын мойындейды. Мекей қызының қалың малына жұз пүт гауһар алған патшаның дүниеконыздығын айыптайды және ханша екеуінің некесі қылмағанын алға тартады. Парасатты Мекейге патша тәж бен тақты, Хакім бүкіл байлығын береді.



«Бақ, Дәulet, Ақыл» дастанының бір нұсқасы Жетісу жыршылық мектебінің өкілі, ақын Ертай Құлсарiev (1886-1958) жырлауында жеткен. Ол шығыс желісіндегі дастандарды көп жырлаған. Халқымыздың рухани мұрасын халық арасынан жинап, Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапхананың Сирек қолжазбалар қорына тапсырып отырған. Е.Құлсарiev жеткізген «Мекей» дастаны М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорында сақтаулы, оны Алматы қала-сының тұрғыны Фали Кизбаев тапсырған (126-бума, 33-57 б.).

Қолжазбадағы сөздердің жазылу ыңғайына қарағанда, араб әрпіндегі қолжазбадан қазіргі әріпке кейін көшірілгені байқалады. Мәтінді жазып алған адам немесе көшіруші тарапынан шығарма атауы кейін қойылған, ал үшінші жолдағы «Ақыл менен бақ, дәulet» сөздерінің асты сызылған. Ақ қағазға көк сиямен бір қатарда жазылған қолжазбалық мәтін Т.Әлібек құрастырған «Жыр-керуен» атты Е.Құлсарiev шығармалар жинағында алғаш рет 2004 жылы жарық көрген.

Қоғамдағы жағдайлардың ықпалынан Жамбыл жыраудың жыршылық өнеріндегі көптеген жыр-дастандар көпшілік назарынан қалыс қалған тұстар да болды. Осы орайда ақын-жыршылардың профессор Е.Ісмайыловқа бұрын жаттап айтып жүрген «Мың бір тұн» әңгімелерін, қисса-дастандарды кеңес кезеңінде «өзіне де, азаматтарға да ұнамағандықтан» (Есенсары Құнанбаевтың 1946 жылы айтуы бойынша – ред.) мүлде орын-дамайтын болғанын жеткізгенін еске түсіруге болады [26, 93]. Саяси-идеологиялық қысымның әсері төңкөрісшіл әдебиеттен басқаны осылайша ысырып тастаған, әсіресе ауыз әдебиетінде гі шығыстық жыр-дастандар кезінде немқұрайлықпен жазылып алынбаған.

Жетісу жыршылық мектебін зерттеген Анарбай Бұлдыбай Жамбылдың жыр-дастандары уақытында қағазға түспегені тұрасында: «Егер аталған шығармалардың барлығы кезінде жазылып алынса, оны басқа ақын, жыршылар жырлаған дастандармен салыстыруға, олардан Жамбылға тән нұсқаны ажыратуға болар еді», – деген болатын [46, 135].



Жамбылдың жыршылық мектебінен тараған аталған дастаның сюжеті мен композициясы, образдар жүйесі мен тіл қолданыстары көп өзгеріске түспеген. Дегенмен Құлсариев пен Жамбыл нұсқасын мәтіндік түрғыдан салыстыру барысында біршама айырма бар екені нақтыланды.

Жыр кіріспесі ауызша орындалған Жамбыл нұсқасында былай басталады: «Қолыма еріккен соң домбыра алдым, Өлең қып хикаяны айттып салдым». Ал Ертай Құлсариев нұсқасында жазба әдебиеттің әсері аңғарылады: «Қолыма нұсқа үшін қалам алдым, Өлең қып бір қысаны жаза салдым».

Жамбыл нұсқасында «бір ақымақ, нақұрыс, өзі жынды» деген Мекейге айтылған сипаттама Құлсариев нұсқасында «жөнсу» деген сөзben алмасқан. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» жергілікті жер ерекшелігін білдіретін «жөнсу» сөзіне «қарапайым, жұпныңы» деген анықтама берілген. Яғни бас кейіпкер Жамбыл нұсқасында жынды болса, келесіде қарапайым адам ретінде суреттелген. Құлсариев нұсқасында диалогтардың алдында «Кәкім айтады», «Мекей айтады» деген сөздер берілген.

Дастаның Жамбыл және Құлсариев нұсқасында сандық көрсеткіштерде: Той қылды, қуанғаннан үш қой сойып (157-жол) – Сол күні қуанғаннан көп қой сойып; Үш күрең арғымақпен сырылдатып (167-жол) – Төрт қара арғымақпен сырылдатып; Жегулі үш пар қара атыменен (275-жол) – Келтірді төрт пар қара атыменен; Осындай қызықпенен үш күн өтті (290-жол) – Бірталай осыменен күндер өтті; Үш ауыз айтатын арыз бар деп (372-жол) – Айтатын сізге, тақсыр, арызым деп; Дер уақыт осы күнде келген жасым (375-жол) – Дер кезім отыз бірге келген жасым;

сапалық көрсеткіштерде: Әдемі тігулі түр алтын шатыр (49-жол) – Әдемі тігулі түр қызыл шатыр, Келдік қой екеуміз де орта жасқа (259-жол) – Келдік қой екеуміз де мұнша жасқа, Қазынага ақша салған үлкен көпес, Тұратын әр ай сайын алтын беріп (239-жол) – Мысырда первой келді үлкен көпес Тұратын қазынага алтын беріп;



кеңістіктің уақыт арқылы белгіленуінде: Байбатша *үш күн жүрді жүгіменен* (161-жол) – *Бұл Кәкім бес күн жүрді бұл күйімен;*

мағыналық өзгерістерде: *Зияфат, гиззат, құрмет біткеннен соң, Патша айтты: «Қолқаңды ал, кетпе жайға»* (243-244-жол) – *Тамаша, сый, құрмет біткеннен соң, Патша айтты: «Бұйымтай ал, қайтпа жайға»; Балаңның ақылы толық болса сөйлес* (252-жол) – *Балаңның ақылы камал болса сөйлес; Баламды басқа жсанға бермес едім* (260-жол) – *Баламды бұл шаһарға бермес едім; Агалар, мен айтайын кепті дейді* (314-жол) – *Жарандар, мен айтайын кепті дейді;*

mezgildik көрсеткіштерде айырма бар: Мекей айтты: *Багана алып едім* (85-жол) – Мекей айтты: *Таңертең алып едім.*

Жамбыл нұсқасында кейіпкер есімдері шығыс сюжетінің ықпалымен *Хакім, Башар* болса, *Құлсариев* нұсқасында *Кәкім, патшазат* болып қазақылана түскен. Жоғарыдағы мысалдардан дастанның *Құлсариев* нұсқасы Жамбыл нұсқасынан өрбігені байқалады. Жамбыл нұсқасының көлемі 429 жол болса, *Құлсариев* нұсқасының көлемі – 392 жол.

Діни ұғымдарға байланысты сөздер басқа сөздер мен сөз тіркестерімен ауыстырылып, өлең жолдарындағы мағыналық ұғым-түсінік едәуір өзгеріске ұшыраған:

Жамбыл нұсқасында – *Ішінде Хакім атты керуен басы* (40-жол), *Құлсариев* нұсқасында – *Алланың добы деген адам басы*

Жамбыл нұсқасында – Мекекең «тас жетпейді» деп, қылмас уайым (58-жол), *Құлсариев* нұсқасында – Мекейді ақымақ қылған *bir Құдай* да.

Жамбыл нұсқасында – Садақа *бұл балаға берейін* деп (67-жол), *Құлсариев* нұсқасында – Садақа *Құдай үшін берейін* деп

Жамбыл нұсқасында – Хакімнің басқа адамнан артық затын (165-жол), *Құлсариев* нұсқасында – Кәкімнің артық қылған *Құдай затын*

Жамбыл нұсқасында – Қуанды екі қатын *тамаша әйлап* (185-жол), *Құлсариев* нұсқасында – Қуанды әйелдері «*a, Құдайлап*».



Жамбыл нұсқасында – Сол қыздан туған екен осы бала, / Қаңғырған кезіп, іздел *айдалада*. / Қолынан перілердің қашып шығып, / Дәм айдап *кез келтірді* осы *арада* (141-144-жол), Құлсариев нұсқасында – Туыпты сол әйелден осы бала, / *Iсіне Құдіреттің бар ма шара*. / Қайғымен бұл дүниеден өтпек едім, / Бұл күнде душар қылды *Хақ тагала*.

Жамбыл нұсқасында – Заңына шаригаттың жатпайтын іс (384-жол), Құлсариев нұсқасында – *Пайғамбар* шаригаттын тұтқан болсаң.

Жамбыл нұсқасында – Қайсы бір надандарша түк білмейтін (388-жол), Құлсариев нұсқасында – Білмейтін Хақ әмірін надандарша.

Жамбыл нұсқасында – *Күні-түні перзент* сұрап үміт еттім (399-жол), Құлсариев нұсқасында – *Құдайдан бала* сұрап үміт еттім. «Барам деп Байтоллаға ой ойланды» деген өлең жолы Жамбыл нұсқасында кездеспейді. Мұндағы «Байтулла» араб сөзі, мағынасы – Алланың үйі (Меккедегі қасиетті Қағбаның атауы).

Дастанды жеткізушілердің ықпалымен Жамбыл нұсқасында діни ұғымдардың өзгеріске түсіу ықтимал. Жамбылды кеңес заманының ғана жыршысы ретінде көрсетуге тырысуышылық орын алған. Қолжазбаның жиналып алуы, қалай, қашан, кімнен жазылғаны, жыршыдан тікелей жазылды ма, Жамбыл жырлаған деген дастанның қолжазбасынан көшірілді ме. Жазып алу кезіндегі әрбір деректің дерекнамалық салмағы бағалы. Қазақ қолжазбатану ғылыминың тарихында қолжазбаның жазылышы алу жағдаяты нақты жазылмағаны өкінішті.

Қазақ халқының арбау ғұрпында баланың ит тиіп ауруын аластау ұғымы айтылады: «Иттің аты елеуіт, Елеуітten телеуіт. Бері бақпа, ары бақ, Арба толы телеуіт. Мұрның қанатып, тісін қақ. Куф... Шық!» Дастанда жігіттің өрескел қылышы ғұрыптық фольклордағы ит емген баланың мұрның қанатып, тісін түсіру арқылы арамдықтан арылу түсінігінен көрініс тапқан.

Қолжазбада – Қойнына тас пен *боқты* толтырып ап (39-жол), 1982, 1996, 2014, 2016 ж.ж. – Қойнына тас пен *ласты* толтырып ап.



Колжазбада – Ешкімнің жұмысы жоқ жатқан *таспен* (75-жол), 1982, 1996, 2014, 2016 ж.ж. – Ешкімнің жұмысы жоқ жатқан *тасқа*.

Колжазбада – *Сұмдықпен* гауһар шашқан айлакер ме (79-жол), 1982, 1996, 2014, 2016 ж.ж. – *Сұмдық па* гауһар шашқан айлакер ме.

Колжазбада – *Багана* пышағымды жаңып едім (88-жол), 1982, 1996, 2014, 2016 ж.ж. – *Қолдағы* пышағымды жаңып едім.

Колжазбада – Гаунарды *топырақпен* бүркеп тастап (107-жол), 1982, 1996, 2014, 2016 ж.ж. – Гаунарды *қайра* жаба бүркеп тастап.

Колжазбада – Арада бірнеше *көп күндер* өтіп (166-жол), 1982, 1996, 2014, 2016 ж.ж. – Арада бірнеше *күн, көп күн* өтіп.

Колжазбада – *Зияфат*, ғиззат, құрмет біткеннен соң (199-жол), 1982, 1996, 2014, 2016 ж.ж. – *Сияпат*, ғиззат, құрмет біткеннен соң.

Колжазбада – Кетірді *топырағын әбден қырып* (206-жол), 1982, 1996, 2014, 2016 ж.ж. – Кетірді *топырағын бәрін жусып*.

Колжазбада – «*Мырза-еке, төсіңді шеши*» деген еken (316-жол), 1982, 1996, 2014, 2016 ж.ж. – «*Мырза-еке, сөйлессеңді*» деген еken.

Колжазбада – *Патша қызының осылай өкпелетті* (325-жол), 1982, 1996, 2014, 2016 ж.ж. – *Қызы өкпелеп «ұятыты болдым» депті*.

Колжазбада – «*Жылқы* еken қыздың байы, тәнірі-ай!

– деп (328-жол), 1982, 1996, 2014, 2016 ж.ж. – «*Доңыз* еken қыздың байы, тәнірі-ай!

– деп.

Колжазбада – Екі күн *сабауменен күнім өтті* (330-жол) 1982, 1996, 2014, 2016 ж.ж. – Екі күн жазығым жсоқ, ұрып шықты.

Колжазбада – *Қалайша душар қылды бұл бейнегетті?* (333-жол), 1982, 1996, 2014, 2016 ж.ж. – *Көрермін қалайшадан енді көпті*.

Колжазбада – *Қылышты жорта тентек Мекей өзін* (413-жол), 1982, 1996, 2014, 2016 ж.ж. – *Көрсетті жорта тентек Мекей өзін*.

Колжазбада – *Әшкере патшалығын әм білдірді* (423-жол),

1982, 1996, 2014, 2016 ж.ж. – *Атагын*, патшалығын әм білдірді.



Қолжазбада – Ақырында екеуінен Ақыл *өтті* (429-жол), 1982, 1996, 2014, 2016 ж.ж. – Ақырында екеуінен Ақыл *озды*.

Қолжазбада – Ақымаққа мал бітсе мас *қылады* (432-жол), 1982, 1996, 2014, 2016 ж.ж. – Ақымаққа мал бітсе мас *болады*.

Қолжазба мәтіндегі үш шумақ – 25-28, 418-421, 434-437 өлең жолдары 1982, 1996, 2014, 2016 жылғы жинақтарға енбей қалған.

Қолжазбаның алғашқы бетінде «.... жырлады делінген» деп жазылған, сонында «Жамбылдың айтқанынан жазып алынды» деген ескертпе бар.

Осы басылымға енген мәтін Жамбылдың әдеби-мемориалды музейі қорында сақталған қолжазба негізінде дайындалды.

Ж.Рақыш

ВОРОШИЛОВ ТУРАЛЫ ДАСТАН

Қазан төңкөрісінің жиырма жылдық юбилейі қарсаңында Жамбыл Жабайұлы осы тақырыпта бірнеше өлең-толғаулар жырлаған. Соның бірі орыс революционері, кеңестік әскери, мемлекеттік және партия қайраткері, Қызыл Армияның данқты қолбасшысы, Азамат соғысына қатысқан, КСРО Қорғаныс Халық комиссары (Нарком), Кенес Одағының маршалы Климент Ефремович Ворошиловқа арналған.

Мәскеудегі қазақ әдебиеті мен өнерінің алғашқы онкүндігі кезінде (1936 жылдың 17-27 мамыр) Жамбыл ақын КСРО Қорғаныс Халық комиссары К.Ворошиловты көзімен көргеннен кейін «Клим батыр» деген өлең шығарған. Онда Шыңғысхан, Ер Фали, Ескендір, Рустем, Манас, Кенесары, Наурызбай батырларды айтып келіп, «Жалпақ елді қорғаған, Ленин ерден оқыған, Сталиннен үйренген – Ворошилов батырым, Артық көрмен еш жанды, Ел сүйген сендей ерімнен» деп жырлайды. Өлең 7-8 буынды жыр үлгісімен, ал дастан 11 буынды қара өлең үйқасымен жырланған.



Шығарма алғаш рет «Социалистік Қазақстан» газетінде 1937 жылды 3-қыркүйектегі санында жарияланды.

1940 жылғы бір томдық «Шығармалар жинағында»: «1937 жылды декабрь айында Жамбыл тағы да Европага қарай саяхат етіп жөнелді. Европалық Ресейдің оңтұстік жағалауындағы әйгілі сұлу Кавказды аралады, ұлы Сталиннің туған жері Гориде болды. Кавказ халықтарының зор құрметін көрді. Ақын ұлы көсемнің туған жерін көріп, бірнеше сұлу өлеңдер шығарды. «Шапай», «Ворошилов», «Сталиннің туған жері» атты поэмаларды жырлады», – деп баяндалған [5]. Кавказ сапары кезінде Жамбыл жырлаған өлеңдерді ақын Тайыр Жароков жазып алған. 1958 жылғы Жамбылдың орыс тіліндегі таңдамалы жинағында «дастанды кім жазып алғаны белгісіз, орыс тіліне К.Алтайский аударған» деп көрсеткен.

Ақын шығармаларының 1937, 1938, 1946, 1955 жылғы басылымдарында шығарма «Ворошилов туралы поэма» деп аталады, ал 1982, 2012, 2014 жылғы жинақтарда оның жанры дастан деп көрсетілген.

Кейін ақынның 1937 жылды жарияланған «Жамбылдың өлеңдері» [1, 85-97], 1938 жылғы «Жамбылдың өлең-жырлары» жинағында [3, 203-214], 1946 жылғы толық шығармалар жинағының 1 томында [6, 642-653], 1955 жылғы 3 томдық шығармалар жинағының 2-томында [10, 119-131], 1957 жылғы шығармалар жинағында [12, 323-334], 1982 жылғы 2 томдық шығармалар жинағының 2-томында [16, 375-385], 2014 жылғы төрт томдық шығармалар жинағының 3-томында [21, 296-306] жарияланған.

Дастан басындағы 20 өлең жолы 1955, 1957, 1982, 2014 жылғы басылымда бар, 1937, 1938, 1946 жылғы басылымда кездеспейді, 1937, 1938 жылғы басылымда мәтін:

....Төгіл жыр, кез жиһанды, шырқа әнге сал,
Кілемді Түркіменнің түбіне бар.
Қазақстан жерінде желдей есіп,
Бақшалы Өзбекстан гүліне бар, –



деген шумақпен көп нүкте қойылып басталады. Керісінше 1937, 1946 жылғы басылымда кездесетін төмендегі шумақтар кейінгі басылымдарда қысқартылған:

Бакуге Эмбі арқылы болсақ қанық,
Көреміз Сталинді айқын жарық.
Халық тағдырын парасат қолмен шешкен,
Нұрына бүкіл әлем болған қарық.

Қазаққа өз қолымен теңдік берген,
Жер берген, астық берген, ерлік берген.
Грузия қыраны тауында өскен,
Бакуге жау женуге ұшып келген».

«Адам ұлы басшысы екі көсем,
Өмірді қайта жасап туғызды әсем.
Бәрінде қолғабысшы болды Клим,
Халықты ертіп ер болды түйін шешер».

«Сталин мавзолейден тұрар қарап,
Табысты, қуанышты қолмен санар.
Құттықтап жаз бен жастық бақыт жырын,
Ұшырған балапанын сұнқардай-ак».

«... Манжурде қайнаган кек қанға ұласты,
Қытайда қалың қытай жауға айқасты.
Кек қайнап қарсы жаумен алпарысып,
Ызамен жауды қуып, араласты.

Шетінде еліміздің берік күзет,
Көзден тайса жау жабық жібін үзет.
Сүр жыландар жорғалап кетсе кіріп,
У жаяд, бұлдіреді, сырды білет».



«Келсе жау атқа мінер, жөнеп көшін,
Біз алып, қалдырмаймыз бір пендесін.;
Сталин көріп ынта қалық ерлігін,
Қайратқа көңілденіп «жақсы» десін.

1937 жылғы басылымда «Одақтың он бір елін түгел шолғап» деп берілген, Жамбыл ақынның сөз қолданысында «шолып» етістігін «шолғап» деген тұлғада қолдану үрдісі кездеседі.

1937, 1946 жылғы басылымда:

Мен қартпын көпті көрген кәрі бұлбұл,
Ежелден ел жырлаған көне Жамбыл.
Бүтінде жырым жаңа, *күнім* жаңа
Әнімін жас елімнің қыраны алғыр, –

деген шумақта курсивпен көрсетілген сөздер кейінгі 1955, 1957, 1982, 2014 жылғы басылымда «тындаған, күйім» деп берілген.

1937, 1938, 1946 жылғы басылымда:

Ел шауып, жұрт жылатқан хан мен бекті,
Жырлауға даусым шықпас сүм жендетті.
Мен жырлаймын, *көтерем* көкке атын
Елім халық сүйген болиебікті, –

деген шумақта курсивпен көрсетілген сөздер кейінгі 1955, 1957, 1982, 2014 жылғы басылымда «көтерген, Ел ері» деп берілген.

1937, 1938, 1946 жылғы басылымдарда «Патшаның лағнат қамыт тағыменен Миллион жан жоқшылықтан таяқ жеген» деген 42-өлең жолындағы тіл көркемдігі, образға жан бітіре ойнату кейінгі басылымдарда солғындаған:

1955, 1957, 1982, 2014 жылғы басылымда «Патшаның лағнат тақ – тәжісінен Миллион жан қорлық *көрген*, таяқ жеген»

1982, 2014 жылғы басылымдарда «Патшаның лағнат тақты тәжісінен Миллион жан қорлық *көрген*, таяқ жеген».

1937, 1938, 1946 жылғы басылымда кездеспейтін 65-68, 221-224, 277-280, 297-300 өлең жолдары кейінгі басылымдарда бар.



1955, 1957 жылғы басылымда – Ол өсті қызғалдақтай сусыз шөлде;

1982, 2014 жылғы басылымда (*65-68-жол*) – Ол өсті жауқа-зындаій сусыз шөлде.

1937, 1938, 1946, 1955, 1957 – Қызыл ту жел көтеріп жалын жанды (*99-жол*)

1982, 2014 – Қызыл Ту жел көтеріп жалындады.

1957 жылғы басылымда Сталинге қатысты тұстарында көп нүкте қойылған, отыз алты өлең жолы қысқарған.

1937, 1938, 1946 жылғы жинақтардағы жырдың «білеміз, танимыз» деген етістікпен басталып, бірінші, екінші және төртінші тармақтың 3-4-4 аралас буынды бунақпен қайталанып отырыуы кейінгі басылымдарда өзгеріске ұшыраған: «*Білеміз Клим өмірін*, біз де көрдік, *Танимыз Клим өмірін*, тұзде көрдік – Клим өмірін білеміз, біз де көрдік, Клим өмірін танимыз, тұзде көрдік (*73-74-жол*).

1937 жылғы басылымдағы сырлы сурет, ой көркемдігі кейінгі басылымдарда жалғасын таптаған, редакциялық түзетудің сәтсіз жасалғаны аңғарылады: «*Ағытқан томағасын Клим қыран*» – Бастаған енбекші елді Клим қыран» (*187-жол*).

1937, 1938, 1946 жылғы басылымда жеке бөлім емес, 1957 жылғы басылымнан бастап «*Қараңыз бай, жуанның ендігі ісін*» деген өлең жолдары жеке VII бөлімді құраған.

Орыс тілінен енген сөздерді 1937 жылғы басылымда қазақ тілінің заңдылығына бейімдеп қолдану басым болған: «*Октәбр – Октябрь, қалқозиши – колхозши, пабірік, зауыт – фабрик, завод, шақты – шахта, болиебік – большевик, Борошилоп – Ворошилов, Иосип – Иосиф, Қаласы Цариціннің – Царицынның, Мәскеу – Москва, Кремілде – Кремльде, отрәт – отрядін, салдат – солдат, акоп – окоп, банды – банда болып*», 1946 жылғы басылымнан бастап орыс сөздерін өзгертпей қолдану белең алған сыңайлыш. Керісінше *Алма – ата* деп қолданылған қала аты 1946 жылғы жинақта «*Алматы*» болып ауысқан.

1937, 1938, 1946 жылғы басылымдағы Сталинге қатысты өлең жолдары кейінгі басылымдарда «*Ленин, партия,*



большевик, қолбасшы» деген сөздермен алмастырылып, тиісті жүрнақ, жалғаулармен толықтырылып отырған. Мысалы, Ленин мен *Сталиндей* – Ленин ұлы көсем, *Сталинмен* – Ленинменен, *Сталиннің* – большевиктер, *Ленин мен Сталин бар қуатиши* – Лениндегі қолбасшысы бар болғасын, Ленин, *Иосип ақылы* – Ленин оны қолдады, *Ленин мен Сталиннің* – Лениннің осындауда өнегесі, *Басында Сталиннің* – Басына Клим батыр, *Сүйрекен Сталиннің* – Бастаған большевиктер, *Сталин – Ленин, Сталиннің* – Ленин өзі, *Жан досы Сталиннің қасындағы* – Лениндік партияның адал ұлы, *Сталин мұртын сипап – Қолбасшы сабырлы ой, Сталиннің жсан досы – Партияның солдаты*.

Этноним сөздердің берілуінде кейінгі басылымдарда мағыналық, тұлғалық айырымдар бар, кейбірі қазақ тілінің жаңа емле заңдылығы бойынша өзгеріске түскен: Украина, Грузин – Украина, грузин, *Түрікменнің* – Түркпеннің» деп алынған. 2012 жылғы басылымда Өзбекістан, Қазақстан атауы «Өзбекстан, Қыргызстан» болып өзгерген.

1937 жылғы басылымда 350, 352, 353-өлең жолындағы «жібін үзет, сырды білет, қалық» деген сөз қолданыстары 1946 жылғы басылымда «жібін үзед, сырды білед, халық» болып өзгеріске ұшыраған. «Гамарник, Туқачевский сұр жыландар» деген 353-өлең жолы кейін «Халыққа қастық еткен жау жорғалап» болып өзгеріске түскен.

Жинаққа енген мәтін «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған нұсқа негізінде дайындалды.

Ж.Рақыш

ЗАМАНА АҒЫМЫ

1927 жылы Қазан төңкерісінің он жылдығы қарсаңында Ұзынағашта кедейлерге жер бөліп беру мәселесіне арналған қосшылар одағының уездік жиыны шақырылды. Шабындық, егістік жерлер кедейлердің меншігіне беріліп, халық қуанышты



еді. Осы жында көпшіліктің сұрауымен ақын көңілге түйген ойларын ұзақ толғайды. Жыр айтылған сәтте қағазға түспеген. Отызыншы жылдардың басында толғауды белгісіз бір адам Жамбылдың аузынан жазып алғып, Қазақстан Ұлт мәдениеті ғылыми зерттеу институтына тапсырған. Оны архивтен тауып алғып, Жамбылдың өз қарауынан өткізіп, ақын шығармаларының 1940 жылы шыққан жинағына енгізген Е. Ісмайлов. Басқа бір дерек бойынша 1939 жылы автордың аузынан жазып алған Ғали Орманов [32, 163]. «Замана ағымы» толғауы Жамбыл ақынның 1940, 1946, 1955, 1957, 1971, 1982, 1996, 2014 жылдардағы жинақтарында жарық көрді. Сабыр Шеріпов жазып алған нұсқасы Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сақтаулы тұр. Жинақтарда жарияланған мәтін 1039 жолдан тұрса, қолжазба нұсқасы 1276 жолды құрайды. Қолжазба нұсқасы бұрын жарық көрмегендіктен, екі мәтінді де беруді жөн көрдік.

Әр жылдардағы басылымдарға салыстырулар жүргізгенде жеке сөздің жазылуының, жыр жолдарының айырмашылығын көрсетті.

1955, 1957, 1971 жылдардағы басылымдарда толғаудың бастапқы 4 жолы жоқ:

Сексен бірге жас келіп,
Әрнемеден жасқандық.
Кәрілік деген тақымдап,
Өлім қалды жақындал.

Осы жылдары шыққан жинақтарда жыр жолдарының біраз қысқарғанын байқадық.

1940, 1946 жыл – Жамбыл сынды қартыңан.

1955, 1957, 1971, 1982, 1996, 2012 жыл – Жамбыл сынды қартына.

Осы жинақты дайындау барысында 1940, 1946 жылдардағы басылымдар негізге алынды.



1940 жыл – Ақылыңан ойлай бер.

1946, 1955, 1957, 1971 т.б – Ақылыңмен ойлай бер.

1955, 1957, 1971 жылғы басылымдарда мына жолдар түсіп қалған:

Мезгіл болса өтіп тұр.

Үлғайған бұл шағымда

Куат болса кетіп тұр.

1940, 1946 жыл – Шернияз бен *Шортанбай*.

1982, 1996, 2014 жыл – Шернияз бен ұлы *Абай*.

1955, 1957, 1971 жылдардағы басылымдарда мына жолдар жоқ, алынып тасталған:

Замана деп толғанған,
Ел қайғысын қолға алған,
Абылайдың алдында,
Сөз сөйлеген болжаудан,
Бұхар жырау о да өтті.
Шернияз бен Шортанбай,
Дулат пенен Сүйінбай –
Сөздері жел-құйындай,
Өтті еңіреп олар да.

Жоғарыдағы «Сөздері жел құйындай» жолы 1982, 1996, 2014 жылғы басылымдарда «Сөздері жez құйындай» деп өзгертилген.

1940, 1946 жылдардағы басылымдарда Шернияз бен Шортанбайдан кейін Досқожа мен Нысанбайды атайды.

1982, 1996, 2014 жылдардағы басылымдарда мына жолдар жоқ:

Дүниеде анық өлмегім,
Артта қалсын өрнегім.

«Қалдырдым сөз артыма» жолындағы «сөз» 1982, 1996, 2014 жылдарда «өз» болып ауыстырылған.

1940, 1946, 1982, 1996, 2014 жылғы басылымдарда:

*Oқы, міне, сөз қалды!
Адыра қалып ескі зан,
Жаңа мизам басталды.
1955, 1957, 1971 жылдарда:
Тыңда, міне, сөз қалды!
Адыра қалып ескі зан,
Жаңа дәуір басталды.*

«Қырық пышақ бол қырылысқан» жолы 1957, 1971 жылғы басылымдарда «Қырық пышақ бол қырқысқан» деп өзгертилген.
1955, 1957, 1971 жылдарда мына жолдар жоқ:

Жалаңаш шекпен етінде,
Секпілі бар бетінде,
Қайтеміз деп дірдектеп,
Бай манаптың к.,
Жан сактамас секілді

Мына жолдар 1940, 1946 жылғы басылымдарда бар, басқаларда жоқ:

К... қазық қақтырып,
Үні шықпай үндерге.

1940, 1946, 1955 жылғы басылымдардағы «Нағыласың өң-гені» жолындағы «өңге» кейінгі басылымдарда «өзге» сөзіне ауыстырылған.

1940, 1946, 1955, 1957, 1971, 1982, 1996 жылдар – Болыс жақтай шығады,

2014 жылы – Болыс жақтан шығады.

«Елдің болып кекті *ići*» 1957, 1971 жылдары «Елдің болып кекті *iisi*» деп өзгертилген. 1940, 1946, 1955, 1957, 1971 жылдардағы «Сөйлесерге кері жоқ» сөйлемі 1982, 1996, 2014 жылдары «Шагынарга кіси жоқ» делінген.

1955, 1957, 1971 жылдары:



«Бір дәнігіп алған соң, Қатынға бай тоймаған»алынып тасталған.

«Қайтарса бай тауанын, Алады жұрт жауабын»алынып тасталған.

1953 жылы «Қатынның кетер жері жоқ, Шағынарға кісі жоқ»алынып тасталған.

1940, 1946, 1955, 1957, 1971 жыл – Қасыма кеп *жатпадың*.

1982, 1996, 2014 жыл – Қасыма кеп *кетпедің*.

1955, 1957, 1971 жыл – *Тең көрмейді* өзімді.

1940, 1946, 1982, 1996, 2014 жыл – *Теңгермейді* өзімді.

«Көз көрмеске *жөннермін*» сөйлемі 2014 жылы «Көз көрмеске *жесңермін*» деліуген.

«Қайтадан *байлан* жіберді» сөйлемі 1955 жылы «Қайтадан *айдап* жіберді» деп өзгертилген.

1940, 1955 жыл – Жан-жақтан *кеп* молдалар.

1946, 1957, 1971, 1982, 1996, 2014 жыл – Жан-жақтан *көп* молдалар.

1955 жыл – Осы болды *орыстың*.

Басқа басылымдарда – Осы болды *халықтың*.

1940, 1946 жыл – Қүресер қай *әлің* бар.

1955 жыл – Қүресер қай бар *әлің*.

Басқа басылымдарда – Қүресер қай *елің* бар.

«Шапаның да *шешінер*» жолы, 1955 жылғы басылымда «Шапаның да *шешілер*» болып келеді.

1955 жылғы басылымда 7-тараудағы 21 жол, 8-тараудағы 43 жол түсіп қалған.

1940 жылы «Жаның қалай *аяйды*» жолы басқа басылымдарда «Жаның қалай *қияды*» болып өзгертилген.

1940 жылғы «Шоқпыт көйлек етінде, Жамаулы дамбал көтінде» деген өлең жолы басқа басылымдарда берілмеген.

«Замана ағымының» қолжазба нұсқасы Қазақстан Республикасы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорында (645-бума, 3-дәптер) сақтаулы. Қолжазба қалың дәптерге құлғін сиялы қаламмен араб қарпінде жазылған. Толғаудың алдында «Жамбыл мен Сарбастың» айтысы бар. Қолжазбаның



алғашқы бетінде «Жинап тапсырған – Шәріпов Сабыр, 1927 жыл» деп жазылған. Қолжазба нұсқасында басқа басылымдарда кездеспейтін жыр жолдары бар. Қолжазбада кездеспейтін кейбір өлең жолдары басқа жинақтарда қайdan алынғаны көрсетілмеген. Жамбыл шығармаларының бүл толық басылымында «Замана ағымы» толғауы араб әрпінен аударылып, қолжазба нұсқасы бойынша даярланды.

T.Әкімова

ТУҒАН ЕЛІМ

Жамбыл ақын бүл толғау жырды 1936 жылдың 28 сәуір күні Алматы қаласында халық өнерпаздарының республикалық слетінде жырлаған. Жазып алған Әбділда Тәжібаев. Павел Кузнецов орыс тіліне аударып, Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онқұндігі қарсаында «Правда» газетінде жарияланады. Жамбыл ақынның Бүкілодактық деңгейде танылуына ықпал еткен шығармасының бірі.

Алғаш рет «Социалистік Қазақстан» және «Қазақ әдебиеті» газеттерінің 1936 жылы 1-мамыр күнгі санында «Жамбылдың жаңа толғауы» деген тақырыппен жарық көрді. «Арманы жоқ жастардың» жинағында [8, 14-15] толғаудың 134-жолдан бастап соңына дейінгі 44 өлең жолы, «Әдебиет майданы» журналының № 6 санында «Сталин» деген тақырыппен басылған.

Кейін ақынның 1937 жылғы шығармалар жинағында [1, 79-84], 1937 жылғы өлеңдер жинағында [2, 3-8], 1938 жылғы «Жамбылдың өлең-жырлары» [3, 186-191], 1940 жылғы шығармалар жинағының 1-томында [5, 137-141], 1946 жылғы толық шығармалар жинағының 1-томында [6, 630-635], 1955 жылғы 3 томдық шығармалар жинағының 2 томында [10, 39-44], 1957 жылғы шығармалар жинағында [12, 259-263], 1982 жылғы 2 томдық шығармалар жинағының 2-томында [16, 370-374], 1996



жылғы 2 томдық таңдамалы шығармалар жинағында [18, 334-337], 2014 жылғы 4 томдық шығармалар жинағының 3-томында [21, 292-303] басылым көрді.

Жамбыл толғауының мәтіні басылымнан басылымға негізинен өзгеріссіз көшіп отырған. Бұл жаңа басылымында кеңес цензурасының саяси және идеологиялық ықпалымен өзгеріске түсken мәтіндер қалпына келтірлді.

Жамбылдың әдеби хатшыларының бірі болған Әбділда Тәжібаев: «Жамбыл ұзақ жырларының көбінде («Тұған елім», «Ворошилов», «Замана ағымы») бүгінгі шаттығы мен махаббатын, оның себебін шалқыта жырлаудың үстінде тындаушысын үнемі өзі кешірген дәүірді аралатып, өзі өткен өткелдерден өткізіп, жаңа дүниеге кіргізеді. Екі жаһанды салыстыру: түнге күндей, сүйкә жылыны, шабанға жүйрікті, еріксіздікке бостандықты қарама-қарсы қою арқылы жаңа заманның жарқын образын жасайды. Мұндай дастандардың бас геройы өзі болып отырып, өзі арқылы бүкіл халық өмірін қамту арқасында, шығармаларын үлкен тарихи дастандарға айналдырады. «Тұған елімде» де осы қасиет бар. Сондықтан да ақынның қиялы өмір шындығымен тең түсіп, образдары өмірдің өз бояуы болып шығады. Бұл да Жамбылдың озаттығын, өзгешелігін көзге көбірек түсіретін, өзіне тән ерекшелігінің бірі деуге болады», – деп жазады (37, 146).

«Социалистік Қазақстан» газетінде «Жамбылдың жаңа толғауы» деген атпен басылған өлеңдің алғашқы жолы «Сексеннен асқан жасым бар» деп басталады. Көлемі 67 өлең жолынан тұрады. Жинақтарында «Тұған елім» деген тақырыппен жарияланып келеді. Газет нұсқасындағы «Сексеннен асқан жасым бар» деген алғашқы өлең жолы жинақтарында «Тоқсаннан асқан жасым бар» болып өзгерген.

Жамбылдың туғанына 125 жыл толуына арналған Қазақ ССР Фылым академиясы Жалпы жиналышы сессиясында (шілде, 1972) Н.С.Смирнова «Жамбылдың отызыншы жылдардағы поэмалары» атты баяндамасында: «Мұнда толғауға қарағанда ақынның көңіл күйі, толғанысы, өмірінің фактілері мен творчествосының



елеулі сэттері барынша қамтылып, Жамбылдың лиро-эпикалық бейнесі жасалған», – деп, бұл туындыға толғау жанрынан бөлініп шыққан поэма деген баға береді [42, 56].

1936, 1937 3-б, 1955, 1957 – Серік болдым өмірге.

1940, 1946, 1982, 1996, 2014 – Серік қылдым өмірге (*6-жол*).

1936, 1937, 1940, 1946, 1982, 1996, 2014 – Өзендей өлке көргенде

1955, 1957 – Өзіндей өлке көргенде (*11-жол*).

1936, 1937, 1940, 1946, 1982, 1996, 2014 – Ескі күнім жаңарып 1955, 1957 – Ескі көңілім жаңарып (*14-жол*).

1936, 1940, 1946, 1955, 1957, 1996 – Көсегем көктеп өргенде, 1982, 2014 – Көсегем көктеп өргенде (*15-жол*).

Тыныс белгілері әр басылымда әрқылы қойылған: 1936 – *Қорғалап жұртым* жиналыш Сөйлеуге кезек бергенде

1996 жылғы басылымда нұктес қойылса: Сөйлеуге кезек бергенде.

1955, 1957 жылғы басылымда сыйықша: Жұртым топ бол Сөйлеуге кезек бергенде –

1940, 1946, 1982, 2014 жылғы басылымда үтір сыйықша қойылған: *Қорғалап жұртым* жиналыш Сөйлеуге кезек бергенде, – (*17-18 жол*).

1936 – Дауыста, Жамбыл, дауыста! Сөйлеп жібер, сөйле енді!

1937, 1940, 1946, 1982, 1996, 2014 жылғы басылымдарда «Сөйлеп бір жібер, сейле енді!» болып, «бір» сөзімен толыққан. Алғашқы екі шумақтан кейін 1936 жылғы газеттегі жарияланымның 129-өлең жолынан бастап соңына дейін 47 өлең жолы жалғасады. (*17-18-жол*)

1940, 1946, 1955, 1957, 1996 – Дауыста, Жамбыл, дауыста!

1982, 2014 – Дауыста Жамбыл дауыста! (*19-жол*)

1946, 1955, 1957 жылғы басылымда «жыйналыш, жыйып, қыйналған, қыйратты» формасында сол кездегі емле ережесіне сәйкес жазылған.

1955, 1957 – Жиналыш жұртым алдында / Тыңдауға мені келіп тұр. / Сөйле деп ойда барынды, / Балаларым төніп тұр. (*21-24-жол*).



1940, 1946, 1982, 1996, 2014 – Балаларым *сеніп* тұр.
 1937 – Қайтарма жүртym *міселин*,
 1940, 1946, 1982, 1996, 2014 – Қайтарма жүртym *меселін*,
 1955, 1957 – Қайтарма жүртym *көңілін* (30-жол).
 1937 – Күшінді *жисап* бойына –
 1940, 1946, 1955, 1957, 1982, 1996, 2014 – Күшінді *жисып* бо-
 йына (31-жол).
 1937 – *Бір азғана* кеңес *құр*.
 1940, 1946, 1955, 1957, 1982, 1996, 2014 – *Біраз ғана* кеңес
құр (32-жол).
 1937, 1940, 1946 – Қазақ – қазақ болғалы
 1955, 1957, 1982, 1996 – Қазақ-қазақ болғалы,
 2014 – Қазақ қазақ болғалы (33-жол).
 1937 – *Бой жеткен* жас қызды алды (40-жол).
 1940, 1946, 1955, 1957, 1982, 1996, 2014 – *Бойжеткен* жас
 қызды алды.
 1996 жылғы жинақта төмендегі 22 өлең жолы (46-67-өлең
 жолдары) қысқартылып берілген:

Ханның бірі Абылай,
 Мақтаман оны асыра.
 Аш бәрідей жалақтап,
 Нөкерін, қолын щұбыртып,
 Өзім деген кісіні

«Датқа» деп алған қасына.
 Қарсы болған кісінің,
 Қан жаудырған басына.

Абылайдың тұсында,
 Қандай қып елді сұраған?

Ерегескен кісіні –
 Қыл шылбырдай бұраған.
 Адамды Абылайдың тұсында,



Ұлтарақпен тең көрген.
Жесір алса – күң болған,
Күң бейшара жылаған.
Жауласқан жерден құл алған,
Құл сорлы да аңыраған,
Қосылып құнғе жылаған.
Тоқсанға келген жасымда,
Сол бір өткен заманның
Болсын маған несі арман?!

- 1937 – Ерегескен кісіні
1940, 1946, 1955, 1957, 1982, 2014 – Ерегіскен кісіні – (56-жол)
1937 – Адамды Абылайдың тұсында,
1940, 1946, 1955, 1957, 1982, 2014 – Адамды Абылай тұсын-
да (54-жол).
1937 – Жесір алса – күң алған,
1940, 1946, 1955, 1957, 1982, 2014 – Жесір алса – күң болған,
(60-жол).
1937 – Құл сорлы да аңыраған,
1940, 1957 – Құл сорлы да анраған,
1946, 1982, 2014 – Құл сорлы да анғарған (63-жол).
1937 – Таппадық лаж, амалын,
1940, 1946, 1955, 1957, 1982, 1996, 2014 – Таппадық ылаж,
амалын (74-жол).
1937, 1940 – Көк орайлы жерді алды,
1946, 1955, 1957, 1982, 1996, 2014 – Көкорайлы жерді алды,
Ағынды өзен суды алды (77-78-жол).
1937 – Жалын кесті Оралдың, Қоңын ойды Араны.
1940, 1946, 1955, 1957, 1982, 1996 – Жолын кесті Оралдың,
Ашылған қорқау араны (79-80-жол).
1937 – Бай малының *көтінде*.
1940, 1946, 1955, 1957, 1982, 1996, 2014 – Бай малының *ше-
тінде* (86-жол).
1937 – Сонда ағарып бізге таң атты. *Сонда қазақта атты*
жаратты,



1940, 1946, 1955, 1957, 1982, 1996, 2014 – Ағарып бізге таң атты. Қазақ та атты жаратты (*117-118-жол*).

Осы өлең жолынан кейін «Бетін Мәскеуге қаратты» деген бір жол 1940, 1946, 1955, 1957, 1982, 1996, 2014 жылғы басылымда кездеспейді.

1937, 1940 – *Көретін болдық Жамбылды*.

1946, 1982, 1996, 2014 – *Көретін болдың Жамбылды*.

1936, 1955, 1957 – *Көрдіңдер міне Жамбылды* (*133-жол*).

1937 – Сұндет, уәжіп, парыздан

1940, 1946, 1955, 1957, 1982, 2014 – Сұндет, уажып, парыздан (*138-жол*).

1937, 1940, 1946, 1996 – Ат та шаршап болдыrap,

1936, 1955, 1957 – О да шаршап болдыrap,

1982, 2014 – Ол да шаршап болдыrap (*146-жол*).

1936, 1937, 1940 – Кездесіп жердің белесі.

1946, 1955, 1957, 1982, 1996, 2014 – Кездессе жердің белесі. (*147-жол*).

1936, 1937, 1940, 1946, 1955, 1957 – *Сталинге тең таппай*.

1982, 1996, 2014 – *Даныштанға тең таппай* (*149-жол*).

«*Бүгінгі дана Стalin*», «*Ең жарығым – Стalin*» деген 134-жолдан және 157-жолдан кейінгі екі өлең жолы 1982, 1996, 2014 жылғы басылымдарда қысқарған.

1996 жылғы жинақтағы мәтін «Тұнде де бар, күндіз бар Жанып тұрган жалынды от!» деген 158-159-өлең жолымен аяқталады.

1936 – *Желпіnіп бір сөйлейін Сөйлеттің неге демейін*

1937 – Рұқсат етсең, әлеумет, *Тынығып біраз көрейін*

1940, 1946 – *Дем алып тағы сөйлейін*

1955, 1957, 1982, 2014 – *Желпіnіп біраз сөйлейін* (*161-жол*).

1936 жылғы газеттегі жарияланымда:

Рұқсат етсең, әлеумет,
Желпіnіп бір сөйлейін.
Жүзге жасым жеткенше,
Өлеңнен ұрық себейін.



Тартынбайын шегініп,
Домбырамды жебейін.
Өлгенімше өлеңмен,
Сталин *десін* көмейім.
Толғауымен жүректің
Сөз асылын тереійін.
Айтып жүрсін кейінгі
Жас балалар, ұрпақтар.
Сталинді тенейтін
Теңеу тауып берейін!

1940, 1946 жылғы басылымда шығарманың жырланған жылы 1936 деп көрсетілсе, 1955, 1957 жылғы басылымдардан бастап мерзімі көрсетілмеген.

1940, 1982, 1996, 2014 жылғы басылымдарында жол астында сілтеме түсінігі берілмеген. 1946 жылғы басылымда «Сұраған – елді билеу мағнасында» деп сілтеме түсінігі берілген, ал 1955 және 1957 жылғы басылымында «Сұраған – елді билеген деген мағнада», «Сұндег, парыз, уажып – діни ережелердің міндетті түрде орындаитын шарттары» деп берілген.

Жинаққа 1938 жылғы «Жамбылдың өлең-жырлары» кітабы бойынша берілді.

Ж.Рақыш

МЕНИҢ ӨМІРІМ

2014 жылғы басылымында ҚР Мемлекеттік архивінде сақталған «Подстрочкики стихов Джамбула» атты бумадағы өмірбаяның көлемдірек нұсқасы бойынша толықтырылғаны айтылады.

Жамбыл шығармаларының 1940 жылғы алғашқы толық жиңіні мен 1914 жылғы басылымындағы «Мениң өмірім» өмірбаяндық нұсқаны салыстыру барысында кейінде өзгеріске түскен сөз, сейлем оралымдары кездесіп отырды.



Өлең мен қара сөз аралас айтылған, Қалмақан Әбдіқадыров 1938 жылы хатқа түсірген бұл өмірбаяндық нұсқада 1940 жылғы жинақта өлеңдер шумаққа бөлінбей берілген. Кейінгі басылымдарында сегіз, төрт тармақты шумақтарға бөлінеді.

1914 ж.ж. Сүйінбай – 1940 ж.ж. – Сүйімбай.

2014 ж.ж. 8 (9)-шумақтың 3-тармағы – «Сол еңбек қалытқыладай кетті алып».

1940 ж.ж. – «Сондықтан қүйрық үзіп кеттім алыс».

2014 ж.ж. 11 (12)-шумақтың 4-тармағы – «Жұлдыздай көзге түсіп, жалтылладым».

1940 ж.ж. – «Жарқыннадым».

2014 ж.ж. 13-ш. 4-т. – «Отыргам улы басын байға қадап».

1940 ж.ж. – «Отырған».

2014 ж.ж. 15-шумақ:

Келгенде жеме-жемге, еде қалдым...
 Шалшыққа шатылмадым, көлде қалдым.
 Шалқардың шалқып жүзген мен аққуы
 Келмеді сасық, шалшық жерде қалғым.

Бұл шумақ 1940 ж.ж.:

Шалшыққа шатылмадым, көлде қалдым.
 Аздарға сатылмадым, көлде қалдым, –

болып, 2 тармақпен жазылған.

Өмірбаян мәтінінің 1940 жылғы басылымдағы нұсқасы көйінгі жинақтарда біршама редакциядан өтіп беріліп отырған.

2014 жылғы жинақта «Алпыс қасқыр аналы» деп келген өлең жолдарынан соң берілген мәтіндегі «Улы тырнағын салған қалмақ ханының, қоқан ханы Құдиярдың, аш бүйірден қадалған орыс патшасының елге тиген ылаңы аз болмаған еді. Қоқан ханының ел басқаруға қойған датқасы жалпақ елді жаялышқа айналдыратын. Ел аузына қақпақ, басына тоқпақ болатын. Ел шабыншылықтан қорқып сынаптай сырғып көше беретін, көше



беретін. Жынның ойнағы көше алмаған жоқ-жүқаның үстінде болатын. Қатарға ұстаған құл мен күң солардан шыққан жастар болатын» деп келген тұсы 1940 жылғы қалпынан біршама өзгеріске түсіп, қайсыбір тұста қысқартылып, кіркітіріліп, енді бір сөйледер жаңадан қосылып берілген.

1940 ж.ж. осы тұстағы мәтінде «Қотыр үстіне шың патшасы улы тырнағын салды. Одан бұрынғы қалмақ қаны, Қан шығандай аш бүйірден қадалған орыс патшасы, қоқан ханы Құдиярдың елге тиген ыланы аз болмаған еді» деп келетін жері кейінде алынып қалған. Ал 2014 ж.ж. «Қатарға ұстаған құл мен күң солардан шыққан жастар болатын» деп келген жері 1940 ж.ж. айтылмаған.

«Шың патшасы» деп Шын елін, қытай патшасын айтып отырған сияқты.

Өмірбаянның «Жыландаі улы зәрін шашқан заман» деп өлеңгеге ойысқан тұсындағы келесі, 2014 ж.ж. берілген «Хан – қырги, ел – торғай болып қашқан заман» деген тармақ 1940 ж.ж. жоқ.

1940 ж.ж. 2014 ж.ж. осы өлең сөздің «Қазақтың жай емес ед болуы үш жүз» деп келген соңғы жолынан кейін:

Ұстады елді шайнар биді берік,
Бүйірден қатын патша тиді келіп,
Ел жылады, қандарын сойды келіп,
Байларға боз інгендей иді келіп,
Аузына алты қарыс азу салып, –

деп жалғасқан. 1940 ж.ж. «Үш жүз» сөзі – «үш жүз» деп жай әріппен жазылған.

Өмірбаян мәтінінде 1914 ж.ж. және басқа басылымдарында да «Қарақат» деп жазылып жүрген науқан атауы 1940 ж.ж. – «қара қат». Дұрысы осы. Хатқа түскен қара тізім мағынасында айтылған сөз болса керек. Мал-жанның дәптерге есебін жазып түгендеу науқанына орай айтылған.

Мәтін мазмұнында бұл анық түр. Осында хаттауға қатысты айтылған 1940 ж.ж. «Бұл қаттау елдің көпшілігі үшін, кедей, кемтары үшін басын санап көгендерендей болды» деген



сөйлемдегі асты сызылған сез 2014 ж.ж., басқа басылымдарда – «көргендей». Дұрысы «көгендергендей» болуы керек.

Өмірбаянда 1940 ж.ж. «Шомай» деп жазылған адам есімі 2014 ж.ж. – «Шомбай».

«Таранши, қазақтың» деп басталған абзацтағы «кедейлер» сезі (2014 ж.ж.) 1940 ж.ж. айтылмайды.

«Биге шығып барады кедей бауыр» деп басталған кезекті өлең жолдарына жалғас 2014 ж.ж. «Маған қорлық берді деп байлар, ақыр» тармағындағы асты сызылған сез 1940 ж.ж. – «кәтір».

Өмірбаянның өлеңмен жазылған «Ханнан туған ханзада батыр Шәбден» (2014) деп келген шумағындағы «Қазаққа да жетісті ақын Шәбден» деген келесі тармағы 1940 ж.ж. жазылмаған.

2014 ж.ж. соңғы тармақ – «Келед» деп Тезек ханга жатыр Шәбден».

1940 ж.ж. – «Кезеп».

Осы өлеңдегі 2-шумақтың 3-тармағы 2014 ж.ж. – «Еліңнің үлдігінан құлдығы басым жатыр».

1940 ж.ж. – «бұлдығынан».

«Жас отызға келгенде» деп басталатын өлең тұсында 14-тармақ 2014 ж.ж. – «Әлім болған болысқа». 1940 ж.ж. – «нойысқа».

17-т. 2014 ж.ж. – «*Ырылдастып алышты*».

1940 ж.ж. – «*Ырылдастып*».

25, 26-тармақтар 1940 жылғы жазылуынан 2014 ж.ж. орны алмастырылып берілген.

Әрі қарайғы қара сез мәтінде 1940 ж.ж. «Ел есіткенде ыңыраңып жылайтын, ауру *кернегендей* болатын» деп жазылған сөйлемдегі астын сыйған сез (астын сыйған біз – ред.).

2014 ж.ж. – «көргендей». «Кернегендей» – дұрыс. Ауру кернеп, дерптену, ыңыранып зарлау.

Өмірбаянда өлең сезінде «Сөткесіне *кісіге* бір қара нан» (1940 ж.ж.) – 2014 ж.ж. «бес *кісіге*» дегендей өзгерген тұстар кездесіп отырады.

Өлең соңында 1940 жылғы жинақтағы «Ленин мен Сталиннің ұлы есімі» деп келетін 2 тармақ 1955 жылдан кейінгі басылымдарында алынып қалған.



2014 жылғы басылымында қосылып берілген Тұсінігінде ҚР Мемлекеттік архивінен алғынып қосылды деген өмірбаян айтылған тұстағы саяси ахуалға екпін түсіріле берілген қара сөз мәтін 1940 жылғы жинақта да басылым көрген.

Жамбыл Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіне (1940 жылғы жинақта «Ұлы Советіне» деп жазылған – ред.) кандидатурасы ұсынылғанда сайлаушыларға өлеңге қара сөз қосып өз өмірбаянын айтып береді.

Алғаш «Социалистік Қазақстан» газетінде (12.06.1938) жарайланған. Толық жинаққа 1940 жылды кірген.

Толғаудың 1940 жылғы басылымы мен 2014 жылғы жинақты салыстыру барысында мәтіндік-құрылымдық, жеке сөз, сөйлем бойынша түзетулер, жаңсақтықтар бар екендігі анықталды.

Жамбылдың жасының жиырмадан асқан кезін әңгімелейтін тұсында қара сөздерінен кейін келген өлең мәтінінің кезекті үшінші шумағы 2014 жылғы жинақта:

Қазақтың қанға құмар Кене ханы,
Кеше ғана басылды шыққан шаңы.
Хан болмады, қан ішкен қасқыр болды,
Белгісі жоқ көмілген моласы әні, – деп келген.

1940 жылғы басылымында бұл шумақ жоқ.
Мәтін кейінде, Кенесарының тарихи тұлғасына тиісу күшейген шақтың ызбарымен 1955 жылғы жинаққа қосылған.

2014 жылғы жинақта бұл туындының соңғы бөлігінде 1940 жылды баяндалатын әңгіме басылған. Ол мәтін 1957, 1982, 1996 жылғы Жамбыл жинақтарында жоқ.

Бұл жаңа толық жинақта 2014 жылғы мәтіндік нұсқасымен басылды.

К.Мәдібаева



ӨМІРДІҢ ТУУЫ

Қара сөз бен өлең аралас бүл туындысында ақын Москва қаласы, жаңа заман туралы толғанады. Кешегі өткен күндердің ауыртпалығын, шығармашылық кезеңдерін баяндайды. Бүл әңгімені әдеби хатшысы Тайыр Жароков жазып алған. Жамбылдың шығармалар жинақтарында 1995 жылдан бері басылым көріп келеді.

МЕНИЦ БАҚЫТЫМ

Бүл өмірбаяндық жазба алғаш 1938 жылы хатқа түседі. Жазып алған Жамбыл шығармаларын хатқа түсіруде бірнеше қолжазба нұсқаларында ОФК қолжазбалар қорына, ӘӨИ қолжазба бөліміне еткізген, кезінде мерзімді басылымдарға шығаруға қатысқан, Жамбылдың хатшыларының бірі – Қалмақан Әбдіқадыров. Мұраны хатқа түсірушінің есімі бір қолжазбада Әбдіқадіров болып, бірде Әбдіқадыров болып жазылған.

Жамбылдың өмірбаянында кеңестік дәуірдің өзіндік орны болды. «Мениң бақытым» осы бағытта, саяси-идеологиялық ықпалда айтылған, хатқа түскен туынды.

1938 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде шығады (20.05). «Эдебиет майданы» журналында да басылған (№6, 1938).

Бүл туындының 1938, 1940 жылдардағы басылымдары мен кейінгі жинақтардағы (1955, 1957, 1982, 1996, 2014) басылымдарында құрылымдық, мәтіндік өзгерістер бар.

Туындының 1940 жылғы Жамбылдың тұңғыш шығармалар жинағында басылған мәтін 2014 жылғы жинақтағы нұсқасында 1940 жылғы біршама қысқартылып берілген.

Жеке сөйлем, сөз редакцияланып та, жай техникалық жаңсақтықтар себебінен де өзгеріске түсіп отырған тұстары бар. 1940 жылғы жинақта «Мениң бақытим» өмірбаяндық хикаяты «Гори



пойызының вагонында, Тбилисиден Сталиннің туған жеріне» деп басталған. 2014 жылғы басылымында сөйлем «Тбилисиден Гори қаласына» деп келеді.

Откен күнін баяндап отырып Жамбыл айтатын әңгіме 1940 жылғы нұсқасынан 2014 жылы біршама қысқартылып басылған. 1955 жылғы жинақтан бастап жасалған Сталинге қатысты қысқартулар. Мәтін мазмұнында 1940 ж.ж. бар, кейінгі басылымдарда алынып қалған төмендегідей өзгертулер бар:

1). 1940 – «Мен арып-талаңып, мақсатыма жетіп, күнге арнап жыыр жыырлай бастаған кезімде қарсы алдыннан молда шыға келді».

2014 – «Бір кезде».

2). 1940 – «Бұл бақыт алқабы дегенім – менің Ұлы Совет Отаным. Бұл Отанның үстінде адам баласының жүргегін қуандырып, жылындырып, Сталин күні, Сталиндік шындық, Сталиндік ақыл мен қамқорлық нұрланып жарқырауда».

1940 жылғы жинақтағы жекелеген сөйлемдер, тұтас мазмұндық оралымдар кейінде редакцияланып, ықшамдалған.

3). 1940 – «Мұнан екі жыл бұрын мен *Mәскеуде* болдым. Халқымның әкесі, туысқан Сталин менің өлеңдерімді естіген еken. Мен *Кремльдің* сарайында болдым. Онда *Союзымыздың* ақсақалы Михаил Иванович Калининнің қолынан мен ұлы наград – Отанымның қасиетті орденін алдым.

Откен жылды Кавказда Сталиннің туған жеріне бардым. Сталиннің бұрынғы карғыс атқан замандағы түрған үйін көрдім. Бұл үй баяғы қуаныш аз, бақытсыз, аш шабылып-жаншылған, құруға бет алған қазақ халқының мындаған жүдеу қыстауларын есіме түсірді. Халықтардың бақыты мен даңқының жасаушысы, бүкіл еңбекші адам баласының ұстазы, көсемі туып, алғашқы қадамдарын жасаған жер мәңгі мәртебеге бөлене берсін».

2014 – «Мұнан екі жыл бұрын Москвада Кремльдің сарайында болдым. Онда Одағымыздың ақсақалы Михаил Иванович Калининнің қолынан мен ұлы наград – Отанымыздың қасиетті орденін алдым» (әрі қарай 1940 ж.ж. берілген мәтін жазылмаған – ред.).



Жамбыл шығармаларының толық академиялық басылымының екінші томында бұл туынды 2014 жылғы жинақтағы мәтіндік нұсқасында берілді.

Ж.Рақыш

ХАНЫМ СҰЛУ

Жамбыл ауызша әңгіме дәстүрінде айтқан прозалық шығарманың бірі. Әңгіме Қоқан хандығы тұсындағы ел тұрмысын баяндайды. Мәтіндік нұсқасын алғаш рет Е. Ісмайилов «Жамбыл және халық ақындары» атты зерттеуінде жариялады («Санат», 1996, 83-бет).

АРШЫН ҚЫЗ БЕН ЖАНТЕЛІ ШЕБЕР

Бұл ауызша әңгімені Жамбылдың әдеби хатшысы Ғали Орманов хатқа түсірген. Дина Нұрпейісова Жамбылдың ауылыш нақонақ болып қайтқанда айтылған екен. Әңгімеде ел ішіндегі өнерпаз жандардың тағдыры баяндалған. Мәтіндік жазба нұсқасы Н.Терекұловтың «Жұз жасаған бәйтерек» жинағында алғаш рет басылым көрді (1996).

СҮЙІНБАЙДЫҢ ТАПҚЫРЛЫҒЫ

Бұл естелік әңгіме Жамбыл ақынның өз айтуында хатқа түсіпті. Қолжазба нұсқасы Жамбылдың әдеби-мемориалдық музейінде сақталған. Алғаш рет 2009 жылы Сүйінбай Аронұлының «Бөрілі менің байрағым» атты жинағында басылым көрді. Естелік-әңгімеде Сүйінбай ақынның кесімді, шешімді ақындық дара тұлғасы бой көтерген.



СҮРАНШЫ МЕН ОРМАН ХАН

Тарихи тұлғалар, ел батырларының ғибратты ғұмыры баяндалған, кезінде ақынның ел арасына кең тараған әңгімелерінің бірі. Жамбылдың өз аузынан естіген Тәнеке Жарықбаев деген адамның айтуында хатқа түскен.

К. Мәдібаева

ЕРТЕГІНІҢ ЕРІНШЕГІ

Өңгімені Ж.Жабаев Қазан төңкөрісіне дейін айтқан. Ақынның айтуынан Қ.Әбдіқадыров жазып алған. Алғаш рет 1938 жылдың 27 желтоқсанында «Оңтүстік Қазақстан» газетінде басылды. Ақын шығармаларының 1955, 1957 жылғы басылымда-рында жарияланды. Орыс тілінде 1958 жылғы жинағында жа-рық көрді.

Т.Әкімова



Есімдер көрсеткіші

Ағыбай батыр (1802–1885) – Кенесары Қасымұлының Ресей отаршылдығына қарсы көтеріліс басшыларының бірі, қолбасшы. Жорықта жолы болғыштығы үшін «Ақжолтай батыр» атанған. Он үш жасынан бастап қолына қару алғып, 1824 жылы Қарқаралы аймағында Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы көтеріліске белсене араласты. Кенесарының бас батыры Ағыбайдың өмір жолы бірқатар қазақ тарихшылары мен қаламгерлерінің шығармаларына арқау болған. Шортанбай Қанайұлының «Ақжолтай Ағыбай батыр» атты дастаны бар.

Айса, Иса – «кітап түсірілген» төрт пайғамбардың бірі. Иса Мәсіхтің есімі христиан дініндегі сияқты исламда да ілтипатпен еске алынады. Құран Қәрімде Иса пайғамбарға біраз орын берілген, оның анасы Мәрия хазіретке арналған сүре бар.

Андас Стамбекұлы – қазақтың биі әрі батыры. Ол шамамен 1804–1807 жылдары туып, 1924–1927 жылдары қайтыс болған. Андас Қоқан хандығына қарсы соғысқа Саурық батырмен қатысқан. Андас бидің шыққан тегі Шапырашты, одан Есқожа – Қарасай батыр, одан Өтеп – Көшек – Түркпен. Көшектен Тұкті-Құрт, одан Көшке, Стамбек, Көшкеден Сұраншы батырдың әкесі Әсімбек, Стамбектен Андас, Саурық батырлар тарайды. Андас Шапырашты, Айқым, Есқожа үрпақтарының басын құрап ел етуде, олардың жаудан қауіпсіз болуы жолында зор еңбек сінірген ел басы, аға биі.

Битуған, Бұқай, Байтыл – Орман ханның қолына ұстаған батырлары. Қырғыз тарихында батырлығымен атағы шықпаған. Оның айдан салуымен қазақ ауылдарын талай шапқан. Саурық батырды қапыда өлтірген.

Бұғыбай – батыр, қолбасы. Ұлы жүздегі Шапырашты тайпасының Ысық руынан. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық куресте ерлігімен көзге түскен. 1847 жылы жазда қырғыздарға жасалған жорық кезінде қоршауда қалып, ерлікпен қаза тапқан. Бұғыбайдың ерлігін Нысанбай жырау «Кенесары – Наурызбай»



дастанында, Доскей ақын «Кенесары» дастанында жырға қосқан. М.Әуезовтің «Хан Кене» атты пьесасында Бұғыбай бейнесі негізгі кейіпкердің бірі ретінде берілген.

Бұқар жырау (1693-1787) – қазақтың ұлы жырауы. Абылай ханның ақылшы биі, абыз. Жырау қазақ халқының жоңғар басқыншылығы тұсында өмір сүрген. Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел-жүртты басқыншы жауға қарсы қресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салған. Абылай ханның көрегендігі мен даналығын, ауыр кезең, қын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін жырлаған. Бұқар жыраудың Абылай ханға, Бөгенбай, Қабанбай, Олжабай батырларға шығарған арнаулары, насиҳат жырлары ел есінде сақталып қалған.

Бұқарбай батыр – XVIII ғасырда өмір сүрген қазақ батыры, әрі шешен. Ол 1822 жылы қазіргі Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кентінде дүниеге келген. Бала кезінен батырлығымен көзге түскен. Бұқарбай батыр – Кенесары ханның оң қолы, Жанқожа Нұрмұхамедұлының ең жақын досы ретінде және Кенесары ханның ірі жорығына белсене қатысуы арқылы тарихта қалған.

Дулат Бабатайұлы (1802-1874) – қазақ әдебиеті тарихында көрнекті орын алғатын ірі ақын. Орта жүз құрамындағы найман тайпасының Каракерей сыйбан руынан шыққан. Өлеңдері Қазан қаласында 1880 жылы «Өсietnاما» атты жеке кітап болып жарайқ көрген. Ресей патшалығының қазақ жерін отарлау саясатының барлық салада белең алған кезеңінде өмір сүрген ақын жерқонысынан айрылған ел жағдайын, ел басқарудағы әділетсіздікі ті жырлайды.

Жанғараш, Жантай – қырғыздың атақты манаптары. Кенесарыны өлтіріп, басын Омбыдағы генерал-губернаторға тарту қып беріп, ұлken шен, мақтау алған.

Карл Маркс (1818-1883) – немістің экономист ғалымы, саяси экономист, революционер, философ, саясаттанушы, әлеуметтанушы, тарихшы, ғылыми коммунизм теориясының іргетасын қалаушы.



Кәрібоз – 1) Қырғыздың манабы; 2) Дулаттың ақылгөй, шешен қариясы, Сұраншымен замандас.

Кенесары (1802-1847) – мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, қазақ халқының 1837-1847 жылдар арасындағы ұлт-азаттық көтерілісінің қолбасшысы. Қазақ жұртының соңғы хандарының бірі. Кенесары Шыңғыс ханның жиырма жетінші үрпағы, Абылай ханның немересі. Кенесары 1841 жылы хан болып сайланады. Халықты ұйымдастырып, Ресей отаршыларына қарсы соғысады. 1847 жылы өзімен бірлесіп соғысудан бас тартқан қырғыздарға да қарсы шабуыл жасаған.

Керім – Жетісудағы атақты байдың бірі. Сұраншы батырдың тұсында Қоқан жағына тыңшылық жасаған.

Колпаковский Г.А. (1819-1896) – XIX ғасырдың алпысыншы жылдарындағы Жетісу облысының әскери губернаторы және казачествоның атаманы, қазақ-қырғыздарды қарудың күшімен жаулаған Ресей монархиясының зорлықшыл генералы.

Қарасай батыр (1589-1671) – қазактың қаһарман батыры, әйгілі қолбасшысы, есімі Шапырашты руының ұранына айналған аса көрнекті тарихи тұлға. Қарасай батыр Алматы облысының Жамбыл ауданына қарасты Суыктөбе тауының етегінде Қарасаз деген жерде дүниеге келіп, Арқа жерінде Көкшетау үшін болған шайқаста ауыр жарапанып дүние салған. Шежіре дерегі бойынша, Шапырашты Шам (Ыстық), одан Малды, Желді, Қалды есімді үш ұл туады. Малдыдан Екей, Еміл, Емілден Жайық пен Есқожа туады. Есқожадан Алысай, Алтынай, Шуаш есімді үш ұл туған. Алтынайдың үшінші әйелінен Қарасай батыр туған.

Құланаян Құлмамбет (1826-1903) – айтыс өнеріндегі айтулы тұлғалардың бірі. Оның ақындық даңқы Жетісу, Сарыарқа, Алатаудың күнгей беті Қырғыз еліне де кең тараған. Заманында қазақтың Тұбек, Жанақ, Бақтыбай, Майқөт, Тезек төре сияқты ақындарымен айтысқан. Жамбыл Жабаев «Құлмамбет туыла бермейтін мықты ақын» деп ерекше бағалап, өнеріне тәнті болған. Ақынның өлеңдері жинақ болып шыққан.



Ленин Владимир Ильич (1870-1924) – саясаткер, Кеңес үкіметінің негізін қалаушы. 1917 жылы 7 қарашада төңкерісті ұйымдастырып, Кеңес одағын құрды. 1917-1924 жж. Кеңес үкіметін басқарды.

Мұса – пайғамбар, Алла Тағаладан кітап жіберілген төрт пайғамбардың бірі. Мұса (ә.с.) – Алла Тағаламен тілдескен және онымен жүздескен бірінші пайғамбар (Адам Атадан соң). Алла Тағаламен сөйлескендіктен, Мұса пайғамбарды Мұса Кәлім (Алламен тілдесу什і) деп дәріптеген.

Орман – қырғыздың манабы. Кенесары, Наурызбайды өлтіріп, патшадан шен алған. Кейін Саурық батырды да өлтірген. Сұраншымен соғысқан.

Өтеген Өтегұлұлы (1699-1773) – Ұлы жұз құрамындағы Дулат тайпасының Жаныс руынан шыққан батыр. Өтеген батыр он бес жасынан жоңғарларға қарсы соғысқа қатысқан. Тауасар, Хангелді, Райымбек, тағы басқа батырлармен тізе қосып, жоңғарлармен айқасқан. Іле бойында қалмаққа қарсы жасақ жинаған Төле би ескеріне қосылып, Өтеген батыр елін жаудан азат етеді.

Рұстем төре – XIX ғасырдың орта кезінде өмір сүрген. Жетісудағы төре Рұстем.

Саурық Ыстанбекұлы (1798-1854) – Ұлы жұз құрамындағы Шапырашты тайпасының Есқожа руынан шыққан, Қоқан, Қырғыз хандарының шапқыншылығына қарсы құрестерінде қол бастаған қазақ батыры. Саурық – ел қорғауға халықты бастай білген, осы жолда талай-талай ерлік көрсетіп, жалпақ жұртына тегіс танылған батыр. Саурықтың алғашкы ерлік істепі Қарақыстак аңғарының ішінде Тікендісай бұлағының құйылысында, 1816 жылдың жазында Қастек аңғарының Бестамақ деген жерінде Орман хан басқыншыларына қарсы жүргізілген киян-кескі шайқастарда анық танылған. Содан былай қарай Саурық батыр күншығысы – Қарғалы, Ұзынағаш, күнбатысы – Дегерес, Жиренайғыр маңындағы қалың елдің жауға қарсы ұмтылған сарбаздарына қолбасшылық жасаған.

Сталин (Джугашвили) Иосиф Виссарионович (1878-1953) – кеңестік мемлекеттік, саяси және әскери қайраткер, 1922 жылдан



бастап Кеңес Одағы Коммунистік партиясының Орталық комитетінің Бас хатшысы, Кеңес Үкіметінің басқарушысы. Сталиннің басшылығымен ауыл шаруашылығын колективтендіру қолға алынып, байлар мен кулактарды тап ретінде жою саясаты жүзеге асырылды. Сталин елде құғын-сүргін саясатын жүргізіп, тоталитарлық жүйені қалыптастырды. Ұлттық интеллигенция өкілдерін «халық жаулары» ретінде құғындауды күшетті.

Сұраншы Ақынбекұлы (1812-1864) – Ұлы жүз құрамындағы Шапырашты тайпасының Есқожа руынан шыққан батыр. Оның аталары – Қарасай батыр, Тұрікпен, Мырзабек, Қашке ел арасына атағы шыққан шешен, батыр болған адамдар. Сұраншы Жетісу жерінің Іледен батысқа қараған өнірлеріндегі елді билеп, халыққа тізелерін қатты батырған Қоқан бектерінің зорлық-зомбылық әрекеттеріне қарсы шыққан. Осы озбырлыққа қарсы күреске Сұраншының сарбаздары белсене қатысты.

Сүйінбай Аронұлы (1815-1898) – ақын, айтыс өнерінің майталманы. Сүйінбай айтыскер ақындығына қоса эпикалық жырлардың асқан шебері болған. Елдік мұратты көксеп, бастарын бәйгеге тіккен Отеген, Қарасай, Сұраншы, Саурық батырлар туралы жырлар шыгарған. Ал, Қатаған ақынмен, Тезек төремен айтыстары айтыс өнерінің тамаша үлгілері болып саналады. Сүйінбайдың шешендік тапқырлықтары, ғибратты нақылдары, әлеуметтік-психологиялық сыйқақ өлеңдері оның заманы мен қоғамына белсене араласқандығын білдіреді. Жамбыл ақын: «Мениң пірім Сүйінбай, Сөз сөйлемен сыйынбай...» – деп, оны өзіне ұстаз тұтқан.

Сыпаратай Әлібекұлы (1781-1868) – Ұлы жүз құрамындағы Дулат тайпасының Ботпай руынан шыққан батыр, ерлігі мен шешендігі, әділділігі мен ақылдылығы ел жадында сақталып қалған үлкен бедел иесі. Батыр қазақ, қырғыз хандықтарының Қоқан ханына қарсы қозғалыстарына белсене қатысуышылардың бірі. 1806 жылы Дулатқа тиген Карабалтадан Түркістанға дейінгі жерге жау келтірмеген, еліне тиген жауларға өзі қол бастап, қарсы тұрған.



Тезек төре – Абылай тұқымы, Ұлы жүздің бір бөлігінің ханы, Ресей империясының Жетісу және Қырғыз жерін жаулауына белсene араласқан адам.

Черняев М.Г. (1828-1898) – Ресей империясының Қазақстанды отарлау саясатына белсene араласқан әскери генерал, ол 1864 жылы 5 маусымда Әулиеатаны (қазіргі Тараз қаласы), 1864 жылы 21 қыркүйекте Шымкентті, 1865 жылы 9 маусымда Ташкент қалаларын күшпен басып алған.

Шернияз Жарылғасұлы (1817-1881) – халық ақыны. Кіші жүз қазақтарының Исатай, Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне қатысып, оның жалынды жыршыларының бірі болған. Шернияз жырларында көтеріліс тақырыбы басты орын алады.

Шортанбай Қанайұлы (1818-1881) – ақын, діни қайраткер, шешен жырау. Өзі өмір кешкен замана шындығын барлық көрінісімен айқын да дәл бейнелеп, әлеуметтік маңызы зор шығармалар жазды. Шортанбай шығармашылығы XIX ғасырдағы қазақ өмірінің айнасы, өсіресе, кедей – кепшік, момын шаруаларының тұрмыс-тіршілігінің шынайы күегері. Ишандық дәрежеге кол жеткізген ол Туркістаннан Арқаға, Қарқаралыға Жамантай төренің мекеніне қоныс аударады. Жанғұтты бидің қарамағынан мешіт, медресе салдырады. М.Әуезов Шортанбаймен қатар өмір сүрген ақындар шығармашылығын «Зар заман ақындары» деп атады.



Жинаушылар туралы мәлімет

Алтайский-Королев Константин Николаевич (1902-1978) – ақын, жазушы, аудармашы. К.Алтайский псевдонимімен белгілі. Алғашқы өлеңдерін С.Есенинге еліктеп шығарған. Маршал Клим Ворошиловтың биографы. Ол 1938-1954 жылдары екі рет саяси айыппен тұтқындалып, жер аударылады.

Кеңес жазушыларының Бірінші съезінен соң Ленинград және қазақ жазушыларының шығармашылық байланысы нәтижесінде К.Алтайский Жамбыл шығармаларын орыс тіліне тәржімалайды. Ол Жамбылдың 1938 жылы Мәскеуде жарық көрген «Песни и поэмы» жинағын құрастырған. Илияс Жансүгіровтың бірнеше өлеңін орыс тіліне аударған. М.Қаратаевпен бірге «Гудок в степи» (Алма-Ата, 1960) романын, «Казахстан мой» (1958) өлеңдер жинағын жариялаған.

Амандықов Януда – филология ғылымдарының кандидаты. Жамбылтанушы ғалым, композитор. 1935 жылы Түркістан облысы, Созақ ауданында дүниеге келген. 1953 жылы Созақ орта мектебін бітірген соң, 1962 жылы Шымкент педагогикалық институтының филология факультетін бітірді. Ол «Жамбыл жырлайды» (1996), «Жамбыл өнер әлемінде» (1998) атты жинақтар дайындаған.

Әбдіғұлов Рафат (1951-2017) – әдебиеттанушы. Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Жамбыл ауылында дүниеге келген. 1991-1995 жылдары М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Жамбылтану және халық ақындары шығармашылығы бөлімінде жұмыс істеген. Осы жылдары халық ақындары шығармашылығына қатысты библиографиялық көрсеткіш дайындау жұмыстарымен, Жамбыл айтystарын зерттеумен айналысты. 2012 жылы ақынның төрт томдық шығармалар жинағын құрастырған.

Әбдіқадыров Қалмақан (1901-1964) – ақын, жазушы, аудармашы. 1927-1929-1930 жылдары «Еңбекші қазақ» газетінің жұмысшы-тілшілер бюросының менгерушісі, 1930-1932 жылдары



Алматы қаласында Коммунистік жоғары оқу орнының студенті, 1932- 1935 жылдары қайтадан «Социалды Қазақстан» газетінде әдеби-сын бөлімінің менгерушісі болды. 1935 жылы «Әдебиет майданы» журналы бас редакторының орынбасары қызметіне аудисады және Қазақстан Жазушылар одағы партия ұйымының хатшысы болып сайланады. Осы жылдары жыр алыбы Жамбылдың әдеби хатшысы, кейін ақынның әдеби-мемориалдық мұражайының директоры, Қазақстан Жазушылар одағында Халық ақындары секциясының жетекшісі, 1937-1941 жылдары Қазақтың көркем әдебиет баспасында редактор болып істейді.

Бегалин Сапарғали (1895-1983) – жазушы, қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Халық ақындарының шығармаларын сұрыптаپ жинақ етіп шығарды («Халық ақындары», 1953; «Өмір жыры», 1953), өнер саңлақтары жөнінде («Сахара сандуғаштары», 1976), жыр алыбы Ж.Жабаев туралы монография жазды. Жамбыл ақынның өмірбаяны мен ақындық ортасын арнайы зерттеді.

Бұлдыбай Анарбай – фольклортанушы, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, жамбылтанушы. 1950 жылы Алматы облысында дүниеге келген. 1974-1989 жылдары М.О. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Жамбылтану бөлімінде қызмет еткен. А.Бұлдыбайдың зерттеулерінде Жетісу жыраулық, жыршылық, ақындық дәстүрі, Жетісу өніріндегі авторлық ауыз әдебиет өкілдері Қабан жырау, Сүйінбай, Бақтыбай, Жамбыл, Құлмамбет т.б. шығармашылығы қарастырылады. Жамбыл Жабаев, Қалқа Жапсарбаев, Нұрлыбек Баймұратов, Қалихан Алтынбаев, Куат Терібаев ақындардың жыр жинақтарын, «Өсиет», «Мәңгі кектем», «Жайқоңыр» жинақтарын құрастырған.

Ғұмарова Мәлике (1918-1994) – фольклортанушы, мэтінтанушы ғалым, филология ғылымдарының кандидаты. Жамбыл шығармаларын жинаған, жариялаған, текстологиясын зерттеген. «Қамбар батыр», «Қызы Жібек» жырларының ғылыми басылымын дайындаған. Халық ақындарының өлеңдері мен айтистарын жинап, зерттеумен айналысқан.



Жароков Тайыр (1908–1965) – ақын. Батыс Қазақстан облысы, Жетібай ауылында туған. Алғаш білімді ауылда ашылған бастауыш мектепте алды. Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастыру комитетінің хатшысы, 1933-1934 жж. «Қазақ әдебиеті» газеті редакторының орынбасары, 1938-1942 жылдары халық ақыны Жамбыл Жабаевтың әдеби хатшысы қызметтерін атқарды.

Кәрібаев Үмбетәлі (1889-1969) – ақын. Алматы облысы Жамбыл ауданында дүниеге келген. Жасынан домбыра тартып, өлең-жыр шығарған Үмбетәлі ауылда оқып, хат таныған. Бақтыбай мен Тезек, Жамбыл мен Құлмамбет айтыстарын, «Мың бір тұн», «Тотынама» дастандарын жатқа айттып, ел арасына таратты. Орынбай, Иса, Кенен, Саяділ, Есдәulet, Қалқа, Жақсыбай, т.б. белгілі халық ақындарымен айттысқан. 1916 жылғы Жетісудағы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысып, оны жырга қосты. Үмбетәлі ақынға Алматы облысында ауыл аты берілген және мұражай-үй ашылған.

Орманов Ғали (1907-1978) – ақын, 1939-1945 жылдар ара-лығында Жамбыл Жабаевтың әдеби хатшысы болған. Жамбыл мен Ф.Орманов арасында ерекше достық пен сыйластық болғанын ақынның Ғалиға арнаған бірнеше өлеңінен байқауға болады. Жамбыл «Қалжың», «Жетіппін жүре-жүре қыр басына», «Жамбыл өлең айтпайды жантайған соң», «Кекілік ұшып дуретті», «Кәрілік», «Иісті майға» өлеңдерін арнаған.

Садырбаев Сұлтанғали (1931-2013) – фольклортанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор. Ол «Фольклор және эстетика» (1976), «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» (1977), «Қазақ халық әдебиеті» (1990), «Халық әдебиетінің тарихи негіздері» (1992), «Жамбыл және фольклор» (1996), «Фольклор және публицистика» (2002) атты оқулықтар мен монографиялардың авторы. Сүйінбай өлеңдерін жинау, зерттеп, жариялау ісіне үлкен үлес қосты. 1982, 1996 жылдары Ж.Жабаевтың 2 томдық шығармалар жинағының жауапты редакторы болды.



Сариеv Әбдіғали (1900-1964) – ақын, Жетісу жыр мектебінің өкілі. Сүйінбай, Жамбыл дәстүрінде тәлім алған. Ауыл мектебінде оқып сауатын ашқан. Жетісу ақындарының 1919 жылы Алматыда, 1923 жылы Ұзынағашта болған слеттеріне қатысқан. Өлең-жыр, толғау, дастандарын ауызекі шығарып, өзі қағазға түсіріп отырған. «Қарасай», «Саурық», «Алатай майданы» атты дастандары бар. Ақынның өлеңдер жинағы 1951, 1976 жылдары жарық көрген.

Сарыбаев Шамғали (1893-1958) – тілші ғалым, қазақ тілі әдіснамасының негізін салушылардың бірі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент. Қазақ тілі және оны оқыту әдістемесі, педагогика туралы 100-ге тарта ғылыми мақаласы, сондай-ақ он шақты монографиясы жарық көрген. Көп жылдар бойы қазақ, қарақалпак ауыз әдебиеті материалдарын жинады. Жамбыл туралы алғаш рет 1925 жылы «Терме» журналының 1-санында мақала жазды.

Тәжібаев Әбділда (1909-1998) – ақын, драматург, әдебиет, театр зерттеушісі. Жамбыл Жабаевтың әдеби хатшыларының бірі болған, көптеген шығармаларын ақынның өз аузынан жазып алған. 1945-1948 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының Жамбылтану бөлімінің менгерушісі қызметін атқарды. «Жылдар, ойлар» атты еңбегінде Жамбыл, Нұрпейіс, Иса ақындар мен М.Әуезов, С.Мұқанов, А.Жұбанов, тағы басқа әдебиет және өнер қайраткерлері жайлыштепеліктерін жариялады.

Тілепов Жұмат – әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор. 1944 жылы Маңғыстау облысында дүниеге келген. 1978-1999 ж. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында Жамбылтану бөлімінде қызмет етті. 1996 жылғы Жамбылдың екі томдық таңдамалы шығармалар жинағын құрастырушылардың бірі.

Шәріпов Сабыр (1882-1942) – жазушы, қоғам қайраткері. 1903 жылы Павлодар ауыл шаруашылығы мектеп-интернатын



бітірген, Ақмола мен Атбасардағы ауыл шаруашылық машиналары қоймасының қызметшісі, 1907 жылға дейін Атбасар уезі Сарысу болысының іс жүргізушісі, бұдан кейін Ақмола, Көкшетау уездерінде ағаш шебері, кеңсе хатшысы, аудармашы болған. Ақпан революциясын Көкшетауда қарсы алған. Сібір, Түркістан, Көкшетау, Петропавлда Кеңес өкіметін орнату ісіне араласқан. Ауыз әдебиет үлгілерін, халық мұрасын жинаған.

Ысмайылов Есмағамбет (1911-1970) – әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі. Жамбылдың әдеби мұрасын ғылыми тұрғыдан игерудің негізін салған зерттеушілердің бірі. Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданында дүниеге келген. Жамбыл шығармаларының 1940, 1946 жылғы басылымдарын дайындауға қатысты. Ауызша әдебиеттің төлтума сипаттары сараланған «Ақындар» монографиясын жазған.

Жер-су атаулары

Ақсөңгір – Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы ауыл. Ұзынағаш кентінен солтүстікке қарай отыз бір шақырым жерде, Ақсөңгір өзенінің жағалауында орналасқан.

Ақтогай – Шығыс Қазақстан облысына қарайтын елді мекен.

Ақтөбе – Орталық Қазақстандағы көне қаланың атауы.

Ақшелек (Шелек) – Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданындағы ауыл. Шелек ауылы «Шелек» батырдың атымен аталады. Сонымен қатар, Шелектің желі соқса, жұрт Шелек батырдың мінезіндегі жел ұйытқып жатыр деген. Шелек ауылы тек Алматы облысындаға емес, бүкіл Қазақстандағы ең үлкен ауыл болып табылады.

Алатау – қатарынан орналасқан тау жоталарының жалпы атауы. Оларға Құнгей Алатауы, Жонғар Алатауы, Талас Алатауы, Қырғыз Алатауы, Жетісу Алатауы, Іле Алатауы, т.б. жатады.

Алматы – Республикалық мәртебесі бар ең ірі қала. Қазақстанның оңтүстік-шығысында Іле Алатауының солтүстік баурайында орналасқан. 1927 жылдан 1997 жылға дейін Қазақстанның астанасы болды.

Алтай – Азия құрлығының орта тұсындағы таулы өлкө. Алтай Солтүстік батыстан оңтүстік шығысқа қарай Батыс Сібір ойпатынан Гоби жазығына дейін жан-жаққа таралған.

Аңырақай – Жамбыл облысының Шу ауданы жеріндегі тау сілемі. Аңырақайды Итішпес көлінің маңында 1729 жылы қазақ жасақтары жонғар басқыншыларын ойсырата женген.

Арыс – Оңтүстік Қазақстан облысындағы өзен.

Аспара – Жібек жолы бойындағы көне қаланың атауы.

Асы – Іле Алатауының шығыс сілеміндегі жайлай.

Балқаш көлі – Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы тұйық көл. Аумағы жөнінен Каспий, Аral теңізінен кейінгі үшінші орында.

Дегерес – Алматы облысы Жамбыл ауданындағы ауыл, Дегерес ауылдық округі орталығы.



Ертіс – Батыс Сібір мен Қазақстан жеріндегі өзен. Обътың сол саласы. Монгол Алтайының оңтүстік батыс беткейіндегі мұздықтардан басталады.

Есік – Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданындағы қала, аудан және Есік қалалық әкімдігі орталығы. Есік қаласының орнын адамдар өте ертеден мекендеген. Қаланың солтүстік жағында сақ мәдениетінің б.з.б. V–IVғасырлардағы аса көрнекті ескерткіші – Есік обасы орналасқан. 1854 жылы бұл көне қоныс орнында Надеждинская станицасы қаланды. 1923 жылдан ол Есік станицасы болып аталды. 1968 жылы қала мәртебесіне ие болды.

Жалалабад – Қыргыз республикасындағы қала. Фергана аңғарында, Бішкек Ош тас жолының бойында орналасқан.

Жаланаш – Алматы облысы, Райымбек ауданындағы ауылдық әкімшілік округ орталығы. XIX ғасырдың аяғында казак-орыстардың станицасы, өткен ғасырдың отызыншы жылдары Қарқара ауданының орталығы болған.

Жетісу – еліміздегі ең ірі өлкелердің бірі. Жетісудың ауығында 1867 жылы Семиреченская облысы құрылып, ол 1922 жылы Жетісу облысы, 1924 жылы Жетісу губерниясы болып аталып, 1932 жылы Алматы облысы бөлініп шықты.

Каспий – Еуразия құрлығының орталығында, мұхиттардан алыста, оқшау жатқан түйік су алабы. Дүние жүзіндегі ең ірі түйік су айдыны, үлкендігіне қарап теңіз деп атайды. Каспий теңіз өнірі көптеген Еуразия елдерінде тарихи-мәдени өлке болып табылады.

Кеген – ауыл, Алматы облысы Кеген ауданының және Кеген ауылдық округі орталығы.

Келес – Сырдария алағындағы өзен.

Кекшетау – жақпарасты, орманды-көлді таулар жүйесі. Сарыарқаның солтүстігінде, Кекшетау қыратының солтүстік-шығыс бөлігінде, Шортанды ауданында оқшау орналасқан.



Құрті – Іле аймағындағы өзен. Алматы облысының Қарасай және Жамбыл аудандарымен ағады.

Қапал – Алматы облысының Ақсу ауданындағы елді мекен. Кезінде Қапал ауданының орталығы болған. Таулы, шипалы емдік судың мол қоры жинақталған.

Қарақастек, Қарақыстақ – Алматы облысының Жамбыл ауданындағы ауыл, ауылдық әкімшілік округі, аудан орталығы. Аудан орталығы Ұзынағаш кентінен оңтүстік-батысқа қарай он тоғыз шақырым жерде, Қарақыстақ өзенінің аңғарында, жусан аралас боз, бетеге, сұлыбас, көде өскен тау етегінің бозғылт қоңыр, қоңыр топырақты жонды-белесті келген құрғақ даластында орналасқан.

Қарғалы – Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы ауыл. Қазақстан өңірінде Қарғалы атымен өзен, жайлау, қыстау бар.

Қарқара – Алматы облысының Райымбек ауданындағы өзен, тау, жайлау, ауыл атауы. Биік тау етегінен Шырғанақты өзеніне дейін созылып жатқан кең алқапты және сол өзен жағасындағы ауыл атын жергілікті халық Қарқара атайды. Осы жер 1916 жылы Жетісудағы ұлт-азаттық көтеріліс ошағының бірі болғаны тарихтан белгілі.

Қарқаралы – Сарыарқаның шығысындағы тау жоталары. Тұсті металл кендері бар тау. Тауда қарагай өсіп, етек жағы орманды келеді.

Қарой – Алматы облысы Іле ауданындағы елді мекен. Қаскелен өзенінің жағасында орналасқан.

Қарсықұзар – Түрікмен мен Иран арасындағы шөлдің аты.

Қасқасу – Оңтүстік Қазақстандағы кішігірім өзен. Мұндай өзен атаулары Қазақстан территориясында көптеп кездеседі.

Қозыбасы – Жетіжол жотасының солтүстік-шығысындағы аласа тау.

Қордай – тау, асу аты. Жамбыл облысындағы аудан орталығы. Шу-Іле тауларының оңтүстік-шығысындағы Кіндіктас және Жетіжол жоталары аралығындағы асу.



Қызылқия – Жетісу өлкесіндегі тау жотасы.

Қырым – Алтын Орда ыдыраған соң пайда болған хандықтардың бірі, XVII ғасырдың екінші жартысына дейін дербес мемлекет болған. Қазіргі Қырым түбегінде орналасқан.

Нарынқол – Алматы облысы, Райымбек ауданының орталығы.

Орал – қала, Батыс Қазақстан облысының орталығы. Қала Жайық өзенінің жағасында, Шағанның Жайыққа құяр түсында орналасқан.

Сарыарқа, Арқа – Қазақстанның бүкіл орталық бөлігін алып жатқан аймақ. Солтүстікте Қазақ жазығынан басталып оңтүстікте Бетпақдала мен Балқаш көліне дейінгі аралықта орналасқан.

Сарыбел – Жетісу Алатауының оңтүстік жоталар тобына кіретін жайлай.

Сарыкемер – Жамбыл облысы, Байзақ ауданының орталығы.

Сырдария – Орта Азиядағы ірі өзен. Карадария мен Нарын өзендерінің Ферғана қазаншұңқырының шығыс бөлігіндегі қосылған жерінен баста Сырдария аталынып, Арап теңізіне құяды.

Талғар – Алматы облысындағы көне қала. Талғар ауданының орталығы. Алматы қаласынан 25 шақырым жерде орналасқан.

Түрген – Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы ауыл, округ орталығы. Аудан орталығының Есік қаласынан шығысқа қарай 12 шақырым жерде, Түрген өзенінің жағалауында, Іле Алатауының солтүстік баурайында орналасқан.

Ұзынағаш – Алматы облысы, Жамбыл аудынындағы кент.

Шу – Теріскей Алатау мен Қырғыз Алатауынан бастау алатын Жуанарық және Қошқар өзендерінің қосылған жерінен бастап Шу аталады. Ирілі-ұсақты 80 саласы бар, ірілері: (Қазақстанда): Қорагаты, Мерке, Қарабалта, Ақсу т.б.

Іле – Қазақстан мен Қытай жеріндегі өзен. Алматы облысының Райымбек ауданынан бастау алып, Қытай жері арқылы елімізге оралып, Балқаш көліне құяды. Шекарадан бері аталған



облыстың Ұйғыр, Іле, Балқаш аудандарының жерлерін басып өтеді.

Хан Тәнірі – Шығыс Тәнір тауындағы шың, Қырғызстан мен Қазақстан (Алматы облысына таудың солтүстік-батыс бөлігі қарайды) және Қытай шекарасында. Солтүстік жер жартышарындағы ең биік нүктесі. Жергілікті қазақ пен қырғыздар бұл тауды кешке күн батарда қызыарып кететін түсіне қарап «Қантау», «қантоо» деп те атаған.



Ру атаулары

Абақ – Ұлы жұз Үйсіннен тараған ру. Абақ (Ақсақал), Тарақ (Жансақал) ағайынды болған.

Албан – Ұлы жұз құрамына енеді. Қазақ шежіресі бойынша, Бәйдібектің Домалақ ана (Нұрила) есімді кіші әйелінен туган Жарықшақтың тұңғыш ұлынан тараған. Ұраны – Бақтияр, тайпалық ұраны – Райымбек, Бәйдібек, таңбасы – дөңгелек.

Ботбай – Ұлы жұз Дулат тайпасының бір руы. Ботбайдан – Құдайқұл, Шағай, Қоралас, Бұйdas.

Дулат – Бәйдібектің кіші әйелі Домалақ анадан туган баласы. Жарықшақтан тараған тайпа. Дулат Сиқым, Жаныс, Ботбай, Шымыр болып бөлінеді.

Екей – Шапыраштыдан өрбіген ру. Екей өз ішінен Жәрімбет, Бейімбет болып тарапады.

Есқожа – Шапыраштыдан тарайтын ру. Есқожадан Алысай, Алтынай, Шуаш тарайды.

Жалайыр – Үйсіннің құрамындағы тайпа. Үйсіннен – Тарақ (Жансақал), одан – Жалайыр, Жалайырдан: Сырманақ, Шуманақ.

Жаныс – Дулаттың Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда кең тараған тармағы. Ел ішінде ескілердің «Жаныс көп пе, қамыс көп пе» деген сөзі қалған.

Суан – Жарықшақтан тараған тайпа. Суаннан – Байтүгел, Тоқарыстан, Бағыс.

Тарақ – Ұлы жұз Үйсін тайпасынан тараған, «Жалайыр» атандып кеткен ру.

Үйсін – Жетісуда кең жайылған ел. Төбе биден – Майқы би, одан – Бақтияр, Бақтиярдан – Үйсін, Ойсыл.

Шапырашты – Бәйдібектің Жалмамбет атты ұлынан тараған тайпа. Шапыраштыдан – Асыл, Шыбыл, Екей, Еміл, Есқожа, Айқым.

Ысты – Жалмамбеттен өрбіген тайпа. Ыстыдан – Жауатар, одан Ойық, Тілік тарайды.



СӨЗДІК

Ажайып /а/ – ғажайып.

Ақберен – асыл болаттан соғылған жапырақ торлы сауыт; болаттан құйылған ұзын ұңғылы шіті мылтық.

Алмас – қару жасауға қолданылатын шынықтырылған асыл болаттың түрі.

Аңқу – жөнелу.

Ашына – сырлас, мұндас.

Әйла /түркі/ – жасау, істеу.

Әлемет – пәле, қырсық.

Бандура – украина халқының музыка аспабы.

Бел қылу – тірек ету, арқа тұту.

Берен – болаттан соғылған сауыт; мықты, қайратты, өжет.

Енжер – енжар, немқұрайды, селқос.

Гіл – кілең, ылғи.

Ғайыперен, Қайберен – көзге көрінбейтін, қысылған шақта демеу беретін пір, қамқоршы.

Ғиззат /а/ – құрмет, сый, ізет.

Домбай – жабайы есек.

Дұз – жұз.

Жалауы – еңбекақы, құны.

Жәлдеп – қу, сұм.

Жел сөз – алыпқашпа әңгіме; өлең сөз.

Заклад /о/ – кепілзат.

Залалкер – зиян келтіруші.

Зәндем – сұм, залым, айлакер, қу.

Землемер /о/ – жер өлшеуші.

Зияфат – қонақасы, салтанатты кеш; құрмет; сый-сияпат.

Ерентал – әскери шен.

Кеп – сөз.

Крестиан /о/ – шаруа.

Қанжілік – жөнді бапталмай бәйгіге қосылып, зорыққандықтан болатын аурұ; жілігінің ішіне қан кету.



- Қасам** – ант, серт.
- Қоздану** – пайда болу, туындау; жандану.
- Қыбырат** – ғибрат.
- Қырым** – қиян, алыс.
- Қышырлы** – күшті, тегеурінді, мықты.
- Лаухыл мақбоз /a/** – Алланың құдіретімен адамдардың болашақ тағдыры жазылатын тақта.
- Магазин /o/** – дүкен.
- Мәулет, мәулид /a/** — туған жер, туған уақыты.
- Мезгеу** – меңзеу.
- Меймана** – байлық, дәulet.
- Мелжем** – күш, қуат, қайрат.
- Мехнат /a/** – қыындық.
- Меһер /a/** – қалың мал.
- Мизам /a/** – зан, ереже.
- Мұғаллақ /a/** – дел-сал.
- Мұқам /a/** – мақам; сөзді ыргағына келтіріп айту.
- Міскін /a/** – бейшара, ғаріп.
- Өктәбр /o/** – Қазан төңкерісі.
- Өрем қабу** – сеспей қату.
- Өртең** – ескі шебі өртеліп, орнына кек шөп шыққан жер.
- Өтрәт /o/** – жасақ, отряд.
- Помещик /o/** – ірі жер иесі
- Піркәшік /o/** – іс жүргізуши.
- Сиық** – сыртқы түр-түрпат, келбет.
- Сұрау /түркі/** – ел билеу, басқару.
- Суарылған алмас** – мұқалмайтын етіп өткірлеу үшін қызған кезінде сұық суға салып қатайту әдісімен соққан алмас қылыш, семсер.
- Сірі** – етіктің өкшесіне қойылатын қатты қалың көн; көн болып қатып қалған.
- Тоганак** – бума, жук.
- Төлемекі, төлемежу** – құлпыру, ажарлану, түрлену, түлеу.
- Тіллә /a/** – алтын ақша, алтын, ділда.



Үәжіп /а/ – міндет, борыш.
Ұтылау – бірінен соң бірі іліп әкету.
Шабаганшы – шапқыншы.
Шаңыт – шаңдатып, шаң борап тұрған.
Штраб /о/ – айыппұл.



Шартты қысқартулар

ӘӨИ – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒҚ – Орталық Ғылыми кітапхана

ЖМҚ – Жамбылдың әдеби-мемориалды музейінің қоры

ҮКМ – Үмбетәлі Кәрібаев әдеби-мемориалды музейі

ҚҚ – Қолжазба қоры

Ш – шифр

дәп – дәптер

ж.ж. – жылғы жинақ

ж.қ. – жылғы қолжазба

Т – тармақ

а – араб

о – орыс

п – парсы

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жабаев Ж. Жамбылдың өлеңдері / Редакторы М.Қаратаев. – Алматы: Қөркем әдебиет, 1937. – 108 б.
2. Жамбылдың өлеңдері. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1937. – 25 б.
3. Жамбылдың өлең-жырлары. – Алматы–Мәскеу: Қазқөркемәдеббас, 1938. – 224 б.
4. Жамбыл. Сұраншы батыр: Поэма және өлеңдер / Жауапты ред. Т.Жароков, Е.Исмаилов. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1939. – 124 б.
5. Жамбыл. Шығармалары. 1 том / Редколлегия: Т.Жароков, F.Орманов, Қ.Сағындықов, Е.Смайилов, Ә.Тәжібаев. – Алматы: Қазақ көркем әдебиет баспасы, 1940. – 446 б.
6. Жамбыл. Шығармаларының толық жинағы. 1 том / Редакциясын қарағандар: С.К. Кеңесбаев, С.Мұқанов, F.Мұсірепов, F.Орманов, Ә.Тәжібаев (редактор). – Алматы: Қазақтың біріккен мемлекет баспасы, 1946. – 736 б.
7. Жамбыл. Таңдамалы өлеңдері / Жауапты ред. Қ.Шаңғытбаев. Құраст. Т.Нұртазин. – Алматы: Қазбіріккенменмл.баспасы, 1946. – 84 б.
8. Жабаев Ж. Арманы жоқ жастардың / Жауапты ред. Қ.Шаңғытбаев. Құраст. F.Орманов. – Алматы: Қазбіріккенменмл.баспасы, 1946. – 78 б.
9. Жабаев Ж. Үш томдық шығармалар жинағы. 1 том / Редколлегия: Н.Сауранбаев, О.Нұрмажамбетова, Б.Тұрғанбаев, М.Ғұмарова (жауапты ред.). Құраст. Қ.Тұрғанбаев, Т.Сыдықов. – Алматы, 1955. – 215 б.
10. Жабаев Ж. Үш томдық шығармалар жинағы. 2 том / Редколлегия: Н.Сауранбаев, О.Нұрмажамбетова, М.Ғұмарова (жауапты ред.), Т.Сыдықов. Құраст. М.Ғұмарова, О.Нұрмажамбетова, З.Сейттағапарова. – Алматы, 1955. – 352 б.
11. Жабаев Ж. Үш томдық шығармалар жинағы. 3 том / Редколлегия: Н.Сауранбаев, О.Нұрмажамбетова, М.Ғұмарова (жауапты ред.), Т.Сыдықов. Құраст. М.Ғұмарова, О.Нұрмажамбетова. – Алматы, 1955. – 280 б.
12. Жабаев Ж. Шығармалар: (Шығармаларының толық жинағы, үшінші рет басылып шығуы) / Ред алқасы: М.О. Әуезов, М.Базарбаев, Е.Исмаилов, О.Нұрмажамбетова, М.Ғұмарова. Құраст.



- О.Нұрмамбетова, М.Ғұмарова, Т.Сыдықов. – Алматы: Қазақтың мемл. Қөркем әдебиет баспасы, 1957. – 736 б.
13. Жабаев Ж. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1967. – 320 б.
 14. Жабаев Ж. Таңдамалылар / Құраст. М.Етекбаев. – Алматы: Жазушы, 1971. – 312 б.
 15. Жабаев Ж. Екі томдық шығармалар жинағы. 1 том. Революцияға дейінгі шығармалары / Құраст. С.Садырбаев, К.Сейдеханов. – Алматы: Жазушы, 1982. – 336 б.
 16. Жабаев Ж. Екі томдық шығармалар жинағы: 2 том. Совет дәүіріндегі шығармалары / Құраст. С.Садырбаев, К.Сейдеханов. – Алматы: Жазушы, 1982.– 440 б.
 17. Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 1 том / Жалпы ред. басқ. С.Садырбаев. Құраст. Н.Айтов, М.Қараев, Ж.Тілепов. – Алматы: Ғылым, 1996. – 312 б.
 18. Жабаев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 2 том / Жалпы ред. басқ. С.Садырбаев. Құраст. Н.Айтов, М.Қараев, Ж.Тілепов. – Алматы: Ғылым, 1996. – 384 б.
 19. Жабаев Ж. Жапанға біткен бәйтерек: Өлеңдер, айтыстар, дастандар / Р.Сейсенбаев. – Алматы: RS; Халықаралық Абай клубы, 2013. – 280 б.
 20. Жабаев Ж. Толық шығармалар жинағы. Т. 2: Жыр, дастандар / Құраст. Р.Әбдіғұлов, Б.Быбырайым. – Алматы, 2014. – 336 б.
 21. Жабаев Ж. Толық шығармалар жинағы. Т. 3 / Құраст. Р.Әбдіғұлов, Б.Быбырайым. – Алматы, 2014. – 352 б.
 22. Жабаев Ж. Шығармалары. – Алматы: Нұрлы Press.kz, 2014. – 288 б. (Ақындар аманаты)
 23. Жабаев Ж. Шығармалары: 4 томдық. Т. 2: Жыр-дастандар / Құраст. Б.Быбырайым, Р.Әбдіғұлов. – Алматы, 2016. – 286 б.
 24. Жабаев Ж. Таңдамалы шығармалар. Екі томдық. Т. 2. / Құраст. А.Бұлдыбай, М.Үмбетаев, А.Какимова. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2016. – 454 б.
 25. Бегалин С., Тәжібаев Ә., Ритман-Фетисов М. Жамбыл. Өмірбаяны туралы очерк. – Алматы: Қазақтың біріккен мемлекет баспасы, 1946. – 64 б.
 26. Исмайилов Е. Ақындар: Жамбыл және халық ақындарының творчествосы туралы. – Алматы: Қазменкөркемәдеббас, 1956. – 340 б.
 27. Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. – Алматы, 1960. – 360 б.
 28. Жамбыл және қазіргі қазақ поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1975. – 156 б.
 29. Бегалин С. Сахара сандуғаштары. (Естеліктер мен естігендер). – Алматы: Қазақстан, 1976. – 168 б.

-
30. Кебекова Б. Кыргыз-казак фольклордук байланышы. – Фрунзе: Илим, 1982. – 260 б.
 31. Дастан ата: Жамбыл Жабаев туралы естеліктер / Құрастырған Н.Төреқұлов. – Алматы: Жазушы, 1982. – 416 б.
 32. Жамбыл Жабаев творчествосы / Жауапты ред. М.Дүйсенов. – Алматы: Ғылым, 1989. – 272 б.
 33. Төреқұлов Н. Жұз жасаған бәйтерек. – Алматы: Жалын, 1989. – 240 б.
 34. Үсмайылов Е. Жамбыл және халық ақындары. – Алматы: Санат, 1996. – 240 б.
 35. Садыrbайұлы С. Фольклор және Жамбыл. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
 36. Жамбыл жырлайды: Музыкалық-этнографиялық жинақ / Құраст. Я.Амандықов. – Алматы: Қазақстан композиторлар одағы, 1996. – 167 б.
 37. Амандықов Я. Жамбыл өнер әлемінде. – Алматы: Қайнар, 1998. – 177 б.
 38. Эпостар жана мұрастар. – Бишкек, 2002. 15-том.
 39. Махаева А. Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы. – Алматы, 2007. - 358 б.
 40. Көрғұлы (Жамбыл нұсқасы) // Бабалар сөзі: Жұзтомдық. Т. 49: Батырлар жыры / Құраст. Т.Әлібек, С.Қосан, С.Сәкен, Б.Тұрлымбеков. – Астана: Фолиант, 2008. – 151-196 б.
 41. Жетісу ақындарының жыр сарындары / А.Әбдуәли, М.Әбуғазы. – Алматы: Атамұра, 2008. – 160 б.
 42. Сүйінбай. Бөрілі менің байрағым. – Алматы: Атамұра, 2009. – 160 б.
 43. Қасқабасов С. XX ғасырдың ұлы жырауы // Қасқабасов С. Таңдамалы. Т. 2. Мифология. Фольклор. Әдебиет. Зерттеулер. – Астана: Фолиант, 2014. – 279-299 б.; Қасқабасов С. Жамбыл. – Астана: Фолинат, 2011
 44. Қалижанов У. Жамбыл. – Алматы:Әдебиет әлемі, 2013. – 392 б.
 45. Жамбыл Жабаев. Библиографиялық көрсеткіш. – Алматы: Ұлағат, 2012. – 368 б.
 46. Бұлдыбай А. Жетісу жыраулық, жыршылық, ақындық дәстүрі. – Алматы: Абай ат. Қаз ҰПУ, Ұлағат, 2014. – 256 б.
 47. Жамбыл: Энциклопедия / Бас ред. Ж.Тойбаева. – Алматы: Қазақ әнциклопедиясы, 2016. – 616 б.
 48. Жолдасбеков М. Жамбыл Жабаев. Ұлы дала ақыны. Қазақ және орыс тілдерінде. – Нұр-Сұлтан: Құлтегін, 2020. – 224 б.
 49. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.
 50. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-15 том / Жалпы ред. басқ. А.Ысқақов, Н.Ұәли. – Алматы: Арыс, 2006-2011.
-



51. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі / Құраст. Ф.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. – Алматы: Арыс, 2005. – 824 б.
52. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1997. – 368 б.
53. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірмे сөздігі. – Алматы, 2014. – 728 б.

Қолжазбалар

1. Жамбыл ақынның поэмалары мен өлеңдер жинағы // OFK: 646-бума, латын әрпінде.
2. Замана ағымы. Жазып алған С.Шәріпов // OFK: 645-бума, 3-дәптер, араб әрпінде.
3. Замана ағымы // OFK: 651-бума, 3-дәптер, латын әрпінде, 1927 жыл.
4. Менің өмірім // OFK: 826-бума, 9-дәптер, латын әрпінде.
5. Сұраншы батыр. Жазып алған Қ.Әбдіқадыров // OFK: 651-бума, 2-дәптер, араб әрпінде, 1937 жыл.
6. Өтеген батыр. Жазып алған Т.Жароков // ӘТИ: 159-бума.
7. Замана ағымы // ӘТИ: 160-бума.
8. Ворошилов туралы поэма // ӘТИ: 161-бума.
9. Тұған елім. Менің бақытым. Менің өмірім. Сұраншы батыр. Жазып алған Қ.Әбдіқадыров // ӘТИ: 162-бума, 1953 жыл.
10. Көрүғұлы сұлтан // Жамбыл Жабаевтың әдеби-мемориалды музейі қоры, кирилл әрпінде, машинкаға басылған.
11. Өтеген батыр // Жамбыл Жабаевтың әдеби-мемориалды музейі қоры: «Джамбул. Оригиналы стихов и поэм» буласы, 49-88 б., латын әрпінде, машинкаға басылған.
12. Өтеген батыр // Жамбыл Жабаевтың әдеби-мемориалды музейі қоры: «Жамбылдың өлең-жырларының негізгі нұсқасы» буласы, 246-267 б., латын әрпінде, машинкаға басылған.
13. Өтеген батыр // ҚР Орталық Мемлекеттік архиві: 1778-қоры, 90-буласы, латын әрпінде, машинкаға басылған.
14. Бақ, Дәulet, Ақыл // Жамбыл Жабаевтың әдеби-мемориалды музейі қоры, кирилл әрпінде, машинкаға басылған, 16 б.
15. Жамбыл Жабаев шығармалары. 1955, 1957, 1958 жылды жарияланған жинақтарының машинкаға басылған 3-данасы // ӘТИ: 440-449-бума.

ТҮЙІНДЕМЕ

Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойына орай шығарылып отырған академиялық үш томдық басылымның 2-томында ақынның ел тарихында болып өткен азаттық курсес батырлары туралы «Өтеген батыр» (3 нұсқасы), «Сұранышы батыр», «Саурық батыр», «Ворошилов туралы дастан», «Бақ, Дәүлет, Ақыл», Жамбыл жырлаған «Көрүглі» дастандары, «Замана ағымы», «Тұған елім» атты көлемді толғаулары, «Мениң бақытым», «Өмірдің тууы» сынды ауызша әңгімелері мен музыкалық мұрасын құрайтын ән өлеңдері, терме-толғаулары, жыр сарындары, айтыс әүендері, күй мақамдары берілді.

Жамбыл ақындығына қатысты баспасөздегі алғашқы дерек 1925 жылы «Терме» журналында Шамғали Сарыбаевтың айтуында берілді. Жамбыл ертеректе «Көрүглі» дастанын 15 күн ұдайымен жырлайды еken, «Ерназар-Бекет», «Шалтабай», «Абылай ханының Бұқар жырау мен үш жүздің арасын аралаганы», «Сүйінбай мен Қатағаның айтысы», «Тезекбай мен Сүйінбай», «Жамбылдың Құлмамбетпен айтысқаны» секілді шығармалар мен айтыстарын, «Садыр патша мен Жамбыл патшаның заманы» сынды ауызша әңгімелерін, шежірені, әр түрлі термелерді айтып жүріпті.

Ауызша суырыпсалма өнердің төлтума сипатының бірі – шығарманы әуенмен сүйемелдеп отырып туғызу айрықшалығында Жамбыл жырлаған жыр-дастандардың, айтыс, өлең, толғау-термелердің басым бөлігінің музыкалық әүені, төл мақамы сақталған.

Томды әзірлеу барысында сол кезеңдегі саяси талаптарға орай қысқарылған, жаңадан қосылған, автор тарабынан қайта жырлау үдерісінде жаңырған, баспа, редактор жасаған жеке сөз түзету фактілері бойынша текстологиялық салыстыру жұмыстары жүргізілді.

Осы көптомдық басылымды әзірлеу барысында кезінде Жамбылдың өз айтуында хатқа түсірілген қолжазба нұсқалары ақынның 1938 жылдан бастап басылым көрген шығармаларының жинақтарындағы мәтіндермен салыстырылып, алғаш рет арнайы текстологиялық жұмыс жүргізілді.

Қазақ әдебиетінің тарихында ауызша туып, ауызша жырланып, ауызша сақталған бай әдеби мұраның төлтумалық ерекшелігі оның көпнұсқалылығымен де айқындалады. Суырыпсалма ақындық дәстүрдің шығармашылық тұлға өзі бір жырлаған туындыны қайта айтуында негізгі желіні сақтап отырғанымен, жаңғырта жырлап, тың өрнектер, сөз айшықтарын, образды оралымдармен түрлендіріп отыру машины Жамбыл ақынның жыр-дастандарына да тән.

Жамбыл дамыта жырлап отырған ұзақ дастандар мен жыр-толғаулардың хатқа түспей ұмыт болғандары да аз емес.

Ақын мұрасын жинау, баспадан шығару, зерттеу бағытында қазіргі кеңеңге шейін жасалған негізді еңбектердің елеулі нәтижелері назарға алынып отырып әзірленген бұл академиялық басылымда архив қорларында, қолжазба орталықтарында сақталған қолда бар нұсқалар тұтастай дерлік сараланды.

Бұл жаңа көптомдық Жамбыл ақынның әдеби мұрасын ұлттың рухани байлығы; қазақ әдебиеті тарихындағы авторлық ауызша әдебиет, төлтума суырыпсалма ақындық, жыршы-жыраулық дәстүрдегі қайталанбас дара өнерпаздық бағыт құндылығында игеру, тану өзектілігінде жарық көріп отыр.



РЕЗЮМЕ

Во второй том академического 3-х томного издания полного собрания сочинений Жамбыла Жабаева, подготовленного к 175 летию акына включены эпические произведения «Утеген батыр» (3 варианта), «Сураншы батыр», «Саурық батыр», «Ворошилов туралы дастан», «Бақ, Дәүлет, Ақыл», вариант эпоса «Көрүғлү»; поэтических толгau «Замана ағымы», «Туган елім»; устных рассказов «Менің бақыттым», «Өмірдің тууы»; многожанрового музыкального наследия – песенных стихов, макамов айтыса, дастанных пений, кюев.

Литературное наследие Жамбыла Жабаева богатейшее духовное достояние, неповторимое поэтическое направление в истории литературы. Самобытность поэзии Жамбыла-жырау определяется уникальной спецификой многогранного, синcretного, устного импровизаторского поэтического творчества казахского народа. Устное авторское творчество отличается варианностью. Поэт-импровизатор при повторном исполнении конкретного индивидуального произведения имел свободный творческий выбор, и вносил свежие художественные обороты, развивая сюжетные линии.

В поэзии Жамбыла ярко выражены особенности устной эпической традиции. Творчество Жамбыла Жабаева популярен многожанровым своеобразием. Жамбыл – крупный представитель искусства айтис; прославленный эпик-сказитель; автор значимых лирических толгau.

Краткие сведения о творческой личности Жамбыла впервые были опубликованы в журнале «Терме» в 1925 году. В этом материале Шамгали Сарыбаев акцентирует масштабную важность творчества Жамбыл акына приподнеся важные биографические данные.

Составители, рабочая группа данного академического издания литературного наследия Жамбыла Жабаева впервые провели сопоставительную текстологию на основе рукописных материалов (1937, 1953) и изданий разных лет эпических дастанов «Өтеген батыр», «Сураншы батыр», «Саурық батыр».

В ходе работы замечены серьезные вмешательства, исправления, некоторые противоречия данных. Были выявлены авторские исправления из идеологических соображений, разные сокращения и добавления текстов, дополнения разных времен, внесенные на основе устных поправок самого Жамбыла Жабаева; издательские вмешательства – исправление конкретных слов, структуры стиха, словесных оборотов по ошибке и т.д.

При подготовке многотомника Жамбыла акына учтены опыт значимых исследований литературного наследия выдающегося жырау; составления многотомников разных лет.

Данное академическое издание в истории жамбыловедения отличается конкретной новизной – текстологическим исследовательским опытом. Академические принципы данного издания способствуют дальнейшему совершенствованию практики и теории издания литературного наследия Жамбыла, в том числе всей устной авторской литературы опираясь на специфические особенности.



SUMMARY

The second volume of the academic 3-volume edition of the complete collection of the works of Zhambyl Zhabayev, which is prepared to the 175th anniversary of the akyn, includes the epic works such as "Utegen Batyr" (3 variants), "Suranshy Batyr", "Sauryk Batyr", "Voroshilov Turaly Dastan", "Bak, Daulet, Akyl", a variant of the epic "Korugly"; poetic tolgau "Zamana agymy", "Tugan elim"; oral stories "Menin bakytym", "Omirdin tuuy"; multi-genre musical heritage - song verses, aitys makams, dastan singings, kuys.

Zhambyl Zhabayev's literary heritage is a rich spiritual treasure, a unique poetic direction in the history of literature. The originality of the poetry of Zhambyl-zhyrau is determined by the unique specifics of the multifaceted, syncretic, oral improvisational poetic creativity of the Kazakh people. Oral authorship is distinguished by variation features. The poet-improviser, when re-performing a specific individual work, had a free creative choice, and introduced fresh artistic turns, developing the plot lines.

The features of the oral epic tradition are clearly expressed in the poetry of Zhambyl. Zhambyl Zhabayev's creativity is popular for its multi-genre originality. Zhambyl is a major representative of the aitys art; a famous epic storyteller; the author of significant lyrical tolgau.

Brief information about Zhambyl's creative personality was first published in the "Terme" magazine in 1925. Shamgali Sarybayev emphasizes the large-scale importance of Zhambyl akyn's creativity by presenting important biographical data.

The compilers, the working group of this academic publication of the literary heritage of Zhambyl Zhabayev for the first time carried out a comparative textology study based on handwritten materials (1937, 1953) and editions of epic dastans of different periods such as "Otegen batyr", "Suranshy batyr", "Sauryk batyr".

In the course of the work, serious interferences, corrections, and some data contradictions were noticed. The author's corrections due to ideological reasons, various abbreviations and additions of the texts, additions of different periods, which were done on the basis of oral amendments of Zhambyl Zhabayev himself as well as publishing interferences - correcting specific words, the structure of the verse, word phrases by mistake, etc. were identified.

In the preparation of the multivolume book of Zhambyl akyn, the experience of significant research works of the literary heritage of the outstanding zhyrau as well as compiling multivolume books of different years were taken into account.

In the history of Zhambyl studies this academic publication is distinguished by a specific novelty - textual research experience. The academic principles of this publication contribute to further improvement of the practice and theory of publishing Zhambyl's literary heritage, including all oral literature based on specific features.



МАЗМҰНЫ

ДАСТАНДАР	5
ӨТЕГЕН БАТЫР (<i>Бірінші нұсқа</i>)	7
ӨТЕГЕН БАТЫР (<i>Екінші нұсқа</i>)	45
ӨТЕГЕН БАТЫР (<i>Үшінші нұсқа</i>)	82
СҰРАНШЫ БАТЫР	110
СҰРАНШЫ БАТЫР	154
САУРЫҚ БАТЫР	183
КӨРҮФЛЫ	206
БАҚ, ДӘУЛЕТ, АҚЫЛ	262
ВОРОШИЛОВ ТУРАЛЫ ДАСТАН	278
ТОЛҒАУЛАР	293
ЗАМАНА АҒЫМЫ	295
ЗАМАНА АҒЫМЫ	328
ТУФАН ЕЛІМ	368
МЕНИҢ ӨМІРІМ	374
АУЫЗША ӘҢГІМЕЛЕР	387
ӨМІРДІҢ ТУУЫ	389
МЕНИҢ БАҚЫТЫМ	395
ХАНЫМ СҰЛУ	398
АРШЫН ҚЫЗ БЕН ЖАНТЕЛІ ШЕБЕР	398
СҮЙІНБАЙДЫҢ ТАПҚЫРЛЫҒЫ	403
СҰРАНШЫ МЕН ОРМАН ХАН	405
ЕРТЕГІНІҢ ЕРИНШЕГІ	407
МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫ	409
ӘН ӨЛЕНДЕРІ	411
ТЕРМЕ-ТОЛҒАУЛАРЫ	421
ЖЫР САРЫНДАРЫ	456
АЙТЫС ӘҮЕНДЕРІ	467
КҮЙЛЕРІ	488
ҚЫСҚАША ТҮСІНІК	496
ҚОСЫМШАЛАР	501
Түсініктер	503
Есімдер көрсеткіші	595
Жинаушылар туралы мәлімет	601
Жер-су атаулары	606
Ру атаулары	611
Сөздік	612
Шартты қысқартулар	615
Пайдаланылған әдебиеттер	616
Түйіндеме	620
Резюме	621
Summary	622

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ФЫЛЫМ КОМИТЕТИ

ЖАМБЫЛ
Шығармаларының академиялық толық жинағы

ЕКІНШІ ТОМ
Дастандар

Мұқабадагы ақынның фотосуреті Жамбыл Жабаевтың
әдеби-мемориалдық музейінен алынды

Компьютерде қалыптаған А. Жұмагалиев

Басуға 07.07.2021 ж. қол қойылды.
Қағазы оғсеттік. Қаріп түрі «Times New Roman».
Пішімі 60x90 1/₁₆. Баспа табағы 39,0.

ЖШС «Brand Book» баспаханасында басылды